

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті

ӘОЖ: 37.026.7: 37.032: 378.245.2

Қолжазба құқығында

НАКЫПОВА ГУЛНУР КАБЫЛТАЕВНА

**Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін
қалыптастыру**

8D01101 (6D010300) – Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық кеңесші
п.ғ.д., проф. Майгельдиева Ш.М.

Шетелдік кеңесші
Ресей білім беру Академиясы білім
беруді дамыту стратегиясы
институтының «Дидактикалық зерттеу»
лабораториясының меңгерушісі п.ғ.д.
доц. Осмоловская И.М.

Қазақстан Республикасы
Қызылорда, 2025

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	6
КІРІСПЕ	7
1 МАГИСТРАНТТАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫ НЕГІЗІНДЕ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	17
1.1 Өзіндік жұмыс – кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру құралы	17
1.2 Магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұны мен құрылымы	29
1.3 Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары	46
2 ЖОО-НАН KEЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ МАГИСТРАНТТАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫ НЕГІЗІНДЕ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ МОДЕЛЬДЕУ	60
2.1 Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әлеуеті	60
2.2 Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары	72
2.3 Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі	84
3 МАГИСТРАНТТАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫ НЕГІЗІНДЕ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ	97
3.1 Өзіндік жұмыстары негізінде магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың диагностикасы	97
3.2 Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі, оны жүзеге асыру жолдары	124
3.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері	141
ҚОРЫТЫНДЫ	159
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	161
ҚОСЫМШАЛАР	176

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста нормативтік құжаттарға сәйкес сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III (ҚР 27.12.2019 №294-VI берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). Астана. Ақорда;

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек 2021ж.

Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі №471 қаулысы).

Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы (04.07.2018 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) жоғары білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы;

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде №28916 болып тіркелді (2025. 04.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Құзырет - (латын тілінен «compete» аударғанда «жасай алу, қабілетті, сәйкес келетін») – 1) білгілі бір саладан хабардар болу, 2) белгілі бір адамның атқаратын міндеттері. Білім беру жүйесіне берілетін әлеуметтік тапсырыстарды құрайтын жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында нәтижелі іс-әрекеттерге қол жеткізу үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді жаңғыртуға дайындық.

Құзыреттілік - оқу мен өмір жағдаяттарын шешу кезінде білім алушылардың білімді, іскерлікті, дағдыны және қызметтің әмбебап тәсілдерін меңгеруі көрінетін білім берудің нәтижесі.

Кәсіби құзыреттілік – адамның өз мамандығы бойынша жоғары деңгейде, тиімді және сапалы жұмыс істеу қабілеті мен дайындығы.

Құзыреттілік тәсілдеме - білім берудің оқытылу, өзін-өзі анықтау, өзіндік маңыздылық, әлеуметтену, жеке даралықты дамыту сияқты басты мақсаттарына бағдарлану.

Өзіндік жұмыс – оқыту әдісі, мақсатқа сай ішкі негізделген, орындалатын әрекеттердің жиынтығында субъектінің өзі құрастырған және үдеріс пен нәтиже әрекеті үшін түзетілген, оның орындауы сана-сезімнің жоғарылауына тиімді жағынан әсер ететін дәрістер тұрғысында ұйымдастырылатын әдіс.

Өзіндік жұмыс – оқыту құралы, магистранттардың білімді меңгеруіндегі ғылыми-педагогикалық бағыттағы қойылатын мақсат пен міндеттерге сай оқу құралы, сонымен қатар магистранттар алған білімдерін өздігінен жүйелі дамытып отыруға және зерттеушіліктегі техникаларын іске қосуға өзіндік дайындықтағы тәсілі.

Магистр – магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін дәреже,

Магистрант – магистратурада білім алатын адам,

Магистратура – білім беру бағдарламалары «магистр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру.

Магистранттардың өзіндік жұмысы (МӨЖ) – психологиялық тұрғыдағы сипаттамасы таңдап алынған мамандыққа білім алушылардың қызығушылығын қалыптастыру, мамандықты меңгеруге ұмтылысына ғылыми тұрғыда ассоциациялануына сәйкес сипатталады. Ал ол әрекет оқу үдерісіндегі магистрант пен оқытушының, магистрант пен ғылыми жетекшінің бір-біріне деген қарым-қатынасының, өзіндік жұмыстарға берілетін тапсырмалардың күрделілік деңгейінің, магистранттардың мамандықты меңгеру іс-әрекетіне еліту сияқты көрсеткіштеріне тәуелді.

Life-long education – «өмір бойы оқу, өмірлік оқу» халықаралық терминіне сай үздіксіз білім алуды дамытудың басты стратегиялық бағдары.

Көпдеңгейлі жүйе – сатылап жүзеге асатын, оқу жылдарына сараланған түрлі деңгейдегі кәсіби біліктілік алу жүйесі; кәсіби білім берудің жаңа түрін құрумен, жас мамандарды даярлауды біріктірумен, жіктеумен және қарқындатумен байланысты туындайтын құбылыс.

Эвтагогика – өздігінен білім алуды дамытуға бағытталған оқыту тәсілі. Бұл оқушының оқуға деген толық жауапкершілігін өзіне алуын көздейді.

Хютагогика - эвтагогиканың дамыған түрі. Мұнда өзін-өзі оқытуға ғана емес, сонымен қатар білім алудың мазмұнын, бағытын, әдістерін де оқушы өзі анықтайды.

Андрагогика – ересектерге білім беру мәселесімен айналысатын арнайы ғылым.

Әлеует - белгілі бір адамның немесе жүйенің қабілеті, мүмкіндігі, даму деңгейі.

Ғылыми жетекші - студентке, магистрантқа немесе докторантқа ғылыми-зерттеу жұмысын (мысалы, дипломдық жұмыс, магистрлік диссертация, PhD диссертация) орындау барысында бағыт-бағдар беретін, кеңес айтатын, көмектесетін маман (ғалым, оқытушы).

Магистрлік диссертация - магистратура бағдарламасын аяқтау үшін орындалатын ғылыми-зерттеу жұмысы.

Білім онтологиясы - білім берудің негізгі болмысын, мазмұнын және құрылымын зерттейтін философиялық бағыт.

Білім логикасы - білім берудің логикалық құрылымын, тұжырымдамаларын және олардың арасындағы байланыстарды қарастырады.

Білім акмеологиясы - жоғары кәсіби жетістікке жетудің жолдарын, заңдылықтарын зерттейтін ғылым.

Білім этикасы - білім беру процесіндегі адамгершілік нормалар мен моральдық ұстанымдарды зерттейтін және реттейтін ғылым саласы.

Білім әдіснамасы - білім беру мен оқытудағы ғылыми тәсілдер мен әдістерді зерделейтін сала.

IQ - ақыл-ой қабілетінің көрсеткіші.

Білім беру бағдарламасы - оқу орнында (мектеп, колледж, университет) қандай пәндер оқытылатынын, қандай дағдылар мен білім берілетінін, қандай нәтижеге қол жеткізу керектігін анықтайтын негізгі құжат немесе оқу жоспары.

Субмәдениет - қоғамдағы негізгі мәдениеттен ерекшеленетін, өз құндылықтары мен ережелері бар шағын топтың мәдениеті.

Әдіснамалық мәдениет - ғылыми-зерттеу мен білім алуда әдістемені дұрыс қолдану мәдениеті.

Академиялық жазылым - ғылыми стильде, дәлелдер мен деректерге негізделген, құрылымы нақты жазылатын жазбаша жұмыс.

Академиялық сөйлеу - ғылыми ортада нормаларға сай сөйлеу.

Академиялық дәреже - ЖОО-да оқу нәтижесінде берілетін ресми ғылыми атақ.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ЖОО – жоғары оқу орны

ҚР МЖМББС – Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ТМД – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы

ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмысы

МҒЗЖ – магистранттардың ғылыми – зерттеу жұмысы

МӨЖ – магистранттардың өзіндік жұмысы

МОӨЖ – магистранттардың оқытушылармен өзіндік жұмысы

МД – магистрлік диссертация

БТ – бақылау тобы

PhD – философия докторы

ЭТ – эксперименттік топ

БТ – бақылау тобы

БББ – білім беру бағдарламасы

IQ – (intelligence quotient) – интеллект коэффициенті

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазіргі білім беру жүйесінің жаңа тенденцияға бет бұруы жыл санап дамуға алып келуде. Тұлғаның қалыптасуындағы өмірлік жағдайлардың шексіз алуан түрлілігіне кәсіби жағдайда бейімдеу «белгілі бір алынған білім мен тәжірибені жұмылдырудың» формуласымен байланысты деп болжанады. Мұндағы кәсібилік – жоғары және жоғарыдан кейінгі білім берудегі басты категория, ал құзыреттілік – бұл шеберлікті, әрекетті тудыратын нәрсе, яғни әрекет ету мүмкіндігі. Құзыреттілікті білім мен жағдай арасындағы байланысты орнату мүмкіндігі немесе мәселені шешуге қолайлы процедураны жүзеге асыруда табу, анықтау мүмкіндігі және өзіндік даму, іздену болғандықтан жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде ғылыми-педагогикалық мамандарды кәсіби даярлаудың мазмұндық, әдістемелік және технологиялық аймақтарында аталмыш әрекеттер басты назарда болуы тиіс. Бұл ретте жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің маңызды бір құраушысы, магистранттардың бойындағы ғылыми-шығармашылық әрекеттің негізі бола алатын өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру арқылы кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың маңызы мен мәнділігі артады.

Осы орайда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңындағы (51-бап, 3-тармағы) Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі деп аталатын 51-бабында: «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагог: өзінің кәсіптік құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге; білім алушылардың өмірлік дағдыларын, құзыретін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға; өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға міндетті» деп көрсетеді [1]. Заңдағы берілген міндеттер жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі магистранттарға қойылатын кәсіби міндеттерді өз бетімен орындауға, танымдық әрекеттерге және ғылыми-педагогикалық бағыты бойынша білімдерін толықтыруға бағытталған болып отыр. Ендеше, бұл айтылғандар магистранттардың өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру арқылы кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың базасын жасауға негіз болады.

Сондай-ақ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «білім», «іскерлік пен дағдылар», «тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктер» көрсетілген мамандық карточкасы дербестік пен жауапкершілікті және педагогтің атқаратын еңбек қызметінің күрделілігін ескереді: 1) «іскерлік пен дағдылар» көрсеткішінде дербестік дәрежесі көрсетілген; 2) «тұлғалық және кәсіби құзыреттілік» көрсеткішінде жауапкершілік дәрежесі көрсетілген; 3) «білім» көрсеткішінде педагог мамандығының күрделілік дәрежесі көрсетілген, педагог еңбегінің күрделілігі оның «адам-адам» мамандығымен байланысты» делінген. Құжаттағы

педагогикалық қызмет – адамдардың өзара әрекеттесуі дегенді түсіндіреді. Стандарттағы «тұлғалық және кәсіби құзыреттілік» көрсеткіші жауапкершілік дәрежесінде берілуінің маңызы жоғары, өйткені жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың жоғары кәсібилік, тұлғалық және әлеуметтік табыстарға жеткізетін прогрессивті жолмен дамуын көздейді [2].

Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңының (ҚР 30.06.2022 №130-VII өзгертулер мен түзетулер бойынша) 9-бап, 1-тармағында: «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы жүзеге асыратын қызметтің негізгі түрі білім берумен қатар: ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет, ...сондай-ақ ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу болып табылады» делінген [3]. Бұл қызмет түрлері магистратураны бітірген әрбір маманның қазіргі уақыт талабы қойып отырған еңбек нарығына икемді болуын, көшбасшылық қабілеті мен өзін-өзі үздіксіз дамыта алатын, ғылыми ізденушілік стилінің критерийлері кәсіби құзыреттілік тұрғысында өлшенуіне мүмкіндік береді.

Жоғарыда талданған нормативтік-құқықтық актілерде көрсетілгендей, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі магистратура бағдарламалары соңғы жылдары жоғары оқу орнын бітірушілер үшін өзінің мансаптық жолын айқындаудың маңызды кезеңі болды. Себебі, ғылыми зерттеулер мен жаңа өнертабыстарға деген қажеттілік, жаһандық ауқымда бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізу ниеті, қызмет көрсетудің жаңа салаларын құру, әлемде тез дамып келе жатқан және өзгермелі технологиялар және тұрақты даму саласындағы білікті жұмыс күшіне сұраныстың артуына көңіл бөлінуде. Осы тұста магистранттар өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын зерделеудегі оның ғылыми-зерттеушілік және кәсіби сапаларының қалыптасуына өзіндік жұмыстарды шебер ұйымдастыруы құрал ретінде танылады.

Кәсіби педагогикалық білім беру орындарында берілетін педагогикалық, психологиялық, әдістемелік арнайы және жалпы базалық білімдерінің тереңдігі, орнықтылығы, іргелілігі кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуының негізі болып табылады.

Ал педагогикалық қызмет – білімдер топтамасына сүйенген (философиядан, психологиядан, педагогикадан және әдіснама мен әдістемеден т.б. тұрады) тұратын толық үрдіс. Педагог мамандар немесе магистранттар көп жағдайда, педагогикалық білікті теорияның ықпалымен игермейді, сондықтан оларға тәуелсіз даму қажет, оны педагогикалық және тұрмыстық тәжірибе барысында, сондай-ақ ғылымға деген түсініктер негізінде игереді. Ол үшін магистранттардың өзіндік жұмыстарының жүйелі ұйымдастырылуы жолға қойылады.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамытудың негізгі тенденцияларына: еңбек нарығына дайындықтың икемділігін қамтамасыз ететін білім берудің жаңа форматтарының пайда болуы; қоғамның сұранысына сәйкес икемді мамандықтарға көшу; ЖОО-да білім беру үдерісін дараландыру үшін жағдайлар жасау; үздіксіз және көп

деңгейлі білім алу мүмкіндігі бар, зерттеу дағдыларын меңгерген маманның бәсекеге қабілеттілігін арттыру жатады.

Еліміздегі үздіксіз білім берудің екінші сатысы болып табылатын магистратура педагог кадрларды дайындауда айрықша орын алады. Магистрлік даярлық студенттердің ғылымға дербестігінің өсуімен, өз бетінше білім алуымен, зерттеу әрекеттеріне қызығуымен және өз бетінше ғылыми-ізденушілігімен сипатталады. Магистранттардың өзіндік жұмысты ұйымдастыруы оқу үдерісінің бөлінбес бөлшегі болып табылады. Ғылыми-педагогикалық еңбектерде кәсіби біліктілікке қол жеткізуге бағытталған білім беру бағдарламаларының қайта жасақталуы, сондай-ақ модульдік оқу бағдарламаларының енгізілуі, білім алушылардың жеке қабілеттері мен кәсіби білім алудың мүмкіндігі, кредиттік оқыту жүйесінің жұмыс жасауы магистранттардың өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруға тікелей әсер еткендігін көрсетеді.

Бұл тұста оқытушының немесе ғылыми жетекшінің оқу үдерісінде магистранттардың өзіндік жұмысты ұйымдастыруын негізге алуы (өзіндік жұмыс – нәтижеге жетудің негізгі құрамдас бөлігі) және оны кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруға бағыттай білуі, өзіндік жұмыстарды жоспарлауы мен тиімді ұйымдастыра білуіне жағдай туғызады. Сондықтан магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда өзіндік жұмысты ұйымдастырудың негізгі құрал ретіндегі сипатын зерделеуді, сондай-ақ күрделі психологиялық және педагогикалық тұрғыдан қарастыруды міндеттейді.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамытудағы білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда ғылыми еңбектер бірнеше аспектілерде қарастырылады:

-құзыреттілік жайлы алғашқы түсініктер Р.Уайт [4], Н.Хомский [5], Дж.Равен [6], Л.М.Митина [7], И.А.Зимняя [8], В. Ландшеер [9] т.б. зерттеулерінде, ал құзыреттіліктің мазмұны ғылыми-теориялық тұрғыда Л.А. Петровскаяның [10] еңбектерінде сипатталады;

-құзыреттіліктің психологиялық теорияларын Л.Хьелл мен Д.Зиглер [11], М.Кэрст [12], Б.Д.Эльконин [13], С.М. Жақыпов [14], Ж.И. Намазбаева [15], А.Р. Ерментаева [16], Н.М. Іргебаева [17] және т.б. ғалымдар қарастырады;

-тұлғаның кәсібилігі мен кәсіби құзыреттілігін әртүрлі салаларда қалыптастыру бойынша С.Е.Шишов [18], Ю.Г.Фокин [19], А.В.Хуторский [20], Н.В. Кузьмина [21], А.К. Маркова [22], М.А. Чошанов [23], В.П. Шапалов [24], В. Хутмахер [25], Г. Халаж [26], О.В. Симен-Сиверская [27], О.З. Кузнецова [28], Н.Д. Хмель [29], М.Ж. Жадрина [30], Г.З. Байжасарова [31], А.О. Серікбаева [32], Ш.Т. Таубаева [33], К.С. Құдайбергенова [34], А.С. Амирова [35], Ә.М. Мұханбетжанова [36], Б.Т. Кенжебеков [37], Б.Т. Барсай [38], Г.Ж. Меңлібекова [39], Г.У. Сыздықбаева [40], Г.Е. Курманкулова [41], Д.К.Садырбекова [42] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде кездеседі;

-үздіксіз білім беру Б.А. Әлмұхамбетов [43], Е.И. Бурдина [44], А.А. Жайтапова [45], Б. Сайлыбаев [46] т.б.; ересектерге білім беру Т.Т. Даркенвальд [47], С.Б. Меррием [48], И.С. Кон [49], М.С. Каган [50], Б.Г. Ананьев [51], Б.А.

Тұрғынбаева [52], А.Т. Туралбаева [53], Ғ.У. Қабекеновтердің [54] зерттеулерінде талданады; ал еліміздегі жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың кәсіби даярлығының түрлі бағыттары бойынша Б.Ш. Баймұхамбетова (зерттеушілік әрекет) [55], Б.Ж. Бекжанова (акмеологиялық даярлық) [56], А.И. Бөлшекбаева (дүниетанымдық мәдениет) [57], Ж.Е. Иманчиев (кәсіби мәнді сапалар) [58], Е.Р. Нұртаев (оқу-зерттеушілік іс-әрекет) [59], А.С. Мизимбаева (зерттеушілік мәдениет) [60], Д.Б. Абыкенова (ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік) [61], А.С. Донцов (магистранттарды дайындау, интеграциялық оқыту) [62], Д.М. Советканова (андрагогикалық субъектілік) [63], А.Ж. Септемировалардың [64] (креативті іс-әрекет) т.б. диссертациялық жұмыстары қорғалды;

-өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудағы А.А. Никулин [65], В.А. Мамаева [66], Ж.А. Агасиевна [67], А.Ш. Демеуов [68], Н.Б. Жаманқұлова [69], С.А. Нұрпейсова [70], К.Б. Сматова [71], А.А. Гурбанова [72], С.Р. Худиева [73], Л.К. Наумова [74], Р.Б. Исмаилова [75], Б.Н. Қадірова [76], Қ.С. Қатаев [77], К.Н. Алдибекова [78], А.С. Косшыгулова [79] және т.б. ғалымдардың ғылыми зерттеу жұмыстарында көрініс табады.

Жоғарыда талданған ғылыми еңбектерді және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру арқылы кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың нақты тәжірибесін қарастыруда:

- қоғамның сұранысын қанағаттандыруда көп деңгейлі педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың қажеттілігі мен оның жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі магистранттарды дайындауда ғылыми негіздерінің жеткілікті дәрежеде зерттелмеуі;

- ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттарды дайындаудағы жасалатын жағдайлар мен магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін әлеуетті жеткіліксіз пайдалану;

- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру арқылы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық теория мен практиканың қажеттілігінің артуы мен оны жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде жүзеге асыруға әдістемелік жолдарының толық айқындалмауы арасындағы **қарама-қайшылықтар** анықталды.

Зерттеудің өзектілігі мен жоғарыда анықталған қарама-қайшылықтар магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру арқылы жүргізудің әдістемесін дайындау мәселесін туындатып, зерттеу тақырыбын: **«Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру»** деп таңдауға себеп болды.

Зерттеудің мақсаты: магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау және әдістемесін жасау, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелдеу.

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттарды кәсіби даярлау үдерісі

Зерттеу пәні: жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру арқылы кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы негізгі ұғымдық-категориялық аппарат мәнмәтіндерінің мазмұны, құрылымы және қызметі нақтыланып, теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалса, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалып, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға өзіндік жұмыстарды жүйелі ұйымдастырудың әдістемесі ғылыми-педагогикалық үдерісте жүзеге асырылса, онда жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың жаңа кәсіби қызметтерді игеруі мен кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігі артады, өйткені магистранттардың кәсіби құзыреттіліктері қалыптасып, ғылыми-зерттеушілік және жеке білім алуды кәсіби тұрғыда ұйымдастыруға өзіндік ресурстарын іске қосудың мүмкіндігі артады.

Жетекші идея: жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру негізінде мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру өмірлік және кәсіби мәселелерді шешуге, көпдеңгейлі интеллектуалдық дағдыларының, ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық әлеуетінің жоғарылауына, кәсіби-тұлғалық өсуіне мүмкіндік туғызады.

Зерттеу міндеттері:

- магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау;
- «өзіндік жұмыстар», «магистранттардың өзіндік жұмыстары» және «магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» түсініктерінің мазмұны мен құрылымын нақтылау;
- магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;
- магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесін дайындау және оның тиімділігін тәжірибе жүзінде тексеру, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері зерттеу мәселесін теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеуде келесі теориялар жиынтығы мен тұжырымдамалар, әдіснамалық тұғырлар басшылыққа алынады:

- тұлға теориясы (З. Фрейд, Э. Берн, И.С. Кон, Б.Г. Ананьев, К.К. Платонов, С.М. Жақыпов, Ж.И. Намазбаева, А.Р. Ерментаева және т.б.);
- ғылыми таным теориясы (Ч. Шерингтон, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Н.Д. Хмель, Ш.Т. Таубаева, Х.Т. Шериязданова және т.б.);
- білім берудегі өз бетінше әрекетке үйрету және ынталандыру теориялары (Н.Д. Хмель, И.П.Пидкасистый, А.А. Бейсенбаева, А.В.Усова, Е. Жұматаева, Т.И.Шамова);

-ересектерді оқыту тұжырымдамалары (И. Гербарт, Э. Торндайк, Н. Грунтвиг, М.Ш. Ноулз, В.П. Вахтеров, А.В. Луначарский, Б.А. Алмұхамбетов, Б.А. Тұрғынбаева, Б. Сайлыбаев, Ғ.У. Қабекенов және т.б.);

- ғылым парадигмасы (Т.Кун және т.б.);

- білім беру үдерісін ұйымдастыруға және зерттеушілік құзыреттілік тұжырымдамалары (Ш.Т. Таубаева, Е.И. Бурдина, Г.Ж. Меңлібекова, К.С. Құдайбергенова, Н.А. Шамельханова және т.б.) және әдіснамалық тұғырлар: жүйелік-мазмұндық тұғыр, тұлғалық тұғыр, құзыреттілік тұғыр, синергетикалық тұғыр мен акмеологиялық тұғырлар басшылыққа алынады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

- философиялық, психологиялық, ғылыми-педагогикалық тұрғыдан негіздеу; жүйелік-мазмұндық тұғыр, тұлғалық тұғыр, құзыреттілік тұғыр, синергетикалық тұғыр мен акмеологиялық тұғырлар мен әдіснамалық ұстанымдар сипатталады;

-«өзіндік жұмыс – мотивация түрлері арқылы кәсіби жетілуін қамтамасыз ететін тәуелсіз әрекет»; «магистранттардың өзіндік жұмысы – «оқытушы-ғылыми кеңесші-магистрант» триадасында проблемаларды шешуге және магистранттардың ғылыми-педагогикалық қызметіне оң өзгерістер енгізуге бағытталып, білім алушы тарапынан ерекше түрде ұйымдастырылатын ғылыми-педагогикалық іс-қимылдарының траекториясы»; «кәсіби құзыреттілік» - адамның өзіндік даму қабілеттерінің кешені»; «магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру – ғылыми-педагогикалық әрекеттер арқылы жүзеге асырылатын көп функциялы үдеріс» деп нақтыланды;

- магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мотивациялық-құндылықты, танымдық-әрекеттік, рефлексиялық-бағалаушылық компоненттердің жиынтығын құрайды және өлшемдері мен көрсеткіштері түзіліп, жоғары, орта, төмен деңгейлерге сәйкес жүзеге асырылады;

- Әдістеме: «Өзіндік жұмыстар арқылы тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми негіздері» атты элективті курс бағдарламасы; «Ғылым сағаты» атты магистранттарға арналған ғылыми-педагогикалық студияның жылдық бағдарламасы;

Зерттеудің көздері: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2007ж); Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы (ҚР 30.06.2022 №130-VII өзгертулер мен түзетулер бойынша); Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамытуға арналған нормативтік құжаттары, білім беру мен ғылымды дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалары, ЖОО-ның үздіксіз білім беруге байланысты тұжырымдамалары және еліміздегі кәсіби даму институттарының («Өрлеу» БАҰО) тәжірибелері, шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми көзқарастары мен озық тәжірибелері, автордың педагогикалық және ғылыми-зерттеу іс-тәжірибелері.

Зерттеу әдістері

-теориялық: зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық, андрагогикалық әдебиеттерге салыстырмалы талдау жасау, жинақтау, контент-талдау, ассоциациялау, құрылымдау, нақтылау;

-эмпирикалық: ойша эксперимент, сауалнама, педагогикалық бақылау, педагогикалық және психологиялық диагностикалау, модельдеу, контент-талдау, нәтижелерді математикалық-статистикалық(сандық, пайыздық көрсеткіштермен) тұрғыдан өңдеу.

Зерттеу кезеңдері

Бірінші кезеңде (2016-2017 ж.ж.) – зерттеліп отырған мәселе бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық материалдар жинақталып, ғылыми еңбектер зерделенді, шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері мен тәжірибелері бойынша талдау жұмыстары жасалды. Зерттеудің ғылыми аппараты анықталып, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды. Теориялық талдаулар негізінде зерттеудің мазмұндық сипаты бойынша «өзіндік жұмыстар», «магистранттардың кәсіби құзыреттілігі» ұғымдарының мазмұны айқындалып, құрылымы мен қызметі нақтыланды. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық базасын қамтамасыз ететін тұғырлар мен ұстанымдар түзілді.

Екінші кезеңде (2017-2018ж.ж.) - жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрылды, компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталды. Магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға негізделген өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруға диагностикалық әдістемелері таңдалып, бастапқы деңгейі айқындалды.

Үшінші кезеңде (2018-2019ж.ж.) - жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бойынша зерттеу жұмысының әдістемесі тәжірибелік-педагогикалық жұмыс барысына енгізіліп, нәтижелері тексерілді. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары қорытындыланды. Зерттеу материалдары құрылымы бойынша жүйеленіп, нәтижелері нақтыланды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі реттеліп, диссертация талаптарға сай рәсімделді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: өзіндік жұмыстары негізінде магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік кешені: «Өзіндік жұмыстар арқылы тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми негіздері» атты элективті курс бағдарламасы; «Ғылым сағаты» атты магистранттарға арналған ғылыми-педагогикалық студияның жылдық бағдарламасы; «Магистранттардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру» атты оқу-әдістемелік құрал дайындалды.

Зерттеудің базасы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Болашақ университеті.

Диссертацияның құрылымы: Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде диссертациялық жұмыстың ғылыми негізделген аппараты беріледі.

«Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты тарауда өзіндік жұмыс – магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру құралы ретінде түсіндіріліп талданады. Тараушада «өзіндік жұмыс», «магистранттардың өзіндік жұмысы» ұғымдарының философиялық, психологиялық және педагогикалық тұрғыда теориялық талдаулары жүйеленіп, магистранттардың өзіндік жұмысты ұйымдастыру арқылы кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы негізгі ұғымдардың мазмұны мен құрылымы, қызметтері нақтыланады. Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары беріледі.

«ЖОО-нан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды модельдеу» деп аталатын тарауда магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әлеуеті талданады. Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары түзіліп, шарттарды жүзеге асыруда құрылымдық-мазмұндық моделі компоненттер, өлшемдер мен көрсеткіштерге негізделіп логикалық әрі динамикалық байланыста беріледі.

«Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі» деп аталатын үшінші тарауда магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың бастапқы деңгейін анықтауға арналған диагностикалық жұмыстардың мазмұны және магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі дайындалып ұсынылады. Дайындалған әдістеменің жүзеге асырылу мазмұны талданады. Бақылау экспериментінің нәтижелері көрсетілді.

Зерттеудің нәтижелерін тәжірибеден өткізу және енгізу бойынша диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны бойынша 16 ғылыми мақала және 1 оқу-әдістемелік құрал жарық көрді.

Web of Science Core Collection немесе Scopus деректер базасына енгізілген журналдарда 2 мақала жарияланды:

1. Scopus деректер қорына енетін жарияланымдағы «Formation of postgraduate student's professional competences through independent work». Birlisik Dunya Yenilik Arastirma ve Yayincilik Merkezi. Cypriot Journal of Educational Science. Volume 17, Issue 6, (2022) 1888-1900 <https://doi.org/10.18844/cjes.v17i6.7544> (G. K. Nakypova, Sh. Maigeldiyeva, M. Makasheva, G. Saudabayeva, M. Dzhanbubekova, M. Koishibaev).

2. «Professional competence establishment for postgraduate education professionals through self-study» Scientific Herald of Uzhhorod University. Series «Physics» – 2024. Issue 56 – P. 2071-2080

<https://doi.org/10.54919/physics/56.2024.207wk1>(G. K. Nakypova, Dina Zharylgapova, Gulbarshyn Yernazarova, Lazzat Zhamansarieva, Raisa Zhukashova).

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда 6 мақала жарияланды:

3. «Кәсіби құзіреттілік: мәні және негізгі қағидалары». Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы № 1 (77), 2019. 208-213 бб.

4. «Жоғары педагогикалық білім беру жүйесіндегі кәсіптік магистрлік даярлық». Вестник АПН Казахстана, №1, 2020. 131-137 бб. (Сапарқызы Ж.).

5. «Магистранттардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру: негізгі мәселелері мен түсініктері». Вестник «Қазақ Білім Академиясының баяндамалары» Астана, 2019.-№1. -133-138 бб.

6. «Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруда бастауыш сынып мұғаліміне қойылатын талаптар». «Қазақстанның ғылымы мен өмірі/ Наука и жизнь Казахстана» №11 (2) 2019 ж. Алматы қ. 163-167 бб.

7. «Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің танымдық белсенділігін дамыту». Торайғыров атындағы Павлодар университетінің Хабаршысы (Педагогикалық сериясы) № 1, 2022. 305-312 бб. (Л.Д. Жамансариева, Ж.Т. Баймаганбетова, А.У. Керейбаева).

8. «Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім берудегі өзіндік жұмыс магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру базасы ретінде». Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №1(81), 2024ж., 154-167 б. (М.Ж. Сұлтанбек, А.Маршалхан). <https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.81.1.021>

Алыс-жақын шетел басылымдарында 3 мақала жарияланды.

9. «К вопросу формирования профессиональной компетентности у будущих педагогов в условиях магистратуры». «With proceedings of the i international scientific and practical conference «theoretical and practical aspects of modern scientific research» (Койшибаев М., Камзаев А.К., Азбергенов А.Л.)

10. «Оқушылардың өзіндік жұмыстары арқылы танымдық белсенділігін арттыруда мұғалім іс-әрекеті» «Innovation Management and Technology in the Era of Globalization»: Materials of the V International Scientific-Practical Conference. In two volumes. Volume II – Alexandria, Egypt. 2018. - Б. 123-129.

11. «Формирование профессиональной компетентности магистрантов на основе самостоятельной работы». Методологические ориентиры развития современной научно-дидактической мысли. Сборник научных трудов Всероссийской сетевой научной конференции 2018г. 247-250 с.

Республикалық халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында 5 мақала жарияланды.

12. «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі кәсіптік магистрлік даярлық» «Science and education in the modern world: challenges of the

xxi century»// X Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. – Нур-Султан, 2022. Б.24-28.

13. «Сабақ барысында экологиялық білім мен тәрбие берудің мәні» «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беруді модернизациялау: тәжірибесі мен проблемасы»// Халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн конференция материалдары. – Қызылорда, 2022. – Б. 190-195.

14. «Бастауыш сынып оқушыларының өзіндік жұмыстары негізінде танымдық белсенділігін арттыруда қолданылатын оқытудың педагогикалық технологиялары» «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беруді модернизациялау: тәжірибесі мен проблемасы» // Халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн конференция материалдары. – Қызылорда, 2022. – Б. 388-334. (Абуова А., Бекмурзаев А. Р.).

15. «Магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұны мен құрылымы» «Цифрлық кеңістік жағдайында заманауи психологиялық-педагогикалық білім берудің өзекті мәселелері: тәжірибе және перспективалар» // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қызылорда, 2024.- Б. 338-344.

16. «Болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда өзіндік жұмыстардың маңызы»; п.ғ.д., профессор Б. Момынбаевты еске алуға және 70 жылдығына арналған «Үздіксіз кәсіби білім берудің проблемалары мен келешегі» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Қызылорда, - 2016. - 178-180 б. (Майгельдиева М.Ш.).

17. Магистранттардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру. Оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 2020. – 74 бет.

1 МАГИСТРАНТТАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫ НЕГІЗІНДЕ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Өзіндік жұмыс – магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру құралы

Ғылым мен техниканың жедел дамуының қазіргі жағдайында, қоғамдағы әлеуметтік үдерістердің тез өзгеруі әлемдік стандарттар деңгейінде мамандық бойынша тиімді жұмыс істеуге, үздіксіз өзін-өзі оқытуға және өзін-өзі жетілдіруге қабілетті, мобильді мамандарға сұранысқа ие. Осы орайда жоғары және жоғарыдан кейінгі білім беру ұйымдарынан кәсіби құзыретті мамандарды даярлауды талап етеді. Сондықтан біз, зерттеу жұмысымыздың теориялық негіздерін айқындайтын ұғымдық-категориялық аппаратын (өзіндік жұмыс, өзіндік даму, кәсібилік, кәсіби құзыреттілік т.б.) құра отырып, бірнеше түсініктердің мәнін, құрылымын нақтылап, қызметін сипаттауды жөн санаймыз.

Бұл тарауша «өзіндік жұмыс», «магистранттардың өзіндік жұмысы» ұғымдарының философиялық, психологиялық және педагогикалық білім салаларына сәйкес теориялық талдауларды жүйелеу, магистранттардың өзіндік жұмысты ұйымдастыру арқылы кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы негізгі ұғымдардың мазмұны мен құрылымын, қызметтерін негіздеуден тұрады.

«Өзіндік жұмыс», «кәсібилік», «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарының мәні 3000 жылдық терең философиялық тұжырымдардан бастау алады.

Философияның өзі даналыққа жол екенін ескерсек, бұл адамның дамуының бастапқы кезеңін зерттеуге жол, яғни ең маңыздысы кез-келген ғылымның даму кезеңі, *ғылым генераторы* деп айтуға болады. Сондықтан біздің зерттеуімізге ғылым генераторы, ой генераторы, идея генераторы болатын біршама философтардың даналық ойларын талдауды ұсынамыз.

Адам баласының қалыптасуында философиялық адамзаттық рухтың қажеттілігінің аса маңызды екендігіне ертеде грек философтары Платон және Аристотель: «Барлық адамдар табиғатынан білуге құштар... *Ақылдылық арқасында күшті болу және өзін-өзі тануға ұмтылу* тек адамдарға ғана тән. Олсыз өмір сүру мүмкін емес. Адамдар таңғажайып пен қуанышқа толы білімге ұмтылады. Философиялық етудің бастамасы таң қалуда жатыр... қарапайым мәселені шешуден бастап адамдар бірте-бірте неғұрлым күрделіге ауысып отырды, кейін **барлық универсумның** алғашқы себебін білуге талпынды» деп тұжырымдайды. Философтардың сол дәуірдегі басты идеялары адамның үздіксіз дамуы мен жан-жақты болуға талпынысына, ақыл-ой арқылы күшті болуына, өзін-өзі тануға ұмтылуына негіз бола алады. Бұл өз кезегінде білім берудің үздіксіздік жағдайындағы педагогикалық үдерістің қажеттігін айқындап, соның ішінде ақыл мен қабілеттілігі арқылы өздігінен әрекет етуде (әмбебаптылығы) кәсібилігінің жоғарылайтындығын көрсетеді [80].

Аристотельдің ғылыми теориясында: «...*тікелей таным – қорытынды және интуиция. Интуиция тұлғаның түпнұсқаларды игеруі болады*» деп

болжам жасалған. Ғұламаның теориясындағы негізгі ойынан адам баласындағы тікелей таным **жақсы тәжірибе жүзінде** жүзеге асырылатын дерексіз құбылыс екендігін байқауға болады. Сәйкесінше, Аристотель де Платон сияқты жеке тұлғалық интуицияны мойындайды; шындығына келгенде, «жанама» білімнің мүмкіндігі «өзіндік» білімді құрылымдық негізде көздейді. Бұдан шығатын қорытынды, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі магистранттардың бүгінгі қоғам сұранысынан туындайтын *жанама, өзіндік білім түрлерін* ұйымдастыра алу барысында кәсіби құзыреттілігінің қалыптасатындығы біздің зерттеуімізде негізгі идеялардың бірі болмақ [81].

Портик философиясының ең қызықты бөлігі 500 жылдан астам уақыт бойы ұрпақ үшін өмірдің мәні болып келген, мықты болуға пәрменді қуат берген **этика** болып табылады. Ал адамда бұл *тұрткі сананың әсерімен табиғатқа сай өмір сүру* – мұндағы басты ой «oikeiosistі» толықтай жүзеге асыра білу деген сөз, яғни үлгілі өмір сүру, оның өсуін қамтамасыз ететін барлық нәрсенің болмысына қатысу, себебі адам тек қана тіршілік иесі емес, сонымен қатар ол рационалды. Табиғат арқылы өмір сүрудің мәнісі – **саналы бастаманы сақтай отырып, қолдана отырып және өзектендіре отырып өмір сүру** деген сөз» деген пайымдаулар беріледі. Портик философиялық ілімдерімен келісе келе, өмір сүру деген үнемі ізденіс пен диалогта болуы, адамның мәні бақытты өмірмен өлшенетіндігі, өзіндік болмысы мен адам өзін қоғамдық тірлік иесі деп тануы алға шығарылады [80,б. 244].

Тұлғаның даму үрдісінің күрделілігі, диалектикалық құбылыстардағы терістеуді-терістеу заңдылығына сай дамуында келеді. Философиялық талдаулардан адамның кәсібилігі мен өзіндік әрекеттерінің жүзеге асырылуын, оның өзінің алға жылжуын өзі дайындайтын үрдіс деуге мүмкіндік туады.

Осы тұрғыда Г.Гегельдің тұжырымдамасында тұлғаның абсолюттік идеяға жетудегі өзін-өзі айқындауы жаңа сапаның орын алуында маңызды, себебі өзіндік дамуға күш пайда болғанда дамуға кедергі болатын компоненттер жойылып отырады. Біздің зерттеу жұмысымыздағы педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы философиялық ойлармен тұспа-тұс келеді. Олай деуге негіз, өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру арқылы тұлғаның өзін-өзі айқындап, өзінің дамуына жаңа үрдістерді туындатуы болып саналады [82].

Белгілі болғанындай, философиялық тұжырымдарда өзіндік жұмыстардың мәні тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруымен сипатталады. Жаңашыл философтардың зерттеулерінде тұлғаның даму теориясы негізінде өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру, бұл өзін-өзі жүзеге асыру екендігін бірнеше ғалымдардың пікірлерінен байқауға болады.

В.И. Мулярдың іргелі зерттеулерінде: «тұлғаның *өзін-өзі жүзеге асыруы* бұл *мәндік күшін практикалық тұрғыдан* жүзеге асырушы **индивидуалдық үрдіс**» деп түсініліп танылады [83]. Автордың пайымдауындағы тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруды практикалық тұрғыдағы үдріс деп тануы, бізге магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы өзіндік жұмыстарды практикалық тұрғыдан ұтымды орындап, ғылыми-педагогикалық өнім беру болады.

Л.В. Цыренованың философиялық тұжырымдамасында: «...өзін-өзі жүзеге асыру өзіндік болмыс «материалының» иелігін, өзіндік қабілеттерін, мүмкіндіктерін, өзінің әлеуметтік мәдени мазмұнын, диалектика әлеміне даралық болмысының объективті жағдайларын кіріктіруші, болжамдаушы, өзіндік әлемінің және өзіндік шығармашылығы мен шынайылығын рационалды іздеудегі үмітін ақтаушы» деп айтылады [84]. Философтың идеяларына сүйенсек, біздің зерттеуіміздің мазмұнын жетілдіруге философиялық ой-тұжырымын негіздеуге болады, мысалы магистранттардың өзіндік жұмыстарын орындаудағы қажет болатын сапалар, яғни *өзіндік қабілеті, мүмкіндігі, даралық болмыс, шығармашылығы, ізденушілігі* айтылады.

Философиялық ойларды қорыта келе, «өзіндік жұмыс» ұғымының кәсібилікке қатынасының жоғары екендігін жасалған талдаулардан байқауға болады, яғни диалектикалық құбылыстардағы **«таңғажайыпқа ұмтылыс, білуге құмарлық, талпыну, адаммен табысу»** сынды ғылыми тіркестер өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруда қажетті саналады, ал **«үлгілі өмір сүру, пәрменді қуат, этика (ғылымдағы этика бастамасы), жақсы тәжірибе»** ғылыми тіркестері тұлғаның кәсібилігінің жоғарылауына берілетін негізгі критерийлер (сурет 1). Ендеше, философия ғылымынан келетін диалектикалық құбылыстар зерттеуіміздегі негізгі ұғымдардың мәнін анықтауда аса қажет. Адам барлық мүмкіндіктер үшін ашық жүйе, сондықтан негізгі категорияларды талдауда философиялық ой-тұжырымдарды келесідей жіктеуге болады. Олар:

- *адамзаттың даналығы* (яғни, адамның адамға қатысты ие болатын білімі);
- *жоғары адамгершілік мұраттарға ұмтылу* (өзін-өзі көрсете алу белсенділігі);
- *адам үшін еңбектің рөлі* (еңбек адамы, өз мамандығын кәсіби меңгеруі);
- *ойлау әрекеті арқылы өздігінен әрекет ету* (өзіндік жұмыстар арқылы өзін дамыту) болып жіктеледі.

Мұндай диалектикалық құбылыстар жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік негіздерін жасауда субъективті идеяларымызды жүзеге асыруға қозғаушы күштердің бірі болады. Философиялық тұжырымдаулардан соң, «өзіндік жұмыс» ұғымының мәні психология ғылымында жеке қасиеттерге сүйеніп, туа біткен қабілеттіліктің түбірінде жоғары өсу динамикалығы көрініс табатындығы белгілі (сурет 1) [85].



Сурет 1 - Өзіндік білімнің диалектикалық құбылыстары

Ж.Аймауытовтың психологиялық еңбектерінде: «...мамандық таңдауда адам өзінің *жеке қасиеттері* мен кейбір *туыстан берілетін ерекшеліктерін* де ескеру қажет. Бұл жерде кісі *өзін-өзі басқарып, жеке басын жетілдіруге, кісілікке ұмтылуға* мән беру керек. Өзінде қандай **талант**, қандай **зеректік**, қандай **қабілет**, бір сөзбен айтқанда тіпті қандай **қасиет** бар екенін білуі қажет. Дәлірек айтқанда, әр адам өзін тануы, ал өзін танымаған адам өзгені де тануға шорқақ келеді. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуді жетілдіру үшін мұғалімнің ұстаздық шеберлігі жоғары болуы тиіс және ол профессионалдық еркіндікке ие болу керек» - деп айтады [86]. Ж.Аймауытовтың көзқарасынан педагог маманның кәсібилікке, кәсіби жолға түсуінде арнайы қасиеттер жиынтығының болуын, тума таланттылықтың кездесуін, өздігінен жұмыс жасап жетілуге, ұмтылыс жасауға қабілеттіліктің қажеттігіне баса назар аударғанын байқауға болады. Біз автордың пікірімен келісе отырып, педагогтің бойынан осы сапалар табылса, онда мұғалімдік еңбектің мәнін жоғары санайтын, адами көзқарасының болуын міндеттейтін, өзін жетілдіру арқылы баланың дамуы, жас ерекшелігіне сай білім бере алатын кәсіби құзыретті мамандардың қалыптасуына септігін едәуір тигізеді.

М.Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегінде: «жан көріністерін үйренудің белгілі түзу жолдары бар. *Өзін бақылау жолы*, бірінші – өзін бақылау. Адам өз жанының көріністерін өзі бақыламаса, жан көріністерімен таныс бола алмайды. Бірақ өзін бақылау деген сөздің шын мағынасы – өткенді еске түсіру деген сөз. Өзін бақылау деген сөз – бұл мағынада бұрын болып озған жан көріністерін еске түсіріп тексеру деген сөз болып шығады. Адамға өзін-өзі тексеру, өзіне-өзі есеп беру деген оңай нәрселер емес. Өзін-өзі тексеріп, қаталарын көруге адамның менмендігі бөгет болады. Әйткенмен де, бұл адамның өзін-өзі тексеруі – оның жан тұрмысының өркендеуіне, түзу жолға түсуіне бірінші шарт. Өз қатасын көре білген адам келешекте сол қатаны істемеуге ұмтылады. Адамның

өзін-өзі яғни өз қатасын өзі көре білуі оның жанының идеалға, қасиетті қияға ұмтылатын мінезі барлығын көрсетеді. Жан көріністерін үйренудің екінші жолы – *бақылау*, яғни бір адамның өзінен басқа адамдардың жан көріністерін бақылауы. Бірақ, біз жоғарыда айтып өткеніміз, жан көріністерін сыртқы сезімдермен бақылауға болмайды деп. Сондықтан басқа адамның жан көріністерін бақылау дегенде оның жан көріністерінің сыртқы белгілерін бақылау, тексеру керек деп ұғу керек» - деп түсіндіреді [87]. Автордың педагогикалық идеялары бүгінгі түсініктегі адамның өзін-өзі бақылауы, реттеуі, өздігінен ізденіп, өзін-өзі дамытуы секілді әрекеттерді жетілдіруге мүмкіндік береді. Бұл ретте біздің зерттеу жұмысымыздағы талданып отырған өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру ұғымының маңызы жоғары болмақ. Сондықтан «өзіндік жұмыс» түсінігін зерттеген ғалымдардың пікірлеріне тоқталамыз.

С.А. Нұрпеисованың ғылыми зерттеу жұмысында білім берудің бірнеше жаңа парадигмаларына келесі сипаттамалар беріледі: «ЖОО даму үдерісінде өмірді жан-жақты тануға бағытталған *академиялық парадигма* университет түлектерін жаңа білім іздеуге, өмір мен **адам әрекетін ғылыми, теориялық гипотеза тұрғысынан түсінуге** және түсіндіре білуге дайындауға бағытталған теориялық білім беру және осы тұрғыдағы *ғылымның тиянақты дамуымен* сипатталады. Студенттер тікелей ғылыми- зерттеу жұмыстарына қатысады. *Кәсіби парадигманың* мәні – **ғылыми өмірді түсіну мен тану** тәсілі ретіндегі құндылығымен қоса өндіріс пен техниканың дамуына сай өндіріс күшінің қызметін атқара бастады. Демек, осы кезде университет адамның әлеуметтік-мәдени және кәсіби әрекетін жетілдіре түсті. *Гуманистикалық парадигма*, адамның **тұлғалық қабілеті мен ынтасы** басты байлық деп түсіндіреді [70,б. 44]. Яғни, университет жағдайында барлық студенттер біліммен қоса, тұлғаның қабілеттілігіне байланысты **өзіндік жетілуін қамтамасыз ететін кәсіби әрекет** саласын өздері таңдап алулары керек. *Өз бетімен білім алу парадигмасы* оқытудың дәстүрлі дәрістік-семинарлық жүйесін қарастыруға себепші болады. Қазіргі кезде, оқу уақытының көлемін қысқартуға бетбұрыс жасалып отыр. Негізінен студенттердің **танымдық қабілеттерінің** жетілуіне көңіл бөлінеді. Бұл жерде **ғылыми ақпарат пен білім алудың әдіснамалық мәдениетін** меңгеру бірінші орында тұр». Ғалымның мұндағы бірнеше парадигмаларға берген сипаттамаларымен таныса келе, кез-келген жаңа парадигмадағы білімнің тренді ғылыми үстемдікпен келіп тұрғаны белгілі. Ендеше, білім алушылардың кәсіби даму жолында ғылым әрекет етеді деп санаймыз. Бұл өз кезегінде магистранттардың әдіснамалық мәдениетінің қалыптасуына жағдай жасап, кәсіби құзыреттілігінің құрамдастарын толықтай қамтамасыз етуге қызмет атқара алады. Сондай-ақ, С.А. Нұрпеисова: «**Өзіндік жұмыс** – білім алушылардың оқу әрекетін ұйымдастыруға бағытталған оқытушының оқыту, білім беру әдісі, тұлғаның бүкіл өмір бойына *үздіксіз және өз бетімен білім алудағы құзыреттілік қабілеттерін* жетілдіруге ықпал ететін іс-әрекет» деп анықтама береді. Автор өз нақтылауларын ұсынуда, өзіндік жұмысты болашақ маманның құзыреттілігін, құзыреттілік қабілеттерін үздіксіз жетілдірудегі іс-әрекеттің бір түрі ретінде түсіндіруге тырысады [70,б. 46].

А.А. Вербицкий еңбектерінде: «**өзіндік жұмыс** ұғымының бүгінге дейін нақты қойылған ғылыми тұрғыда статусы жоқ, өйткені оның білінер-білінбес, көзге шалынбайтын айырмашылықтағы интуициялық мағынасы бар» деп түсіндіреді [88]. Бұл пайымдауды айқын түсіндіретін мысал ретінде әртүрлі авторлардың анықтауларындағы қарапайым сөз тіркестерінің сансыз көптігін айтуға болады. Мәселен, өзіндік жұмыстар оқу тапсырмасы, әрекет көрінісінің түрі, оқу немесе оқыту әрекетінің түрі, таным әрекетін (ұйымдастыру) басқару түрі, оқу-тәрбие үдерісінің түрі, қарым-қатынас жайы ретінде әртүрлі көзқараста нақтылана түседі. Осындай бір-біріне қарама-қайшы түрлі анықтамалар бар, сондықтан мұнда ұғымды бір мағынада ғана қабылдамауға қажетті пікірлер айтарлықтай серпіліс береді.

С.Р. Худиева өзінің ғылыми зерттеуінде: «*өзіндік жұмыс* – бұл студенттердің тапсырмасы бойынша және оқытушының әдістемелік басшылығымен орындалатын, бірақ оның тікелей қатысуынсыз жоспарланған жұмысы» деген анықтама береді. Автордың зерттеулерінде кредиттік оқыту жүйесінің басты ерекшеліктерінің бірі – оқудағы мәжбүрлеу әдісінен тұлғаның өзін-өзі белсендендіруге, білім алуға көшуі деп сипаттайды. Ғалымның пайымдауымен келісеміз, өйткені магистранттардағы оқытудың нәтижесінде адам еңбек нарығының қарқынды өзгеретін жағдайларына байланысты кәсіби қызметті тез өзгертуге, сондай-ақ ғылыми ізденісті жоспарлауға дайын болуы керек. Осы тұрғыда білім алушылардың белсенді өзіндік жұмысы елеулі және тұрақты мотивация болған жағдайда ғана мүмкін болады [73,с. 56].

А.С. Косшыгулованың зерттеулерінде: «студенттердің оқу әрекетін *өзіндік ұйымдастыруы* – бұл оқу әрекетін тиімді ұйымдастыруды және оны оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі формаларында (күндізгі, қашықтықтан, аралас) жүзеге асыруды қамтамасыз ететін құндылықты-мотивациялық, когнитивті-рефлексивтік, аффективті-еріктік, әрекеттік компоненттерінің тұтастығын білдіретін тұлғаның интегративтік қасиеті» деп анықтама беріледі [79,б. 30]. Ғалымның пікірінен білім алушылардың оқу әрекетін өзіндік ұйымдастыруы өзіндік жұмыстарды стандарттан тыс жоғары деңгейде орындауды көздеп отыр. Бұл ретте бірнеше компоненттердің тұтастығынан келетін *интегративті қасиеттерді тұтастай көрсетуі, құндылық, мотивация, когнитивтілік, рефлексия, аффективтілік, әрекеттік құрамдастарды* магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымын негіздеуге мүмкіндік туындайды.

Білім алушылардың орындайтын өзіндік жұмыстары белгілі бір даму деңгейлеріне сәйкес болып келеді. А.Е. Богоявленская үш негізгі деңгейді ерекшелеп көрсетеді:


1) *рефлексивті-репродуктивті* – ол тікелей еліктеу қызметінде дербестік элементтерінің пайда болуымен, білім алушылардың білім алу үдерісінде алған білім көлемі және мазмұнына сай орындау әдіс-тәсілдерді аздап болса да жаңғыртумен сипатталады;

2) *ішінара іздеу* – танымдық тапсырманы қабылдау және түсіну, әрекет ету тәсілдерін таңдау үдерісінде тәуелсіз әрекет етудің пайда болуы. Өз бетінше

әрекет ету тәжірибесін жинақтау қызметте шығармашылықты дамыту үшін негіз болады;

3) *ізвестіру-шығармашылық* (зерттеу) – ол мақсаттың дербес қойылуымен, нәтижеге жету жолын таңдаумен, өз қызметін қарапайым түзетумен, шығармашылықтың көрінісімен сипатталады [89].

И.А. Зимняяның көзқарасы бойынша «өзіндік жұмыстармен дербес жұмыс білім алушыларда жаңа, белгісіз, өзіне пайдалы нәрсені үйрену, игеру қажеттілігі қалыптасқан кезде басталады» деп сипатталады [90]. Ғалымның пікірімен келісе отырып, өзіндік жұмыстың маңызы білім алушылар үшін жаңа материал, жаңа танымдық міндеттер екендігін негізге аламыз. Сондықтан берілетін өзіндік жұмыстың сипаты ұйымдастыру формасының қарапайым түрі ғана емес, яғни жаңа материалды игерудің өзі қызықты болуы керек, магистранттардың ғылыми қарқынды, мақсатты, қызықты жұмыстары болуы қажет (сурет 2).



Сурет 2 - Тұлғаның өзіндік жұмыстарды басқару құрылымы

Жоғарыда берілген талдаулар бойынша өзіндік жұмыстарды кәсібилік жолдағы дамыту құралы ретінде қарастыратын болсақ, онда педагогтердің жұмыс жасау бағыттары күшейе түсері анық (сурет 2). Білім алушыларда үйрену, игеру қажеттіліктерін реттеуде мұғалімнің жұмысының түрлі бағыттарын болжайды. Ең алдымен, оқу мазмұнын меңгерудің әрбір нақты жағдайындағы дидактикалық мақсат пен міндетке сәйкес болуы (дидактикалық құзыреттілік), білім алу қозғалысының барлық кезеңдерінде танымдық міндеттерді шешуге және ақыл-ой әрекетінің төменгі деңгейінен жоғары деңгейіне дейін тиісті ілгерілеуді жүзеге асыруға көмектесетін құзыреттіліктердің түрлерін қалыптастырады, білім алушының өз білімін өз бетінше жүйелі түрде толықтыруға және жаңа танымдық міндеттерді шешу

кезінде ғылыми, қоғамдық ақпарат ағынына бағдарлану қабілетін дамытуға деген психологиялық көзқарасын дамытады, сонымен бірге оқу үдерісінде білім алушылардың дербес танымдық іс-әрекетін ғылыми-педагогикалық басқару болып табылады. 2-суретте байқап отырғанымыздай, магистранттардың өзіндік жұмыстарды басқару құрылымы кәсіби жұмыс жасауын, өз ісінің нәтижелі болуын реттейді.

Магистранттардың өзіндік жұмысын сүйемелдеуде оқытушылар мен ғылыми жетекшілер кеңес беруді жүзеге асыра алады.

Оқытушы өз тарапынан алынған нәтижелерді талдауы, тиісті қорытынды жасауы, магистранттардың білім алуындағы өзіндік жұмысына түзетулер енгізіп, магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға мақсатты түрде ықпал ететіндей жүйелі жұмыстарды алға қояды.

Нәтижесінде, *оқытушы* тарапынан магистранттардың өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруын сүйемелдеуде:

- қажетті ресурстарды қоса алғанда, білім беру ортасын құрады;
- білім алушының өзіндік жұмыстарына байланысты жеке жоспарымен келіседі (тапсырманың түрі мен тақырыбы, нәтижені ұсыну мерзімі, тапсырманы орындаудың негізгі кезеңдері, критерийлері және көрсеткіштері т.б.);
- магистранттардың білім беру бағдарламалары бойынша сұрақтарына кеңес береді;
- магистранттардың өзіндік жұмыстарын бағалау және рефлексия үшін педагогикалық жағдайлар жасаумен айналысады;
- өзіндік жұмысын ұйымдастыруда креативтілікпен педагогикалық қолдау көрсетіледі.

Ал енді *ғылыми жетекші* тарапынан магистранттардың өзіндік жұмыстарын ғылыми-педагогикалық бағытта ұйымдастыруды қолдау:

- ғылым мен практикаға белгілі бір тәсілдердің үлгілері бойынша өзіндік жұмыстарды орындауға кеңес береді;
- ғылыми-педагогикалық бағыттағы өзіндік жұмыстарда өзінің идеяларынан нәтижелі ғылыми-әдістемелік өнім беруге жағдай жасайды;
- ғылыми еңбектерді зерделеу, ізденіс жүргізу, ғылыми мақала дайындау және халықаралық конференцияларға қатысуға бағыт-бағдарлар береді;
- магистранттардың жеке жұмыс жоспарлары бойынша берілген жұмыстарды орындауға, ғылыми жұмыстың нәтижесі дұрыс болуына ықпал етеді.

«*Оқытушы – ғылыми жетекші – магистрант*» триадасында орындалатын өзіндік жұмыстар жоғарыдағы көрсетілген қолдауларды іске асыруда білім алушылардың проблемалық жағдайларды талдауын, кәсіби интуициялардың көптеп туындауын, танымдық міндеттерді шешуде кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуын және зерттелетін пәні бойынша ғылыми әлеуетінің жоғарылауын қамтамасыз етеді [91].

7M010300-Педагогика-психология бағыты бойынша магистрлер өзінің біліктілік деңгейіне сәйкес: ғылыми-зерттеу, оқытушылық, түзету-

дамытушылық, консультациялық, мәдени-ағартушылық, кәсіби қызметке даярланады. Олар білімнің пәндік саласына да, кәсіби қызмет саласына да бағытталған білім беру және зерттеу міндеттерін шешуге даяр болуы; ғылыми-педагогикалық ақпаратты жинаудың, өңдеудің және интерпретациялаудың заманауи технологияларын, ғылымның таңдаулы бөлігінде зерттеудің заманауи әдістерін меңгеруі; ЖОО-да оқыту үдерісін ұйымдастыру және іске асыру; жаңа оқу мазмұнын жобалау; білім алушылардың әртүрлі санаттарымен жұмыс істеу кезінде түзету немесе дамыту қызметін жүзеге асыруды түсінуі қажет етіледі. Осы орайда магистранттарға арналған өзіндік жұмыстың жеке ерекшеліктері бар. Кеңірек айтсақ, дербес жұмыстарды жүзеге асырудағы әрекеттері, танымдық міндеттерді шешудегі өзіндік жұмыстар және шығармашылық (креативтілік) жұмыстар, магистрлік диссертациясын орындаудағы берілетін тапсырмалар т.б. деп сипатталады. Алайда, ғылыми жетекшінің және оқытушының қолдауымен мұндағы өзіндік тапсырмаларды орындау немесе ұйымдастыру ерекшеліктері қандай да бір ережелермен анықталатынын атап өткен жөн:

- магистратура бойынша білім беру бағдарламаларындағы өткізілетін пәндердің логикасы мен зерттелетін материалдардың мазмұнын әзірлеу және материалдарды жүйелеу, жалпылау дәрежесінің тұрақты өсуі, сонымен қатар өзіндік жұмыс кезінде шығармашылық және реконструктивті деңгейдегі тәуелсіз қызметті ұйымдастыру;

- өзіндік жұмыс – бұл мұғалімнің басшылығымен жүзеге асырылатын тәуелсіз қызметтің логикалық жалғасы. Мұндай қызметті жүзеге асыра отырып, білім алушылар материалға тән тәуелділіктер санасына жеткізіледі, ал олардың хабардар болуының арқасында кейіннен өзіндік жұмысты орындау кезінде жоспарлау, жобалау және қызмет әдістерін қолдану жүзеге асырылуы мүмкін [92];

- «өзіндік жұмысты орындау барысында өзіндік қызметтің іс-әрекеттің күрделенуіне» қол жеткізу білім алушыға проблемалық жағдайларды талдауды, танымдық міндеттерді қоюды, шешу әдістерін құруды, шешімдерді орындауды және нәтижені тексеруді жүзеге асыруда үнемі еркіндік беруге көмектеседі;

- тәуелсіз танымдық іс-әрекеттің мазмұны күрделілігімен қатар дами түседі; өз бетінше жұмыс жасай отырып, білім алушылар белгілі бір нақты фактіні байқап, талдай бастайды, нәтижесінде зерттелетін материалдарға тән маңызды тәуелділіктерді анықтайды;

- материалдарды бірыңғай заңдылықтар мен ұстанымдар деңгейінде игеру, бұл оларды жаңа танымдық тапсырманы шешуде қолдануға мүмкіндік береді, оқытуға ішкі ынталандырудың дамуын арттыру шарты болып табылады;

- өзіндік жұмысты жүзеге асыру үдерісінде білім алушылардың дербес іс-әрекетіне педагогикалық басшылық жасап, тапсырманы нақты тұжырымдауды ғана емес, сонымен қатар рефлексияға, өзін-өзі бақылауға қарай қамтамасыз етуі керек [93].

Қорыта келгенде, «өзіндік жұмыс» ұғымының педагогикалық мәнін бірнеше топтарға бөліп қарастыруға болады. Мысалы:

-өзіндік жұмыс – іс-әрекет (Л.Г. Вяткин [94], О.В. Акулова [95], В.А. Козаков [96], И.А. Зимняя [90,с. 16] т.б.);

-өзіндік жұмыс – оқыту формасы (А.М. Пышкало, М.И. Моро [97], М.Е.Нургалиева [98] т.б.);

-өзіндік жұмыс – оқыту әдісі (В.К. Буряк [99], Г.М. Сейітова [100] т.б.);

-өзіндік жұмыс – рефлексиялық, өзін-өзі дамытудың, жеке жауапкершіліктің жеткілікті жоғары деңгейін талап ететіні, білім алушыны өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі тану үдерісі ретінде қарауды көрсетеді [94,р. 123]. Сондай-ақ, педагогика және психология бағытындағы магистранттардың меңгерген білім, білік, дағдыларын өздігінен сапалы іске асыруына ықпал бере отырып, магистранттарды ЖОО-нан кейінгі білім беруде ғылыми педагогикалық бағытта оқыту құралы бола алады (И.Э. Унт [101], П.И. Пидкасистый [102], Н.Д. Хмель [29,с. 17] т.б.)

Өзіндік жұмыс – іс әрекет ретінде, бұл мамандыққа байланысты түзілген білім беру бағдарламаларының мақсатқа жетудегі және нәтижелерге бағытталған оқу-танымдық әрекеттердің бірі болып танылады. Білім алушының субъективті көзқарасын қалыптастыруға арналады.

Өзіндік жұмыс – оқыту әдісі деп жүйеленеді, мақсатқа сай ішкі негізделген, орындалатын әрекеттердің жиынтығында субъектінің өзі құрастырған және үдеріс пен нәтиже әрекеті үшін түзетілген, оның орындауы сана-сезімнің жоғарылауына тиімді жағынан әсер ететін дәрістер тұрғысында ұйымдастырылатын әдіс.

Өзіндік жұмысты – оқыту құралы ретінде танимыз, олай деуге толықтай негіз бар. Магистранттардың білімді меңгеруіндегі ғылыми-педагогикалық бағыттағы қойылатын мақсат пен міндеттерге сай оқу құралы, сонымен қатар магистранттар алған білімдерін өздігінен жүйелі дамытып отыруға және зерттеушіліктегі техникаларын іске қосуға өзіндік дайындықтағы тәсіл деп танылады.

Біз, өзіндік жұмыс ұғымын философиялық, психологиялық және педагогикалық аспектілерде талдай келе: «өзіндік жұмыс – *мотивация түрлері арқылы кәсіби жетілуді қамтамасыз ететін тәуелсіз әрекет*» деп нақтылаймыз (кесте 1).

Кесте 1 – «Өзіндік жұмыс» түсінігінің контент талдауы

Ғалымдар	Түйінді ойлары	Комментарийлер
1	2	3
Н.Д. Хмель	Өзіндік оқу жұмысы оқушының мәселені қойып, оны шешкенге дейінгі жеңілден күрделіге өту, өзін-өзі бақылау және түзету ізденісінің белгілі бір деңгейдегі дербес оқу әрекеті; Өздігінен білім алу танымдық қабілетті қалыптастырудың құралы болып табылады [29,с. 14].	Дербес оқу әрекеті

1 – кестенің жалғасы

1	2	3
Т.С.Сабыров	Өзіндік жұмыс оқу әрекетінің бір арнайы бір формасы. Оқушылардың күрделі әрекеттерінің бір түрі. Оқушылардың өзіндік жұмысына мұғалімнің тапсырмасы бойынша олардың өздері жоспар жасап, істің тәсілін анықтап, оның нәтижесін бағалап, орындайтын жұмыстар жатады [103].	Оқу әрекетінің арнайы бір түрі
В.А.Сластенин	Өзіндік жұмыс – студент өзіне қажетті білімді игеретін, білім, білік, дағдыларын меңгеретін, жүйелі түрде жұмыс істейтін, дербес ойлай алатын, өзіндік ақыл-ой стилін қалыптастыратын оқыту формасы болып табылады. Оның басқа оқу формасынан ерекшелігі – білім алушылардың өз әрекетін алдына қойған міндеттеріне байланысты өзі ұйымдастыра алатын қабілетін қалыптастыру [104].	Өзіндік ақыл-ой стилі
П.И. Пидкасистый	Өзіндік жұмыс – бұл оқытуды ұйымдастырудың формасы да емес, оқытудың әдісі де емес, ол оқушының алдына қойылған мақсатқа сәйкес, белгілі бір іс-әрекетті ұйымдастыру мен жүзеге асыру құралы болып табылады [102,с. 56].	Іс-әрекетті ұйымдастыру және жүзеге асыру құралы
Б.П.Есипов	Өзіндік жұмыс – мұғалімнің тікелей қатысуымен емес, бірақ оның белгілі уақыт мөлшеріне есептелген тапсырмасы бойынша орындалатын жұмыс, бұл кезеңде оқушылар өздерінің ой-өрістерін және іс-әрекеттерін қорытындылай отырып, алға қойған мақсатына жетуге ұмтылады [105].	Мақсатқа жетуге ұмтылыс
С.Р. Худиева	Өзіндік жұмыс – бұл студенттердің тапсырмасы бойынша және оқытушының әдістемелік басшылығымен орындалатын, бірақ оның тікелей қатысуынсыз жоспарланған жұмысы [73,с. 56].	Жоспарланған жұмыс түрі
С.А. Нұрпеисова	Өзіндік жұмыс – білім алушылардың оқу әрекетін ұйымдастыруға бағытталған оқытушының оқыту, білім беру әдісі, тұлғаның бүкіл өмір бойына үздіксіз және өз бетімен білім алудағы құзыреттілік қабілеттерін жетілдіруге ықпал ететін іс-әрекет [70,б. 47].	Құзыреттілік қабілеттерін жетілдіру әрекеті
Ескерту - [29,с. 14] әдебиеттерден алынды		

Психологиялық-педагогикалық зерттеулер бойынша берілетін теориялық материалды магистрант әртүрлі қабылдайды және мәселені шешуде кейде тәуелсіз өзіне тиімді деген тәсілдерді пайдаланады. Алайда, білім алушының әрқайсысы логикалық ойлау қабілеттерімен, педагогикалық шеберліктерімен ерекшеленеді.

Осы параграфта талданған философиялық, психологиялық және педагогикалық талдаулардағы зерттеушілердің көзқарастарын негізге ала

отырып, магистранттардың өзіндік жұмыстарының (МӨЖ) басым сипаттамалары ретінде келесілерді атауға болады:

1. *МӨЖ психологиялық тұрғыдағы сипаттамасы* таңдап алынған мамандыққа білім алушылардың қызығушылығын қалыптастыру, мамандықты меңгеруге ұмтылысына ғылыми тұрғыда ассоциациялануына сәйкес сипатталады. Ал ол әрекет оқу үдерісіндегі магистрант пен оқытушының, магистрант пен ғылыми жетекшінің бір-біріне деген қарым-қатынасының, өзіндік жұмыстарға берілетін тапсырмалардың күрделілік деңгейінің, магистранттардың мамандықты меңгеру іс-әрекетіне еліту сияқты көрсеткіштеріне тәуелді.

2. *Пәндерді кәсіби бағытта бағдарлау.* Білім тұрғысынан қарағанда бұл мәселеге жеткілікті көңіл бөлу қажет екендігі даусыз. Атап айтсақ, ЖОО-ның даму тұжырымдамасын түсінеді; рухани интеграциялану процесінде жалпы идеяны мақсатты түрде біледі, түсінеді; білімнің философиясын түсінеді; ғылыми-педагогикалық, психологиялық құбылыстардың мәнін терең түсінеді; өз білімінен нәтиже немесе өнім береді; академиялық жазылымды меңгереді.

3. ЖОО-да *магистрант уақытының өлшеулі бюджетін ескерсек*, ғылыми жұмыстар бойынша берілетін өзіндік жұмыстарда жетекшінің уақытты дұрыс баланыста ұстағаны абзал. Тым көп тапсырма немесе уақыттың шектеуі магистранттың жұмысқа қабілетін төмендетеді.

4. *Магистранттардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру сипатына* ғылыми және кәсіби кеңес өткізудің жүйелілігі; өзіндік жұмыстардың тақырыптық мазмұны жөнінде дер кезінде, әрі жеткілікті түрде мәлімет беру: орындалу уақыты, қажетті деген қосымша оқу құралдары, бақылау мен бағалаудың тәсілдері, күмәнді деген нәтижелерді салыстыру жатады. Магистранттардың өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруында ең алдымен кәсіби-шығармашылық, креативтілік, басқарушылық, ғылыми ізденушілік қабілеттілігі т.б. атрибуттарының болуы шартты. Магистранттардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуында аталмыш атрибуттар ең басты назарда екені негізге алынады [106].

Сонымен қатар, МӨЖ-ның негізін құраушылар келесідей екендігін айта кеткен жөн:

- ғылыми-танымдық, кәсіби тәжірибелердегі орындалатын жұмыстар, олардың орындалуына кететін уақыт және одан күтілетін өнім (*ғылыми өнім* – тезис, мақала, диссертация т.б.; *кәсіби өнім* – ұсынылатын әдістеме, қандай да бір технология жасаушы, теориядан жаңа теория тудыру, жаңа стратегияларды ойлап табуы, семинар бағдарламалары т.б.);

- магистранттың кәсіби және ғылыми еңбек тәжірибесінде, өмірлік жағдаяттарда, білім алу үдерісінде орындалатын өзіндік жұмыстар барысында кез-келген мәселелерді дұрыс шешуі үшін өз ойын көрсете білуі;

- қойылған мәселені шешу барысында, магистранттардың өздерінің кәсіби деңгейде белсенділігін, саналылығын, дербестігін көрсете білуі;

- магистранттың кәсіби, ғылыми тәжірибелік және танымдық іс-әрекетін өз бетімен басқара білуі.

Осы орайда, Н.Д. Хмель [29,с. 25-29]: «Өсіп келе жатқан адам тұлғасын қалыптастырудағы педагогикалық үдерістің мүмкіндіктері, оларды қоғамға қажетті азаматтық қасиетте тәрбиелеу, мұғалімнің қарым-қатынас әрекетін басқаруына, оның тиімділігін нақтылы іс-әрекет негізінде көрсете білуіне байланысты» деп айтып өткен. Демек, білім алушы өзін тек қана пайдаланушы ретінде ғана емес, сонымен қатар жаңа білімді таратушы ретінде де өзінің жеке танымдық іс-әрекетінің қоғамдық маңызы бар екенін сезінуі тиіс.

Оқу үдерісіндегі екі субъект – оқытушы мен магистрант, ғылыми жетекші мен магистрант әрекет белсенділіктеріне байланысты, оқытудың әртүрлі заманауи әдістері мен модельдерін [107] зерттеушілер бірнеше түрлерге бөледі.

Диалогтық өздігінен оқу әдісі, магистрант пен оқытушының екі жақты әрекеттестігіне тікелей негізделген. Бұл жағдайда оқыту (білім алушының дербес, өз бетімен оқу әрекеті) кеңес түрінде жүзеге асады.

Өздігінен оқу магистранттарда *IQ ойдың көп болуына*, мамандықтың *ішкі, сыртқы бақылау локусына* ие болуына, белгісізге қарай *табысты қадамдар* жасауына, пәндік және ғылыми-зерттеу мәселелерін шешуде қалыптан тыс тәсілдерді қолдануын, *жаңа идеяларды ашуға* қабілеттілігі және әдістемелік нұсқаулар мен теориялық ережелерді нақты педагогикалық істерге айналдыруға, *жеке авторлық іс-әрекеттер жүйесі* жобасында тұжырымдалған *идеялар, стратегиялар, технологиялар* туралы өзіндік шешім қабылдауға мүмкіндік алады [108].

Бұл ретте ізденіс үстінде әлемдік қорлардан керекті ақпаратты ала отырып, ғаламтор арқылы өз бетінше жұмыс жасау магистранттың оқуға деген ынтасын арттырып, қызығушылығын тудырады.

Қарастырылған зерттеулер негізінде: **«магистранттардың өзіндік жұмысы – «оқытушы – ғылыми кеңесші – магистрант» триадасында проблемаларды шешуге және магистранттардың ғылыми-педагогикалық қызметіне оң өзгерістер енгізуге бағытталып, білім алушы тарапынан ерекше түрде ұйымдастырылатын ғылыми-педагогикалық іс-қимылдарының траекториясы»** деген анықтама берілді. Сондай-ақ, бұл тармақша «өзіндік жұмыс – магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру құралы» деп аталды. Себебі, ғылыми-педагогикалық бағыттағы өзіндік жұмыстарда магистранттар өзінің идеяларынан нәтижелі ғылыми-әдістемелік өнім беруге дайын болуы кәсіби құзыреттіліктің басты мәселесі бола алады. Ендеше біз, магистранттардың кәсіби құзыреттілігінің мазмұнын, құрылымын келесі тармақшада ұсынатын боламыз.

1.2 Магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұны мен құрылымы

Қазақстанда үздіксіз білім беру аясында үш деңгейлі жоғары білім беру жүйесі қолданылады. Біріншісі – бакалавр (bachelor), екіншісі – магистр (master), үшіншісі – философия докторы (PhD). Болон декларациясында жоғары білім берудің бірыңғай еуропалық кеңістігін құру жолында алғашқы қадам ретінде жоғары білім берудің үш деңгейлі жүйесін енгізу ұсынылады. Бірінші

деңгейдің ұзақтығы 3-4 жыл болуы мүмкін, еуропалық еңбек нарығында талап етілетін бакалавр біліктілігін алумен аяқталуы қажет, ал екінші деңгей магистр біліктілігін алуға әкелуі қажет (бакалавр деңгейін алғаннан кейін оқу мерзімі 1-2 жыл), үшінші деңгей философия докторы біліктілігін алуға әкелуі қажет (магистр деңгейін алғаннан кейін оқу мерзімі 3 жыл). Осыған орай біздің зерттеуімізге қатысты қызығушылық тудырған тұсы - жоғары оқу орнындағы үздіксіз білім беру жүйесінің екінші сатысы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде болашақ магистрлерді даярлау мәселесі болды.

Осы тұста бүгінде **«life-long education»**, яғни **«өмір бойы оқу, өмірлік оқу»** халықаралық терминіне сай *үздіксіз білім алуды* дамытудың басты стратегиялық бағдары – магистранттардың (ересектердің) кәсіби жолында өмірге жауапкершілікпен қарайтын, ғылыми және дүниетанымдық мәдениеті жетілген, креативті ойлауға дағдыланған, іскерлік қабілеттілігі биік, академиялық ұтқырлығы жоғары, гуманистік ойлауы басым, инновациялық іліммен қаруланған адамгершілік қасиеттері мол білікті мамандардың жаңа форматын қалыптастыруды көздейді [109].

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіне сәйкес Болон үдерісінің бағыттарын есепке ала отырып дамып келеді. Болон үдерісі – еуропалық жоғары білім беру аймағын қалыптастыру, жоғары білімнің еуропалық жүйесін жандандыру мәселесіне қатысты барлық атқарылып жатқан іс-әрекеттер мен құжаттардың жалпыланған атауы. Елімізде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің әлемдік жүйемен бірігуі заңда көрсетілген білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың бір ұстанымы ретінде отандық жоғары мектептің жетістіктері мен дәстүрлерін сақтаған және дамытқан кезде ғана жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 1-тарауында **магистр** – магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін дәреже; **магистрант** – магистратурада білім алатын адам; **магистратура** – білім беру бағдарламалары «магистр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру» деп көрсетілген [1,б. 7]. Құжатта көрсетілгендей, үздіксіз білім беру бойынша *магистратура кадрлар даярлауға бағытталады*. Ендеше магистранттардың кәсіби даярлануы мемлекеттік міндеттерді шешудің бір тетігі болып саналады.

Магистрант, біздің ойымызша ересек білім алушылар деп түсініледі. Өйткені, адамтану саласында ересектерге білім берудегі педагогика ғылымы мен оның практикасы үшін маңызды басымдықтары, стратегиялық бағыттары жолында білім берудің үздіксіздік жүйесі ересек адамның, яғни тұлғаның әрекет субъектісі ретіндегі дамуымен байланысты қызмет атқарады.

Ересектерге білім беру ілімімен андрагогика ғылым саласы айналысады. Андрагогика – даму үстіндегі ғылым. Егер біз, андрагогикалық тұрғыда қарасақ, магистранттар ересек білім алушылар болып табылады.

Б.А.Тұрғынбаева өзінің еңбектерінде: оқытудың ересек адамның іс-әрекеті ретінде әлеуметтік-андрагогикалық ерекшелігін қалыптастыратын негізгі

шарттарын белгілеудің қажеттігі туындайтындығын негізе алады да, жоғарыдан кейінгі білімнің негізгі шарттарын:

-өз білім алуындағы жетекші рөл **үйренушінің өзіне тиесілі;**

-ересек үйренуші **өзін-өзі басқаруға, өзін-өзі көрсетуге** ұмтылады және солай сезінуі тиіс;

-ересек адамда өзінің және өзгелердің үйренуі барысында қажет болуы мүмкін **өмірлік тәжірибесі** бар;

-ересек адам өмірлік маңызы бар **мәселелерді шешу мен нақты мақсаттарға жету** үшін білім алады;

-ересектер үйренуші оқыту барысында алған **білім-білік-дағдыларды кейінге қалдырмай пайдалануды** көздейді;

-ересектердің оқу іс-әрекеті кейде шектейтін, кейде көмектесетін *уақыттық, кеңістіктік, тұрмыстық, кәсіптік және әлеуметтік* факторлар арқылы **өзгеріске түседі;**

-ересектерді оқыту үрдісі оның барлық (жоспарлау, жүзеге асыру, бағалау және түзету) кезеңінде **оқытушы мен үйренушінің бірлескен іс-әрекеті** түрінде ұйымдастырылады деп түсіндіреді [110]. Автордың андрагогикалық ойларын терең талдауда магистранттардың өз білім алуындағы жетекші рөліне, өзін-өзі басқаруына, өмірлік тәжірибе жинауына, нақты мақсаттар қойып жетуіне, білімді дер кезінде пайдалануына, бірнеше факторлар арқылы өзгеруіне, өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруына аса мән берудің қажеттігі байқалады.

А.Г.Асмоловтың зерттеулерінде үздіксіз педагогикалық білім берудің маңызды әлеуметтік қызметтері көрсетілген. Атап айтқанда: «жеке тұлғаның жан-жақты, үйлесімді, шығармашылық дамуы – азаматтардың кәсіби іс-әрекеттері мен міндеттерін орындауға білім алушыларды даярлау; адам құқығының жалпыға бірдей декларациясында көрсетілген адамның білім берудегі қажеттіліктерін адамның түбегейлі қажеттілігі ретінде қанағаттандыру; сабақтастық қағидасын ұстану»; «Сабақтастық» қағидасын ұстану, бұл оқытудың кейбір тұстарының, кезеңдерінің, оқыту сатыларының байланысын көрсетеді. Демек алдыңғы алған білімдерін кеңейту, тереңдету, түсініксіз жайттарды қайта қарап, білімдерін, іскерлік-дағдыларын бір жүйеге келтіру, білім алушының кәсіби дамуына қарай оқу үдерісін жетілдіруді көрсетеді [111]. Ғалымның пікірімен келісе отырып, кәсіби даярлауда іскерліктерін, білім мен біліктерін, білім алушыға арналған оқу үдерісін жетілдіру магистранттардың кәсіби құзыреттілігінің мазмұнын толықтыруға негіз болады.

Ашық Уикипедияда: «магистратура – бұл білім бакалаврларынан кейінгі білім деңгейі және таңдалған мамандықты тереңдетіп оқуды немесе ғылыми зерттеулер жүргізуді көздейді»; ал «магистрант – магистратурада оқитын және магистрлік диссертацияны сәтті қорғағаннан кейін «магистр» дәрежесін алатын студент» деп түсіндіріледі [112]. Байқап отырғанымыздай, таңдап отырған мамандығында пәндік мамандандырылатын, ғылыми зерттеулер жүргізетін, ғылыми еңбегі арқылы қандай да ғылыми нәтижелерді беретін білім алушы.

Демек, бұл ретте магистранттардың кәсіби құзыреттілігі пәндік тұрғыдан әрі ғылыми зерттеулер барысында құрылымдалады деуге негіз бар.

Осы орайда үздіксіз педагогикалық білім беру педагогикалық білім берудің көпдеңгейлі құрылымымен байланысты. Көпдеңгейлі педагогика мамандықтар мен мамандануға кең және саналы таңдау жасауды қамтамасыз етеді, келесі сатыларда білім мен біліктілік алу үшін конкурстық іріктеу жасауға нақты мүмкіндіктер жасайды, білім берудің барлық жүйесінде шынымен де сабақтастық пен ашықтықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазақстандық білім беру жүйесінде үздіксіз оқыту үдерістерінің кешенін іске асыруда екі түрлі өзара байланыстағы сатыларды қамтиды, сонымен бірге үздіксіз білім – білімдегі бір саты мен келесі сатының жалғасып келуі, толассыздық. *Біріншісі*, білім алушыларды қандай да бір білім беру бағдарламалары (бакалавриат, магистратура және Ph.D докторантура) бойынша дайындау (болашақ мамандарды даярлау) болса, *екіншісі*, ересек тұлғаның кәсібилік бойынша өмір бойы білім алуы, өзін-өзі жетілдіруі, яғни ересек адамның кәсіби-экзистенционалдық тұрғыда өзін-өзі іске қосуы, біліктілігін арттырып отыруы т.б. деп түсіндіріледі. Оның көмегімен ересек адамдар өз қабілеттерін дамытады, біліммен байытады, кәсіби біліктілігін жетілдіреді немесе оларды жаңа бағытта қолданады. Екі түсінік бір-бірімен тығыз байланыста дамиды [113].


Бірінші саты негізінен жоғары білім алуға жаппай әлеуметтік сұранысты қанағаттандыруы қажет, бұл ретте бұл кезеңдегі оқыту кәсіптік іс-әрекеттің қандай да бір кең саласына бағытталуы қажет. Бұл кезеңде студенттер пәнаралық білім алуға, шетел тілдерін меңгеруге және жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануға мүмкіндік беретін әртараптандырылған бағдарламаларға қол жеткізе алуы қажет. Ал екінші сатыда оқыту әрбір салада көптеп саналатын нақты мамандықтардағы білім мен іскерлікті меңгеруге бағытталады. Сонымен қатар, бұл бағдарламада зерттеушілік пен өз бетінше жұмыс жасауға тиісті көңіл аударылуы қажет деп есептейміз. Мұндағы бірнеше сатыда берілетін білім көпдеңгейлі жүйенің негізгі идеяларын көрсетеді. Біз, ең алдымен жоғары білім берудің көпдеңгейлі жүйесі туралы біршама талдаулар жасауды жөн санаймыз.

М.Т.Громкова жоғары білім берудің көпдеңгейлі жүйесін бірізділіктің жиынтығы, әр деңгейде барынша күшейтілген білім компонентінен және бір базалық білім негізінде кәсіптік даярлық бағдарламаларының көптігінен құралған кәсіби білім беру бағдарламаларының сабақтастығы ретінде анықтайды [114]. Олай болса, көпдеңгейлі білім берудің ерекшелігі – даярлықтың түрлі сатыларында сан алуан білім беру міндеттерінің пайда болатындығы. Барлық кезеңдердегі маңызды міндет – кәсіби ойлаудың қалыптасуы және өзін-өзі іске асыруға жағдайлар жасау. Көпдеңгейлі жүйеде біздің түсінуімізше, білім алудың бірізділігі, даярлаудың сабақтастығы, кәсібиіліктің негізгі сатыларын және кәсіби контекстің тұтастығын көрудің мүмкіндіктері жоғары келеді.

Б.С.Гершунский ғылыми зерттеулерінде: «**көпдеңгейлі жүйе** – сатылап жүзеге асатын, оқу жылдарына сараланған түрлі деңгейдегі кәсіби біліктілік алу жүйесі; кәсіби білім берудің жаңа түрін құрумен, жас мамандарды даярлауды біріктірумен, жіктеумен және қарқындатумен байланысты туындайтын құбылыс» деп атайды [115]. Көпдеңгейлілік оқытудың барлық сатыларынан, төменгісінен бастап жоғарғыға дейін таңдап алған мамандығын меңгеріп және білімін тереңдете отырып өтуіне және білім алуына жағдай жасайды. Автордың тұжырымында жоғары білімнен кейінгі білімде, яғни магистранттарды даярлауда кәсіби жеке тұлғалық ережелерді, құндылықтар жүйесін қалыптастыру, кәсіби іс-әрекет мәнін табу, кәсібиліктің өзіндік философиясын жасауда құбылыс деп нақтыланады. Бұл магистранттардың кәсіби құзыреттілігінің құрылымын жетілдіруде негізге алынады.

И.О.Котлярованың пікірінше үздіксіз білім берудің жалпы идеясына сәйкес іске асырылатын көпдеңгейлі жүйенің көпдеңгейліліктен айтарлықтай айырмашылығы бар. Ол жүйенің ашықтығымен ерекшеленеді, яғни бакалаврларды даярлау бейінінің тізімі, мамандандырылған магистрлерді даярлау бағдарламасы ашық болып табылады, ол іске асырылудың кез келген кезеңінде біте береді, студентке басқа білім беру бағдарламасына ауысуға мүмкіндік беретін ауыспалы модульдерге ие. *Көпдеңгейлі жүйе* – бұл қарқынды және тұтас жүйе, яғни оның компоненттері өзара байланысты және өзара шарттас; бұл *өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі ұйымдастыруды* жоспарлайтын – *бейімді жүйе*; экономикалық тұрғыдан да *тиімді жүйе*, себебі белгілі бағыт-бағдар бойынша бакалавр даярлауда аймақтың қажеттілігіне қарай өз ықпал ете алады [116]. Ғалымның пайымдауынша, магистранттардағы әлеуетті ашудың мәні тұлғаның қабілеттерін дамыту деп қарастырылады. Себебі, магистрант өзінің кәсіби-тұлғалық өсуі және жетістіктерінің субъектісі болған жағдайда кәсіби құзыреттілігі қалыптасады.

Жалпы алғанда, 3-суретте көрсетілгендей, көпдеңгейлі жүйенің маңызды сатыларының бірі – магистратура, мұнда білім алатын магистранттар академиялық білім алуға негізделеді. Алайда, магистранттардың өзін-өзі дамытуы, өзін-өзі ұйымдастыруы бейімді немесе тиімді болатын ішкі жүйелерде жүзеге асады. Бұл ретте МӨЖ-дың инновациялық тұрғыда ұйымдастырылуы магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды құралы бола алатындығы жоғарыда айтылып өтті (сурет 3).



Сурет 3 - Магистратура компоненттерінің жүйелік байланысы

Жоғарыдағы теориялық зерттеулерді талдай келе, магистратура мен ондағы білім алушы магистранттардың кәсіби құзыреттілігінің құрылымын, негізгі түсініктердің функцияларын нақтылай түсудің қажеттігі туындайды.

К. Жұмасова психологиялық еңбектерінде: «...ойлау әрекеті жеке тұлғаның ақылының маңызды сапаларынан тұрады. Олар: *ойдың тереңдігі, ой-өрісінің кеңдігі, ақылдың икемділігі, ақыл сыншылдығы*» болады, ал қызығушылық, сенім, талап, мұрат (идеал) – адамды әр кезде іс-әрекетке итермелеп отыратын ең негізгі қозғаушы мотивтер» деп түсіндіріледі [117]. Бізге белгілі болғанындай, К.Жұмасованың психологиялық ғылыми еңбектері адам психикасының бағыт-бағдарын зерттеуге басымдық танытады. Мәселен, автордың тұжырымдауындағы ойдың тереңдігі сапасы бұл бізге, магистранттардың өзіндік жұмыстар негізінде кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдіснамалық маңызын күшейтуге, яғни ұстанымдарды реттеуде теория мен практиканың бірлігі ұстанымын таңдауға негіз бола алады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистратураны дамыту жоғары білікті ғылыми-зерттеу және педагогикалық кадрларды даярлау жүйесін жаңартудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Көпдеңгейлі жүйе жоғары бейінді қабілетке ие, өзінің кәсіби міндеттерін іске асыру тәсілдерін өз бетінше айқындай алатын, тәжірибелік әрекетте ғылыми әлеуетін ұтымды әрі тиімді пайдалануға қабілетті магистрлерді даярлауды жоспарлайды.

Жоғары кәсіби білім беруді дамыту мәселелерін ашып көрсететін зерттеулерде үшдеңгейлі жүйе кәсіптік даярлықтың түрлі кезеңдерінде оқыту әдістерінің саналуандығын көрсетеді. Бакалаврларға берілетін жалпы, бастапқы базалық білім және жекелеген магистрлік бағдарламалар мен мамандандырулар бойынша мамандандырылған білімдер мен дағдылар – екеуі екі басқа білімдер, әрі оны оқыту әдістемесінде айырмашылықтар айтарлықтай. Бакалаврлардың бағдарламасындағы танысу білімдеріне қарағанда магистранттарға арналған білім бағдарламаларында өз бетінше білім алу, мейлінше шығармашылықпен білім алу іскерлігі маңызды орын алады. Оқытудың үшсатылы жүйесі студенттердің өз өмір жолын өз бетінше және жауаптылықпен таңдау, білім алу бағытын таңдау мүмкіндігін кеңейтеді және студенттерге түрлі саладағы білімді қиыстыра отырып, қолданыстағы мамандықтардың жігінде өздерін кәсіби әрекетке даярлауға мүмкіндік береді. Үшсатылы жүйенің тиімділігі сол магистранттарды табысты түрде тартатын ғылыми зерттеулердің көбеюінен, оқытушы-профессорлық құрамның біліктілігінің өсуінен көрінеді.

К.С. Құдайбергенова өзінің іргелі зерттеуінде: «құзырлылық – адамның өздік даму жолындағы ізгілік идеялар мен ұстанымдарға негізделген кіріктірілген сипаттамасы, ол құзыр – адамның тұлға болып қалыптасуындағы қызмет барысында байқалатын мінез - құлқы» деп анықтама береді [118]. Ғылыми білімнің критерийіне сай құзырлылықтың *құбылыс ретіндегі мәні* туралы білімнің ақиқаттығын өмір тәжірибесінің сұрыптауы ғана дәл айта алады. Құзырлылықтың категориялық мәнін айқындаушы ортақ дефиницияларын жинақтап, бір жүйеге келтіруге болады. Мұндағы құзырлылықты айқындаушы *дифиненстер*: кіріктірілген сипаттама, тұлғаның

жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті, тұлғаның адамзат мәдениетімен теңдес келетін қабілеті, тұлға қасиеті, тұлғалық сипаттамасы, даралығы мен кәсіби тұлғалық бейнесінің тұрақтануы, теориялық білім мен тәжірибесіне негізделген жалпы қабілеті мен тұлғаның қызметке дайындығы, шешім қабылдау қабілеті, өзіндік тәжірибе өлшемі» деп көрсетеді [118,б. 120]. Ғалым К.С. Құдайбергенованың ғылыми білімдерге берген критерийлерімен келісе отырып, біздің зерттеуімізге өте жақын келетіндігін айтуға болады. Мәселен, автор ұсынып отырған дефиниенттердің басым көпшілігі, кіріктірілген сипаттама, *шығармашылық қабілет, тұлғалық қасиет, тұлғалық сипаттама, кәсіби тұлғалық тұрақтылық, теория мен практикалық білім, шешім қабылдау, өзіндік тәжірибесі* магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұнын анықтап, құрылымын нақтылауды күшейтеді.

Тәжірибе көрсеткеніндей, магистранттардың кәсіби құзыреттілігінің құрамдасы олардың акмеологиялық дайындығы болады. Көбінесе зерттеулерде акмеологиялық дайындық, акмеологиялық құзыреттілік деп те айтылады. Бұл тұста ғылыми зерттеулерге сүйеніп, акмеологиялық дайындық білім алушылардың *өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі жетілдіруінің нәтижесі* және көрсеткіші, оның кәсіби қызметте және жеке өсуде, соның ішінде *өзін-өзі тану, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі анықтауда ең жоғары нәтижелерге (акме) қол жеткізу қабілетін* көрсетеді деген пікірді қолдауға болады [119]. Магистранттардың кәсіби құзыреттілігінің құрылымын күшейте түсуде акмеологиялық дайындықтың рөлі жоғары. Олай деуге негіз бар, МӨЖ арқылы ғылыми-педагогикалық бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоғарғы көрсеткішіне жету, немесе нақты бір зерттеу жаңалығын түзетін педагогикалық тұрғыда өнім, ал кәсіби даярлануда *ұйымдастырушылық, шығармашылық, креативтілік, лидерлік, басқарушылық, зерттеушілік* және т.б. кәсіби-тұлғалық сапалардың жолға қойылуына әрекет етуші деп танылады.

Осы орайда Б.Ж. Бекжанова өзінің ғылыми зерттеу еңбектерінде: «акмеологиялық дайындық» – бұл адамды кәсіби салада және жалпы өмірде ілгері дамуға, шығармашылықпен өзін-өзі жетілдіруге бағдарлайтын тұлғаның жалпы дайындығының сапалық сипаттамасы, ал «*магистранттардың акмеологиялық дайындығы*» - болашақ маманның жоғары деңгейдегі ғылыми-педагогикалық әрекетіне негіз болатын акмеологиялық білімдері, жаңалыққа, жетістікке жетуге деген тұрақты мотивтері, педагогикалық шығармашылыққа қажетті кәсіби мәнді сапалары мен эмоционалдық еріктік аймақтарын біріктіретін кешенді сапасы» деп нақтылайды [56,б. 57]. Біз, ғалымның тұжырымдауымен келісе отырып, магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда шығармашылыққа басымдық (акцент) береміз. Нақтырақ айтсақ, магистранттар өзіндік жұмыстарды шығармашылықта орындап, өзін-өзі дамытады, жаңалыққа жетуге талпынысы жоғарылайды және кешенді дамуға беталыс жасайды.

А.Ж.Септемирова диссертациялық жұмысында: «*болашақ магистрдің креативті іс-әрекеті* – магистранттың жаңа ұғым жасау және жаңа дағдыны

калыптастыра алатын қасиетін бейнелейтін, логикалық және стандартты емес ойлай алатын, ғылыми-педагогикалық даярлығында шығармашылық жасауға қабілетті, интеллекттен тыс ортада шығармашылық жетістіктерімен байланысты жаңашылдықты жүзеге асыруға және өзін-өзі дамытуға бағытталған біртұтас процесс» деп нақтылаулар жасайды [64,б. 11]. А.Ж. Септемированың көзқарасы бойынша магистрант *жаңа теория туындатушы, ескіден жаңа теория жасаушы, жаңаны өңдеп түрлендіруші* әрекетінде болып, жаңа ұғым мен жаңа дағдыға бейім келуі, қалыптан тыс ойлауы, ойды генерациялауы, шығармашылықта қабілеттілігі, өзін-өзі дамытуы секілді біршама субъективті идеяларды негізге аламыз.

Ғылыми зерттеулерде жоғары білім берудің көпдеңгейлі құрылымы оқушының жеке тұлғасына түбегейлілік, тұтастық пен бағыттылықты құрайтын білім берудің жаңа парадигмасын іске асыратындығы айтылып жүр. Бұндай құрылым зияткерлік еңбек нарығының конъюктурасына әсер етеді; түлектердің білімділігін көтере отырып, «өмірлік білім алуға» даярлайды; «оқытудың жолын» таңдауға; орта білім беру және орта арнаулы білім беру мекемелерімен тиімді бірігуді қамтамасыз етеді; дипломнан кейінгі білім алуға және әлемдік білім беру жүйесінің бірігуіне мүмкіндік береді [120].

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда кәсібиліктің қалыптасуы мен даму үдерісінде екі ұғым: құзыреттілік (компетенттілік) және құзырет (компетенция) ұғымдары пайдаланылып келеді. Біріншісі, С.Ожегов сөздігі бойынша, белгілі бір кәсіби қызметке байланысты, «қандай да болсын мәселеден хабардарлық, беделділік», ал екіншісі, «қандай да бір істі жүргізетін жеке адамның, мекеменің мәселелерді шешуге, іс-әрекет етуге, бір нәрсені істеуге құқықтылық шеңбері» [121].

XX ғасырдың екінші жартысында дағдының қолданбалы мәніне байланысты «*функционалдық сауаттылық*» мағынасына ие болды. 1980 – 1990 жылдары сауаттылық анықтамасы жаһанданудың, оның ішінде жаңа ақпараттық технологиялардың қолданылуына байланысты одан әрі кең мағынаға ие бола бастады. 2002 жылы БҰҰ ның Бас Ассамблеясы «Сауаттылықтың он жылдығы» туралы резолюция қабылдап, сауаттылықты «адам құқықтарын негіздеуші» және адамның өзіне барлық «өмірлік дағдыларды» сіңіруінде маңызды мәнге ие деп көрсетті [122].

XXI ғасырда сауаттылықты неғұрлым кең мағынада – оқытудың мақсатын нақтылауға әкелетін білім қоғамы ретінде түсіне бастады.

«Методикалық терминдер сөздігінде» «Құзыреттілік (Компетенттілік) (латынның *competentis* – бейім сөзінен) – қандай да бір оқу пәнін оқу үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі», – делінген [123].

Орыс тілінің сөздігінде «құзыреттілік» термині «әлдекімнің жақсы хабардар болуы мәселесі төңірегінде» деп берілген [124].

Кәсіби құзыреттілік мәселелері, болашақ мамандардың құзыреттілігі туралы пікірлер кәсіби маман даярлау мәселелерімен айналысып жүрген отандық және шетелдік ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде

көрініс табуда. Бүгінгі күні шетел ғалымдарының еңбектеріндегі кәсіби құзыреттілік аяқтамалары «тереңдетілген білім», «міндетті шешудегі теңдік жағдайы», «қызметті орындаудағы қабілеттілік» (Britell G.K., Blank W.E және басқалар бұл ұғымның мәнін толық аша алмайды [125].

М. Кордуэлл «Психология от А до Я» атты анықтамалық – сөздікте адамның құзыреттілігінің бірнеше түрінің анықтамасын ұсынады: когнитивті құзыреттілік – мәселені шешу және мақсатқа жету қабілеттілігі; әлеуметтік құзыреттілік - өзге адамдармен қарым – қатынас орнату қабілеттілігі [126].

Білімнің тұлғалық және әлеуметтік мәнін байланыстырудағы құзыреттіліктің маңыздылығына тоқтала келе, А.В. Хуторской оны қазіргі білім берудегі дағдарыстан шығудың бір жолы және жеке тұлғаның өзара байланысты сапаларының үйлесімі ретінде қарастырады [127].

Дж. Равеннің тұжырымдамасы кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың ішкі және сыртқы шарттарын жасау, кәсіби маман тұлғасын тәрбиелеу мәселелерін қарастырады. Құзыреттіліктің жетекші компоненттерін анықтай отырып, ол адамның алдына қойған мақсатын орындауға көмектесетін қырыққа жуық сипаты мен икемділігін атайды [128].

Дж. Равен құзыреттілік қатарына мыналарды жатқызады:

-құндылықты және оның нақты мақсатқа қатынасын неғұрлым анық түсіну тенденциясы;

- өзінің іс - әрекетін бақылап отыру тенденциясы;
- іс - әрекеттегі эмоция;
- өз бетінше оқуға икемділік және дайын болу;
- кері байланысты іздеу және қолдану;
- өзіне өзінің сенімі;
- өзін - өзі бақылау;
- бейімділік;
- шарасыздық сезімінің болмауы;
- болашақ туралы ойларға бейімділік;
- мақсатқа жетуге байланысты мәселеге көңіл аудара білу;
- өзіндік ой, жекелік;
- сын тұрғысынан ойлау;
- күрделі мәселелерді шешуге дайындық;
- мазасыздық туғызатын және даулы мәселелерді шешуге дайындық;
- қоршаған ортаның мүмкіндіктері мен ресурстарын анықтау мақсатында зерттеу (материалдық және адами тұрғыда);
- мақсатқа жету жолында жаңа идеялар мен инновацияларды пайдалануға дайындық;
- қайсарлық;
- ресурстарды пайдалану;
- сенім;
- шешім қабылдауға қабілеттілік;
- жеке жауапкершілік;
- мақсатқа жету жолында бірігіп жұмыс істеуге қабілеттілік;

- басқа адамдарды тыңдай білу;
- жұмыстастардың жеке бас әлеуетін субъективті бағалауға ұмтылыс;
- басқаларға өзбетінше шешім қабылдауға рұқсат беруге дайындығы;
- дау-жанжалды шеше білу және әртүрлі көзқарасты жұмсартуға икемділік;
- бағыныштылық жағдайында тиімді жұмыс істей білуге қабілеттілік;
- басқа адамдардың өмір сүру дағдысына төзімділікпен қарау;
- ұйымдастырушылық және қоғамдық жоспарлаумен айналысу дайындығы [128,с. 41].

Э.Ф. Зеердің зерттеуінде кәсіби білім салыстырмалы талдау жүйесінде беріледі, маманның әлеуметтік - кәсіби даярлығы кәсіби біліктілікпен, негізгі біліктілік және құзырлылықпен анықталады. Э.Ф. Зеердің еңбегінде базалық құзыреттіліктер: жалпы ғылыми ұғымдар, қоғам мен адам іс-әрекетінің негізгі заңдары, ақпараттық – коммуникациялық, әлеуметтік – экономикалық, азаматтық – құқықтық құзыреттіліктерді қамтиды [129].

Біліктілік - қызметкердің кәсіби даярлығының түрі, оның белгілі бір жұмыс саласындағы білімі, іскерлігі мен дағдысы.

Тұлғаның негізгі біліктілігі дегеніміз - тұлғаның белгілі бір кәсіби сала бойынша орындалатын жұмысқа қажетті жалпыкәсіби білімі, іскерлігі, дағдысы және қабілеттілігі мен қасиеттері [130].

Болашақ маманның кәсіби даярлығы өз алдына дербес, бір – бірімен тығыз байланысқан, ғылыми – теориялық, қоғамдық – саяси, психологиялық – педагогикалық және арнайы даярлықты біріктіретін біртұтас жүйе болып табылады.

Ғылыми–теориялық даярлық ЖОО оқу пәндері арқылы ғылым негіздерімен таныстырып, олардан терең теориялық білім беруге дайын болуды көздейді.

Қоғамдық – саяси даярлық магистранттардың қоршаған дүниені, табиғатты, қоғамдық өмірдің құбылыстарын тану әдіснамасына, әлеуметтік – экономикалық даму мәселелерін пайымдау, талдау, маңыздысын ажырата білуге, адамдармен қарым – қатынастағы жоғары мәдениеттілікке үйренуге мүмкіндік береді.

Психологиялық–педагогикалық және арнайы даярлық болашақ маман ретінде жан – жақты қалыптасуға жағдай жасайды. Бірқатар ғалымдар педагогикалық білімнің негізі педагогтарды кәсіби даярлау екендігін айтады. Кәсіби педагог - маман әдістемені жақсы меңгеруі, оқушыларды дамытуда оқу құралын мақсаттылықпен пайдалана білуі керек. Күрделі жұмысты шығармашылықпен шешуде оқушылардың техникалық ойлау қабілетін іс - әрекетімен дұрыс ұштастырып, оны саналы түрде қабылдай білуге баулу қажет [131].

Білім беруді жаңарту негіздерінің бірі ретінде құзыреттілік тұрғыдан келуді жақтаушылар күтілетін нәтижелер тұжырымдамасын құруда. Бұл тұрғыдағы көзқарасты М.В. Рыжков өз еңбегінде:

-«құзыреттілік» ұғымы тек танымдық (когнитивтік) және технологиялық құраушы ғана емес, әрі мотивациялық, әлеуметтік және мінез – құлықтық, яғни оқыту нәтижелерін (білім, білік, дағды), құндылық бағдар жүйелерін қамтиды;

- құзыреттілік – алған білім, білік, тәжірибе, мінез-құлық тәсілдерін нақты жағдаятта, нақты іс - әрекет жағдайында жұмылдыру қабілеті;

- құзыреттілік ұғымында «нәтижеден» қалыптасатын білім мазмұны интеграциясы;

- құзыреттіліктер тек білім беру мекемелеріндегі оқыту үдерісінде ғана емес, яғни дәстүрлі және дәстүрден тыс білім алу жағдайында да қалыптасады [132].

Н.В. Кузьмина арнайы – педагогикалық, ғылыми – педагогикалық, әдістемелік және құзыреттіліктің басқа да түрлерін қарастырса [133], М.В. Прохорова – басқарушылық құзыреттілікке [134], А.А. Реан, Е.С. Алешина – дифференциалдық – психологиялық құзыреттілікке [135], Т.Б. Руденко дидактикалық - әдістемелік құзыреттілікке назар аударды [136].

Педагог қызметінің кәсіби сапасы мәселелерін, оның шеберлігі мен профессионалдығын, мұғалімге қойылатын талаптарды зерттей келе, Н.В. Кузьмина еңбектің нәтижелілігіне әсер ететін педагогикалық қызметкерлердің маңызды сапалары қатарына педагогикалық құзыреттілікті атайды. Педагогикалық құзыреттіліктің негізгі элементтері ретінде ол төмендегілерді бөліп көрсетеді: сабақ беретін пән бойынша арнайы құзыреттілік; оқушылардың білім, білік және дағдысын қалыптастырудағы әдістемелік құзыреттілік; оқыту үдерісіндегі психологиялық – педагогикалық құзыреттілік; оқушылардың ынтасын, қабілетін және бағыттылығын қалыптастырудағы дифференциалдық – психологиялық құзыреттілік және аутопсихологиялық құзыреттілік. Арнайы құзыреттілік оқытатын пән саласындағы терең білімділікті, біліктілік пен тәжірибені; техникалық, шығармашылық міндеттерді шешудің амалын білуді қамтиды. Әдістемелік құзыреттілікке оқытудың түрлі әдістерін меңгеру, дидактикалық әдістерді, амалдарды және оларды оқыту үдерісінде қолдана білу, білім және білікті меңгертудің психологиялық амалдарын білу жатады [133,с. 89].

Латынның «compete» деген термині «білу», «жасай алу», «дегеніне жету» деген мағыналарды береді. Құзыреттіліктің мәнін логикалық бірлікте сипаттайтын болсақ, магистранттардағы кәсіби білімді ары қарай кәсіби құзыреттілік шеңберінде анықтауда «білу», «жасай алу», «дегеніне жету» - қойылған мақсатқа заң, адамгершілік және мәдениет шеңберінде жете білу [137] дегенді негізге алуға болады.

Жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарының студенттеріне арналған сөздіктің авторлары Г.М. Коджаспирова, А.Ю. Коджаспиров құзыреттілік терминіне «жалпымәдени құзыреттілік - өз білімін жетілдіруге және пайда болған танымдық мәселелерді өзбетінше шешуге және өз көзқарасын анықтауға қажетті білімділіктің деңгейі; кәсіби шебер мұғалімнің құзыреттілігі – мұғалімнің педагогикалық қызметінде қалыптасуына, педагогикалық қарым – қатынас және белгілі бір құндылықты,

мұратты, педагогикалық сананы жеткізуші жеке тұлға ретіндегі қажетті білім, білік және дағды жиынтығын меңгеруі» деп анықтама береді [138].

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін ғалымдар кәсібиіліктің бір баспалдағы (Е.В. Андриенко [139], Ю.В. Варданян [140], В.И. Журавлев [141], Т.В. Новикова [142], Н.Ф. Талызина [143]); мұғалімнің педагогикалық қызметін жүзеге асыру үшін қажетті білім, білік, дағды және қабілеттіліктің, психологиялық сапалардың жүйесі (А.А. Вербицкий [144], А.К. Маркова); білім және мұғалімнің тұлғалық қасиеттерінің негізінде педагогикалық қызметті орындау формасы (Е.М. Павлютенков [145]) ретінде қарастырады.

Кәсіби құзыреттіліктің түрлі бағыттары ғалымдар еңбектерінде жан – жақты қарастырылған. Педагогикалық бағыттылықты қалыптастыру негізі – А.А. Орлов, И.Я. Фастовец, С.Т. Каргин; маңызды кәсіби сапаларды дамыту – Е.П. Белозерцов, И.А. Колесникова, А.Е. Кондратенков, Н.В. Кузьмина, И.Я. Лернер, Н.Д. Левитов, М.Н. Скаткин, В.А. Сластенин, Ш.Т. Таубаева; педагогикалық шығармашылық мәні – В.Н. Андреев, Ю.Н. Кулюткин, В.И. Загвязинский, М.М. Поташиник; педагогтың кәсіби қызметінің психологиялық негізі – Л.С. Выготский, В.В. Давыдов, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, Б.Т. Кенжебековтің т.б. еңбектерде ғылыми негізде тұжырымдалған. Сонымен қатар жекелеген пәндер бойынша біліктіліктерді қалыптастыруға А.Е. Әбілқасымованың, Б.Б. Баймұхановтың, М.Ә. Құдайқұловтың, Ж.А. Қараевтың, С.Е. Шәкілікованың, А. Нұғысованың және басқалардың еңбектерінде ерекше көңіл бөлінген.

И.Ф. Исаев, Л.И. Мищенко және т.б. педагогтік мамандықтың ерекшелігіне орай педагогтің кәсіби құзыреттілігі ұғымын оның педагогикалық қызметті жүзеге асыруға теориялық және практикалық жағынан дайындығы мен кәсіби шеберлігінің бірлігі ретінде түсіндіреді. Бұл жағдайда кәсіби құзыреттіліктің құрылымы неғұрлым жалпыдан жеке біліктілікке бағытталған педагогтік біліктілік арқылы анықталады [146].

Осындай көзқарасты кәсіби құзыреттілікке мұғалімнің алға қойылған педагогикалық міндеттерді тиімді шешудегі жеке мүмкіндіктері деп анықтама бере отырып, «Введение в педагогическую профессию» оқу құралының авторлары В.А. Мижериков және М.Н. Ермоленко да қолдайды. Бұл үшін мұғалімге педагогикалық теорияны жете білумен қатар оны практикада қолдана білу қажет, сондықтан педагогтік құзыреттілікті оның теориялық және практикалық даярлығының педагогтік қызметті жүзеге асырудағы бірлігі деп түсінуге болады [147].

Маманның кәсіби шеберлігін, мәдениетін жетілдірудің психологиялық – акмеологиялық негіздерін ашу барысында К.А. Абульханова кәсіби құзыреттілікті субъектінің күнделікті қызметтік міндетін орындауына кәсіби даярлығы және оның инновациялық – акмеологиялық мәдениетінің түйінді буыны дей келіп, құзыреттіліктің құрылымының компоненттері қажетті білім, білік, дағды; адамның жеке психологиялық ерекшеліктері болып табылады дейді [148].

Т.Г. Браже кәсіби шеберлік пен мұғалімдерді аттестаттауды зерттеуде кәсіби құзыреттілікті мұғалімнің білім, білігін, құндылық бағдарын және мәдениетінің интегративті көрсеткішін (сөйлеу мәдениеті, қарым – қатынас стилі, өзіне және өзінің қызметіне көзқарасы) қамтитын көп факторлы құбылыс ретінде қарастырады [149].

Педагог қызметінің кәсіби сапасы мәселелерін, оның шеберлігі мен профессионалдығын, мұғалімге қойылатын талаптарды зерттей келе, Н.В. Кузьминаның көзқарасы бойынша дифференциалдық-психологиялық құзыреттілік оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін, бағыттылығын анықтай білу, адамдардың эмоциялық жағдайын ажырата білуден; оқушылармен, әріптестермен, басшылармен сауатты қарым-қатынас орнатудан тұрады. Аутопсихологиялық құзыреттілік өзінің іс - әрекетінің, қызметінің деңгейін, қабілетін білу; өзін - өзі кәсіби жетілдірудің жолдарын, тәсілдерін білу; өзінің жұмысындағы, жеке басындағы кемшіліктердің себебін көре білу; өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу деп түсінеді [21,с. 49].

Н.Н.Коршунова болашақ маман құзыреттілігіне оның педагогикалық қарым – қатынас және белгілі бір құндылықтарды жеткізуші тұлға ретіндегі педагогикалық қызметінің қалыптасу дәрежесін, көрсететін кәсіби білім, білік және дағдылардың қажетті жиынтығын меңгеруі деп анықтама береді [150].

М.Н.Карапетова болашақ маман педагогикалық құзыреттілігін тұлғаның объектіге, құралдарға, педагогикалық еңбектің шарттарына және оқушының жеке басынан табылуға тиіс сапаларды қалыптастыру моделін жасауға деген сезімінен тұратын жеке сапалық қасиеттерінің жиынтығы ретінде қарастырады [151].

И.А. Колесникованың пікірінше, кәсіби педагогикалық құзыреттілік педагогтің беделі мен жетістіктерін және сол нақты тарихи кезеңдегі нормаларға, стандарттарға және талаптарға сәйкес педагогикалық міндеттерін орындау қабілеттілігін қамтитын кәсіби – тұлғалық сипаты болып табылады [152].

Л.М. Митина мұғалімнің кәсіби дамуының психологиялық факторларын, шарттары мен қозғаушы күштерін зерттей келіп, тұлғаның интегралдық сипаттарының қатарындағы кәсіби дамуының факторларының бірі ретінде мұғалімнің кәсіби бағыттылығын және педагогтік құзыреттілігін бөліп көрсетеді. Педагогтік құзыреттілікті Л.М. Митина психологиялық әдебиеттердегідей тек қызметтік контексте ғана емес, мұғалімнің бүкіл еңбегі, оның ішінде білім, білік, дағды, сонымен қатар оларды жүзеге асырудың жолдары, қарым – қатынас, тұлғаның дамуы, өзін - өзі дамытуы, бір сөзбен айтқанда, пәнді, оны оқытудың әдістемесі мен дидактикасының үйлесімді сәйкестігі ретінде кең түрде қарастырады [24,с. 118].

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің психологиялық тұжырымдамасын жасай отырып, А.К. Маркова мынадай анықтама береді: «кәсіби құзыреттілік - бұл мұғалімнің білім, білік және осы еңбекті жүзеге асыруға қажетті олардың нормативтік белгілерінен хабардарлығы; психологиялық сапаларды меңгеруі, нормаға және үлгіге сай нақты кәсіби қызмет» және оның мазмұнын екі

көрсеткішке – процессуалдық және нәтижелілікке бөледі. Процессуалдық көрсеткіш үш блоктан тұрады: педагогикалық қызмет, педагогикалық қарым – қатынас және мұғалімнің жеке бас тұлғасы – теориялық жағынан тепе – тең емес, практикалық жағынан жиі сәйкес келетін оның еңбегінің үш жағы. Нәтижелік көрсеткіш екі блокқа бөлінеді – оқу және оқыту, тәрбиелілік және тәрбиелену [22,с. 16].

Е.В. Набиева университет студенттерінің зерттеушілік қызметке дайындығын зерттей отырып, педагогикалық зерттеушілік құзыреттілікті үш функционалдық компоненттен (педагогикалық мониторинг, педагогикалық рефлексия және педагогикалық фасилитация) тұратын және зерттеушілікке деген ынта негізіндегі нақты білім, біліктердің жиынтығынан тұратын күрделі педагогикалық құбылыс деп есептейді [153].

Н.А. Разина мұғалімнің кәсіби – педагогикалық құзыреттілігінің білім беру стандартына сәйкес моделін жасай отырып, оны мұғалімнің мамандығын оқушылардың тұлғасын қалыптастырудың құралы, педагогикалық міндеттерді тиімді шешудегі біліктердің жиынтығы ретінде қабілетіне айналдыруды ұсынады және кәсіби құзыреттіліктің екі құрылымын: арнайы – педагогикалық, психологиялық – педагогикалық құзыреттіліктерді бөліп көрсетеді [154].

Е.Ю. Рубинштейн мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін білім беруді гуманитаризациялау жағдайында қарастыра келіп, төмендегіше анықтама береді: мұғалімнің кәсіби – педагогикалық құзыреттілігі – бұл жалпы және кәсіби білім, практикалық білік және мұғалімнің жеке сапаларының өзара байланысы [155].

Сондай-ақ, кәсіби құзыреттіліктің бір құрамдасы «шығармашылық» болып саналады. Осы орайда отандық ғалым А.С.Амирова өзінің зерттеулерінде: «шығармашылық іс-әрекет – алған білімдерін өздігінен толықтырып кеңейтетін, жоғары деңгейде ойлайтын, өзіндік идеясын жүзеге асыруда пікірі мен тұжырымын дәлелдей білетін, саналы түрде рефлексивті әрекетке түсе алатын, өзі үшін жаңа болып табылатын нәтижеге жете білу» деп анықтама береді [35,б. 140]. Автордың ұзақ жылдар еліміздің ғылымына шығармашылық тұрғысындағы қосқан үлесі зор. А.С.Амированың зерттеулері көбіне шығармашылық, рефлексивті әрекет, зерттеушілік, өзіндік идея, нәтижеге жетуге бағдарланатыны белгілі. Біз, бұл ретте өзіндік идея түсінігіне мән беріп, өзіндік жұмыстар негізінде магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұнын талдауда қарастыратын боламыз.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында «базалық құзырет» ұғымы қолданылып келеді [156]. Бұл құзыреттіліктер - өмірдегі мәселелер мен жағдайларды шешуде іс - әрекеттің сапалы, табысты өтуін қамтамасыз ететін жеке тәжірибеге енген білім, білік, дағды, қабілеттің жинағы немесе әмбебап жүйесі. Сондықтан осы тұрғыда жоғары кәсіби білім беру базалық құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Құзырет білім, білік, шығармашылық әрекеттің қорытындысына сүйеніп, төмендегідей негізгі белгілерімен ерекшеленеді:

1. Көп функциялы – күнделікті, кәсіби және әлеуметтік өмірде кездескен кез келген жағдайдан шыға алады және кезкелген мақсатты және міндетті шеше алады.

2. Метапәнділік және пән аралық – бұл түрлі жағдайда қолданылады.

3. Интеллектуалдық дамуды, яғни абстракциялық ойлауды, рефлексия, өзінің жеке позициясын анықтай алуды, өзін - өзі бағалауды, сын тұрғысынан ойлауды талап етеді (кесте 2) [156,с. 17].

Кесте 2 – «Құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарының контент талдауы

Ғалымдардың аты-жөні	Тұжырымдары	Негізгі ойлар
1	2	3
М.Х.Балтабаев	Әмбебап және прагматикалық ұғым, өзіне жүйелі талдау, ортаның инновациялық өзгерістерге психологиялық және зияткерлік ашықтықты кіріктіретін қабілет.	Қабілет
Б.Т.Кенжебеков	Шеберлік пен мәдениеттің жоғарғы деңгейі, іс-әрекетті ұйымдастыруға шығармашылық амалды қолдану, өз-өзін дамытуға үнемі дайындық.	Шеберлік пен мәдениет
Б.С.Гершунский	Ол келесі педагогикалық ізденіс, таңдалған бағытты түзете отырып, оқытудың нақты жобаларын жасау кеңістігін кеңейтуге мүмкіндік беру керек.	Педагогикалық ізденіс
Ю.В.Громыко	Біреудің игеруге ұсынған «дайын білімі» игерілмейді, осы білімнің пайда болу жағдайы айқындалады.	Білімнің пайда болуы
Б.Д. Эльконин	«Қосылу жағдайларын» жасап, алдын ала ойластыру керек.	Қосылу жағдайлары
В.А.Болотов В.В. Сериков	Бірінші орынға оқушының ақпаратқа ие болуын емес, әр түрлі жағдайдағы мәселелерді шеше алу білігін қояды.	Білік
Ю.Г.Татур	Бұл оның жемісті шығармашылық іс-әрекеті үшін іс жүзінде өз әлеуетін (білім, білік, тәжірибе, жеке қасиеттері) жүзеге асыру ынтасы мен қабілеті (даярлығы).	Ынта мен қабілет
А.А.Вербицкий	Ол оқушылардың біртұтас танымдық іс-әрекетінде пәндік-технологиялықпен қоса, әлеуметтік-адамгершілік құрамдас бөліктерінің дамуына бағытталуы керек.	Адамгершілік
Г.Чанышева	Күрделі байланыс дағдылары мен біліктеріне ие болу, жаңа әлеуметтік құрылымдарға сай біліктерді қалыптастыру.	Біліктер
Э.Зеер	Жинақталған, әмбебап білімге қарағанда әрекеттік, тәжірибеге бағытталған сипатқа ие.	Тәжірибе
З.Сазонова	Аумақты ақпараттық өрісте сауатты жұмыс істей алу.	Сауаттылық
О.Волкова	Жылдам өзгеретін ақпараттық өрісте кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыру қабілеті.	Қабілет
Т.В.Поштарева	Адамның білім мен тәжірибеге негізделген өзара түсіністікке және өзара әрекеттестікке дайындығы.	Дайындық

2 – кестенің жалғасы

1	2	3
А.Дорофеев	Іс-әрекетке когнитивті дайындық пен саналы оң қатынас.	Қатынас
М.Носков	Жаңа бәсекеге қабілетті өнім жасау барысында білім мен білікті іс жүзінде қолдана алу қасиеті.	Қасиет
О.Ларионова	Нұсқалық, өзара байланыс, интегративтілік, әлеуметтік және жеке тұлғалық мәні бар қасиеттерге ие.	Қасиет
А.Фатыхова	Оның санасында білімнің, өзін өзі тану мен жеке тұлғалық сипаттарын танудың көрініс табуы, осы білімдердің ерекше түрде құрылысын жасай алу қабілеті.	Қабілет

2-кестеден байқап отырғанымыздай, құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік ұғымдарының контент талдауы көбінесе қабілеттілік, қасиеттер жиыны, білім, білік және дағды, сауаттылық, қатынас, шеберлік және т.б атрибуттарды береді. Осы орайда Б.Т. Кенжебеков кәсіби құзыреттілік ұғымына мынадай анықтама береді: кәсіби құзыреттілік – бұл кіріктірілген іргелі білімдер, адамның қабілеттері мен жинақталған біліктіліктерінің, оның кәсіби маңызды сапаларының, технологияны жоғары деңгейде меңгеруінің, мәдениеті мен шеберлігінің, ұйымдастырудағы шығармашылық әрекетінің, өзін - өзі дамытуға дайындығының бірігуі [37,б. 41].

Г.Ж. Меңлібекова болашақ мұғалімнің әлеуметтік құзыреттілігінің қалыптасуына үлкен мән береді. Оның пікірінше, әлеуметтік құзыреттілік-адамның әлеуметтік шындықты құндылық ретінде түсінуінің, әрекетті басқарудағы нақты әлеуметтік білімінің, өзін анықтаудағы субъективтік қабілетінің, әлеуметтік технологияны жүзеге асыру біліктілігінің бірігуі ретіндегі кіріктірілген сапалық қасиеттері [39,б. 49].

С.И. Ферхо мұғалімдердің электрондық оқу басылымдарды пайдаланудағы кәсіби құзыреттілігін зерттей келе, оны тұлғаның когнитивтік, тәртіптік және мотивациялық дамуының бірлігі арқылы көрінетін күрделі тұлғалық білім деп сипаттайды [157].

М.В. Семёнова «кәсіби құзыреттілік» ұғымын кәсіби қызметтің субъектісі ретіндегі болашақ педагог тұлғасының гностикалық, әрекеттік, тұлғалық, коммуникативтік, шығармашылық және рефлексивтік компоненттерде көрінетін сапаларының сипаты деп түсінеді. Ол «құзыреттілік» ұғымына берілген анықтамалардың дефинициясын жасаған [158].

Магистрлік дайындық барысында екпін басқаша қойылады, өйткені оны енгізу жоғары білімнің басқа маңызды мақсатына жетуді қамтамасыз етуге арналған. И. Е. Куров пен Т. В. Тальникованың пікірінше, мұндай мақсат «терең пәндік білімі бар, кәсіби қызметті ұйымдастыруда ғылыми негізделген зерттеу тәсілін жүзеге асыра алатын жоғары білікті шығармашылық маман дайындау» болып табылады [159].

Магистратура ғылыми кадрларды даярлаудың көп деңгейлі жүйесінің екінші кезеңі болып табылады, сондықтан магистрлік даярлықтың тұжырымдамалық негізі мен мақсаттары білім беру процесінің кезеңдерінің сабақтастығы арқылы білім беру бағдарламаларының өзара енуі туралы идеяларға негізделеді.

Магистратура тек мамандарды ғана емес, сонымен қатар жалпы және кәсіби дайындық деңгейі үнемі өзгеріп отыратын қоғамның талаптарына сәйкес келуі керек болашақ ғалымдарды даярлаудың негізі болып табылатындығын ескеру қажет.

Магистратураны енгізу ғылыми білім беруді неғұрлым толық әртараптандыруға, түлектерді аспирантура мен докторантурада өздігінен білім алуға және ғылыми қызметке даярлаудың вариативтілігін кеңейтуге, ғылыми-қолданбалы зерттеулерді жүзеге асыруға, кәсіби саладағы ғылыми-практикалық жобаларға жедел енгізуге мүмкіндік береді.

Магистрлік даярлықтың зерттеу бағыты білім беру мазмұнына, оқу процесін ұйымдастыру нысандарына, магистранттардың ғылыми қызметіне өз ізін қалдырады. Магистранттарды ғылыми-зерттеу және өздігінен білім беру қызметіне жан-жақты даярлаудағы кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың мазмұны:

- ғылыми жұмысты орындау және өзін-өзі тәрбиелеу әдістері, әдістері мен процедураларын игеру;
- ғылыми және кәсіби ұйымдастыру дағдыларын игерудегі еңбек;
- ғылыми ақпарат массивімен жұмыс істеу әдістері мен процедураларын зерттеу және игеру;
- ғылыми-зерттеу қызметінде қолданылатын компьютерлік және басқа да техникалық құралдарды меңгеру;
- ғылыми-зерттеу практикасынан өту кезінде ғылыми - зерттеу жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру тәжірибесін жинақтау;
- ғылыми-өндірістік практикадан өту кезінде кәсіби қызметті жоспарлау және жүзеге асыру тәжірибесін жинақтау;
- ғылыми жұмыстарды, оқу құралдарын, оқу және әдістемелік құралдарды жариялауға дайындық тәжірибесін алу;
- оқу процесіне енгізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау;
- оқу процесін толықтыратын ғылыми конференцияларға, семинарларға, конкурстар мен көрмелерге қатысу;
- ғылыми ұжымдарда ғылыми-зерттеу жұмыстарын оқу үдерісімен қатар, оның ішінде ақылы негізде орындауға қатысуды қамтиды [160].

Магистрлік білім беру бағдарламасының ғылыми-зерттеу бөлігі өзі таңдаған ғылыми білім саласының мамандарын даярлауды көздейді.

Жоғары кәсіби білім беру үшін мамандар даярлау шеңберінде магистратураны енгізудің міндеті ақпаратты іздестіруді және өңдеуді жүзеге асыруға, ғылыми нәтижелерді кәсіби түсіндіруге және оларды белгілі бір ережелер бойынша қоғамға таратуға дайын жоғары білікті мамандарды даярлау болады.

Педагогикалық, психологиялық еңбектерді талдаулар: **«кәсіби құзыреттілік»** - *адамның өзіндік даму қабілеттерінің кешені», ал «магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру – ғылыми-педагогикалық әрекеттер арқылы жүзеге асырылатын көп функциялы үдеріс»* деп анықтама берілді.

1.3 Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары

Диалектикалық ойлаудың түпкі көрінісі саналатын және кең көлемде түсіндірілетін **әдіснама**, бұл сөздің мағынасы туралы ілім, сөздің логикалық құрылымына, әдістер, әдістемелік қызмет құралдары және бұған қай тұрғыдан (тұғырдан) келуде әдіснаманы терең түсіну аса қажет. Педагогикалық және психологиялық білім саласында әдіснаманың даму үдерістерін қарастыруда зерттеуші ғалымдар маңызды мәселе ретінде алдыңғы орынға ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесін қояды. Осы ретте магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда қызмет атқаратын әдіснамалық тұғырлардың құрылымы мына төмендегідей мазмұнда сипатталады: түрлік белгісіне қарай – *символикалық*; айтылу формасына қарай – *логикалық*, зерттеу пәні – *психологиялық-педагогикалық*; табиғатына қарай – *әлеуметтік*; қолдану тәсіліне қарай – *функциялылық*, іске асыру реттілігіне қарай – *жүйелік* [161]. Біздің зерттеуіміздегі символикалық – жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттарды даярлау бола алады; айтылу формасы зерттеудің логикалылығы мен логикалық байланысы, ал зерттеу пәніне магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдарын жүйелеу, табиғатына қарай түзілген не жүйеленген әдіснамалық тұғырлардың, ұстанымдардың оқытудағы рөлі, қолданылуы бойынша түзілген әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардың атқаратын функциялары, қызметі жайында айтылады.

Соңғы жылдары педагогикалық және психологиялық, әлеуметтік зерттеулерде әдіснамалық көзқарас, әдіснамалық талдаулар, әдіснамалық жүйенің жасалуы маңызды екені белгілі. Бұл ретте әдіснамалық тұғырлар немесе тәсілдер деп те қолданылады, сондай-ақ зерттеу жұмысының әдіснамалық негіздерін құрайтын тұғыр және ұстаным түсініктері терең талдауларға ие болып келеді. Осы орайда біршама ғалымдар әдіснамалық түсініктерді маңызды деп анықтай келе, өз тұжырымдарын жүйелеп береді.

Ш.Т.Таубаеваның еңбектерінде: «әдіснамалық тұғыр» деген ұғым (сөз тіркесі) талданып, «...тұғыр – бұл ғылыми-педагогикалық қызметтің қандай да бір үдерісінің элементі, жеке әрекеті. Егер «әдіс» ұғымы ғылыми-педагогикалық әрекет тәсілдерінің жиынтығын білдірсе, «әдіснамалық тұғыр» ұғымы аталмыш тәсілдің зерттеушінің ғылыми-педагогикалық әрекетінің бүкіл кезеңінде пайдаланылатынын білдіреді. Зерттеу тәсілдерінің жиынтығы, олардың қолдану дәйектілігі мен логикасы педагогикалық зерттеуді жүргізу технологиясын анықтайды» деп түсіндіріледі [162]. Ш.Т.Таубаеваның әдіснамалық пайымдауларын негізге ала отырып, магистранттардың өзіндік

жұмыстары негізіндегі кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда жетекшілік ету мәніне ие, түзілген әдіснамалық тұғырлардың көп функциялылығына және тұғырлардың зерттеулер жүргізудегі эвристикалық құндылықтарын қамтамасыздандырушы, сонымен қатар магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда өзгермелі құбылыстарды, үдерістерді зерделеп қарау, базалық ұғымдар мен түсініктердің мазмұнын сипаттауда жаңа теорияны ойлап табу, ескіден жаңаны табу, «*өзіндік жұмыс*», «*магистранттардың өзіндік жұмысы*», «*кәсібилік*», «*магистранттардың кәсіби құзыреттілігі*» және т.б. басты категориялардың сипатына сүйену педагогикалық ғылым мен практиканы тұтасымен дамытуды жан-жақты қарауға және зерттеуге үлкен мүмкіндіктерді ашады [162,р. 59]. Сонымен қатар әдіснамашы ғалым Ш.Т.Таубаева өзінің әдіснама тұрғысындағы көлемді зерттеулерінде: «...философия ғылымы ғылыми әдіснамамен толығып отырады. **Диалектикалық әдіснама** (қысқаша, диалектика) күрделі кешенді білім беру және ол келесілерді қамтиды дей келе, *ең алдымен*, дамудың, жеке өз алдына табиғатпен, адаммен өзара бірлікте дамудың объективті шындық бейнесін көрсетеді; *екіншіден*, адамның ойлау және тануының субъективті шынайылығының философиялық бөлімі ретінде көрсетіледі; *үшіншіден*, адам мен табиғаттың, адам мен қоғамның объективті-субъективті, материалды-рухани, практикалық өзара қарым-қатынасының ақиқатын бейнелейді» деген қорытындыға келеді [162,р. 147]. Бұл ретте автордың пікірімен келісе отырып, магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұнын нақтылауға негіз болатын ғылыми тіркестер, яғни магистранттарда *диалектикалық ойлаудың болуы*, диалектикалық әдіснаманың байланысында әдістердің жіктемесін түсіне отырып, *әдістеме дайындап ұсынуы*, ғылыми-зерттеушілік бағыттағы *объективті және субъективті идеялардың генерациялануы*, *ғылыми-педагогикалық әрі кәсіби біліктіліктің болуы*, көпдеңгейлік *практикалық іскерліктердің өзіндік жұмыстарда жоғары деңгейде көрініс табуы* алға шығарылады.

Н.В. Кузьминаның зерттеулерінде: «әдіснама» ұғымына мазмұны жағынан «*ұстаным*» ұғымы өте жақын келетіндігі көрсетілген. Автордың пікірінше, «ұстаным (принцип, лат.principium – басы) – бұл педагогикалық білім алу және жүйесін құру негізіндегі, сондай-ақ, танымдық және қайта құру әрекеттері немесе басқа педагогикалық объекті негізіндегі неғұрлым жалпы, маңызды әрекет туралы бастапқы ережелер» деп тұжырымдалады [21,с. 18]. Н.В.Кузьминаның пайымдауларына қарасақ, педагогикалық ұстанымдардың әдіснамалық рөлі магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы педагогикалық болмысты тану және қайта құру үдерісін бағыттаушы, яғни педагогикалық әрекетте креативтілігін ұсынушы және зерттеуші фактілер, ұғымдар, заңдар және теориялардың арасындағы тұтастық байланысын қамтамасыз ететін ғылыми танымның ерекше үлгісін беруші деп тануға болады.

Сонымен, «*тұғыр*» және «*ұстаным*» ұғымдарының маңызын келесідей айтуға болады:

- «**тұғыр**» ұғымы педагогикада ғылымның пайдаланатын нақтылы тәсілі, элементі ретінде қолданылады, яғни магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы өзіндік жұмыстарды оқу-тәрбие үдерісін дамыту көзі ретінде ұсынып, педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда құбылыстардағы қажеттілік пен кездейсоқтықтың арақатынасын айқындап береді;

- «**ұстаным**» – педагогикалық теорияны құру немесе іске асырудың негізіндегі идея болып табылады. Әдіснамалық ұстанымдар, бұл – жаңа педагогикалық және әдістемелік білімдерді игеру, педагогикалық тәжірибелерді қайта құру жобасын әзірлеу үдерісінде жалпы гносеологиялық бағдар беретін, басшылыққа алынатын ережелер [163].

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы негізге алынатын әдіснамалық ұстанымдар: *теория мен практиканың бірлігі ұстанымы, тұтастық және ғылымылық, таным және белсенділік ұстанымдары және басшылыққа алынатын әдіснамалық жүйелік-мазмұндық, тұлғалық, құзыреттілік, синергетикалық мен акмеологиялық тұғырлардың функцияларын*, ондағы негізгі идеяларды талдауды ұсынамыз.

Осы түзілген әдіснамалық тұғырлардың ішінен жүйелік-мазмұндық тұғыр жетекші болып табылады, басқа да іріктелген атқарушы функциялары бар әдіснамалық тұғырлар аталмыш тұғырға тәуелді екені белгілі. Себебі, жүйелік-мазмұндық тұғыр магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды жүзеге асырудың үдерістік жүйесін сипаттайды.

Жүйелік-мазмұндық тұғыр (Н.В. Кузьмина [21,с. 19], А.П. Ковалев [164], Я. Скалкова [165], С.И. Архангельский [166], В.П.Беспалько [167], Н.В.Бордовская [168], Т.Г. Галиев [169], М.А. Данилов [170], Н.Д.Хмель [29,с. 33] және т.б.) танымдық әрекеттегі ең әмбебап құрал. Олай болатын себебі, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жүйе ретінде қарастырылады.

«Жүйе» ұғымы С.Ожеговтің сөздігінде: «жүйе» санатына бағытталған категорияның көптеген анықтамасы бар. «Жүйе (грек тілінен. - бөлшектерден тұратын тұтас, байланыс) - бір нәрсе табиғи түрде орналасқан және өзара байланыста болатын бөліктердің бірлігін білдіретін тұтас». Жүйе – бұл оны құрайтын компоненттерде жоқ жаңа сапалық сипаттамаларға ие біртұтас білім [121,б. 45].

Педагогикалық көзқараста жүйе ұғымы қазіргі ғылымда, техникада және практикалық қызметте маңызды рөл атқарады. Олай дейтініміз, біртұтас білім берудің әртүрлі аспектілерін сипаттайды, өйткені жүйенің құрылымы, құрамы, дамыту әдістері, даму формасы болады.

Зерттеулерде жүйенің барлық элементтерінің біртұтас бірлігі айқын байқалуы бар. Жалпылама алғанда, жүйе мен оның негізгі компоненттері, яғни *жүйеге кіру, жүйенің мазмұны (жағдай туғызу), жүйеден шығу секілді* өзіндік функционалдық маңызы бар түсініктерден тұрады. Жүйенің ең басты ерекшелігі, жүйені құруда жоспарланатын немесе жоспарланған нәтижеге жету

жолында қажетті серіктестерімен бірігіп жұмыс жасамай қалмайтын бірде-бір элементтің болмауында. Бұл ретте барлық элементтің бірігіп нәтиже беруі жүйенің мақсатын негіздеп береді. Жүйенің базистік категориясы білім беру үдерісіне негізделген білім беру материалдарын реттеуді, нақты белгіленген нысандарының дұрыс таңдалуы, іріктелуі, түзілуі және оқыту әдістері мен құралдарын, оларды ұйымдастыру жолдары мен мүмкіндіктерін айқындайтын педагогикалық үдерістің негізгі компоненттерінің жиынтығы деп сипатталады [171].

XX ғасырда көптеген зерттеушілер біріктірген ауқымды жүйелік қозғалыс ретінде танып, біртұтас әдістемелік негіздер арқылы жекелеген ғылыми пәндерді біріктіретін жүйелердің жалпыға ортақ теориясының (дәлірек айтсақ, метатеорияның) қаншалықты мүмкін екендігі туралы қарастыруға мүмкіндік берді. Философиялық ойшылдардың білім мен шындықты сәйкестендіруді немесе ажыратуды түсіндіру объективі арқылы жүйеліліктің қалыптасу кезеңдерін ажырамас бөлік ретінде қарастыруға болады дей келе, ғылыми тұрғыданғана емес, философиялық және жалпы, мүмкін кез-келген ұтымды білім әлемді өзгертуге қауқарлы деп санады. Жүйелік теорияның өкілдерінің бірі Л. Фон Берталанфи XX ғасырдың жүйелік қозғалысы арқылы қарама-қайшылықтарды бір нүктенің бойымен жеңіп шығуды, әдіснама мен метатеорияның ілімдерін ажыратады.

Философияның цифрлық энциклопедиясында: «жүйе (грек тілінен аударғанда *біріктірілген бөліктерден тұрады*) - өзара қарым-қатынаста және байланыста болатын және белгілі бір тұтастықты, бірлікті құрайтын заттардың жиынтығы» деп айтылады. «Жүйе» ұғымы қазіргі заманда маңызды рөл атқарады, философия, ғылым, техника және практикалық қызметтерді түзудегі маңыздылардың бірі. XX ғасырдың ортасынан бастап, жүйелілік тұғыр және жүйелердің жалпы теориясы саласында қарқынды әзірлемелер жүргізіліп жатқанын байқауға болады. Энциклопедиялық талдауда «жүйе» ұғымының ұзақ тарихы бар екіндігі, ежелгі дәуірде бүтіндігі оның бөліктерінің қосындысынан үлкен деген тезис тұжырымдалған [172].

Орта ғасырларда «**жүйе**» ұғымы «*сумма*», «*тәртіп*», «*доктрина*» ұғымдарымен қатар, сондай-ақ «*синтагма*» ежелгі категориясымен бірге қолданылды. Анығы, бұл дәуірде телеологиялық фокус сақталады және тіпті күшейеді, бірақ қабылдайды Бұл пікір адамзат тарихын мағынасы мен мақсаты ретінде қарастырып, сөзсіз деградация ретінде ғана емес (Гераклит, Эмпедокл), бүкіл әлемдегі циклдік шексіз қозғалыс пен қайталанудың бөлігі екендігінің дәлелі.

Психология ғылымында жүйелік тұғырдың пайда болуын өздерінің ғылыми теорияларында Т. Парсонс, Н. Луман бұл туралы білім берудің жүйелік байланыстарда болуын, яғни біріншісі – жеке тұлға өз іс-әрекеттерімен, екіншісі – ми негізгі операциялар ретінде атап көрсетті. Олардың теориялық тұжырымына қатысты компоненттер жүйесі бүтін бір әлеуметтік жүйеде болу қажеттігі бар келесі функциялар: **бейімделу**, яғни қоршаған ортаға бейімделу мүмкіндігі; **алға мақсат қою**, осы мақсаттарға жету мүмкіндігінде жүйе болуы

керек; бейімделу функциясымен байланысты **жүйенің болуы; интеграция** – бұл жүйенің мақсатына жету үшін әртүрлі ойларды, білімді **жүйелі кіріктіру**. Бұл ретте бүтінді ішкі жүйелерге, компоненттер мен элементтерге бөлу, келесі үдерісінде жүзеге асырудың жүйедегі интеграциясы жүреді [173].

Жүйелік-мазмұндық тұғыр – бұл кез-келген жүйе (объект) шығысы (мақсаты), кірісі (ресурстары), сыртқы ортамен байланысы, кері байланысы мен өзара байланысты элементтер (компоненттер) жиынтығы ретінде қарастырылатын тұғыр. Бұл ең күрделі тұғыр, олай деуге негіз бар. Алпауыт деп саналатын, ұйымдастыруға не жүзеге асыруға қиын деген жағдайлардың барлығының дұрыс шешімін табу жүйелік-мазмұндық тұғырмен байланысты екені белгілі.

Жүйелік-мазмұндық тұғыр – табиғатта, қоғамда, ойлауда болатын үдерістерді зерттеуге таным мен диалектика теориясын қолдану формасы. Оның мәні жүйелердің жалпы теориясының талаптарын жүзеге асырудан тұрады, оған сәйкес зерттеуде әрбір объект үлкен және күрделі жүйе ретінде және сонымен бірге жалпы жүйенің элементі ретінде қарастырылуы керек.

Магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда жүйелік-мазмұндық тұғырдың жалпы мазмұны мен құрылымдық сипатын келесі аспектілері зерттеу және практикалық қолдану міндеттерін шешуді қамтиды:

- жүйені құрайтын элементтерді анықтаудан тұратын **жүйелік-элементтік** немесе **жүйелік-кешенді**. Барлық әлеуметтік жүйелерде нақты компоненттерді, үдерістерді (экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани және т. б.) және идеяларды, магистранттар мен олардың ғылыми зерттеудегі қауымдастықтарының ғылыми-саналы мүдделерін табуға болады. Бұл дегеніміз, өзіндік жұмыстар негізінде магистранттардың қауымдастықтағы серіктестері – ғылыми жетекші, оқытушы және зерттеуші ғалымдардың кеңесі т.б.;

- жүйенің элементтері арасындағы *ішкі байланыстар* мен тәуелділіктерді анықтаудан тұратын және *зерттелетін жүйенің ішкі ұйымы (құрылымы)* туралы түсінік алуға мүмкіндік беретін **жүйелік-құрылымдық**, осы тұста

- орындалуы үшін тиісті жүйелер құрылған және бар функцияларды анықтауды көздейтін **жүйелік-функционалдық**;

- жүйенің мақсаттары мен ішкі мақсаттарын, олардың өзара байланысын ғылыми анықтау қажеттілігін білдіретін **жүйелік-мақсатты**;


- жүйенің жұмыс істеуі үшін, жүйенің белгілі бір мәселені шешуі үшін қажетті ресурстарды мұқият анықтаудан тұратын **жүйелік-ресурстық**;

- жүйенің тұтастығы мен ерекшелігін қамтамасыз ететін сапалық қасиеттерінің жиынтығын анықтаудан тұратын **жүйелік-интеграциялық**;

- **жүйелік-коммуникациялық**, бұл жүйенің басқалармен сыртқы байланыстарын, яғни оның қоршаған ортамен байланысын анықтау қажеттілігін білдіреді;

- зерттелетін жүйенің пайда болу уақытындағы жағдайларды, оның кезеңдерін, қазіргі жағдайын, сондай-ақ мүмкін болатын даму перспективаларын анықтауға мүмкіндік беретін **жүйелік-тарихи** [174].

Сондай-ақ мұнда *жүйеге кіруші* – бакалавр маманы; *жүйеге кіруде мазмұндық тұрғыдан* негізге алынуы, білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы өзіндік жұмыстарды орындауда педагогикалық үдерісті ұйымдастыру, берілетін білім мазмұнын терең талдау (педагог-психолог тарапынан); *жүйеден шығушы* – магистранттарда кәсібилік, шығармашылық, ғылыми-педагогикалық бейнелердің, түсініктердің терең қалыптасуы. Бұдан шығатын қорытынды, магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы жүйелік-мазмұндық тұғыр таза педагогикалық үдеріс болып табылады. Сонымен жүйелік-мазмұндық тұғыр білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы педагогикалық құбылыстарды, олардың өзара байланысы түрінде қарастыруға бағдарлайтыны айтылады. Алайда жүйелік-мазмұндық тұғырдың функциялары тұлғалық тұрғыдан негізделуі қажет. Бұл ретте тұлғаның өзіндік әрекеті басты рөлде болады (сурет 4).



Сурет 4 - Жүйелік-мазмұндық тұғыр негізінде магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың үдерістік сипаты

Сондықтан келесі тұлғалық тұғыр туралы талдап өтеміз.

Тұлғалық тұғыр. Кәсіби қабілеттер дамуының іс-әрекеттік жағдайын, жалпы қабілеттер мен кәсіптік маңызды сапаларды, кәсіби іс-әрекет барысындағы тұлғаның өзгерісін зерттейді. Тұлғалық тұғыр ұғымы психология ғылымына 1920-1930 жылдары енгізілгені белгілі. Жалпы іс-әрекет әдіснамасының философиялық деңгейінде, материалистік диалектика тұрғысынан жеке тұлға дамуының негізі, құралы мен шешу шарты болып саналады.

И.А.Зимняя, М.Б.Челышкова талдауларында тұлғалық тұғырды:

- адам мінез-құлқының қызмет арқылы тұлғалық қасиеттерін көрсетуге дайындығы;

- тұлғаға бағытталу және педагогикалық үдерісте жаңадан түзілу механизмін түсінуші (жасай алу, ерік-жігер);
- білім алуудағы эмоционалдық ерік арқылы реттеу қабілеті деп жіктеп көрсетеді [175].

Ғалымдардың талдауларына сүйене отырып, магистранттардың ақыл-ой жұмыстарын жүргізгенде эмоционалды тұрақты мінез көрсетуі, осы арқылы өзінің қарым-қабілетін, әлеуетін жетілдіретін педагогикалық үрдістің мүшесі болады.

И.Канттың теорияларында: «адам әрекетінің түпкі қағидасы категориялық императив болуы тиіс» - деп есептеп, іс-әрекеттің тұлғаға әсері ерекше екендігін атап көрсеткен [176]. Өзіндік жұмыстар негізінде тұлғаның дамуы және оның қоғамда түрлі рөлді атқаруы жүзеге асады. Тек іс-әрекетте ғана индивид тұлға ретінде орнығады, онсыз «өзіндік зат» болып қалады. И.Фихте [177], Г.Гегель [178], М.Я. Басовтың [179] теориялары бойынша, тұлғалық тұғыры заттық әрекет категориясының негізінде психиканы зерттеу қағидасы болып табылады. А.Н.Леонтьевтің [180] теориясында шыққан нәтиже индивид әрекетіндегі психологиялық бейненің құрылымы мен қызметі тұрғысынан түсіндіріледі. Тұлғалық тұғыр психологтар Л.С. Выготский [181], Р.А. Фатхутдинов [182], С.Л.Рубинштейн [183], Б.Г. Ананьевтердің [184] еңбектерінен айқын көрініс тапты. Авторлар тұлғаны іс-әрекеттің субъектісі деп танып, ол өзге адамдармен қарым-қатынас әрекетінде қалыптасады деп тұжырым жасайды. Магистранттарды кәсіби даярлаудағы тұлғалық тұғыр кәсіби құзыретті және өзін-өзі жүзеге асырушы тұлғаның ішкі резервтерін белсендіру арқылы, үйлесімді және әлеуметтік белсенді тұлғаны дамытудың шарттарын құруға бағытталған.

В.Д. Шадриков аталған тұғыр аясында іс-әрекет түрткісін; іс-әрекет мақсатын; іс-әрекет бағдарламасын; іс-әрекеттің ақпараттық негізін; шешім қабылдауды; маңызды сапалар іс-әрекетінің жүйесін бөліп көрсетеді [185]. Іс-әрекет тұғыры педагогикалық құбылысқа әрекеттің бүкіл компоненттерінің тұтастығы позициясымен, яғни мақсаты, мотиві, әрекеті, операциясы, ретке келтіру жолы, жөндеу, жеткен нәтижені бақылау және талдауға мүмкіндік береді. Тұлғалық тұғырдың атқаратын қызметі білім алушыларда тұлғалық әрекеттердің кең қорын талап етеді де білім алушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына мүмкіндік ашады. Осы орайда құзыреттілік тұғырдың маңызы жоғары.

Құзыреттілік тұғыр. Құзыреттілік тұғыр педагог маманның құзырлылығын қалыптастыруды көздейтін және біздің зерттеу аямызда магистратураның білім беру ортасында мамандар даярлау сапасын анықтау тұрғысында базалық болып саналады. Білім беру саласындағы «құзыреттілік» түсінігі 1960-1970 жылдардағы шетел әдебиетінде, ал 1980 жылдардың соңындағы отандық әдебиеттерде кездесті.

Қойылған міндеттерді жүзеге асырудың мақсатының негізі құзыреттілік тұғыр болып табылатыны жаңа білім беру парадигмасына көшуді талап етті. А.Т. Чакликова «Құзыреттілік тұғырдың таңдалуы кездейсоқтық емес, – деген

пікірін білдіреді, оның басқа да ғылыми тұғырлармен салыстырғанда бірқатар басымдылықтары бар, ол субъектіге сапалы білімді интериоризациялауға мүмкіндік береді, үздіксіз, өз бетінше білім алуға нұсқау берумен (басшылық жасаумен), өзіндік жүйелі және мақсатқа бағытталған (мақсатты көздейтін) құзыретті субъект қалыптастыруға мүмкіндік береді» [186].

Құзыреттілік тұғыр білім алушылардың ақпаратты ізденуге, талдауға, сараптауға, сұрыптауға, өңдеу мен оны таратуға, дамытуға, рефлексия жасауға және өз іс-әрекетін өзіндік бағалауға деген қабілеттерін болжайды.

Құзыреттілік тұғыр оқу мақсаты мен білім, білік, дағдыларды тәрбиелеуді шектеуші, білімге бағдарланған тұлғаға балама таңдау ретінде қарастырылады. Құзыреттердің білім, білік пен дағдылардан айырмашылығы – түлектерді дайындау сапасына талап қоятын білім беру нәтижесін анықтау болып табылады [187].

Магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды зерттеуде аталмыш тұғырдың басшылыққа алынуы құзыретті болудың тікелей әрекетпен байланыстылығында. Ал адам әрекеті оның белсенділігінің көрінісі. Жоғарыдан кейінгі деңгейде білім алушы ересек адам әлеуметтік тәжірибені қолдану негізінде әртүрлі салалар мен қызмет түрлеріндегі мәселелерді өз бетінше шешу қабілетін дамытуы тиіс. Бұл жолда ол танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық, адамгершілік және басқа да мәселелерді дербес шешуде белсенді әрекет етеді. Бұл құзыреттілік тұғырын басшылыққа алудың негіздемесі деп санаймыз.

Синергетикалық тұғыр. Жаңа заманауи әдіснамалық тәсілдердің ішінде бірқатар зерттеушілер зерттеулер тұғыры ретінде синергетикалық тәсілді де атайды. Синергетика (грек тілінен. «син» - «со», «бірге» және «эргос» - «әрекет») немесе бірлескен әрекет. Штутгарт университетінің профессоры Герман Хакен жасаған пәнаралық бағыт болып табылады [188].

Синергетиканы анықтаудың белгілі нұсқалары жүйенің сызықтық емес, үйлесімділік, ашықтық сияқты қасиеттеріне негізделген, олар әр түрлі жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыруы үшін қажет. Синергетикалық тұғыр білім беру қызметін көбінесе өзін-өзі ұйымдастыратын, тікелей себеп-салдарлық тәуелділіктерге негізделмеген үрдіс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, бірақ көптеген ішкі және сыртқы әсерлерден туындаған екі жақты тұрақты және кездейсоқ; болжамды және стихиялық; реттелген және хаотикалық болуы мүмкін үрдіс. Мысалы магистранттардың білімдік және ғылыми әрекеттері өзара: оқытушылар, ғалымдар қауымдастығы сияқты ортада ұйымдастырылып, бірлескен әрекетте зерттеушіні субъектілік деңгейге көтеру мүмкіндігі бар.

Андрагогикалық тұғыр. Андрагогика – (латын тілінен аударғанда, «aner» - жынысы, «andros» – ересек адам немесе еркек, «agoge» – тәрбиелеу, жетектеу деген мағыналарды білдіреді) андрагогикалық тұғырдың тірек ұғымы [189]. Ересектерге білім беруді өзектендіру білім беру парадигмаларының ауысуының түйіскен жерінде жүреді. Ересектерге білім беру алдында тұрған міндеттерді іске асыру тұтастыққа, жүйелілікке, субъект-субъектілік өзара әрекеттесуге, синергетикалық әдіснамаға бағытталған андрагогиялық тәсілді қолдану

негізінде мүмкін болады. Жаңа, гуманистік білім беру парадигмасының өзіндік құндылықтары мен білім беру мақсаттары бар: адам, оның өзін-өзі жүзеге асыруы, өзін-өзі дамытуы, тұлғаның рухани-адамгершілік бағдары. Ересектерге білім берудің құндылығы гуманистік білім беру парадигмасында өзекті болып табылады және жүзеге асырылады, оның әртүрлілігі мәдени типтегі тұлғаға бағытталған білім беру парадигмасы болып табылады. Дәстүрлі парадигма жеке тұлғаның мүдделері мен қажеттіліктерін ескеруге тән емес болғандықтан, андрагогикалық тәсіл жалпы білім берудің гуманистік парадигмасында және жеке тұлғаға бағытталған мәдени типтегі білім беру парадигмасында болуы қажет. Зерттеліп отырған андрагогикалық субъектілік осы ұстанымды тірек етеді.

Қазіргі уақытта андрагогика: белсенділік, қоршаған орта, тұлғаға бағытталған, конструктивистік және басқа да тәсілдер болады.

«Neutagogy (Эвтагогика, Хьютагогика)» термині «форма» дегенді білдіреді, яғни «өзін-өзі оқыту», 2000 жылы енгізілген (Stewart Hase және Chris Kenyon) [190].

Магистранттардың кәсіби білім алуында барлық кезеңдері дамытушы рөлді атқарады, эвтагогикада тәуелсіз оқыту, стратегиялар туралы айтылады, нақты өмірде де, қарқынды дамып келе жатқан виртуалды өмірде де өзін-өзі оқыту бұл қазіргі уақытта өте маңызды. «Педагогика – Андрагогика – Эвтагогика» («Pedagogy – Andragogy – Neutagogy») триадасы өзіндік білім алу өрісін кеңейту бойынша заманауи білім беру тенденциясын, кәсіби және тұлғалық даму үшін өз білімін жетілдіру стратегиялары мен технологияларын меңгеру қажеттілігін көрсетеді. «LifeLong» білім берудің заманауи парадигмасымен байланыстыруға болады. Learning (LLL) – «өмір бойы білім алу» (ұзақ өмір) деген мағынаны ашып көрсетеді (кесте 3).

Кесте 3 - Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары

Әдіснамалық тұғырлар	Әдіснамалық тұғырлардың атқаратын қызметтері	Комментарийлер
1	2	3
Жүйелік-мазмұндық	Жүйеге кіруші – бакалавр маманы; жүйеге кіруде мазмұндық тұрғыдан негізге алынуы, білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы өзіндік жұмыстарды орындауда педагогикалық үдерісті ұйымдастыру, берілетін білім мазмұнын терең талдау (педагог-психолог тарапынан); жүйеден шығушы – магистранттарда кәсібилік, шығармашылық, ғылыми-педагогикалық бейнелердің, түсініктердің терең қалыптасуы.	Жүйелік-мазмұндық тұғыр – біртұтас педагогикалық үдеріс

3 – кестенің жалғасы

1	2	3
Тұлғалық	Кәсіби қабілеттер дамуының іс-әрекеттік жағдайын, жалпы қабілеттер мен кәсіптік маңызды сапаларды, кәсіби іс-әрекет барысындағы тұлғаның өзгерісін зерттейді. Магистранттарды кәсіби даярлаудағы тұлғалық тұғыр кәсіби құзыретті және өзін-өзі жүзеге асырушы тұлғаның ішкі резервтерін белсендіру арқылы, үйлесімді және әлеуметтік белсенді тұлғаны дамытудың шарттарын құруға бағытталған.	Өзіндік жұмыстардың ұйымдастырылуы, орындалуында өзін-өзі бақылау
Құзыреттілік	Құзыреттілік тұғыр педагог маманның құзырлылығын қалыптастыруды көздейтін және біздің зерттеу аясында магистратураның білім беру ортасында мамандар даярлау сапасын анықтау тұрғысында базалық болып саналады. Жоғарыдан кейінгі деңгейде білім алушы ересек адам әлеуметтік тәжірибені қолдану негізінде әртүрлі салалар мен қызмет түрлеріндегі мәселелерді өз бетінше шешу қабілеті.	Білімі мен кәсіби ерекшелік жеке қасиеттерінің кешені
Синергетикалық	Білім үшін синергетикада параллельді білім іске қосылады. білімдегі синергетика – өзіндік жұмыстар, материалдар, кешенді жұмыстардың болуына жағдай жасау, білімнің синергетикасы әр түрлі қабілеттіліктері іске қосылған магистрант тұлғасы өзін-өзі дамытатын білім беруді ұйымдастыру.	Өзін-өзі дамыту
Акмеологиялық	«Педагогика – Андрагогика – Эвтагогика» («Pedagogy – Andragogy – Neutagogy») триадасы өзіндік білім алу өрісін кеңейту бойынша заманауи білім беру тенденциясын, кәсіби және тұлғалық даму үшін өз білімін жетілдіру стратегиялары мен технологияларын меңгеру қажеттілігін көрсетеді. «LifeLong» білім берудің заманауи парадигмасымен байланыстыруға болады.	Өмір бойы білім алу

Жоғарыда басшылыққа алынған тұғырларға сәйкес әдіснамалық ұстанымдар түзілді. Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда *теория мен практиканың бірлігі ұстанымы, тұтастық және ғылымилық ұстанымы, таным мен белсенділік ұстанымы,*

Теория мен практиканың бірлігі ұстанымы – магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

Бұл туралы Н.Д.Никандровтың зерттеуінде арнайы әдіснаманың негізгі екі қызметі ерекшеленеді, олар: **ұйымдастырушылық және бағдарлаушылық**. Педагогика әдіснамасының пәнін кеңейтуді қолдай отырып, автор білім берудің реформасын, халыққа білім беру жүйесін жетілдіруді, жеке тұлғаның жан-жақты дамуын, педагогика ғылымының рөлін арттыруды ғылыми қамтамасыз етуге жауап беретін негізгі әдіснамалық мәселелерді бірнеше топқа бөліп көрсетеді. Педагогика әдіснамасының ғылым және практикаға қосқан үлесін арттырудың негізгі жолы – оның әртүрлі деңгейдегі міндеттерді шешумен байланыстылығы. Педагогика ғылымының тиімділігін арттыру шарты – әдіснаманың басымдылық рөлін мойындау. Автор үздіксіз циклдің идеясын жақтайды: **«іс-тәжірибе - әдіснама - теория - әдістеме - жоғарғы деңгейдегі іс-тәжірибе»** болады [191].

Ұйымдастырушылық бұл басқарушылық пен лидерлік сапалардың ғылыми түрдегі мағыналас құрамдастары болып келеді.

Д. К.Садырбекованың зерттеулерінде: «басқарушылық құзыреттілік – кәсіби құзыреттіліктің құрамдас бөлігі және басқару шешімдерін қабылдауды қамтамасыз ететін тұлғалық сапалар мен білім, білік, дағдылардың кіріктірілген жиынтығы» деп нақтылап, педагогикалық құзыреттілікті зерттеу барысында кейбір ғалымдар мұғалімнің жалпы және арнайы біліміне артықшылық береді, басқалары белгілі бір психологиялық қасиеттерді қажетті біліммен, дағдымен толықтырады, басқалары мұғалімнің кәсіби біліктілігінің жеке қасиеттерін атап көрсетеді, төртіншілері кәсіби дағдыларды меңгеру қажеттігін баса айтады [42, б. 30]. Автордың тұжырымдауынан байқайтынымыз, магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық негізін құрайтын теория мен практиканың бірлігі ұстанымын қолдануда олардың өзіндік теорияны басқара алуы, практикаға ден қойып, өздігінен ұйымдастыра алу қабілеті, теория мен практикалық білімде басқару шешімдерінің бар болуы, тұлғалық сапалардың, кәсіби сапалардың жоғары болуы қажеттігін алға тартады.

Теория жүйелік-мазмұндық ұғым ретінде педагогикалық практикамен және экспериментпен шынайылығы дәлелденген зерттеу объектісінің мазмұнын неғұрлым толық бейнелейді. Біздің зерттеуіміздегі *теория және практиканың бірлігі ұстанымы* – бұл:

- магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың жүйе ретіндегі барлық компоненттері бірлігінде жоғары деңгейде қорытындыланған нәтижелер жайлы ғылыми білім жүйесі үлгісінде ұсынылған тұтас түсінік;

- магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың мәнін зерттеудегі ұстанымын айқындайтын және оның зерттеулерінің шекарасын ғылым ретіндегі педагогиканың пәндік саласы шеңберінде анықтайтын білімдерді теориялық түрде ұсынудың басқа үлгілері мен логикалық тұрғыда сатылы бағыныстылыққа құрылған түсініктердің қайшылықсыз жүйесі;

- магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың барлық жағын айқындайтын және практикада қайта құру бойынша әрекеттерді жобалау үшін негіз және бағдар болатын ұстаным [192].

Теория мен практика бірлігі ұстанымы магистранттардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуында, жаңа әдіснамалық идеялардың пайда болуында педагогикалық объектілердің белгілі бір түрі туралы ескі теориялық құрылымдар көбінесе негізділігі жеткіліксіз, толымсыз немесе тиімсіз болып көрінетіндіктен, олар педагогикалық объектілердің белгілі бір нысана туралы белгіленген ғылыми-педагогикалық ақпаратты жүйелендіру аясында нақтылы педагогикалық теорияны дамыту, соған сәйкес ғылыми зерттеу жұмыстарындағы өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың теориялық қамтылған практикалық тұрғыда үздік түрлерін қамтамасыз ету қарастырылады. Ескеретін жайт, теория мен практиканың бірлігі ұстанымы ғылымилық ұстанымы, тұтастық ұстанымдарымен тығыз байланыста дамиды.

Ендеше, келесі әдіснамалық маңызды ұстаным – **ғылымилық ұстанымы**. Ғылымилық ұстанымы ғылыми тұрғыда дәлелденген фактілерге, өзекті ғылыми мәліметтерге, объективтілік пен жүйелілікке негізделеді. Бұл ретте магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда ғылыми білімнің объективті болуы және субъективті пікірлерге емес, фактілер мен зерттеу жұмыстары бойынша бақыланатын құбылыстарға қарай қызмет атқарады. Ең дұрысы, кез-келген ұсынылатын ғылыми болжамдарды зерттеулер мен эксперименттер арқылы негіздеп, тиімділігін растауды қажет етеді. Мұндағы ғылыми білімнің мазмұны заманауи деректерді, оқулықтар мен білім беру стандарттарында бекітілген, мақұлданған деректер бойынша көрсетіледі. Зерттеу аясындағы *ғылымилық ұстанымы* құбылыстарды түсіндіретін қандай да бір ұғымдарға, категорияларға теорияларға және модельдерге негізделіп, ұғымдық-категориялық аппараттың түзілуін, кәсіби құзыреттілікті модельдеуді алға шығарады [193]. Сондай-ақ көбінесе ғылымилық ұстанымы тұтастық ұстанымымен бірге қызмет атқарады, кейбір зерттеулерде тұтастық және ғылымилық ұстанымы деп беріледі. Алайда біз, өзіндік жұмыстар негізінде магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылымилығы мен зерттеуді тұтас түсінуін қамтамасыз етуде бұл түсініктерді әдіснамалық маңызы бар жеке ұстанымдар ретінде қарастырамыз.

Тұтастық ұстанымы, бұл зерттеудегі объектіні біртұтас тұтастық ретінде түсіндіреді, осы тұста біртұтастықтың барлық элементтері өзара байланысып, өзере тәуелді болып, сонымен қатар әлем туралы жалпыланған жүйелі идеяларды қалыптастыруды көздейді. Бұл тұста ғылымның ережелерінің әр элементі басқалармен байланысты жүйе түрінде ұсынылу қажеттігі бар. Жүйелік-мазмұндық тұғырды жүзеге асыруда тұтастық ұстанымы адамның әлем туралы, оның ішінде табиғат, қоғам, өзі және ғылымның білім жүйесіндегі орны туралы жүйелік идеясын қалыптастыруға қызмет етеді. Элементтердің өзара тәуелділігі: жүйедегі әрбір элемент, қасиет және қатынас біртұтас тұтастықтың бөлігі екенін және оның ішіндегі орнына байланысты екенін түсіну. Психикалық үдерістердің байланысы: психология мен философияда

тұтастық ұстанымы психикалық үдерістердің жабық жүйелер екенін сипаттайды, мұнда әр кезең басқаларға тәуелді және одан әрі дамуды анықтайды. Тұтас білімді қалыптастыру: тұтастық ұстанымының мақсаты – объект туралы синтетикалық (тұтас) білім алу, әсіресе егер ол жеткілікті әрі күрделі болған жағдайда мән беру маңызды. Ұстанымдардың өзара байланысы ғылымилық және тұтастық ұстанымдары бір бірімен тығыз байланысты. Мысалы, ғылым тұтастықтың негізі ретінде: ғылыми әдістер мен білім объектілері мен құбылыстарды жүйеде көруге мүмкіндік беретін тұтас түсінуді қамтамасыз етеді. Ал тұтастық ғылымның талабы ретінде: *тұтастық ұстанымы* объектілерді білімнің жүйелілігі туралы ғылымның талабына сәйкес келетін бірлік ретінде қарастыруды талап етеді. Объектілердің қасиеттерін түсіндіру: тұтастық күрделі объектілердің қасиеттерін олардың өзара әрекеттесуі және барлық элементтердің бір жүйеде бір-біріне тәуелділігі арқылы түсіндіруге көмектеседі [194].

Таным мен белсенділік ұстанымы магистранттардың пассивті тыңдаушы емес, білім алу үдерісіне өзіндік жұмыстарды орындауда саналы және белсенді қатысуын көрсетеді. Мұнда белсенділік – мақсатты және тәуелсіз әрекетті білдіреді, ал таным – бұл ақыл-ойды да, ерік-жігерді де, кейде физикалық белсенділікті де қажет ететін білім мен түсінік алу процесі.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда таным мен белсенділік ұстанымы магистранттардағы педагогикалық қабілеттердің танымдық-әрекеттік компонентінің қалыптасуын реттейді. Бұл оның кәсіби қызметінің негізін құрайтын білім мен дағдылар жүйесі, сондай-ақ өзіндік жұмыстарды жүргізу тиімділігіне әсер ететін танымдық іс-әрекеттің белгілі бір қасиеттері. Педагогикалық қабілеттердің танымдық-әрекеттік компонентінің маңызды құрамдас бөлігі жаңа білім алу үшін нақты танымдық іс-әрекеттің негізін құрайтын білім мен дағды болып табылады. Осылайша, магистранттарды даярлау үдерісінде танымдық қызмет саласында кәсіби құзыреттілік қалыптастырылуына жағдай жасалады.

А.А. Кузнецовтың танымдық қызмет саласы бойынша зерттеулерінде құзыреттілік, оның пікірінде әртүрлі сипаттағы объектілерді зерттеудегі құзыреттілік тәсілдің мәнін түсінуді; жүйелік-ақпараттық талдаудың негізгі кезеңдерін білуді; талдау, салыстыру, жалпылау, синтездеу, ақпаратты ресімдеу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау және т. б. сияқты негізгі зияткерлік операцияларды меңгеруді; белгілі бір деңгейдің қалыптасуын қамтиды жүйелік-аналитикалық, логикалық-комбинаторлық және алгоритмдік ойлау стильдері; идеяларды құру және оларды жүзеге асыру үшін қажетті құралдарды анықтау мүмкіндігі деп түсіндіріледі [195]. Танымдық қызмет саласындағы құзыреттіліктің ажырамас элементі магистранттың қоршаған әлем туралы өзіндік білім алу қабілетін, өзінің оқу-танымдық қызметін басқару қабілетін сипаттайтын танымдық дербестік болып табылады.

Сонымен, магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық маңызын талдап өттік.

Әдіснамалық талдау магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әлеуетін (байланыстар, қатынастар, аспектілер жиынтығы, құзыреттілікке тән) анықтауға, жоғары оқу орнын бітірушінің құзыреттіліктің әлеуетін сипаттауға, педагогикалық үдеріс барысында магистранттардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы мен дамуына әсер ететін факторлар мен жағдайларды анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ол кәсіби құзыреттілікке негізделген көзқарастың педагогикалық ғылым мен тәжірибе әдіснамалық білім жүйесіндегі орнын анықтауға да көмектеседі.

2 ЖОО-НАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ МАГИСТРАНТТАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫ НЕГІЗІНДЕ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ МОДЕЛЬДЕУ

2.1 Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әлеуеті

Педагогика-психология бағыты бойынша зерттелген ғылыми еңбектерде «әлеует» ұғымы көпқырлы екендігін көрсетеді. Мәселен әлеует тұлғаның қабілетінің өлшемі дейтін болсақ, қандай да бір өлшемдерге негізделіп көрсетіледі. Бірақ әлеуетті жүзеге асыру түрлі өзіндік жұмыстарда көрініс табады,

А.И. Савенковтың зерттеулерінде: «...тұлға әлеуеті дегеніміз адамның зияткерлік-шығармашылық және уәжді мінездерінің, қасиеттерінің кешенді жиынтығы» деп көрсетіледі [196]. Ғалымның пікірінше, табысты жетістіктерге жетуде қабілеттер кешенінің алатын орны жоғары. Әлеуеттің жүзеге асуы үшін шығармашылық, қасиеттер болуын талап етеді.

Д.Н. Ушаковтың редакциясымен орыс тілі түсіндірме сөздігінде «әлеует» ауыспалы мағынада бір нәрсені жүргізуге, қолдауға, сақтауға қажетті амал-шарттардың жиынтығы деген ұғымды білдіреді [197], ал кіші кеңес энциклопедиясында «әлеует» мүмкіндік, қолданыста болатын күш, қор, құрал деген анықтама беріледі [198].

«Әлеует» термині адамның дамуына қатысты 80-інші жылдары «адами фактор» ұғымы идеологияға берік сіңген кезде қоғамдық ғылымдар саласында кең қолданысқа ие болды. Адами фактор (әлеуметтік мағынада-тұлғалық) тұлғаның жалпыадамдық қасиеттерінің іс-әрекетке, мінез-құлыққа әсер етуін сипаттайды [199].

Л.И. Иванько бойынша «маманның тұлғалық әлеуеті» ұғымы адамды еңбек үрдісінің тұтас субъектісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, ондағы тұтастық мыналарды білдіреді:

- Өзіндік өзгеруге және өздігінен дамуға қабілеттілік. Маманның тұлғалық әлеуеті интегралды ұғым ретінде еңбек адамының ішкі рухани қуатын, күшін, қоғамдық өзіндік бекітуге, өздігінен жүзеге асуға, шығармашылық өзіндік көрініске бағытталған әрекеттік позициясын құрайды;

- Ішкі элементтердің құрылымдық тұтастығы. Маман әлеуетінің тұлға дамуының деңгейі және оған сәйкес келетін еңбектің тиімділік дәрежесі олардың интеграция амалына, барлық элементтерінің ішкі балансына тәуелді. Тұлғалық әлеуетті қалыптастыру жалпы (психофизиологиялық, зияткерлік), арнайы (кәсіби-біліктілік) және ерекше (ұйымдастырушылық, шығармашылық, т.б.) тұлғалық қабілеттердің диалектикалық бірлігі негізінде жүзеге асады [200].

Сонымен, тұлғалық әлеует құрылымына мынандай элементтер жатады:

- кәсіби құзіреттілікті құрайтын кәсіби білім, білік және дағды (біліктілік әлеует);
- жұмысқа қабілеттілік (психофизиологиялық әлеует);
- зияткерлік, таным қабілеттері (білімдік әлеует);

- креативті қабілеттер (шығармашылық әлеует);
- ынтымақтастыққа, ұжымдық ұйымға және өзара әрекетке қабілеттілік (коммуникативті әлеует);
- құндылықты-мотивациялық сала (идеялық-дүниетанымдық, адамгершілік әлеует).

Магистранттардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың ерекшелігі жоғары кәсіби педагогикалық білім беруді дамытудың негізгі тенденцияларымен анықталады және мыналарда көрінеді:

- Магистранттардың кәсіптік біліктілігіне қол жеткізуге және оқытушылардың ұстанымын өзгертуге бағыт;
- Білім беру технологиясын, бағыттылығын магистранттың өз бетінше жұмысын орындауы барысында оны ілестіру және оған көмек пен қолдау жасаудан тұратын гуманистік бағытталған технологияларға ауыстыру;
- Жоғары оқу орнындағы білім үдерісін қарқындату және дараландыру (түбегейлік, мамандану, ғылыми-тәжірибелік бағыттылық, икемділік пен ұтқырлыққа негізделген білім беру және кәсіптік бағдарламаларды таңдау);
- Магистранттардың оқу және ғылыми-зерттеушілік әрекетін біріктіру;
- Ұйымдастырушылық тәжірибесін меңгеруге және магистранттың оқушылардың өз бетінше жұмыс жасауын алып жүруіне бағыттау.

1. Өз бетінше жұмысты ұйымдастырудың үлгісі оқытушылар мен магистранттардың бірлескен әрекетінде төмендегідей компоненттерді енгізу үлгісін көрсетеді:

- өз бетінше жұмыстың нормативті базасы: кредиттік-сынақтық жүйені жеке бағдарлау бағасын қамтамасыз ететін жүйе ретінде негізге алу; оқу жоспарын магистранттың жеке бағыты ретінде жобалау; міндеттерді кәсіптік біліктілікті анықтайтын кәсіптік-педагогикалық міндеттер бойынша типтеу;
- өз бетінше жұмыстың негізгі шарттары:
- пәнді тақырыптық жоспарлауда өз бетінше жұмысты жоспарлау;
- кәсіптік міндеттер топтарына сәйкес курс барысында міндеттерді орындауда магистранттардың әрекеттері түрлерінің көптүрлілігімен ұсынылатын міндеттердің қиындық деңгейін көтере отырып, мазмұнды іріктеу;
- Өз бетінше жұмыстың нәтижесін бағалауды бақылау және жинақтық жүйесі;
- өз бетінше жұмысты ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету: міндеттің құрылымын айқындау – әдістемелік көмек, міндеттерді орындаудың алгоритмі, ұсынылған міндеттердің критерийлері; ұсынылған міндеттердің толымдылығын бағалау;
- магистранттардың рейтингтік формула үлгісінің көмегімен өз бетінше жұмысының жеке жоспарын оқытушымен келісу;
- оқытушының ұстанымын өзгерту бойынша ұсынымдар: магистранттарды қолдауға, ілестіруге, кеңес беруге бағыттылық;

2. Магистранттардың өз бетінше жұмысын ұйымдастыру үлгісін мынадай факторларды есепке ала отырып іске асыру, олардың кәсіби біліктілігін дамытуға мүмкіндік береді: магистранттардың дайындығының

алдыңғы деңгейін (әдебиеттермен жұмыс жасай алуы, командалық жұмыстағы тәжірибесі, ақпараттық технологияларды және т.б. игеруі); магистранттардың пәнді игеруге білімдік уәждемесі; пәннің кәсіптік бағыттылығы.

3. *Магистранттардың өз бетінше жұмысын ұйымдастыру үлгісінің тиімділігінің критерийлері:*

- магистранттардың кәсіби біліктілігінің өсуі;
- магистранттардың пәнді зерделеуге ынтасының болуы;
- оқытушылардың қанағаттану деңгейі: пәнді зерделеу нәтижесінің сапасымен; өз бетінше жұмысты ұйымдастыру шарттарымен; ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етумен;
- магистранттардың қанағаттану деңгейі: пәнді зерделеу нәтижесінің сапасымен; өз бетінше жұмысты ұйымдастыру шарттарымен; ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етумен; пәнді игеру барысында оқытушының ұстанымымен.

А.А. Вербицкийдің пікірінше, кәсіби білім берудің негізгі мақсаттарының бірі – студенттердің жоғары оқу орнында оқуы кезеңінде болашақ кәсіби қызметінің толықтай құрылымын қалыптастыру [201]. Бұл дегеніңіз, маманның тұлғасын қалыптастыруда мақсатқа жету үшін әрекеттің бір түрінен (танымнан) талаптары мен мотивтері де, мақсаты, құралы, пәні және нәтижесі де өзгерген екінші түріне (кәсібилікке) көшуді қамтамасыз ететін оқытуды ұйымдастыру керек. Бүгінгі күні маманды кәсіби дайындау үдерісінде оқу әрекеті мен кәсіби қызметінің арасында қайшылықтар бар екені белгілі. Сондықтан болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда оқытудың белсенді әдістері мен технологияларын қолданудың маңызы ерекше.

XX ғасырдың екінші жартысында педагогикалық әдебиеттерде «білім беру технологиясы» термині пайда болды. Білім беру технологияларының пайда болуы мен қалыптасуы туралы шетел авторларының (Б. Блум, Д. Брунер, Г. Гейс, Дж. Кэрролл, Д. Хамблин және т.б.) және отандық ғалымдардың (С.И. Архангельский, Ю.К.Бабанский, В.В. Беспалько, П.Я. Гальперин, Х.К. Жампейісова, М.В. Кларин, Қ.Қ. Қабдықайыров, Ж.А. Қараев, В.А. Сластенин, Н.Ф. Талызина, Ш.Т. Таубаева, П.М. Эрдниев және т.б.) еңбектерінде талданған.

Қазіргі кезде үздіксіз білім беру үдерісінде білім беру технологияларын қолдану ең өзекті мәселеге айналды.

Кәсіби білім беру технологияларының өзектілігін анықтайтын факторларға төмендегілерді жатқызуға болады.

Біріншіден, білімді меңгеруде қажеттілерін таңдауда ақпарат көлемінің өте ауқымдылығы.

Екіншіден, қазіргі кездегі өркениеттің дамуының техногендік бағытының сапасыз кәсіби маман дайындаудың шығыны туралы ойлауға мәжбүр етуі. Осындай себептер маман дайындаудың сапасын арттыру үшін тиімді білім беру технологияларын іздеуге мәжбүрлеп отыр.

Білім беру технологиялары әлеуметтік психология, психодидактика, кибернетика, менеджмент және басқару ғылымы сияқты теорияларға сүйенеді және оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіруге мүмкіндік жасайды.

Білім беру технологиясын оқытудың тиімділігін қамтамасыз ететін білім саласы; оқытуға ықпал ететін барлық факторларды есепке алу мен іріктеу негізінде оқытуда мейлінше жоғары жетістікке жету мүмкіндіктерін іздеуге бағытталған ғылыми білім саласы; білімді меңгерудің барлық аспектілерін қамтитын жоспарлаудың, қамтамасыз етудің, басқару мен бағалаудың кешенді, кіріктірілген үдерісі; қойылған білімдік мақсаттарды табысты іске асырудағы оқыту мен тәрбие үдерісінің әдістері мен құралдарының жиынтығы түрінде тұжырымдау кең тараған.

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық даму адам өмірінің, қызметінің барлық саласын қамтиды, ал ғылым саласындағы теориялық және технологиялық өзгерістердің жалпы стратегиясы ғылымның тұрақты өзегі ретінде дүниенің ғылыми бейнесін білдіреді.

«Білім беру технологиясы» ұғымынан басқа «педагогикалық технология», «оқыту технологиясы» (дидактикалық технология), «тәрбиелеу технологиясы», «тұтас педагогикалық үдеріс технологиясы», «педагогикалық үдерісті жобалау технологиясы», «педагогикалық үдерісті жүзеге асыру технологиясы», «педагогикалық және өзара мақсаттас қарым-қатынас технологиясы» және басқалар қазіргі кезде педагогикалық лексионда жиі қолданылады..

Ғалымдар В.А. Сластенин, И.Ф. Исаев және басқалар «Педагогика» оқулығында педагогтың алдын-ала жоспарланған, ретімен жүзеге асырылатын педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталған өзара байланысты әрекеттердің жүйесі ретінде қарастырылған «педагогикалық технология» ұғымын енгізді [146,с. 18].

Сол сияқты К.Х. Закирьянов, Б.Т. Лихачев, А.П. Сейтешев және басқалар оқыту технологиясын әлеуметтік мәдени тұрғыдан зерттеген.

Оқытудың ойындық технологиясының теориясы мен тәжірибесіне байланысты мәселелер М.Ж. Арыстанов, Н.К. Ахметов, Б.А. Қойшыбаев, П.И. Пидкасистый, Ж.С. Хайдаров және басқалардың еңбектерінде терең зерттелуде.

Ғалымдардың пікірінше, педагогикалық технология үш түрлі өрісте көрінуі мүмкін: ғылыми, бейнелік және нақты. Бірінші жағдайда ол педагогика ғылымының оқытудың мақсатын, мазмұнын және оқыту әдістерін зерттеп, педагогикалық үдерісті жобалаушы бөлігі, аймағы болып табылады.

Екінші орайда ол үдерістің жүру алгоритмі, жоспарланған нәтижеге жетудің мақсат, мазмұн, әдістер мен құралдарының бірлігі, ал үшіншіден, барлық жеке, заттық және әдіснамалық құралдардың жұмыс істеп, жүзеге асуы ретінде қарастырылады [202].

Сөйтіп, педагогикалық технологияны оқытудың барынша ұтымды жолдарын іздейтін ғылым ретінде де, оқытуда қолданылатын тәсілдер мен принциптердің түсіндірме жүйесі ретінде де және нақты жүзеге асатын оқыту үдерісі ретінде де түсінуге болады.

Педагогикалық технологияның мәні – шығармашылық қабілеттің дамуы үшін қажетті жағдай туғызу.

Педагогикалық технологияның елеулі белгілері – ол педагогтың нақты түпкі ойынан туындайды, оның негізі автордың әдіснамалық, философиялық көзқарасы; педагогикалық әрекеттердің технологиялық тізбегі белгілі бір нәтиже күтетін мақсатпен құрылады; адами және техникалық мүмкіндіктерді даралау және саралау, диалогтық қарым - қатынас ұстанымдары негізінде тиімді пайдаланудағы білім алушы мен мұғалім арасындағы өзара әрекеті көздейді.

Барлық келтірілген анықтамаларға сүйенсек, педагогикалық үдеріс объективті заңдылыққа бағынады және бұл заңдылық оқу үдерісінде неғұрлым кеңірек байқалса, солғұрлым мұғалімнің қойылған мақсатқа жету мүмкіндігі көбейеді.

Ғалымдардың пікірінше, оқу үдерісін технологияландырудың негізгі критерийлері төмендегідей:

- заңдылығы (осы технологияның негізі болып табылатын белгілі бір ғылыми тұжырымдамаға сүйенуі);

- тұтастығы (технологияның сапасын анықтайтын педагогикалық құрылымдық бөліктерінің өзара байланыстылығы);

- басқарылымдығы (диагностикалық мақсат қою, оқу үдерісіне мониторинг жүргізу, қажетті түзету енгізу);

- тиімділігі (білім беру стандарттарымен сәйкестігі, мақсатқа жетудің мүмкіндігі, уақыттың және экономикалық шығындардың үнемделуі);

- өзгелердің де қолдануға мүмкіндігінің болуы [203].

Оқытудың қызметі (функциясы) адами, технологиялық және ізгіліктілік.

Оқытудың технологиялық қызметі – бұл «өмір сүру үшін база жасау»; еңбекте, кәсіби қызметте, қоғамдық өмірде, шаруашылықта білік, дағды қалыптастыру; адамдармен қарым –қатынас мәдениетін дамыту т.б.

Кәсіби педагогикалық мәдениет аксиологиялық, технологиялық, эвристикалық және тұлғалық компоненттердің жиынтығы ретінде қарастырылады.

Кәсіби педагогикалық шеберлік педагогикалық қызметтің жоғары дәрежеде дамуы, педагогикалық технологияларды қолдана білуі, педагогтың адами тұлғасы, тәжірибесі, азаматтық және кәсіби көзқарасы арқылы анықталады.

Педагогикалық шеберлік арнайы білім, дағды, әдет, өз қызметінде әртүрлі негізгі әдіс-тәсілдер, амалдарды меңгеруі арқылы қалыптасады. Мұғалім қандай мәселеде болса да ұйымдастырушы, ұстаз, педагогтік қарым-қатынас шебері. Сондықтан, оның бойында мынадай төрт элемент болу керек. Олар: балалардың ұжымдық және жеке әрекеттерін ұйымдастыра білу шеберлігі, сендіре алу шеберлігі, білім беру және қызметінде тәжірибе жинау шеберлігі және педагогикалық техниканы меңгеру шеберлігі. Әсіресе, педагогикалық техниканы, яғни біліктер мен дағдылар жиынтығы – оқушылармен қарым -

қатынаста дұрыс жолды таңдай білу, өзінің сезімін, назарын басқара білу, педагогтік тактіні сақтау, әр адамның өзіндік «менімен» санаса білу т.б.

Болашақ маман осының бәрін жоғары оқу орны қабырғасында меңгеруі керек.

Ғалымдардың [204] зерттеулеріне сүйене отырып, біз төменде жоғары оқу орнында (оның ішінде біздің де болашақ маман дайындау тәжірибеміздегі) жиі қолданылатын білім беру технологияларын анықтадық (кесте 1).

Проблемалық – әрекеттік оқыту технологиясының мәні алдына тек кәсіби білімді меңгеру компоненті ғана емес, оны жүзеге асыру икемділіктерін де меңгеруге бағытталған мақсат қою.

Проблемалық – әрекеттік оқыту технологиясы оқытуда проблемалық және әрекеттік жағдайды кезең-кезеңмен жүзеге асырады. Бірінші кезең – оқытушының қойған проблемалық жағдаятын қабылдап, ой елегінен өткізу. Екінші кезең – қойылған проблемалық жағдаятты шешу әрекеттерінің мүмкіндіктерінің моделін ойластыру және негіздеу (әуелі өздерінің білетін білімдері арқылы, содан кейін жаңа ізденістер арқылы). Үшінші кезең – түзілген модельге сәйкес әрекеті (қабылданған шешімді тағы да бір сараптау). Төртінші кезең-әрекеттің және проблеманы шешудің дұрыстығын талдау. Бесінші кезең-көрсетілген әрекет барысында оқушылардың интеллектуалдық қабілетінің дамуын қамтамасыз ететін ойды талдау, дәстүрлі шешім қабылдаудан, шаблондар мен стереотиптен ойлау әрекетіне шығу (кесте 4).

Кесте 4 – Магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға негізделген технологиялар

Технология	Мәні
Проблемалық– әрекеттік оқыту	Алдына тек кәсіби білімді меңгеру компоненттерін ғана емес, оны жүзеге асыру икемділіктерін де меңгеруге бағытталған мақсат қою.
Контекстілік оқыту	Болашақ кәсіби қызметтің әлеуметтік маңызын және мазмұнын моделдеу, оқытудың белсенді әдістерін пайдалану
Модульдік оқыту	Қашықтықтан оқытудың мазмұндық модулі бойынша жеке оқу бағдарламасымен өзбетінше жұмыс жасауы
Интерактивті оқыту	Кері байланысты іске асыра отырып, белсенділікті арттыруға, дәстүрлі оқыту жүйесінде орындалмайтын диалог пен қарым - қатынас
Жобалау технологиясы	Оқытушы көмегімен ұйымдастырылатын және оқушының өзбетінше проблема шешудегі жүзеге асырылатын іс - әрекеттер жүйесі
Зерттеушілік оқыту	Зерттеушілік ізденіс білігі мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған, интеллектуалдық іс- әрекет
Ойын арқылы оқыту	Ізденіске, өзгертуге, оқу ақпараттарын меңгеруге бағытталған өзіндік танымдық әрекеті

Жасаушылардың пікірі бойынша, бұл технология тек жаңа білімге, жаңа білік, дағдыға ие болуға көмектесіп қоймайды, сонымен қатар әртүрлі кәсіби

міндеттерді шығармашылықпен шешу барысында көптеген тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді.

Оқытудың контекстілік технологиясы проблемалық оқытудың негізгі заңдылықтарын есепке ала отырып жасалған. Мұндағы «контекст» ұғымы ойды ауызша немесе жазбаша толық жеткізу мағынасында қолданылады.

Контекстілік оқытуда бұл ұғым психологиялық категория ретінде қарастырылады, оның көмегімен әртүрлі деңгейде болып жатқан психологиялық үдерістер түсіндіріледі. Адамның кезкелген әрекетін тек қана диалогтық контекст арқылы түсінуге болады.

Контекстілік технологияда негізгі тірек тұлға дамуындағы кәсіби ынтаның қалыптасуы болып табылады. Сондықтан, білім алушылардың оқу әрекетінің мазмұны оқу пәні арқылы ғана емес, маманның моделі, яғни болашақ кәсіби қызметі туралы логикасына да байланысты қалыптасады. Бұл оқу үдерісіне тұтастық, жүйелілік бере отырып, оқып отырған пәннің мағынасын терең түсінуін қамтамасыз етеді.

Контекстілік технологияның маңызды элементі білім алушылардың оқу әрекетінің түрі кәсіби іс - әрекет түріне сәйкес келуі болып табылады. Бұл жерде үш базалық әрекет түрлерін бөліп айтуға болады: оқу әрекеті (лекция, семинар), квазикәсібилік (кәсіби іс - әрекет түрлерінің моделін бейнелейтін іскерлік ойындар, басқа да ойын түрлері), оқу – кәсіби (ғылыми – зерттеу жұмыстары, өндірістік практика, диплом жұмысын жазу). Бұлардан да басқа кәсіби білім беру мақсаттарына сәйкес келетін кезкелген дәстүрлі және жаңа әрекет түрлерін пайдалануға болады.

Контекстілік технологияда адамның табиғи болмысына еліктеуші әдістер қолданылады.

Дискуссия қатысушылардан талқыланып отырған мәселеге өзінің көзқарасын білдіруді, таласта басқалардан өзгеше өзіндік ойының болуын талап ететіндігімен сипатталады. Дискуссия магистранттардың қарым – қатынаста сөйлеу мәдениетінің қалыптасып, тіл байлығының дамуына тиімді әсер етеді.

Проблемалық семинар дискуссияға қарағанда білімді молайтуға көбірек ықпалын тигізеді, семинарға қатысушылар өз білімдерін толығырақ көрсетуге мүмкіндік алады. Проблемалық семинар жұмысы дәстүрлі семинардағыдай алдын – ала белгілі дайын білім төңірегінде емес, керісінше әлі белгісіз мәліметтерге құрылуы керек.

Семинарда магистрант өзі ізденіп, өзінің еңбегімен материалдар жинағандықтан, білімді тереңірек меңгереді, себебі өзінің жинаған материалдарын өзі жақсы түсініп, есте сақтайды.

Тренинг көбіне біліктілікті қалыптастыру бағытында жүргізіледі. Тренингті ұйымдастыру үшін біліктіліктің қандай деңгейіне қол жеткізуді нақты жобалап, дәл керек мәселені түсініп алу қажет. Бұл жерде диагностикалық мақсат қою тиімділік кепілі.

Модульдік оқыту технологиясының педагогикалық негізі америкалық философ Дж. Дьюидің педагогикалық жүйенің ядросы оқушы болып

табылатын, өз бетінше білім алу және өзін - өзі бақылау басым маңызға ие тұлғалық – орталандырылған оқыту идеясына бағытталған.

Модульдік оқыту технологиясының психологиялық негізі – «білімді толық меңгеру жүйесі» (Дж. Кэрролл, Б. Блум т.б.), бір оқу материалын оқушылардың интеллектуалдық қабілетінің әртүрлілігіне байланысты меңгеруге түрліше уақыт талап етіледі, бірақ дәстүрлі оқытудың сыныптық жүйесі жеке жұмыстануға жол бермейді, белгілі бір материалды бір мезгілде игеруді талап етеді. Сондықтан, әр оқушы материалды меңгеруге жеткілікті уақытқа ие болса өте тиімді болған болар еді [205].

Оқу модулі – оқу үдерісінің мазмұны тұтас, оқыту мақсаттары айқындалған және оқытудың сәйкесті ұйымдастыру формалары мен бақылау және өзіндік бақылау жүйесі техникалық тұрғыдан қамтамасыз етілген құрамдас бөлігі.

Жоғары оқу орындарында модульдік оқыту технологиясы әлемде кеңінен қолданылады. Мысалы, Ұлыбританияда білім алушылардың жинаған рейтингісі мен меңгерген модульдерінің саны оның білім деңгейін көрсетеді. Оқуға түсерде талапкер оқыған кезде әрбір оқу модулінен міндетті түрде алуға тиіс білім мен біліктің тізбесімен танысады. Бұл оған кәсіби білім алудың басынан бастап белгілі бір біліктілікті меңгеруге көмектеседі.

Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, модульдік оқыту технологиясының сипаттамаларын төмендегіше анықтадық:

- әрбір оқу модулі бойынша диагностикалық мақсат қою;
- оқу кешенінің әртүрлі оқу модульдерінен тұратын мазмұнын, оқыту әдістерін, бақылау және бағалау жүйесін өзгертіп отыруға икемділігі;
- берілген модульдің мақсатын сезіне отырып түсіну;
- білім алушылардың басқа әрекеттерге қарағанда нақты тапсырмалар жүйесінде білімін өзі - өзі тексеруге мүмкіндік беретін өзіндік жұмыстардың басым болуы;
- оқытушының әріптес ретінде кеңес беруінің басымдығы;
- білім алушылардың өзінің әрекетін өзі қорытындылауы.

Оқу модульдерін жобалауда білімді және білік, дағдыларды меңгеру деңгейіне сәйкес оқу тапсырмаларының жүйесін жасалды. Модульдік оқыту жүйесінде оқу тапсырмаларының орындалысы бақылау мен өзін -өзі бақылаудың тиімді тәсілі ретінде тест арқылы тексеріледі.

Интерактивтік технологиялар оқытудың әдістері мен түрлерінің, бағдарламаларының интерактивті мүмкіндіктері кері байланысты іске асыра отырып, білім алушылардың белсенділігін арттыруға, дәстүрлі оқыту жүйелерінің көбінде орындалмайтын диалог пен тұрақты көмекті де іске асыруға мүмкіндік береді. Демек, бір –бірімен бетпе – бет кездесусіз – ақ студент пен оқытушы арасында интерактивті қарым – қатынас орнату және пән бойынша білім мен дағдының белгілі бір мөлшерін өз бетінше игеру.

«Интерактивтік» термині ағылшынның өзара белсенділік мағынасындағы «interaction» сөзінен шыққан. Бұл термин көбіне – көп информатика, коммуникация және өндірістік дизайн саласында кеңінен қолданылады.

Біздің тәжірибемізде интерактивті дәріс педагог жетекшілігімен ұйымдастырылатын дәстүрлі оқыту тәсілі мен жекелей компьютерлік оқытудың ұтымды жақтарының үйлесімінен тұрады. Компьютер мұғалімнің белсенді көмекшісіне айналды. Ақпараттық – танымдық мазмұнмен қатар, интерактивті дәріс мазмұндау барысында компьютерлік слайдтарды қолдану арқасында эмоционалдық сипатқа ие [206].

Интерактивтілік келесі құралдар арқылы жүзеге асырылады:

- ақпараттық құралдар: компьютер мен интерактивті тақта. Компьютер ақпаратты өңдеуге арналған әмбебап құрал, интерактивті тақта – компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және дәріс берушіге немесе баяндамашыға ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіру арқылы дәріс өткізуге мүмкіндік беретін құрал;

-программалық құралдар немесе «электрондық басылымдар»: электрондық оқулықтар, электрондық дидактикалық материалдар, электрондық анықтамалар, электрондық энциклопедиялар, жаттықтырушы және дамытушы компьютерлік программалар.

Жобалау технологиясы тек қандай да білім беріп қоймайды, ақпарат алу, оларды теориялық, практикалық кәсіби қызметінде қолдана білу тәсілдеріне, студенттерді топпен де, жеке де жұмыс істеуге үйретеді; әртүрлі ұйымдастырушылық шешімдерді өз бетінше қабылдай білу біліктілігін қалыптастырады; коммуникативтік біліктілігін дамытады; фактілер мен құбылыстарды талдау, салыстыру, сәйкестендіруді үйретеді; студенттердің идея тастау, болжау және оларды шешу біліктілігін дамытады; білім беру үдерісінде танымдық шығармашылық құзыреттілігінің негізі ретіндегі субъектінің шығармашылықпен ойлау қалыптасады; студенттердің түйіндік құзыреттіліктерін қалыптастыру жүзеге асады.

Жоба – латынша PROJECTUS- «алдын - ала» (Д. Дьюи, У. Килпатрик, С. Шацкий), «алға тасталған ой, алға шығып сөйлеуші», - деген мағынаны білдіреді. «Жобалауға оқыту», «оқушылардың жобалау әрекеті» туралы соңғы кезде көп айтылып жүр. Жобалаудың зерттеуден айырмашылығы – жобалау тәжірибеге бағдарланған. Жобаны жүзеге асырушы адам жаңаны ғана емес, өзінің алдында тұрған нақты проблеманы шешеді [205,р. 53].

Жобалау технологиясы педагогикада жаңа технологиялар қатарына аса жатпайды. Ол өткен ғасырда АҚШ-та пайда болды. Оны философия және білім берудің гуманистік бағытымен байланыстырып Дж.Дьюи, В.Х. Килпатрин енгізген мәселелер әдісі деп атады [205,р. 56].

Еуропада жоба технологиясы XX ғасырдың жиырмасыншы жылдарында енгенмен, тиімді нәтиже бермеген болатын. Себебі, жоба технологиясының теориясы жеткілікті зерттелмеген еді.

Жоба – оқытушы көмегімен ұйымдастырылған және білім алушылардың өзбетінше проблема шешудегі жүзеге асырылған іс - әрекеттер жүйесі.

Жобалау технологиясының негізгі идеясы – білім алушылардың нәтижеге бағытталған оқу – танымдық әрекеті. Нәтиже практикалық немесе теориялық маңызды проблеманың шешімі болуы тиіс.

Біздің жағдайымызда ортаға магистрант↔оқытушы болып тақырып тасталады. Содан соң магистранттар өз ойларын айтады.

Сыртқы нәтиже: – оны көруге болады, тәжірибеде қолдануға болатын өнім. Ішкі нәтиже – білім алушылардың тәжірибесі (білік, білім, құзыреттілік, құндылықтар).

Қажетті құзыреттіліктер: жауапкершілікті өзіне алу; бірлесіп шешімге келу; тандау жасау; талдау, бағалау.

Тұжырымдық позициялар: ізгілендіру ұстанымы; ынтымақтастық; басқаның пікірін сыйлау; нәтижеге жауапкершілік.

Оқытушының міндеті:

- Зерттеу және іздену әдістерін терең меңгеру және оны студенттермен ұйымдастыру;

- Магистранттардың өз пікірін еркін айта алатындай дискуссиялар ұйымдастыру;

- Магистранттарды қойылатын мәселені шешу жолын іздестіруге бағыттау;

- Жобаның проблемасын шешу үшін ғылымның әртүрлі саласынан алған білімді кіріктіруге үйрету.

Жобаның түрлері: тәжірибеге бағытталған жоба, зерттеушілік жоба, шығармашылық жоба, ақпараттық жоба.

Жобалау әрекетінде магистранттардың өзгермелі өмірлік жағдаяттарға бейімделу, қажетті білімді өз бетінше ала білу, практикада туындап отыратын мәселелерді шеше білу қабілеттерін шешуге мүмкіндік беретін танымдық белсенділік басымдық алады.

Жобалау әдісі әруақытта білім алушылардың әдейі бөлінген уақытта (бірнеше минуттан бірнеше аптаға, кейде айға дейін жеке, қосарлы, топпен) өзбеттерінше әрекет етуіне бағытталған. Жобалаудың зерттеуден айырмашылығы – ол тәжірибеге бағдарланған. Жобаны жүзеге асырушы адам жаңаны ғана емес, өзінің алдында тұрған нақты проблеманы шешеді.

Жобалау әдісін мәселенің нақтылығы; алынған нәтиженің практикалық, теориялық, танымдық мәні; білім алушылардың өзіндік әрекеті; жобаның кезеңдері көрсетілген мазмұндық бөлімін құрастыру; жобаны орындауға зерттеушілік әдістерді қолдану; зерттеу әдістерін, алынған мәліметтерді талдау, қорытындысын шығару, соңғы нәтижені түзетіп, реттеу, тұжырым жасауға байланысты «жобалау технологиясы» деп атайды [207]. Өкінішке орай, қазіргі магистранттардың басым бөлігі ақпарат алудың әртүрлі әдебиеттер, электрондық басылымдар, интернет сияқты көптеген көздері бола тұрса да білім алуға белсенділік көрсетпейді. Бұл жерде негізгі мәселе қоғамдағы өте көп ақпарат ағымына байланысты магистранттар өздеріне керекті мәселелерді іздеп табу жолдарын біле бермейді, дайын материал алуды көздейді. Бұл мәселені шешу үшін студенттерді жобалау әрекетіне үйретудің мынадай кезеңдерден тұратын дайындық жүйесі ұсынылады:

- жобалау алды қызмет;

- қысқа және орта мерзімді жобаларды орындау;

- оқытудың классикалық құралдарын қолданып, орта және ұзақ мерзімге арналған моножобаларды орындауды ұйымдастыру;
- жаңа ақпараттық технология құралдарын қолдану арқылы ұзақ мерзімді моножобаларды орындау;
- пәнаралық және факультетішілік жобалармен жұмыс [208].

Жобалау технологиясы магистранттардың өз ойларын өздеріне ыңғайлы уақытта, шығармашылық түрде ұйымдастырылып, ойластырылған түрде жеткізе білуге дағдыландырады, өздерін - өздері іске қосып, өз іс - әрекетіне баға беруге, тексеруге әсерін тигізеді. Ең бастысы жобаның құрылысы қандай болатынын және тұсау кесері қандай түрде өтетінін магистранттардың өздері шешеді. Жобамен жұмыс істей отырып, студенттер жеке де, топпен де өз беттерінше керекті мәліметтерді табуға, түрлі дерек көздерін пайдалануға үйренеді. Оқытушы олардың тең құқылы кеңесшісіне айналады. Бірігіп жұмыс жасау ұжымды жақындастырады, магистранттардың бірі- бірімен қарым – қатынасы, тек өз жұмысына емес, бүкіл ұжым жұмысына деген жауапкершілігін арттырады. Әрбір магистрант өзі бастаған жұмысының толық нәтижесін көру үшін оны жақсы аяқтауға тырысады. Мұндай оқу технологиясы білімгерлерге шығармашылық ізденіске дағдылануды, ұжымда жұмыс жасауды үйретеді. Дәстүрлі сабақтардан гөрі жобалау технологиясын қолданған сабақтар оқытушыға да, магистрантқа да жауапкершілік жүктейді, шығармашылық ізденісті талап етеді.

Зерттеушілік оқыту технологиясы жеке тұлғаның шығармашылықпен жұмыс істеп, зерттеушілік іскерліктер мен дағдыларды меңгеруін қалыптастыруда маңызды болып табылады. Зерттеушілік білігі мен дағдылары бүгінгі күні ғылыммен айналысатын адамдарға ғана тән емес, түрлі саладағы әрбір адамның әрекетіне қажет. Қоршаған ортаны зерттеуге ұмтылу тірі жан психикасының тамаша ерекшеліктерінің бірінен саналады. Табиғат мұндай ерекшелікті тек адамдарға ғана емес, жануарларға да берген.

Зерттеу, іздеу белсенділігі – баланың жаратылысына тән табиғи құбылыс, білуге құмарлық, бақылау жасауға талпыныс, өзінше эксперимент жүргізу баланың балалығымен бірге жүретін үдеріс. Зерттеушілік әрекетті адамның интеллектуалдық – шығармашылық тәжірибесінің ерекше түрі ретінде қарастыру керек. Зерттеушілік әрекеттің жемісті жүзеге асуы үшін субъектіден арнайы тұлғалық білім – зерттеушілік қабілет талап етіледі. Зерттеушілік қабілет отандық психология дәстүрлерімен сәйкес, тұлғаның зерттеушілік әрекеттің жемісті жүзеге асуының субъективтік шарттары ретіндегі жеке психологиялық ерекшелігі болып табылады [153,с. 16].

Зерттеу қызметінің әдістері мен амалдары ретінде оны жүзеге асыруға қажетті мәселені көре білу, болжам жасай білу, бақылай білу, эксперимент жасай білу, ұғымдарға және басқаларға анықтама бере білу сияқты әдістер мен амалдарды түсіну керек.

Зерттеудің жобалаудан айырмашылығы – ол белгісізді, жаңа білімді іздеу үдерісі. Бұл - адамның танымдық әрекеттерінің бірі.

А.К. Маркованың пікірі бойынша маманның кәсіптік зерттеушілік позициясы өз кәсібін шығармашылық деңгейде жетік меңгерген кезде ғана айқындала түседі. Жалпы кәсіптік жұмыста мұғалім үшін зерттеушілік іскерліктер мен дағдыларды меңгеру маңызды орын алады. Ол кез келшен әдіс – тәсілді оқу – тәрбие үдерісінде кәсіби тұрғыдан жүзеге асырумен қатар әрбір оқушыны, оның құрдастарымен, ата – аналарымен қарым – қатынасын анықтап отыру, мұғалімнің педагогикалық – психологиялық тұрғыдан білімінің зеректігін көрсетеді [22,с. 49].

Зерттеушілік әдісін қолдану қажеттігі оқушының білім алу үдерісінде қоршаған ортасына қызығушылығымен, сүйіспеншілікпен қарауымен түсіндіріледі. Зерттеушілікке оқытудың негізгі мақсаты – оқушының азаматтық мәдениеттің қай саласында болмасын өз бетімен шығармашылық жаңа іс - әрекет тәсілдерін игеруге дайындығы мен қабілетін қалыптастыру.

Осындай мақсат, міндеттерді жүзеге асыру үшін маман зерттеушілік әрекетке жоғары оқу орнында дайындалуы керек. Ол үшін магистранттардың белгілі бір тақырыптар төңірегінде зерттеу жұмыстарын орындауы қарастырылады.

Ойындық оқыту технологиясы белсенді оқыту технологияларының бірі. Ойындық оқыту әдісі имитациялық және имитациялық емес болып бөлінеді.

Имитациялық емес әдіске проблемалық лекция, дөңгелек үстел, лекция – конференция, алдын – ала жасалған конспект бойынша лекция, шолу лекциясы, коллоквиум, бағдарламалап оқыту, семинар, тақырыптық дискуссияға арналған көшпелі сабақ, топтық консультация, олимпиада жатады. Имитациялық әдіс ойындық және ойындық емес болып екіге бөлінеді.

Ойындық имитациялық әдіске тиімді шешім тандаудың көп нұсқалылығы, «миға шабуыл», іскерлік ойындар, рөлдік ойындар, жеке технологиялық үдерісті ойын арқылы жобалау, ал ойындық емес имитациялық әдіске ситуациялық шешімдер, жекелеген міндеттерді шешу, сабақтың қорытындысын шығару және оқытушының бағалауы, ұсынылған нұсқаларды талқылау, семинар өткізу, жеке тренажер жатады.

Оқытудың белсенді имитациялық әдістерінің ішінде ойын әдісі кең тараған. Іскерлік ойындар әдісі 1930 – шы жылдардың басында Мәскеу, Ленинград, Харьков т.б. қалалардағы жоғары оқу орындарында пайдаланылды.

Іскерлік ойынның негізі – басқару нысаны және басқару жүйесінен тұратын модель.

Педагогикалық мақсатта қолданылатын іскерлік ойындар педагогикалық құрал ретінде қолданылады. Ойынның педагогикалық мақсаты маманның кәсіби біліктілігін қалыптастыру бағытындағы білім беру және жұмысқа, қоғамға және өзіне деген қарым – қатынас жүйесін қалыптастыру бағытындағы тәрбиелік болып келеді.

Ойынның міндеттері маман дайындау мазмұнын және мамандықтың сипаттамасын ескере отырып, ойын барысында маманнан талап етілетін кәсіби құзыреттілік белгілері байқалатындай тұрғыда анықталады. Оларды орындау модельде көрсетілгендей маман ретіндегі білік, дағды және тұлғалық сапалар

калыптастырады. Іскерлік ойын өткізілгеннен кейін оны міндетті түрде талдау қажет, себебі талдау кезінде оның барысында кездескен қиыншылықтар, қатысушылардың пікірлері, қорытындылардың пайдасы мол.

Іскерлік ойындар шешім қабылдау техникасына үйретеді, теориялық білімді практикада қолдана білуге машықтандырады.

Магистранттар өздері дайындаған тақырып бойынша кезектесіп минисабак өткізіп, қалғандары оқушының рөлінде отырады. Сабақтарда (іскерлік ойын кезінде) оқытуда қолданылатын оқыту әдістері, технологиялар, сабақтың түрлері, білімдік, тәрбиелік және дамытушылық мақсаттардың орындалысы т.б. мәселелердің көрініс беруі қадағаланады, студенттерде кәсіби-дидактикалық құзыреттіліктің қалыптасуына ықпалы тиетіндей етіп ұйымдастыруға назар аударылады.

2.2 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары

Бүгінгі таңда еңбек нарығындағы сұраныс жоғары білімді, шығармашылықпен әрекет ететін, өз білімі мен біліктілігін кез келген жағдайда қолдана алатын, қабілетті мамандардың кәсіби даярлығының деңгейіне және сапасына қойылатын талаптарға өз әсерін тигізуде.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде магистрлерді даярлау базалық маманданған іргелі даярлығы бар, ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындауды қамтамасыз етеді. Магистратурада оқу үдерісінің басым бөлігі ғылыми-зерттеулер жұмыстарына негізделеді, сондықтан магистратураны ғылымды қажетсінетін білім беру институты деп қарастыруға мүмкіндік береді.

Нормативтік құжаттарды зерделеу магистратура бағыттарының бірі – өзін-өзі дамытуды, оқу үдерісінде жаңа білімді өз қызығушылығымен игеруді, ішкі мәдениетін көтеруді, соның ішінде қарым-қатынас мәдениетін дамытуды, білім берудің жаңа жағдайында туындаған мәселелерді өзіндік саралай білу, тиімді жолын таба білу, зерттеу және басқару қызметтерін игеру, өзгермелі қоғамда жан-жақты болу үшін қажетті біліммен қамтамасыз ету болып табылады. Осыған орай, еліміздің қазіргі уақыттағы жоғары мектептерінде жаңа көзқарастағы оқытушыларға қажеттілік айтарлықтай сезіледі. Бір жағынан іргелі білім мен ақпарат ізденісінде жаңа әдістерге ие оқытушылар қажет болса, екінші жағынан жоғары оқу орындары ғылым мен білім беру ортасында болатын өзгерістерге тез бейімделе алатын, білімді жай бере салмай, жаңа оқу пәндерін енгізе және құра отырып, оқу үдерісін жобалауға бағытталған оқу мақсатында ғылыми ақпаратты ұсына алудың қазіргі заманғы тәсілдерін пайдалана алатын қабілетті оқытушыларды қажет етеді.

Магистранттардың даярлығына қойылатын талаптар мен деңгейлеріне тоқтала кетейік.

Нормативтік құжаттар магистр дәрежесін (білктілігін) алған бітіруші ғылыми-зерттеушілік, ғылыми-әдістемелік және ұйымдастыру-басқару

міндеттерін шешуге қажетті көлемде жалпы теориялық пәндердің негіздерін; білім беру және педагогикалық ғылымды дамытудың негізгі бағыттары мен перспективаларын; еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы қорғаныс ережелері мен нормаларын білуі қажеттігін белгілейді.

Педагогика магистрі дәрежесін (біліктілігін) алған бітіруші ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметке дайын болуы қажет, білімнің пәндік саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарына бағытталған білім беру және зерттеу міндеттерін шеше алуы; алынған эксперименталды мәліметтерді жинақтаудың, өңдеу мен талдаудың қазіргі заманғы технологияларын пайдалануы; психологиялық-педагогикалық білім беру саласында қолданылатын зерттеудің қазіргі заманғы әдістерін игеруі және орта кәсіби және жоғары оқу орындарын қоса алғанда оқу орындарының барлық түрлерінде оқыту үдерісінің нәтижелерін талдауды; оқыту тәжірибесінде оқу пәндерінің жаңа мазмұнын жобалайды және іске асырады; білімділік деңгейіне диагностика жасайды. Бітіруші түлектің әрекеті білім беру, ғылыми-зерттеу мекемелерінде, отбасыларда, мәдениет және тұрмыс салаларында, сонымен қатар әлеуметтік оңалту, әлеуметтік көмек пен қорғау мекемелерінде оқу-тәрбие үдерісіне қатысушыларға психологиялық көмек көрсету арқылы білім беру жүйесін психологиялық қамтамасыз етуге бағытталған [209].

«Педагогика-психология» бағыты бойынша магистрлер ғылыми-зерттеу; оқытушылық; түзету-дамыту; кеңес беру; мәдени-ағарту; ұйымдастыру-тәрбиелеу; әлеуметтік-педагогикалық біліктіліктерінің деңгейіне сәйкес кәсіби қызметін орындауға дайындалады. Олар білімнің пәндік саласына да кәсіби қызмет саласына да бағытталған білім беру және зерттеу міндеттерін шешуі қажет. Елімізде құрылған магистрлік даярлықтың үлгісі бір жағынан шетелде бар үлгілерге бағытталса, екінші жағынан жоғары кәсіби білім берудің мақсаты мен міндеттері түсінігіндегі ұлттық дәстүрді көрсетеді.

Н.Л.Стефанова, Н.Л. Шубина жоғары педагогикалық білім беру жүйесіндегі магистратура тиісті бағыттар бойынша білім беру саласында магистрлер даярлайтынын негіздейді, магистратура қазіргі заманғы білім беру және ақпараттық технологияларды пайдалануда оқытудың жоғары ғылыми мазмұнына болжам жасайтынын айта келе, бұл өз кезегінде магистратураны бітірушінің өз кәсібилігі мен біліктілігін жетілдіру бойынша міндеттерді шешуге әзірлігінің деңгейін тексеруді жобалайды. Осылайша бір жағынан алуан түрлілік, екінші жағынан қоғамның маманға қоятын талаптарының қарама-қайшылығы болатындығын қазіргі заманғы жағдаят анықтап берді. Кез келген саладағы маманның басты қасиеттерінің бірі кәсібилік болып табылады. Бұл үнемі жетілдіріп отыруды талап ететін қасиет. Бұл мағынада білім кәсібиліктің қажетті деңгейін қамтамасыз етеді, ал білім берудің үздіксіздігі идеясы маманның әлеуметтік және кәсіби жүзеге асуы деңгейіне талапты айтарлықтай өзгертті [210].

Ш.Майгелдиева өзінің зерттеулерінде қазіргі заманғы мамандардың білімін анықтайтын қасиет құзыреттілік деп таниды. Гуманитарлық теорияда құзыреттілік ұғымы адамның міндетті шеше алу және өзінің тиімділігіне көз

жеткізу негізінде өмірлік проблемаларды жеңіп шығу қабілеті; нақты пәндік салада нақты әрекеттерді тиімді орындауға қажетті жетістіктер мотивацияларына негізделген өзіндік қабілеттілік; кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін қажетті білім ұсынылған біліктіліктер сипаттамасы; оқытудың арқасында жинақталған білімге, тәжірибеге, құндылықтарға, бейімділіктерге негізделген жалпы қабілеттілік; маманның білімін, кәсіби және өмірлік тәжірибесін, құндылықтары мен бейімділіктерін пайдалана отырып кәсіби қызметтің нақты жағдайларында туындайтын кәсіби проблемалар мен типтік кәсіби міндеттерді шешу қабілетін белгілейтін интегралды сипаттама. Құзыреттілік әрдайым қызмет барысында көрінеді, ол осы шақта жүзеге асып, болашаққа бағытталады [211]. Автордың көзқарасы бойынша магистранттардың *өзіндік жұмыстарды орындаудағы өзіндік қабілеттілігі, бірнеше біліктілік сипаттамалары, жалпы қабілеттіліктері, кәсіби міндеттерді шешу қабілеттілігінің интегралдылығы* және т.б. сипаттамалары магистранттардың өзіндік жұмыстары негізіндегі кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың шарттарын анықтауда маңызды болмақ.

Магистр даярлаудың ерекшелігі магистратурада магистрлерді белгілі бір кәсіби іс-әрекеттерді орындауға даярлаудың басым міндеттері болып табылатындығында. Сонымен қатар бұл жерде іс-әрекеттің кәсіби саласы – білім беру саласы ғана емес, маманның бұл саладағы белгілі бір қызметтері жайлы да айтылып отыр. Магистрлік даярлықтың барлық бағдарламалары айқын кәсіби мақсатқа ие. Мұндағы басты міндет дәрежесі бар маманды емес, біліктілігі бар маманды даярлау болып табылады. Сонымен қатар магистратура мамандардың көпдеңгейлі даярлығының бірі, бакалаврды даярлау бағдарламасының жалғасы ретінде қарастырылады. Кәсіби білім беру жүйесінде жалпыға бірдей дәстүрдің көрінісі ретінде магистратураны бітірушіге академиялық біліктілікті беруді атауға болады.

Т.В.Есенская, А.А.Булатбаева, Т.В.Тальникова жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде магистратура қызметі заңнамалық актілер мен нормативтік құжаттарға сәйкес бұл жүйедегі өзіне тән мәртебесіне қарай анықталатындығын көрсетті. Осылайша магистратура біріншіден, педагогикалық білім беретін жоғары оқу орындарының жүйесінде жоғары буын болып табылады; екіншіден, көпдеңгейлі жоғары кәсіби білім беру жүйесінде белгілі бір саты болып табылады. Магистратура жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде дербес буын ретінде қарастырылады, демек кез келген бағыттағы бакалавриат түлектері, жоғары педагогикалық білім берудің мамандандырылған даярлығының кез келген бағдарламасы бойынша конкурс негізінде магистратураға түсе алады. Магистратурадағы оқу ғылыми-зерттеу қызметіне айрықша бейімділігі мен қабілеттілігі айқындалған студенттердің оқуын жалғастыруы, докторантурада оқуы үшін даярлық кезеңі ретінде қарастырылады [212].

Мемлекеттік білім беру стандартын талдау жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистратура түрлі қызметтерді орындауға арналғандығын көрсетті. Біріншіден, магистратура білім беру функциясын орындайды, себебі

берілген бағдарлама аясында *кәсіби әрекеттердің белгілі бір түрлерін жүзеге асыру үшін қажетті білімді магистранттардың игеруін қамтамасыз етеді*. Екіншіден, **ғылыми-зерттеу қызметін атқарады**, себебі, нақты осы буында *белгілі бір пәндік сала мен кәсіби қызмет саласын қамтитын ғылыми білімнің зерттеу қызметіне бағытталған мақсатты оқыту жүзеге асырылады*. Үшіншіден, *магистратура кәсіби қызметті атқарады, себебі ол бітірушілерді іс-әрекеттің білгілі бір кәсіби түрлерін орындауға арналған*.

Зерттеушілер педагогикалық білім беру жүйесінде магистратураның мәні маман даярлаудан күтілетін нәтижеден көрінетіндігін айтады. Педагогикалық білім беру бағыты бойынша магистр даярлауда магистр тиісті білім саласында тереңдетілген іргелі және кәсіби даярлықты талап ететін ғылыми-зерттеуге және педагогикалық іс-әрекетке дайын болуы тиіс. Педагогикалық білім беру жүйесінде даярлық сипаты іргелілікпен, ғылыми-тәжірибелік бағыттылықпен және білім беру саласында кәсіби әрекеттің инновациялық түрлеріне бағыт алумен жүргізіледі. Мұндай стратегияны ескере отырып, магистранттарды даярлаудың білім беру бағдарламасын жобалау, мамандандыру, ғылыми-тәжірибелік бағыттылық, жеке-тұлғалық, икемділік және мобильдік ұстанымдарына негізделеді.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде болашақ магистрлерді даярлау И.Е.Куровтың пікірінше бір жағынан «Білім беру туралы» Заңның талаптарын, екінші жағынан жоғары кәсіби білім беру жүйесінде дербес буын ретінде магистратураның жаңа ұғымын көрсететін негізгі үлгілер арқылы жүзеге асады. И.Е.Куров ұсынған магистрлік даярлықты іске асыру үлгілерін қарастырмас бұрын магистрлік даярлық іске асырылатын шарттарды анықтап алу қажеттігі бар. Бұл аталған аймақ үшін кадрлар даярлау жөніндегі міндеттерге байланысты магистрлік даярлық бағдарламаларын іске асырудың ұлттық-аймақтық шарттары, яғни магистранттардың аймақ проблемаларымен айналысатын ғылыми-зерттеу орталықтарының, ғылыми-педагогикалық немесе ғылыми-зерттеу тәжірибесі базасы ретінде ұлттық мектептердің жұмыстарына қатысу мүмкіндігі болады [213].

Жоғары оқу орнының ғылыми-зерттеу қызметін жүргізуді көздеуі маңызды шарт болып табылады. Бұл магистратурада даярлаудың мақсаты ретінде, жаңа үлгідегі маман даярлау құралы ретінде студенттер таңдаған салада ғылыми-зерттеу қызметінің әдістері мен тәсілдерін меңгеруіне магистрлік бағдарламалардың барлығының жалпы бағыттылығымен байланысты. Бұл өз кезегінде білім беру үдерісіндегі ғылыми қызметтің рөлін күшейтуді; магистранттар мен оқытушылардың нақты ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға бірлесе қатысуын; магистранттардың шығармашылық ғылыми өсуі үшін жағдайды қамтамасыз етуді; магистранттардың ғылыми әрекетін ынталандыру және оларда ғылыми еңбекке тұрақты кәсіби қызығушылықты дамытуды; студенттердің оқу және ғылыми-зерттеу әрекетін біріктіруді; білім беру үдерісінің қарқындылығын арттыру және дараландыруды жоспарлайды. Басқа сөзбен айтқанда магистрлік даярлықты

жүзеге асыру педагогикалық жоғары оқу орнының білім беру ортасының толықтай өзгеруін талап етеді.

Осыған байланысты болашақ магистрлерді дайындауды жүзеге асыратын оқытушылардың ұстанымын қайта қарау талап етіледі. Оқытушылардың басым көпшілігі білім берудің түрлі салаларында білім беру міндеттерін біріктіру есебінен «толассыз» әрекет етуді қамтамасыз етуі қажет. Бұл жағынан оқытушы тиісті бағыт бойынша бакалавр және магистр даярлаудың кәсіби білім беру бағдарламаларын жақсы білуі және бағыттау алуы қажет. Оқытушының шектес ғылымнан білім ауқымы кең болғаны да маңызды, себебі магистрлік бағдарламалардың көбісі түрлі саланың мамандарын дайындауға бағытталған.

Педагогикалық білім беру жүйесінде магистрлік бағдарламаны іске асыру шартына бағыттала отырып, магистрлік дайындықты іске асырудың мынадай үлгілері ұсынылады. Дәстүрлі үлгі бакалаврды тиісті бағыты бойынша даярлау бағдарламасын (4 жыл) және магистрлерді арнайы даярлау бағдарламасын (2 жыл) қоса алатын бірыңғай білім беру бағдарламасын ұсынады.

Инновациялық үлгі тиісті бағыт бойынша бакалавр дайындаудың негізгі білім беру бағдарламасын есепке ала отырып құрылатын өз бетінше білім беру бағдарламасын (2 жыл) ұсынады. Бұндай бағдарламалар шеңберінде эксперттер, менеджерлер, ғылыми жетекшілер, білім саласы үшін әлеуметтанушылар әзірленеді.

Дәстүрлі кәсіби үлгі – дипломды маман қызметінің аясынан шығатын кәсіби әрекеттің аса шекті саласында жұмыс жасауға арналған жоғары білікті маманды даярлауға бағытталады. Бұл үлгінің негізінде жоғары кәсіби (педагогикалық) мектепте белгілі бір пәндер бойынша оқытушылық қызметті жүзеге асыруға арналған магистрлерді даярлаудың негізгі білім беру бағдарламасы құрылады.

И.С. Батракова, В.А. Козырева, В.С. Сенашенко, Н.Л. Стефанова, Н.Л.Шубинаның жұмыстарын талдау магистрлік бағдарлама түрлі ғылыми салаларда құрыла алатындығын көрсетті: **бір пәндік (монопәндік)** – ғылымның арнайы бөліп алған бір саласын зерделеуге бағытталған бағдарлама; **көппәндік (полипәндік)** – бағдарлама бірнеше дербес әдістемелік пәндер саласын зерделеу негізінде құрылады; пәнаралық – бағдарламаның мазмұны пәндік салаларды, біртұтас болып келетін шектес білімдерді біріктіру негізінде құрылады.

Білім беру үдерісі іске асырылып жатқан білім беру бағдарламаларына сәйкес ұйымдастырылады. Педагогикалық білім берудің көпдеңгейлі жүйесіне әрекет ету жағдайында әзірленген және іске асырылатын барлық деңгейдегі білім беру бағдарламалары екі құрамдас бөліктен тұрады: ғылыми-педагогикалық білім беру және кәсіби. Магистрлік бағдарламаларда ғылыми-зерттеушілік құрамдас бөлігі айтарлықтай орын алады.

Магистратурада білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру кезінде *келісушілік ұстанымы* ескеріледі, яғни тиісті бағыт бойынша бакалавр талаптарымен келісуге болашақ мамандар немесе магистрлерге талаптар қою жүйесін жүргізу; құрылым мен пәндер номенклатурасының көзқарасы бойынша

дайындық мазмұнын келісу; түрлі деңгейдегі қорытынды аттестацияның талаптары мен мазмұнымен келісу; магистратура бағдарламаларын жүзеге асыру барысында нұсқалылықты қамтамасыз ету қағидасы бакалавриаттың білім беру бағдарламасында бір бағыт немесе өзара жақын мамандықтар шеңберінде кәсіби дайындықтың әркелкі бағдарламаларын өтуге арналған жеткілікті базасының болуын білдіреді.

Еліміздегі аймақтық жағдайлар қағидасы оның барлық сатыларда қалыптасуының біртұтас стратегиясының бар екендігін, барлық деңгейлерде білім алушылардың тәжірибеден өтуі және зерттеу әрекетімен өзара байланысты бағдарламаларды қалыптастыруды, магистранттың таңдауы бойынша курстың сипатын анықтау мен келісуді көрсетеді.

Икемділік және ұтқырлық қағидасы аймақтық деңгейде туындайтын қажеттіліктерді есепке ала отырып, магистрлік бағдарламалар номенклатурасына өзгерістер енгізу мүмкіндіктерін іске асыруды білдіреді.

Магистратура бағдарламасының *ғылыми-педагогикалық бағыттылығы қағидасы* жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде оның мақсатты тағайындалуын анықтайды; магистратураның *тұлғалық бағдарлау қағидасы* оқушылардың жеке қабілеттерін дамыту және іске асыруға жағдайлар жасау, сонымен қатар ғалымдардың өз ғылыми-педагогикалық идеялары жүзеге асыру мүмкіндігі; *бағдарламалар мазмұнының нұсқалылық қағидасы* мамандандыру спектріне бағытталған бағдарламалар серияларын құрастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, магистрлерді пәнсіз мамандандырылған бағдарламасының негізгі білім беру бағдарламасында бір жағынан бағдарламаларды іске асыру үлгілерінің бірін (дәстүрлі, инновациялық, кәсіби) таңдау, екінші жағынан даярлық бағдарламасын құрудың басым қағидаларын анықтау маңызды деп табылады.

И.С.Батракова, Е.С.Заир-Бек, В.С.Сенашенко, Н.Ф.Радионованың құжаттары мен жұмыстарын талдау нәтижесі магистранттардың *ғылыми-зерттеу әрекеті оның сан алуан формаларында магистранттар даярлығының негізі* болып табылатындығын көрсетті. Бұл жерде зерттеушілік біліктілігі даярлықтың сапасын анықтайтын негізгі сипаттама болып тұр. Магистратураны бітіруші тандап алған бағыты бойынша тереңдетілген білімді игеріп қана қоймай, сонымен қатар өз бетінше жұмыс дағдысына ие болуы қажет. Сондықтан магистрлік даярлықтың негізгі білім беру бағдарламасын қарастыра отырып, оның құрамдас бөлігі – **магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын** өзіндік жұмыстар негізінде ұйымдастыруға нақтырақ тоқталу қажет [202,с. 47].

Н.В.Бордовская ғылыми-зерттеу әрекетін педагогикалық ғылым жетістіктері және ғылыми әдістерді қолдану нәтижесінде педагогикалық нақтылықты тану және түрлендіруге бағытталған педагог әрекеттерінің бір түрі ретінде анықтайды. Бұл әрекеттің нәтижесі ретінде жаңа педагогикалық білім мен тәжірибе жинақтау, *педагогтің әдіснамалық мәдениетін дамыту* болып табылады. Ғылыми-зерттеу әдісі жаңа білімді алу, ұйымдастыру, жұмыс жасату, өңдеу және тарату бойынша әрекеттің барлық сипаттарына ие үдеріс

ретінде белгіленеді, яғни ғылыми-зерттеу әрекеті ғылыми-зерттеу әрекетін ұйымдастырудың түрі ретінде қарастырылып, өзіне ғылыми-зерттеу жұмыстарын қоса алады. Ғылыми-зерттеу жұмысы магистранттардың өз бетінше **теориялық және тәжірибелік пайым жасай алу және қорытынды шығара алу қабілетін, ғылыми ақпаратқа объективті түрде баға беру алу, білім беру әрекетінде ғылыми ізденіс еркіндігі мен ғылыми білімін қолдануға құлшынысты дамытуға бағытталған зерттеу жұмыстарын жүргізуді** болжамдайды [214]. Бұл магистранттардың өзіндік жұмыстар негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтауда негіз болады. Сонымен қатар, магистранттардың өзіндік жұмыстар негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарты ең алдымен магистранттардың ғылыми-зерттеу әрекетіне өзіндік жұмысты үздіксіз жоспарлауды қамтамасыз ету деп алынады.

Ғылыми әдебиеттерде педагогикалық шарттарды күтілетін нәтижеге жетуді қанағаттандыратын қажетті сыртқы талаптардың жиынтығы деп түсіндіреді. Біздің зерттеуімізде мұндай күтілетін педагогикалық нәтиже жоғары оқу орны оқу-тәрбие үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін тиімді қалыптастыру болып табылады.

Педагогикалық шарттарды іріктеуде тиімділік пен қолайлылықтың өлшемдері болашақ маманның өзінің кәсіби қызметінің басынан бастап педагогикалық тұрғыдан сауатты және тиімді еңбек етуді меңгергендігін көрсететін кәсіби құзыреттілік сапасы болатын соңғы нәтиже болып табылады. Мұндайда бейімделу мерзімі неғұрлым аз болуы керек.

Магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді педагогикалық шарттарын айқындау үшін «Педагогика және психология», мамандығы бойынша жоғары кәсіби білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты, жұмыстық оқу жоспарлары, типтік және жұмыстық бағдарламалар, жоғары оқу орнындағы оқу үдерісі және оның мәселені шешудегі мүмкіндіктері талданды. Алынған талдау нәтижелері олардың мазмұны магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға толық мүмкіндік бермейтінін көрсетті.

Анықталған кемшіліктерді негізге ала отырып, магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын былайша айқындадық:

1) оқыту процесінде өзіндік жұмыстарды орындау үшін қажетті білімді меңгерту;

2) оқыту процесінде тұжырымдалған ережені өзіндік жұмыстарды орындау барысында пайдалануға үйрету;

- өзіндік жұмыстар негізінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға арналған тапсырмалар жүйесін ұсыну;

- өзіндік тапсырмалар түрлерінің (жеке, жұптық, топтық) басым мәнге ие болуын қамтамасыз ету;

- өзіндік жұмыстарды орындау барысында кәсіби құзыреттілікпен ақпараттарды іздестіре білуге баулу;

- өзіндік тапсырмалардың мазмұнына қарай орындау жолдарын меңгерту;

- танымдық міндеттерді шешу барысында өзіндік жұмыстарды орындау нәтижесін болжай білу;

3) магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға арналған «Өзіндік жұмыстар арқылы тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» элективті курсы;

4) Оқу үдерісін оқытудың белсенді әдістері мен технологиялары негізінде ұйымдастыру;

5) Кафедра ұжымының және профессор-оқытушылар құрамының магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы мақсатты бағыттылығы және келісімі.

Магистранттардың өзіндік жұмыстар негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың шарты – магистранттардың ғылыми-зерттеу әрекетіне өзіндік жұмысты үздіксіз жоспарлауды қамтамасыз ету болып анықталды. Бұл педагогикалық шартты жүзеге асыруда өзіндік жұмыстың түрлерін қисынды түрде қиындатып отыру, өз бетінше жұмыс түрлерінің кәсіби міндеттерге сәйкестендіріп ұсыну, өз бетінше жұмыс жасауы, өзіндік жұмысты басқару, оның жүру барысы мен нәтижелерін бағалау, бақылау әдістері пайдаланылады.

Бұл ретте өзіндік жұмыстарды үздіксіз жоспарлау шарты кең көлемдегі теориялық және тәжірибелік білімнің толықтығын, жиналуын талап етеді. Өйткені тәжірибе жинақтау негізгі білім беру бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады, магистрлердің мамандандырылған дайындығы бағдарламасының ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық, ғылыми-зерттеу кәсіби әрекетін тиімді жүзеге асыруда тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді.

Тәжірибе жинақтау барысында магистранттар бір жағынан теориялық оқу үдерісінде алынған білімді қолдану, ғылыми-педагогикалық кәсіби әрекетте туындайтын түрлі тәжірибелік тапсырмаларды шешу үшін жағдайлар жасалады, екінші жағынан бұл әрекеттің негізгі құрамдас бөліктерін игеруге мүмкіндіктер туындайды.

Ғылыми-зерттеу тәжірибесі ғылыми әрекеттің әдістері мен тәсілдерін тәжірибелік игерудің маңызды буыны болып табылады. Ол білім беру мекемелерінде, жоғары оқу орындарының немесе басқа да тиісті бағыттағы мекемелердің ғылыми-оқу жыне ғылыми бөлімшелерінде жүргізіледі. Жоғары оқу орындарында оқу орнының құрылымына кіретін кафедра, ғылыми-зерттеу институттары мен дәрісханалары болуы мүмкін. Жоғары оқу орнынан тыс жерде бұл ғылыми-зерттеу институты, ғылыми-өндірістік орталықтар, ғылыми-білім беру институттары бола алады.

Ғылыми-педагогикалық тәжірибе мамандандырылған мектептердің, мектеп-гимназиялардың, лицейлердің, орта арнаулы және жоғары (педагогикалық) оқу орындарында жүргізіледі. Практика барысында магистранттар оқушылардың тобымен білім беру әрекетін жоспарлайды және

жоспарды іске асырады, бейіндік пәндердің бірін оқыту үдерісінің аяқталған бөлігін көрсететін сабақтар жүйесін әзірлейді және өткізеді. Сонымен қатар бұл жерде қазіргі заманғы технологиялар мен оқытудың әдістерін игеруі көрсетіледі. Ғылыми-педагогикалық тәжірибе магистранттардың білім беру үдерісінің жекелеген компоненттерін жобалауды, оқытудың әдістемелік жүйесінің жекелеген элементтерін сараптуды, білім беру жүйесін дамытудың мейлінше өзекті проблемалары бойынша әріптестеріне кеңес беруді және т.б. қоса алатын білім беру үдерісінің тұтастығын жүзеге асыру тәжірибесіне ие болуына бағытталады.

Тәжірибе барысында магистранттар білім беру саласында жүзеге асырылатын кәсіби әрекеттің мейлінше кең спектріне араласады. Бұл тек оқытушылық қана емес, сонымен қатар зерттеушілік (ғылыми-педагогикалық), жобалау, кеңес беру, сараптау және т.б. қызмет түрлері. Магистрлік даярлықтың проблемасы жөніндегі әдебиеттерге теориялық талдау жасау магистратурадағы білім алушылардың әрекетінің сипаты бакалавриаттан ерекшеленеді: бұл жерде өз бетінше жұмыс жасау үлесі жоғарылайды және оқытудың технологиясын таңдау еркіндігі жоғарылайды. Мазмұнды игерудің бұндай сипаты рефлексия дағдыларының қалыптасуына жол береді. Магистрлік даярлықтың ерекшелігін сипаттайтын магистранттардың өз бетінше жұмысы болып табылады, өйткені 50 пайыз оқу уақытын құрайтын бакалавриатқа қарағанда магистратурада ол 80 пайызды құрайды. Көпдеңгейлі білім беру жүйесінде өз бетінше жұмысты ұйымдастыруға мұндай амал оқыту үдерісін ұйымдастырудың әдістері мен түрлерін, оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді, ағымдағы, аралық және қорытынды аттестацияны ұйымдастыруды өзгертуді болжамдайды [215].

Магистранттардың кәсіби құзыреттілігінің бір құрамдасы *зерттеушілікті* маманның ғылыми-зерттеу сипатындағы әрекеттің құралдары арқылы білім беру проблемаларын шешуге қажетті **тұлғалық қасиеті** ретінде анықтайды. Бұл әрекет көппәндік екендігін ескерсек, оның ақпараттық базасы білім беру жүйесін зерттейтін ғылым құрылымы, ал маман әрекетінің сипаттамасы ғылыми-педагогикалық әрекеттің құрылымы секілді. Білім беру тәжірибесінің проблемаларын шешу бойынша ғылыми-зерттеу әрекеті білім беруді дамыту проблемаларын шешу кезінде ажыратылатын түрлі объектілер мен заттарға қатысты педагогикалық шынайылықтың жаңа білімін алуға мүмкіндік беретін міндеттерді шешу үдерісін көрсетеді. Сол кезде біліктілік қажетті білімдердің болуын, іскерліктің қалыптасуын, білім берудің шынайы ортасында міндеттерді шешу бойынша өзіндік қажеттілік ретінде құрылымдалған өзі жайлы объективті көзқарасы болуын, сонымен қатар жеке және ұжымдық сипаттағы зерттеулер жүргізу, талқылаулар жасау және олардың нәтижелерін ұсыну үшін қажетті **жеке тұлғалық қасиеттердің жиынтығын** қосып алады [58, б. 46].

Ю.В.Соляниковтың ғылыми еңбектерінде магистрлердің зерттеушілік біліктілігі *негізгі, базалық және арнайы* біліктіліктің бірігуі түрінде қарастырылады. Бұл ретте негізгі біліктілік жоғары білікті маманның кез келген кәсіби әрекеті үшін өзгермейді, базалық даярлықтың бағытына қарай өзгереді және ғылыми-зерттеушілік бағытымен нақты кәсіби әрекетке даярлықты қоса

алады. Магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың бір бөлігі магистрлік диссертация бойынша жұмыс жасау үдерісінде жүргізіледі, оның варианттылығы зерттеу саласы мен магистрлік даярлықтың ғылыми бағытымен, магистранттың педагогикалық университеттің қандай да бір ғылыми мектебіне жататындығымен анықталады [216]. Ғалым Ю.В.Соляниковтің сараптамалық бағасының көмегімен зерттеушілік құзыреттілігінің қалыптасу белгілері айқындалды. Бұл **мотивациялық**, яғни *ғылыми-зерттеушілік әрекетке белсенді қосылу, айтарлықтай ғылыми нәтижелерге қол жеткізуге талпыну*, **когнитивті** пәндік білімнің болуы, материалды түсіну, оны өңдеуге қабілеттілік, **операциялық-әрекеттік** кәсіби міндеттерді шешу барысында педагогикалық білімді қолдану және **рефлексивті** бірлескен жұмысқа өздік қатысуының құндылығын дәлме-дәл бағалау компоненттердің зерттеушілік әрекет құрылымындағы өзара іс-қимылы деп түсініріледі [217]. Автордың пікірінен белгілі болғаны, аталған барлық компоненттер өзара байланысты және өзара шартты деп айтамыз.

Мемлекеттік білім беру стандартын, оқыту бағдарламаларын, оқу-әдістемелік әдебиеттерді талдау нәтижесі магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру ғылыми-педагогикалық және ғылыми-зерттеу тәжірибесін; магистрлік диссертация дайындауды; магистранттардың әр семестрдегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетіндігін көрсетіп отыр. Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың негізгі ұстанымы оның кешенділігін, яғни ғылыми зерттеулерді меңгерудің бірізділігі және оны орындау әдістерін, техникаларын пайдалану, олардың нәтижелерін іске асыруды, оқыту курстары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының сабақтастығын, магистранттар қатысатын ғылыми шығармашылық жұмыстардың әдістерін, түрлері мен формаларын күрделендірудің қисындылығын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл өз кезегінде магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндіктер береді.

А.Э. Ишкова зерттеушілікті дамытуға бағытталған білім беру үдерісінде келесі іс-шараларды ескеріп, ұйымдастыруды ұсынады [218]:

- зерттеудің мазмұнды саласындағы бастапқы білім, білік дағдылардың диагностикасы;
 - білім алушыларды өзіндік оқу-зерттеу іс-әрекетіне ынталандыру;
 - теориялық және тәжірибелік бағыттардан тұратын білім алушылардың оқу-зерттеу қызметін ұйымдастыру;
 - білім алушыларды ғылыми-практикалық конференцияларға дайындау және қатыстыру;
 - білім алушылардың жобалық және өзге де ғылыми жұмыстарды орындауын қамтамасыз ету [218,с. 43].
- Автордың пайымдауы бойынша қорытынды шығарсақ, магистранттардың кәсіби құзыреттілігінің бір құрамдасы зерттеушілік болғандықтан келесі анықталатын педагогикалық шарттарда аса мән беруді алға шығарады.

Осылайша, магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда өзіндік білім алудың мүмкіндігін арттыру және магистранттарды зерттеушілік

қызметтерге тартуға жағдай жасау үдерістің маңызды тұсы. Ол үшін магистранттардың өз бетінше ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық қызметтердің дағдыларын игеруін, кәсіби проблемаларды өзіндік көре алуы және оларды шешудің мейлінше дәлме-дәл әдістерін өз көзқарасымен өз бетінше жұмыс жасай алу тәсілдерін игеруін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, біз анықтаған педагогикалық шарттардың жүзеге асуы өзіндік жұмыстар негізінде магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесін дайындап, оның мазмұнын іске қосуда маңызды болады (кесте 5).

Кесте 5 - Өзіндік жұмыстар негізінде магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын жүзеге асырудың жолдары

Педагогикалық үдеріс	Жүзеге асыру жолдары	Негізгі нәтиже
Магистранттардың ғылыми-зерттеу әрекетіне өзіндік жұмысты үздіксіз жоспарлауды қамтамасыз ету	Өзіндік жұмыстың түрлерін қисынды түрде қиындатып отыру, өз бетінше жұмыс түрлерінің кәсіби міндеттерге сәйкестендіріп ұсыну, өз бетінше жұмыс жасауы мен өзіндік жұмысты басқару, оның жүру барысы мен нәтижелерін бағалау, бақылау.	Магистранттардың өзіндік жұмыстарды орындау негізінде олардың өзіндік білімнің диалектикалық құбылыстарын түсінуі, өзіндік қабілеттердің орындалуы және т.б.
Өзіндік білім алудың мүмкіндігін арттыру және магистранттарды зерттеушілік қызметтерге тартуға жағдай жасау	Өзіндік ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық қызметтердің дағдыларын игеруі, кәсіби проблемаларды өзіндік көре алуы және оларды шешудің мейлінше дәлме-дәл әдістерін өз көзқарасымен өз бетінше жұмыс жасай алу.	Магистранттардың өзіндік білімге менторлық жасауы, ғылыми жұмыстардың өзіндік тапсырмаларында зерттеушілікке баулуда жағдайлар жасау немесе арнайы әдістеменің дайындалып жүзеге асуы.

Өзіндік білім алудың мүмкіндігін арттыру және магистранттарды зерттеушілік қызметтерге тартуға жағдай жасауда ақпаратты жинақтаудың, өңдеу мен талдаудың қазіргі заманғы технологияларын, білімнің таңдау жасалған бөлігінде зерттеудің қазіргі заманғы әдістерін игеруі; жоғары оқу орындарында, түрлі оқу орындарында оқыту үдерістерін құрастыруы және іске асыруы; оқушылардың сан алуан санаттарымен жұмыс жасағанда түзету немесе дамыту қызметін жүзеге асыруы қажет.

Зерттеушілер қазіргі заманғы қоғамға жоғары деңгейлі кәсібилік, құзыреттілік пен бәсекеге қабілеттілікке ие маман қажеттігін айтады. Қазіргі заманғы білім беру бәсекеге қарсы тұра алуға әзірлікті қамтамасыз етуі қажет. Жас мамандарға қоғамда қойылатын қатаң талаптар көбіне білім беру парадигмаларының ауысуына, білім берудегі адамгершілік императивтерінің өзгеруіне негізделді. Жеке тұлғалық мотивация қоғамның әлеуметтік тапсырысын үнемі толықтырып және нақтылап отыруды көздейді.

Магистрлерді кәсіби даярлаудың нәтижесін «кәсіби құзыреттілік» ұғымының көмегімен суреттеуге болады. Бүгінгі күні зерттеушілер кәсіби құзыреттілікті басты, негізгі және арнайы құзыреттілік ретінде анықтайды.

Басты құзыреттілік кез келген кәсіби қызмет үшін қажет, олар тұлғаның өзгермелі әлемдегі табысымен байланысты. Бүгінгі күні олар айтарлықтай маңыздылыққа ие және ақпарат пен коммуникацияны пайдалану негізінде, оның ішінде шетел тілінде, азаматтық қоғамда жеке тұлғаның әлеуметтік-құқықтық негізінде кәсіби міндеттерді шешуде көрінеді.

Кәсіби құзыреттілік белгілі бір кәсіби әрекеттегі ерекшелікті көрсетеді. Кәсіби құзыреттіліктер кәсіби қызмет саласының нақты пәндік немесе пәнаралық саласының ерекшелігін көрсетеді. Бұны оқу пәні саласында, кәсіби әрекеттің нақты саласында басты және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру деп қарастыруға болады. Құзыреттіліктің осы үш түрі де өзара байланысты және бір уақытта дамып отырады. Бұл педагогикалық қызметтің жеке дара стилін қалыптастырады, маманның тұтас образын жасайды, ақырында маманның білгілі бір тұтастық ретінде, біріктірілген тұлғалық сипаттама ретінде кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуын қамтамасыз етеді. Басты, негізгі және арнайы құзыреттіліктер белгілі бір білім кеңістігін пайдалана отырып түрлі контекстерде күрделілік деңгейі түрлі өмірлік маңызды кәсіби міндеттерді шешу үдерісінде бір-бірімен өзара іс-қимыл жасай отырып көрініс табады [147, с. 89].

Құзыреттілік тәсілдеме қисынында кәсіби даярлықтың мазмұн бірлігі кәсіби міндет болып табылады. Кәсіби міндеттердің жиынтығы кәсіби даярлық мазмұнының өзегін құрайды, ал кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу кезеңдері мазмұн өрсінің қисынын анықтайды. Аталған ережелер өз кезегінде мазмұнды іріктеу ұстанымын, пәндердің оқу жоспарларының өзара іс-қимылы қисынын, оларды игертудің бірізділігін анықтайды.

Осылайша педагогика магистрінің құзыреттілігі магистрлердің даярлануы қажетті кәсіби-педагогикалық міндеттерді шешуін айқындайды.

Басты құзыреттіліктер: басқа адамдармен тіл табыса алуы; басқа адамдармен командада жұмыс жасай алуға әзірлігі; шетел тілдерінде оқып, жаза алуы; кәсіптік міндеттерді шешу үшін ақпараттық технологияларды пайдалана алуы; құқықтық ақпаратпен жұмыс жасай алуы; проблеманы танып, түсіне алуы, баламаларды ұсына алуы, оны шешу үшін ақпараттар мен құралдарды таңдай алуы; талдау және сын жасау арқылы пайымдай, ойлай алуы; өз бетінше шешімдер қабылдай алуға және оны өз жауапкершілігіне ала білуге әзірлігі; өз білімі мен әрекеттерін жетілдіре білуіне әзірлігі; өз қимылдары мен құзыреттіліктерін бағалай алуы.

Кәсіби құзыреттіліктер: білім беру саласында қолданылатын зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін игеруі және оларды нақты зерттеулерге түрлендіре алу қабілеттілігі; зерттеудің қазіргі заманғы әдістерін пайдалануға және алынған нәтижелерді өңдеуге әзірлігі; оқу пәндерінің жаңа мазмұнын тәжірибеде жобалай алуға және іске асыруға әзірлігі; ғылыми-әдістемелік жұмыстардың негіздерін игеруі; білім беру үдерісінде қолайлы психологиялық

жағдай жасау жолдарын білуі; уақытша немесе тұрақты жұмыс жасайтын зерттеу топтарымен жұмысты ұйымдастыруға және қатысуға және өз бетінше зерттеу жұмыстарын жүргізуге әзірлігі; қазіргі заманғы ақпарат жүйелерін пайдалана отырып зерттеу жұмыстарын жүргізуге әзірлігі; білім беруді дамыту міндеттерін шешуге бағытталған әлеуметтік-мәдени тәжірибенің түрлі формаларында атқарылған жұмыстардың қорытындысын ұсынуға әзірлігі; кәсіби-бағыттаушы тілдерді игеруі.

Сонымен жалпы алғанда, біз ұсынып отырған педагогикалық шарттарды жүзеге асыруда магистранттардағы кәсіби құзыреттіліктер: жоғары білім беру теориясы мен тәжірибесін дамытуға арналған маңызды білімдерді қабылдау және өзекті ғылыми проблемаларды әзірлеуге қабілеттілік; жоғары білім беру теориясын игеруі; зерттеудің қазіргі заманғы әдіснамалары мен әдістерін игеруі, оларды жоғары білім беру саласында зерттеу мақсатында модификациялауға қабілеттілік; жоғары мектепті модернизациялау есебінде оқу пәндері мен білім үдерістерінің мазмұны тәжірибесінде жобалау және іске асыруға қабілеттілік; жоғары мектептің проблемалары бойынша материалдарға сын-пікір мен талдау жасай алуға қабілеттілік; жоғары мектептің проблемалары жөніндегі өзінің ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін есеп, реферат, мақала, баяндама, интернет-жарияланым, ғылыми хабарлама түрінде ұсына алуы болып табылады. Біз бұл аталғандар жөнінде 3.2 тараушасында толығырақ мазмұндайтын боламыз.

2.3 Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Мұндағы педагогикалық үдерісті жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың кәсіби құзыреттілігі өзіндік кәсіби деңгейімен, өмірден алған тәжірибесімен және өз кәсібіне деген жан-жақты қабілеттіліктерімен, шығармашылық ойларымен, ғылыми-зерттеушілік ерекшеліктерімен, сондай-ақ өз ісіне деген жауапкершілік қатынасымен анықталады. Бұл ретте магистранттардың кәсіби құзыреттілігі қалыптасуының нәтижесіне жетудегі арнайы құрылымдаулар мен мазмұндық сипаттың жолға қойылуы, оған сәйкес компоненттер мен өлшемдердің айқындалуына мүмкіндік туындап, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды құрылымдық-мазмұндық сипатта модельдеудің қажеттілігі артады.

Модельдеу – кезеңдер (педагогикалық) бойынша орындалатын иерархиялық үдеріс. Мұндағы модельдеу әдісі – бұл психологиялық-педагогикалық құбылыстардың тұжырымдамалық көрінісі ретінде модельді дайындау. Әдетте модель қарастырылып отырған құбылыстың кейбір аспектілерін зерттеудің жиынтығын сипаттайды, талдайды, жүйелейді және графикалайды. Ғылыми жұмыстардағы модельдеулердің арасындағы айырмашылықтар олардың құрамдас бөліктерінің қарапайым атауында ғана болмайтындығы анық. Модельді дайындау үдерісінде ең басты элемент *субъект (магистранттар), яғни зерттелуші*, екіншісі *зерттеу нысаны* (оқыту

нысаны, бұл жерде өзіндік жұмыстар негізіндегі магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі) болса, соңғысын *таным субъектілері* (оқытушы, ғылыми жетекші, қоршаған сыртқы факторлар т.б.) деуге болады, өйткені бұлар модельдегі элементтердің қатынастарын анықтайтын немесе жүйелеп көрсететін субъектілер болып саналады [215,с. 56].

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде «модель» ұғымына берілген тұжырымдар:

- **біріншілер:** *«зерттеудің өзара қатынастарын бейнелейтін ойша ұсынылған немесе материалдық тұрғыдан жүзеге асырылған жүйе»*([Г.В. Суходольский [219], Н.В. Куликова [220] және т.б.);

- **екіншілер:** *«модельді зерттеу осы объект туралы жаңа ақпарат алуға мүмкіндік береді»* (И. П. Подласый [221] және т.б.);

- **үшіншілер:** *«құбылыстардың, субъектілердің ең маңызды белгілерін, қасиеттері мен қатынастарын көрсету»* (В.П. Бедерханова [222], Б.П. Бондарев [223] және т.б.);

- **төртіншілер:** *«пәндік әлемнің үдерістері, яғни элементтерді, объектілерді және зерттеу пәнінің функциялары мен тараптарын біріктіру»* (В.А. Штоф [224], В.В. Выготский [181,с. 78] және т.б.) деп бірнеше топтарға бөлінеді.


Талдаулардан байқап отырғанымыздай, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі зерттеу міндеттерін шешудегі қойылатын ғылыми болжамды қабылдауды, дәлелдеуді қамтиды. Мұнда модельдеу әдісіне байланысты бірнеше талаптарды ескеру қажеттігі бар. Атап айтсақ, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың моделін дайындаудың өзі қоғам сұранысынан туындап, тұжырымдамалық негізделуі және зерттеудегі негізгі құрал өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру болса, сол арқылы кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудағы теориялық-ұғымдық аппараттың қажетті деп танылған атрибуттарын жүйелеу, әдіснамалық база, соған сәйкес анықталған компоненттер, оны қамтамасыздандыра алатын өлшемдер, арнайы түзілген көрсеткіштердің толық қызмет ете алуы, жоғары, орта және төмен деңгейлердің нақты айқындалуы, сонымен қатар магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік кешенін жүзеге асырудың кезеңдері (формалары, әдіс-тәсілдері, құралдары, ресурстары т.б.) жүйелі графикаланып, нәтижесі беріледі. Жалпы алғанда, модель зерттеушінің тәуелсіз зерттеу шеңбері ретінде әрекет етеді. Алайда, ескеретін жайт, модельді дайындау үшін зерттеушіге (ғылыми болжамға сәйкес) ойша абстракциялар қажет болатындығы белгілі.

Біз, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындауда **мотивациялық-құндылықты, танымдық-әрекеттік және рефлексиялық-бағалаушылық** компоненттерін айқындадық.

Осы орайда компонентке сай өлшемдер мен көрсеткіштер түзілді. Ендеше, әр компоненттің, өлшем мен көрсеткіштердің мәнін сипаттауды ұсынамыз.

Мотив – біздің айналамызда, ішкі жан дүниеміздегіні хабарлап отыратын психикалық үдеріс [164,с. 112]. Осы үдеріс арқылы ортаны бағдарлап, яғни мотивтендіру үдерісінде мәселедегі қызығушылықтың, ықыластың, талпыныстың, ұмтылыстың, мақсаткерліктің және ішкі интуицияның орындалуына тұлғаны белгілі бір мақсатты түрде әрекет етуге итермелейтін ішкі және сыртқы қозғаушы күштердің жиынтығын құрайды, сондай-ақ өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру арқылы кәсібилікке жету үшін өзін немесе басқаларды әрекетке шақыру үдерісі, бұл өз кезегінде *мотивация* болып табылады. Мотивация екі мағынаға ие: *біріншіден*, бұл адамның мінез-құлқына әсер ететін факторлар жүйесі, яғни тұлғадағы қажеттіліктер, мотивтер, мақсаттар, ниеттер т.б. болса, ал *екіншіден*, белгілі бір деңгейде белсенділігін ынталандыратын және қызығушылығын, талпынысын қолдайтын үдеріс деп танылады.

Біз, тұлғаның өзіндік жұмыстар негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда айқындалған мотивациялық-құндылықты компоненттің логикалық құрылымын, өлшемдері мен көрсеткіштерін талдауды ұсынамыз (сурет 5).



Сурет 5 - Мотивациялық-құндылықты компоненттің әрекеттік сипаты

Мотивациялық-құндылықты компонент жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың жеке педагогикалық тәжірибесін анықтай отырып, оларда білім алу барысында өзіндік жұмыстарды орындаудағы білімді, құндылық қатынастарды, мотивтерді, қажеттіліктерді, талпыныс пен белсенділіктерін біріктіретін және кәсіби-педагогикалық, зерттеушілік қасиеттерден құралатын кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуын реттейді. Мотивациялық-құндылықты компонент магистранттардың жоғары білімнен кейінгі кезеңдегі үздіксіз педагогикалық білімінің, ғылыми-зерттеушілік жұмыстарына қатынас жағдайын сипаттайды, ол педагогикалық қызметте (өзін-өзі қалыптастырған имиджі) және ондағы кәсібилік құзыреттіліктің мазмұнында жүзеге асырылады. Білім беру үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі – мемлекеттік білім беру стандарттарымен, білім бағдарламаларымен,

оқулықтарымен және оқу құралдарымен анықталған оқыту мазмұны сақталуы тиіс.

Мотивациялық-құндылықты компоненттің өлшемі *өзіндік жұмыстарды орындауға қызығушылықтың болуы және ғылыми-педагогикалық жетістіктер локусына жету тілегі* деп анықталды. Мұнда мотивациялықтың бірнеше түрі ашылады. Соның бірі **жетістіктер локусына** (бұл тұста локус – адамның ойлауы арқылы жетуге ниет еткен ішкі жетістіктер тізімі) **жету тілегі** (мотивациясы) – магистранттардың өзіндік жұмыстарды орындау, дайындау, ұйымдастыру негізіндегі жоғары қызығушылықтың туындауы кәсіби құзыреттіліктің ғылыми зерттеушілік және кәсіби шығармашылық құрамдастарын қалыптастыруда жоғары нәтижелерге қол жеткізу және барлық басқа да қажеттіліктерді (педагогикалық үдерісті кәсіби- шығармашылықпен ұйымдастыруы, ғылымға енуі, ғылыми зерттеушілікке ұмтылыс жасауы, нәтижені болжауы т.б.) есепке алу, сол тұрғыда өзін толыққанды іске асыруына ықпал жасау. Білім алушылардың өзіндік жұмыстарды жоғары деңгейде түсініп орындауы **өзін-өзі өзектендіру мотивациясының** іске қосылуына мүмкіндік береді, бұл магистранттың өзіндік жұмыстарды өз әлеуетін барынша толық іске асыру арқылы жүйелі орындау қажеттілігінен және өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігінен тұратын жеке мотивтер иерархиясындағы ең жоғары деңгей.

В.А. Адольф құзыреттілік мұғалімнің мәдени және білім беру міндеттерін шешудің және оның жеке басын өзін-өзі реттеудің шешуші алғышарты екенін дәлелдейді. Кәсіби құзыретті мұғалім өзара әрекеттесудің жоғары дамыған дағдыларына, білімді қажетті уақытта жұмылдыру және оларды іс-әрекетте, дамыған педагогикалық рефлексияда қолдану қабілеттеріне ие. Ол бірнеше компоненттерді қамтитын кәсіби құзыреттіліктің құрылымдық-мазмұндық моделін ұсынады. Автордың пікірінде, мотивациялық компонент мұғалімнің жеке басының ынталандыру күштерінің жүйесімен, белгілі бір қажеттіліктермен, талаптармен, ниеттермен, өмірлік жоспарлармен және ұсыныстармен анықталады, оның субъективті әлеуметтік-кәсіби ұстанымын сипаттайды [224, с. 54].

Мотивациялық-құндылықты компоненттің өлшемі магистранттардың субъективті тұрғыдан өзіндік жұмыстарды орындауда кәсіби құндылық бағдарларын алуға; оқытудың және ғылыми-зерттеушілік жұмыстарын жүргізудің оң уәждемесіне көшуіне; кәсіби маңызды жеке қасиеттердің қалыптасуына, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге; кәсіби білімді, іскерлікті, қызмет тәсілдерін қалыптастыруға ықпал етеді. Осыдан **мотивациялық-құндылықты компоненттің көрсеткіштері** былай деп түсініледі:

- ғылыми-педагогикалық, психологиялық құбылыстарға байланысты түрлі аспектілерді дамытуда (теориялық идеяларды жаңартуда, әдістемелерді ұсынуда, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде) *өзіндік жұмыстарды орындауға қызығушылығы;*

- білімнің синергия заңдылықтарын дамытушы және ғылым құбылыстарын (білім онтологиясы, білім логикасы, білім аксиологиясы, білім акмеологиясы,

білім этикасы, білім әдіснамасы) академиялық сипаттауға, *академиялық жазылымға ұмтылысы*;

- өзіндік жұмыстар негізінде кәсіби мамандық механизмдерін тәжірибемен, *ғылыммен ұштастыруға ынтасы*;

- кәсіби шығармашылық мүмкіндіктерін құндылық ретінде санауды *мақсат етуі*;

- өзіндік жұмыстарды орындау негізінде жана философиялық-тұжырымдамалық идеяларды туындатуға, диалектикалық ойларды терең *түсінуге ішкі интуициясы*.

Мотивациялық-құндылықты компоненттің өлшемі бойынша түзілген көрсеткіштердегі сапа қызметтері тұлғаның өзіндік жұмыстарды орындауға қызығушылық танытуы, ғылыми-педагогикалық бағытта білім алушы болып саналатындықтан ғылыми жұмыстарға деген ынтаның артуы, ғылыми-педагогикалық, шығармашылық жұмыстарда академиялық жазылымды түсініп, мамандықтың механизмдерін ғылыми тұрғыда байланыстыруға ынталануы, өзіндік жұмыстарды орындауда ішкі интуицияның жоғары болуы т.б. екені анықталды.

Біртұтас педагогикалық білімді қалыптастырудың мотиві оны игеру және оқыту жағдайында одан әрі педагогикалық қызмет үдерісінде қолдану қажеттілігін түсіну болып табылады.

Сонымен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың мотивациялық-құндылықты компоненті – білім алудың мотивациялық жүйесі. Білім алушының әлеуетінің негізінде жатқан барлық ынталандырушы күштердің жалпы (тұтас) ұйымы, оған қажеттіліктер, мотивтер, мүдделер, тартымдылықтар, сенімдер, мақсаттар, көзқарастар, стереотиптер, нормалар, құндылықтар және т. б. кіреді (кесте 6).

Кесте 6 - Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері

Компоненттер	Өлшемдер	Көрсеткіштері
1	2	3
Мотивациялық-құндылықты	Өзіндік жұмыстарды орындауға қызығушылықтың болуы және ғылыми-педагогикалық жетістіктер локусына жету тілегі	- ғылыми-педагогикалық, психологиялық құбылыстарға байланысты түрлі аспектілерді дамытуда (теориялық идеяларды жанартуда, әдістемелерді ұсынуда, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде) өзіндік жұмыстарды орындауға қызығушылығы; - білімнің синергия заңдылықтарын дамытушы және ғылым құбылыстарын (білім онтологиясы, білім логикасы, білім аксиологиясы, білім акмеологиясы, білім этикасы, білім әдіснамасы) академиялық сипаттауға, академиялық жазылымға ұмтылысы; - өзіндік жұмыстар негізінде кәсіби мамандық механизмдерін тәжірибемен, ғылыммен ұштастыруға ынтасы;

6 – кестенің жалғасы


1	2	3
		- кәсіби шығармашылық мүмкіндіктерін құндылық ретінде санауды мақсат етуі; - өзіндік жұмыстарды орындау негізінде жаңа философиялық-тұжырымдамалық идеяларды туындатуға, диалектикалық ойларды терең түсінуге ішкі интуициясы.
Танымдық-әрекеттік	Танымның ғылыми әдістері арқылы заңдылықтарды анықтауға бағытталған ғылыми-педагогикалық сипаттағы өздігінен іздену қызметі	-өзіндік жұмыстар арқылы ғылыми-зерттеу аймағы мен пәндік дамуда, жетілдіруде және тиімділігін арттыруда, модернизациялауда субъективті идеяларды жүзеге асыру білігі; - пәндік және ғылыми-зерттеу мәселелерін ғылыми-педагогикалық әрекеттік парадигмаға айналдыру шеберлігі; -өзіндік жұмыстар негізінде субмәдениетті және әдіснамалық мәдениетті түсініп, оны қайта жаңғырта алу қабілеті; - ғылыми зерттеу облысында әдістемелік нұсқаулар мен теориялық ережелердің локусын тұжырымдау білімі; - педагогика және психология саласындағы ғылыми әрекетті және оның ішкі компоненттерін синтездеу, академиялық сөйлеу мен жазылым тұрғысынан ғылыми стилі.
Рефлексиялық - бағалаушылық	Ғылыми-педагогикалық іс-әрекетті өздігінен ұйымдастыру, өзіндік жұмыстар негізінде ғылыми және кәсіби жетістікке жету логикасы	- педагогика және психология саласы бойынша IQ ойдың көптілігін, БББ-ның (мамандықтың) ішкі, сыртқы мүмкіндіктерін бақылауы; -өзіндік жұмыстарды орындау негізінде өз білімін прогрессивті модельдеуі; -өз білімінен ғылыми-педагогикалық нәтиже немесе өнім беруі; -кәсіби құзыреттіліктің ғылыми-тұжырымдамалық негіздерін бағалауы(кеңес беруі); - өзіндік жұмыстарды орындаудағы жоғары деңгейде дамыған ғылыми-зерттеушілік интуиция мен дәл есеп, нақты білім негізінде сәтті импровизациялауы.

Мотивтер, мақсат, операциялар іс-әрекет құрылымын қамтамасыз етушілер. Бұлар тек әрекет арқылы жүзеге асады. Ендеше біз, **танымдық-әрекеттік** компоненттің мазмұнын сипаттап, оның өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтайтын боламыз.

Танымдық-әрекеттік компоненттің негізгі белгісі – пәндік білімнің мазмұны мен ғылыми ізденушіліктің мүмкіндіктерін іске асыру екені анық. Сонымен қатар педагогика-психология бойынша білім беру бағдарламаларын оқытуда пәндік білімдерді кәсіби тұрғыда жетілдіру мен ғылыми-зерттеу жұмыстарына машықтануы бойынша үнемі динамикалық жағдайдағы қоғамдық

қозғалыс болып саналады. Танымдық-әрекеттік компоненттегі өлшемдер мен көрсеткіштерге сай құрылатын әрекеттер белгілі бір нәтижеге бағытталады.


Танымдық-әрекеттік компонент бойынша психологияда ақыл операцияларының екі түрі орындалуы міндетті. Олар – теориялық және практикалық ақыл. Психологиялық ақыл түрлері магистранттардың тума негізінде қаланған болса, тәжірибеде кәсіби жолдарда құзыреттілік, жауапкершілік, тәуелсіздік даму, адалдық, ұйымдастырушылық, кәсіби және ғылыми әрекеттерде таным арқылы моно, диада, триада қарым-қатынастары – білім алушының маңызды сапалары [145,с. 56]. Бұл сапалар көбінесе өзіндік жұмыстар негізіндегі үдерісте қалыптасады. Магистранттарды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету арқылы өзіндік шығармашылық белсенділігін өзектендіру ортасы құрылады, өзін-өзі оқыту қажеттілігі туындайды. Осы ретте оқытушының және ғылыми жетекшінің білім алушыны тәрбиелеудегі рөлі жоғары болмақ. Тиісінше, магистранттардың өзіндік жұмыстарды тиянақты орындауы, оған жауапкершілігінің артуы оның өз бетінше ғылыми ізденіс жасауға машықтануына, кәсіби шығармашылық әлеуетінің дамуына қабілеті артады, содан барып, магистранттарда «қосарланған дайындықтың» алғышарты ретінде *жеке қалыптасу* және *кәсіби қалыптасу* пайда болады, ал бұл өз кезегінде өзіндік жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру шеберлігінің болуын шарттайды. Мұндағы жеке қалыптасу мен кәсіби қалыптасу бірін-бірі толықтырушылар (сурет 6).



Сурет 6 - Тұлғадағы «қосарланған дайындық» мазмұны

Н.Н. Лобанова тұлғаның кәсіби құзыреттілігінің құрылымында мазмұндық, іс-әрекеттік және кәсіби тұлғалық компоненттерді бөліп көрсетеді. Мазмұндық немесе базалық компонент педагогтің теориялық білімінің болуын міндеттейді, бұл оның кәсіби қызметінің мазмұнын анықтаған кезде хабардарлықты қамтамасыз етеді. Іс-әрекеттік немесе практикалық компонент іс-әрекетте сыналған, адам ең тиімді деп игерген кәсіби білім мен дағдыларды көрсетеді. Тұлғалық компонент мұғалімнің жеке тұлға және қызмет субъектісі ретіндегі ұстанымы мен бағытын анықтайтын кәсіби жеке қасиеттерді қамтиды [225]. Автор жекелеген компоненттер арқылы кәсіби құзыреттілікті жеке білім ретінде қарастырады. Осыған сүйене отырып, магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінде танымдық-әрекеттік компонент жетекшілік атқаратындығын алға шығарамыз.

Олай деуге негіз бар, танымдық-әрекеттік компонентке сәйкес, магистранттардың жоғарыдан кейінгі білім беруде біртұтас ғылыми-педагогикалық білімін қалыптастыруда таным әдістерін таңдау іске қосылып, заңдылықтарды анықтауда негізгі білім мен практикалық әрекеттің нәтижелерін анықтайды. Компонент қалыптасқан білім мен шеберліктің операциялық мәнін іс-әрекеттің әдістерін игеру нәтижесінде анықтап, білім мен дағдыларға негізделген тұлғаның өзгермелі жағдайларда қандай да бір әрекетті орындау қабілеті ретінде құрылымдық қызмет атқарады [168,с. 89]. Демек, танымдық-әрекеттік компоненттің өлшемінің *«танымның ғылыми әдістері арқылы заңдылықтарды анықтауға бағытталған ғылыми-педагогикалық сипаттағы өздігінен іздену қызметі»* деп түзілуі жоғарыдағы негізгі ойлардан туындап отыр. Танымның ғылыми әдістері арқылы заңдылықтарды анықтауға бағытталған ғылыми-педагогикалық сипаттағы өздігінен іздену қызметі өлшемі бойынша магистранттардың өзіндік жұмыстарды орындауының өздігінен ізденуге мүмкіндік беретін жүйе. Қалыптастырудағы жүргізілетін әдістер мен әдістемелердің маңызы аса жоғары (сурет 7).



Сурет 7 - Магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Танымдық-әрекеттік компоненттің өлшемі бойынша келесі көрсеткіштер түзілді. Олар:

- өзіндік жұмыстар арқылы ғылыми-зерттеу аймағы мен пәндік дамуда, жетілдіруде және тиімділігін арттыруда, модернизациялауда субъективті идеяларды жүзеге асыру білігі;

- пәндік және ғылыми-зерттеу мәселелерін ғылыми-педагогикалық әрекеттік парадигмаға айналдыру шеберлігі;

- өзіндік жұмыстар негізінде субьмәдениетті және әдіснамалық мәдениетті түсініп, оны қайта жаңғырта алу қабілеті;

- ғылыми зерттеу облысында әдістемелік нұсқаулар мен теориялық ережелердің локусын тұжырымдау білімі;

- педагогика және психология саласындағы ғылыми әрекетті және оның ішкі компоненттерін синтездеу, академиялық сөйлеу мен жазылым тұрғысынан ғылыми стилі.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың танымдық-әрекеттік компонентіндегі көрсеткіштерінде өзіндік жұмыстар магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми, кәсіби және шығармашылық тұрғыдағы құралы болып табылады. Себебі, білімді модернизациялауда субъективті идеяларды жүзеге асыру үшін өзіндік жұмыстардың жүйелілігі қажет. Сонымен бірге, пәндік мәселелерді, ғылыми-зерттеу мәселелерін әрекеттік парадигмаға айналдыру шебері болуы, әдіснамалық мәдениетті келуі, теориялық ережелер локусын өздігінен тұжырымдауы, жеке өзіндік ғылыми стилінің (ғылыми баяндау, академиялық жазуларда) болуы магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз етуші көрсеткіштердің реті деп айтуға болады. Бұдан тұлғаның дағдылануы, машықтануы кейінгі мүмкіндіктерде жоғары әрекетке көшеді. Дағдылардың әр түрлі ерекшеліктерімен интеграциялық белгілер: жеке тұлғаның құндылықтары, оның білімі, тәжірибесі мен дағдыларында оларды жүзеге асырудың мақсаттары мен көзқарастарына сәйкес іс-қимыл жүйесі.

Білім алушылардың біртұтас педагогикалық білімін субъективті деңгейде игеру жөніндегі қызмет жүйесі және ғылыми-педагогикалық білім контекстінде дағдыларды меңгеру деңгейінде кәсіби еңбегінің мәнін түсініп, бағамдауы магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың рефлексиялық-бағалаушылық компонентін таңдауға мүмкіндік туғызады.

Рефлексиялық-бағалаушылық компонент болашақ магистрлердің біртұтас педагогикалық білімін қалыптастыру жүйесінде мотивациялық-құндылықты, танымдық-әрекеттік компоненттерді біріктіру арқылы жүзеге асырылады. Рефлексиялық-бағалаушылық компонент тұтас педагогикалық білімді меңгерудің маңыздылығын терең түсінуге, кәсіби-педагогикалық құндылық ретінде қатынас жасауға, педагогика мен психологияның білім жүйесін терең меңгеруге, рефлексиялық жағдайға түсу қабілеті мен біртұтас педагогикалық білімді игеру деңгейін және оны қалыптасқан жағдайларда қолдануды сыни

тұрғыдан бағалай білу, өз білімінің одан әрі дамуын болжай әрі жоспарлай білуге жағдай жасайды.

Магистранттардың кәсіби-педагогикалық тұрғыдан инновациялық және шығармашылық қызметті болжауы, ғылыми-педагогикалық қызмет технологиясында оларды іске асыруға білімді жобалауы, рефлексивтілік (өзін-өзі тану), өзін-өзі бағалау, мақсат қою, қызығушылық, шығармашылық көзқарас танытуы олардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды ғылыми-педагогикалық қызмет ретінде қарастырады. Мысалы, жоғары оқу орнында бакалаврларды кәсіби даярлау ісінде білім берудің біртұтас педагогикалық жүйесі жолға қойылады. Ал жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде педагогикалық білімді қалыптастырудың мақсаты – біртұтас педагогикалық білімді қолдану, білім беру үдерісін тұтас қабылдау, жеке тұлғаны бірегейлік ретінде тұтас қабылдау негізінде педагогикалық қызметті жүзеге асыруға қабілеттілік пен дайындықтың қалыптасуының белгілі бір деңгейіне қол жеткізу. Магистранттардың тұтас педагогикалық білімін қалыптастыру жөніндегі ұсынылатын өзіндік жұмыстар мұғалімді кәсіби сәйкестендіруге, даярлауға қойылатын талаптар контекстінде оның кәсіби және жеке қасиеттерін бағдарлауға бағытталған.

В.П. Беспалько рефлексияны педагогикалық тұрғыдан қарастыра отырып, өзін-өзі рефлексиялау, өзін-өзі талдау, өзіне-өзі баға беру үрдісіне қатысты кәсіби өзіндік сананың негізгі компоненттерін атап көрсетеді. Олар:

- өзекті «Мен» тұжырымдамасы, яғни педагогтің өзіне дәл осы нақты уақыттағы беретін бағасы;

- ретроспективалық «Мен» - өзінің нақты жағдайын еңбек ете бастаған кезеңімен салыстырғандағы бағасы (кәсіби тәжірибесіне беретін өзіндік бағасы);

- идеалды «Мен» - өзінің не жасағысы келетіні, тұлғаның өзін-өзі дамыту болашағы;

- рефлексивті «Мен» - педагогтің көзқарасы бойынша оған ұжымдастарының, әріптес құрбыларының т.б. беретін бағасы.

Сонымен қатар ғалым өзіндік диагностика жасаудың төмендегідей үлгісін ұсынады:

- өз әрекетін зерттей алуы;
- қиындықтарын анықтай алуы;
- қажеттіліктерге қатысты мотивтерін оята білу;
- өз әрекетін қайта құрудың мүмкіндіктерін анықтай алу;
- өз еңбегінің тиімділігін, оның нәтижелілігін анықтай алу;
- кейбір мүмкін негативті салдарының болуын болжамдап, алдын алу [167, с. 18].

Магистранттардың өзіндік жұмыстарды орындауында жоғарыда көрсетілген зерттеулердің маңызы жоғары. Себебі, олардың ғылыми-педагогикалық бағытта білім алуы, ғылыми тәжірибеге енуі, өзін-өзі реттей алуы, бағалауы әдіснамалық рефлексия жасай алуына мүмкіндік беретіні анық. Осы ретте магистрант өзіндік жұмыстарды орындау барысында педагогикалық

әрекеттің өнімді алгоритмдерін құра алудан, мақсатқа жетудің нәтижелерін талдау мен бағалаудағы өзіне деген сенімділік, икемділік және істің сәйкестілігінен өзінің педагог маман ретіндегі өсу деңгейін зерттей алады.

Рефлексиялық-бағалаушылық компонент магистранттардың білім алуындағы оқыту функциясын жүзеге асыру мақсаттарына барабар кәсіби-практикалық дағдылар кешені негізінде қабілеттіліктер жиынтығын көрсетеді. Рефлексиялы білімгерлердің оқу нәтижелеріне мағыналы көзқарасын, олардың нәтижелерін бағалау қабілетін, өзіндік және басқалардың іс-әрекетіндегі қателіктерді, өзін-өзі реттеу қабілетін білдіреді. Рефлексиялық-бағалаушылық компоненттің өлшемі ғылыми-педагогикалық іс-әрекетті өздігінен ұйымдастыру, өзіндік жұмыстар негізінде ғылыми және кәсіби жетістікке жету логикасы болып анықталды. Осы өлшемге сай көрсеткіштер беріледі. Атап айтсақ:

- педагогика және психология саласы бойынша IQ ойдың көптілігін, БББ-ның (мамандықтың) ішкі, *сыртқы мүмкіндіктерін бақылауы*;

- өзіндік жұмыстарды орындау негізінде *өз білімін прогрессивті модельдеуі*;

- өз білімінен ғылыми-педагогикалық *нәтиже немесе өнім беруі*;

- кәсіби құзыреттіліктің ғылыми-тұжырымдамалық негіздерін *бағалауы(кеңес беруі)*;

- өзіндік жұмыстарды орындаудағы жоғары деңгейде дамыған ғылыми-*зерттеушілік интуиция* мен дәл есеп, нақты білім негізінде *сәтті импровизациялауы*.

Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың моделі орындаушылық яғни, магистранттар оқытушының, ғылыми жетекшінің әрекеттерін қайталайды; өтпелі, еліктеу әрекеттері өз әрекеттерімен біріктіріледі; шығармашылық, тапсырманы орындау тәсілдерін іздеу кезеңі, жаңа мақсат қою, оны жүзеге асыру жолдарын реттеу қабілетімен сипатталады. Жалпы модельде өзіндік жұмыс басты құрал болып табылады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштерінің негізінде жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталды.

Жоғары деңгей: өзіндік жұмыстар негізінде қолда бар білімді өзектендіруге мүмкіндігі жетерлік; ғылыми-шығармашылық тапсырмаларды орындау кезінде шығармашылық әлеуеттің артқанын бағалайды; ізденіс жұмыстары арқылы теориядан жаңа теория жасайды; практикалық ойлауы жоғары, сол арқылы әдістемелерді таңдауда қабілетті, іздену-танымдық өзіндік жұмыстарды қабылдау және түсіну, әрекет ету тәсілдерін таңдау үдерісінде тәуелсіз дамуды ұнатады; өз бетінше әрекет ету тәжірибесін жинақтау қызметте шығармашылықты дамыту үшін негіз болып табылады деп түсінеді; академиялық жазылымы бар, оны үнемі жетілдіруге тырысады; өзіндік жұмыстарды орындау негізінде өз білімін прогрессивті модельдей алады; өз білімінен ғылыми-педагогикалық нәтиже немесе өнім береді; кәсіби

құзыреттіліктің ғылыми-тұжырымдамалық негіздерін бағалап, басқаларға кеңес бере алады; өзіндік жұмыстар негізінде кәсіби мамандық механизмдерін тәжірибемен, ғылыммен ұштастырады.

Орта деңгей: оқытушының және ғылыми жетекшінің көмегімен іздестіру мен шығармашылыққа (зерттеу) байланысты өзіндік жұмыстарды ұйымдастырады; берілген теорияны түсінеді, бірақ жаңа теорияны субъектілердің қатысуымен жасайды, практикалық ойлауы бар, жекелеген әдістемелерді түсінеді; өз бетінше әрекет ету мүмкіндігі бар, бірақ оған әлеуеті жете бермейді; академиялық жазылым түсінігі бар, бірақ әлі ғылыми еңбектер жазуға төселмеген; өз білімі туралы түсінігі бар, оны қолдануға немесе нәтиже беруге ұмтылысы аз; кәсіби құзыреттіліктің ғылыми-тұжырымдамалық негіздерін бағалайды, басқаларға кеңес беруге құзыретті емес; өзіндік жұмыстар негізінде кәсіби мамандық механизмдерін тәжірибемен, ғылыммен ұштастыруды түсінеді, алайда оны іс жүзінде қарастыруды қажет етпейді.

Төмен деңгей: өзіндік жұмыстар негізінде өзіндегі бар білімді өзектендіруді қажет деп санамайды; ғылыми-шығармашылық тапсырмаларды орындау кезінде өзгерістерді түсінбейді; ізденіс жұмыстары арқылы теорияның кейбір аспектілерін түсінуі қиын; практикалық ойлауы жоқ; академиялық жазылымның түрлерін, ерекшеліктерін түсінгенімен ғылыми еңбектерді құрауды түсінбейді; өз білімінен ғылыми-педагогикалық нәтиже немесе өнім беруді қажет деп санамайды.

3 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ МАГИСТРАНТТАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫ НЕГІЗІНДЕ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

3.1 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың диагностикасы

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды зерттеу аясында біз тәжірибелік-педагогикалық эксперимент жүргіздік. Бұл бөлімде пилоттық зерттеудің сипаттамалары және оны анықтау кезеңінің нәтижелері ұсынылады.

Зерттеудің мақсаты – жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау және әдістемесін жасау, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелдеу.

Эксперименттік зерттеу объектісі жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыс негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үдерісі болып табылады.

Эксперименттік зерттеу пәні – жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру моделінің тиімді қызмет етуін қамтамасыз ететін тәжірибелер.

Магистранттардың кәсіби құзыреттілігін зерделеу кезінде диагностиканың мынадай негізгі талаптарын басшылыққа алады:

1. Кәсіби құзыреттілікті зерттеу кәсіби өсудің жеке ерекшеліктерін анықтауға бағытталуы керек.

2. Кәсіби-педагогикалық құзыреттілікті бағалау алынған нәтижелерді қандай да бір нормалармен, орташа шамалармен салыстыру арқылы ғана емес, сонымен қатар педагогтың дамуында, кәсіби өсуінде ілгерілеу сипатын анықтау мақсатында оларды алдыңғы диагностикалардың нәтижелерімен салыстыру арқылы жүргізілуі тиіс.

3. Кәсіби құзыреттілікті диагностикалау тек өзекті деңгейді анықтау үшін ғана емес, сонымен қатар жетілдірудің мүмкін болатын жеке жолдарын анықтау үшін қажет.

4. Кәсіби-педагогикалық құзыреттілікті зерттеу өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби өсуге мотивация жасау үшін мұғалімдер мен басшылардың кәсіби қызметінің нәтижелілігін интроспекциялауға, өзін-өзі диагностикалауға негізделуі керек.

5. Кәсіби құзыреттілік деңгейі мұғалімнің іс — әрекетінің мазмұнды сипаттамасы ретінде қарастырылуы керек, ал өзін-өзі жетілдіру, кәсіби өсу процесі-даму, қызметтің сапалық кезеңдерінің өзгеруі ретінде қарастырылуы керек.

Эксперименттік жұмыс үш кезеңде жүргізілді: анықтау, қалыптастыру және бақылау кезеңдері.

Зерттеудің мақсатына, нысанына, пәніне сәйкес тәжірибелік-педагогикалық эксперименттің міндеттері анықталды:

- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру деңгейін анықтайтын диагностикалық әдістемелерді таңдау;

- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың бастапқы деңгейін зерттеу;

- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың моделінің жұмыс істеуінің тиімділігін тексеру;

- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру деңгейіндегі өзгерістерді анықтау;

- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың қорытынды деңгейін зерттеу.

Тәжірибелік-педагогикалық эксперименттің негізі ғылыми болжам болып табылады, оған сәйкес жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру тиімді болады, *егер*, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру арқылы кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы негізгі ұғымдық-категориялық аппарат мәнмәтіндерінің мазмұны, құрылымы және қызметі нақтыланып, теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалса, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалып, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға өзіндік жұмыстарды жүйелі ұйымдастырудың әдістемесі ғылыми-педагогикалық үдерісте ғылыми-шығармашылықпен жүзеге асырылса, *онда* жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың жаңа кәсіби қызметтерді игеруі мен кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігі артады, *өйткені* магистранттардың ғылыми-зерттеушілік, әдістемелік қабілеттіліктері жоғарылап, жеке білім алуды кәсіби тұрғыда ұйымдастыруға өзіндік ресурстарын іске қосудың мүмкіндігі артады.

Тәжірибелік-педагогикалық зерттеу Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде 7M01104 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша білім алып жатқан 1 және 2-курс магистранттары (барлығы 56 адам) эксперименттік топты құраса және бақылау тобын Болашақ университетінің 7M01104 – «Педагогика және психология» білім бағдарламалары бойынша білім алып жатқан 1 және 2 курс магистранттары (барлығы 46 адам) базасында жүргізілді. Зерттеуге 7M01104 «Педагогика және психология» мамандығы бойынша «Академиялық магистр» біліктілігі бойынша оқыту бағыты бойынша 1-2 курстың 102

магистранты қатыстырылды. Олар эксперименттік және бақылау топтары болып бөлінді.

Эксперименттік жұмыстың анықтау кезеңінің барысын сипаттайық. Эксперименттік жұмыстың анықтау кезеңі жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың бастапқы деңгейін анықтаудан тұрады.

Бұл кезең таңдалған критерийлер мен көрсеткіштер жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың бастапқы деңгейін диагностикалау әдістемелерін таңдауды және әзірлеуді қамтыды. Диагностикалық процедуралар ретінде мыналар қолданылады:

- Т.И.Ильиннің «ЖОО-дағы білім беру мотивациясы» бейімделген сауалнамасы;

- М.Рокич бойынша құндылық бағдарлар әдісі;

- магистранттардың дидактикалық дағдыларын диагностикалауға және талдауға арналған бейімделген сауалнама (қосымша В).

- өзіндік жұмыстар арқылы ғылыми-зерттеу аймағын диагностикалауға және талдауға арналған сауалнама (И. В. Никишина, И. А. Сазонов);

- А.В.Карпов бойынша рефлексивтіліктің жеке өлшемін диагностикалау әдісі;

- В.Д.Шадриков, И.В.Кузнецова бойынша магистранттардың педагогикалық шеберлігін өзін-өзі бағалау парағы (кесте 7).

Кесте 7 - Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың компоненттері мен әдістемелері

Компоненттер	Өлшемдер	Көрсеткіштері	Әдістемелер
1	2	3	4
Мотивациялық-құндылықты	Өзіндік жұмыстарды орындауға қызығушылықтың болуы және ғылыми-педагогикалық жетістіктер локусына жету тілегі	- ғылыми-педагогикалық, психологиялық құбылыстарға байланысты өзіндік жұмыстарды орындауға қызығушылығы; - білімнің синергия заңдылықтарын дамытушы және ғылым құбылыстарын (білім онтологиясы, білім логикасы, білім аксиологиясы, білім акмеологиясы, білім этикасы, білім әдіснамасы) академиялық сипаттауға, академиялық жазылымға ұмтылысы; - өзіндік жұмыстар	1) ЖОО-да оқуға мотивация (Т.И. Ильин бойынша) сауалнамасы; 2) М.Рокич бойынша құндылық бағдарлар әдісі (2-қосымша);

7 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
		негізінде кәсіби мамандық механизмдерін тәжірибемен, ғылыммен ұштастыруға ынтасы; - кәсіби шығармашылық мүмкіндіктерін құндылық ретінде санауды мақсат етуі; - өзіндік жұмыстарды орындау негізінде жаңа философиялық-тұжырымдамалық идеяларды туындатуға, диалектикалық ойларды терең түсінуге ішкі интуициясы.	
Танымдық - әрекеттік	Танымның ғылыми әдістері арқылы заңдылықтарды анықтауға бағытталған ғылыми-педагогикалық сипаттағы өздігінен іздену қызметі	-өзіндік жұмыстар арқылы ғылыми-зерттеу аймағы мен пәндік дамуда, жетілдіруде және тиімділігін арттыруда, модернизациялауда субъективті идеяларды жүзеге асыру білігі; - пәндік және ғылыми-зерттеу мәселелерін ғылыми-педагогикалық әрекеттік парадигмаға айналдыру шеберлігі; -өзіндік жұмыстар негізінде субьмәдениетті және әдіснамалық мәдениетті түсініп, оны қайта жаңғырта алу қабілеті; -ғылыми зерттеу облысында әдістемелік нұсқаулар мен теориялық ережелердің локусын тұжырымдау білімі; -педагогика және психология саласындағы ғылыми әрекетті және оның ішкі компоненттерін синтездеу, академиялық жазылым стилі.	- Магистранттардың өздігінен іздену дағдыларын диагностикалауға және талдауға арналған бейімделген сауалнама (3-қосымша); - Өзіндік жұмыстар арқылы ғылыми-зерттеу аймағын диагностикалауға және талдауға арналған сауалнама (И. В. Никишина, И. А. Сазонов) (4-қосымша);
Рефлексиялық-бағалаушылық	Ғылыми-педагогикал	- педагогика және психология саласы	-Рефлексиялық-бағалаушылық -А.В.Карпов

1	2	3	4
	ық іс- әрекетті өздігінен ұйымдастыр у, өзіндік жұмыстар негізінде ғылыми және кәсіби жетістікке жету логикасы	бойынша IQ ойдың көптілігін, БББ-ның (мамандықтың) ішкі, сыртқы мүмкіндіктерін бақылауы; -өзіндік жұмыстарды орындау негізінде өз білімін прогрессивті модельдеу; -өз білімінен ғылыми- педагогикалық нәтиже немесе өнім беруі; -кәсіби құзыреттіліктің ғылыми-тұжырымдамалық негіздерін бағалауы(кеңес беруі); -өзіндік жұмыстарды орындаудағы жоғары деңгейде дамыған ғылыми- зерттеушілік интуиция мен дәл есеп, нақты білім негізінде сәтті импровизациялауы.	бойынша рефлексивтіліктің жеке өлшемін диагностикалау әдісі (5-қосымша); -В.Д.Шадриков, И.В.Кузнецова бойынша магистранттардың педагогикалық шеберлігін өзін-өзі бағалау парағы (6- қосымша).

Таңдалған мотивациялық-құндылықты, танымдық-әрекеттік, рефлексиялық-бағалаушылық критерийлерінің әрқайсысы бойынша эксперименттік және бақылау топтарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды зерттеу нәтижелерінің талдауын ұсынайық.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру деңгейінің мотивациялық-құндылықты компоненттерін зерттеудегі магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде білім алу мотивациясының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мен өзіндік жұмыстарды орындауға қызығушылығы арасындағы өзара байланысын зерттеу үшін Т.И.Ильиннің «ЖОО-да оқу мотивациясы» бейімделген сауалнамасын қолдандық. Сауалнамада адамның өзіне қатысты оң немесе теріс бағалануы мүмкін 40 мәлімдеме бар. Нәтижелер кілтке сәйкес өңделді.


Сауалнама Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша білім алып жатқан 1 және 2-курс магистранттары арасында өтті. Барлығы 56 адам. Сонымен қатар, Болашақ университетінің «Педагогика және психология» білім бағдарламалары бойынша білім алып жатқан 1 және 2 курс магистранттары арасында өтті. Барлығы 46 адам.

Бұл зерттеулерде магистранттардың білім алу мотивтері көбінесе «білім алу» (білім алуға ұмтылыс, ізденімпаздық) және «өзіндік жұмыстар негізінде кәсіби мамандық механизмдерін тәжірибемен, ғылыммен ұштастыруға ынтыласы; (мазмұн бойынша ғылыми-педагогикалық, психологиялық құбылыстарға байланысты өзіндік жұмыстарды орындауға қызығушылығына ұмтылысы) екендігін көрсетті және оқу үдерісі мәнінің процедуралық негіздері) «ЖОО-нан кейінгі білім бойынша диплом алудан» (білімді формальды түрде меңгеру арқылы диплом алуға ұмтылу, емтихан тапсыру кезінде шешу жолдарын табуға ұмтылыс, кәсіби шығармашылық мүмкіндіктерін құндылық ретінде санауды мақсат етуі). Бұл магистранттардың өзіндік жұмыстарды орындау негізінде жаңа философиялық-тұжырымдамалық идеяларды туындатуға, диалектикалық ойларды терең түсінуге ішкі интуициялары дайын екендігінің оң белгісі өзін адам қызметінің белгілі бір саласында кәсіби маман ретінде қабылдау болып табылады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың оқу мотивациясын зерттеу ЭТ-дағы респонденттердің тек 16,07%-ында ғана магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға мотивация деңгейі жоғары, 73,2%-да орташа, 10,7%-да төмен деңгейде екенін көрсетті, БТ-да зерттелушілердің 17,3%-ында ғана магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға мотивация деңгейі жоғары, 71,7%-да орташа, 8,6%-да төмен деңгейде екенін көрсетті (кесте 8).

Кесте 8 – Анықтаушы эксперимент кезінде мотивациялық-құндылықты компоненттеріне сәйкес Л.Т.И.Ильиннің «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі оқу мотивациясы» бейімделген әдістемесі бойынша алынған зерттеу топтарындағы нәтижелер

Шкалалар	Зерттелуші топтар	
	Эксперименттік топ (n=56)	Бақылау тобы (n=46)
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі оқу мотивациясы дамуының жоғары деңгейі	9 (16,07%)	8 (17,3%)
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі оқу мотивациясы дамуының орташа деңгейі	41 (73,2%)	33 (71,7%)
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі оқу мотивациясы дамуының төмен деңгейі	6 (10,7%)	5 (8,6%)



Сурет 8 - Анықтаушы эксперимент кезінде мотивациялық-құндылықты компоненттеріне сәйкес қалыптастырушы экспериментке дейінгі Л.Т.И.Ильиннің «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі оқу мотивациясы» бейімделген әдістемесі бойынша зерттелуші топтардың нәтижелерінің диаграммасы

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың жеке тұлғалық және кәсіби құндылықтарын анықтау үшін М.Рокичтың «Құндылық бағдарлары» әдістемесі қолданылды [226-228]. Мотивациялық-құндылықты компонент бойынша құндылық бағдарлар жүйесі тұлға бағдарының мазмұндық жағын анықтайды және оның қоршаған әлемге, басқа адамдарға, өзіне деген қарым-қатынасының негізін, дүниетанымының негізін және *өмірлік іс-әрекетке мотивацияның негізін, өмірлік концепция мен «өмір философиясы», «өзіндік даму философиясы»* және кәсіби шығармашылық мүмкіндіктерін құндылық ретінде санауды мақсат етуін анықтайды.

М.Рокич құндылықтардың екі тобын бөледі:

- терминалдық – жеке өмір сүрудің түпкі мақсаты ұмтылуға тұрарлық деген сенімдер;

- инструментальды – кез келген жағдайда жеке тұлғаның әрекет тәсілі немесе қасиеті қолайлы деген сенім.

Бұл құндылықтар тобы – мақсат және құндылықтар тәсілдері деп дәстүрлі бөлуге сәйкес келеді.

Респонденттерге алфавиттік тәртіпте екі мән тізімі (әрқайсысында 18) ұсынылды. Тізімде субъект әрбір мәнге дәреже нөмірін берді және карталарды маңыздылығы бойынша орналастырды. Алдымен терминалдық мәндер жинағы, содан кейін инструментальды мәндер жинағы ұсынылады.

Анықтау эксперименті кезеңіндегі мотивациялық-құндылықты компонент бойынша кәсіби құндылықтарын анықтау үшін М.Рокичтың «Құндылық бағдарлары» әдістемесінен алынған диагностикалық зерттеу нәтижелері 2.1, 2.2 кестелерде көрсетілген (кесте 9,10).

Кесте 9 – Магистранттардың терминальды құндылықтары

№1	Құндылықтары	Нәтижесі	
		мәндері	%
Кәсіби өзін-өзі жетілдіру			
1	Қаржылық жағынан қауіпсіз өмір сүру	33	32,3
2	Қызықты жұмыс	22	21,5
3	Денсаулық	10	9,8
4	Бақытты отбасылық өмір	9	8,8
5	Ойын-сауық	8	7,8
6	Жақсы және шынайы достардың болуы	7	6,8
7	Өзіне сенім	7	6,8
8	Басқалардың бақыты	6	5,8
Магистранттардың жеке өмірі			
1	Махаббат	21	20,5
2	Қоғамдық қабылдау	13	12,7
3	Даму	12	11,7
4	Бостандық	11	10,7
5	Өнімді өмір	11	10,7
6	Белсенді өмірлік әрекеттер	10	9,8
7	Шығармашылық	9	8,8
8	Таным	8	7,8
9	Өмірлік даналық	4	3,9
10	Табиғат пен өнердің сұлулығы	3	2,94

Кесте 10 - Магистранттардың инструментальды құндылықтары

Тұлғалық құндылықтары	Нәтижесі	
	Мәндер	%
Тәуелсіздік	11	10,7
Білім	10	9,8
Көзқарастардың кеңдігі	10	9,8
Көңілділік	9	8,8
Кемшіліктерге төзбеушілік	8	8,7
Жоғары сұраныстар	8	7,8
Кәсіби тиімділік	8	7,8
Өз пікіріңізді жақтауға батылдық	7	6,8
Өзін-өзі бақылау	6	6,8
Жақсы мінез-құлық	4	3,9
Жауапкершілік	4	3,9
Күшті ерік	4	3,9
Адалдық	4	3,9
Рационализм	3	2,9
Толеранттылық	2	1,9
Ынта	2	1,9
Тиянақтылық	1	0,9
Сезімталдық	1	0,9

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың жеке тұлғалық және кәсіби құндылықтарын анықтау үшін М.Рокичтың «Құндылық бағдарлары» әдістемесінен алынған нәтижелерді өңдеу негізінде эксперименттік және бақылау топтарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың мотивациялық-құндылықты критерийі респонденттерден алынған мәліметтері бойынша орташа арифметикалық мәні 7,7% төмен деңгейде деген қорытындыға келдік. Себебі, орташа деңгейі 83%, жоғары деңгейде – 9,3%-ды құрады.

Бұл ретте жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың көпшілігі өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың мотивациялық-құндылықты критерийін қалыптастырудың орташа деңгейімен сипатталады (кесте 11).

Кесте 11 - Эксперименттік және бақылау топтарындағы магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың мотивациялық-құндылықты компоненттің критерийлері бойынша магистранттардың терминалдық құндылықтары арқылы кәсіби құзыреттілігінің деңгейі (анықтау кезеңі), %

Деңгей	Бақылау тобы	Эксперимент тобы
	Анықтау кезеңі	Анықтау кезеңі
Төмен	8 (17,3%)	9 (16%)
Орташа	33 (71,7%)	41 (73%)
Жоғары	5 (11%)	6 (11%)
Қорытынды:	8 (17,3%)	100

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың жеке тұлғалық және кәсіби құндылықтарын анықтау үшін М.Рокичтың «Құндылық бағдарлары» әдістемесінен алынған нәтижелерді өңдеу негізінде эксперименттік және бақылау топтарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың мотивациялық-құндылықты критерийі респонденттерден алынған мәліметтері бойынша БТ 17,3% төмен деңгейде, ал ЭТ 16% деген қорытындыға келдік, орташа деңгейі БТ 71,7%, ЭТ 73%, жоғары деңгейде БТ – 11%, ал ЭТ 11% көрсетті.

Осылайша, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың көпшілігі өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың мотивациялық-құндылықты компоненттің критерийлерін қалыптастырудың орташа деңгейімен сипатталады.

Үшінші кезекте анықтау эксперименті барысында 2017-2018 оқу жылында эксперименттік және бақылау топтары ретінде алынған 102 магистранттарға танымдық-әрекеттік компоненті аспектісінде теориялық білім деңгейлерін практикамен ұштастыра айқындадық. Осы орайда, диагностикалау мақсатында анықтаушы экспериментке Л.К. Наумованың ұсынған «Өзіндік жұмыстың

қандай түрлерін орындау ұсынылды?» атты магистранттарға арналған сауалнамасы (Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 7М01104 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламалары бойынша ЭТ-ның 1 және 2 курс магистранттары арасында (барлығы 56 адам) және бақылау тобынан Болашақ университетінің 7М01104 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламалары бойынша оқитын 1 және 2 курс магистранттарына (барлығы 46 адам) жүргізілді.

Айқындаушы эксперименттің танымдық-әрекеттік компоненті бойынша эксперимент тобы магистранттарының «Магистранттарға оқытушылардың жиі ұсынатын өзіндік жұмыс түрлері» деңгейін анықтауға арналған сауалнамада респонденттердің көзқарасын анықтауда жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі мамандардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бойынша дайындалған сауалнама (сауалнамадағы сұрақтарға «үнемі» десеңіз -3балл, «кейде» десеңіз -2 балл, «ешқашан» десеңіз - 1 балл, деген жауаптар жазыңыз) ұсынылды (кесте 12).

Кесте 12 - Л.К. Наумованың ұсынған модификациясы бойынша «Өзіндік жұмыстың қандай түрлерін орындау ұсынылды?» атты магистранттарға арналған сауалнамасы

Өзіндік жұмыстың түрлері	Үнемі	Кейде	Ешқашан
1	2	3	4
2-5 дереккөз бойынша баяндама дайындау			
Педагогикалық ұғымдар мен теорияларды салыстыру			
Эссе, емтихан, рецензия, түйіндеме жазу			
Ғылыми-педагогикалық мәтіндермен жұмыс (сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту технологиялары негізінде)			
Ғылыми басылымдармен, сөздіктермен және анықтамалықтармен жұмыс			
Теориялық пікірталастарға, пікірталастарға қатысу және т.б.			
Ғылыми рефлексияны қамтитын мәтіндерді талдау (тұтас түсіндіру, мәтіндерді, ғылыми мәселелерді, идеяларды, ұстанымдарды және т.б. проблемалық бағалау, өз пікірін негіздеу, бір мәселе бойынша әртүрлі мәтіндерді салыстыру және т.б.)			
Белгілі бір оқу тақырыбы бойынша әдебиеттерді библиографиялық іздеу және тезаурус құрастыру			
Курс мазмұнына енгізілген мәселе бойынша ғылыми әдебиеттер каталогтарымен жұмыс және картотека құрастыру			
Жеке тақырыптардың мазмұны бойынша проблемалық сипаттағы сұрақтарға жазбаша жауаптар			
Әртүрлі дереккөздердегі белгілі бір мәселені, курс тақырыбын түсіндірудің салыстырмалы талдауы			
Әртүрлі әдістер мен зерттеу әдістерінің эвристикалық мүмкіндіктерін бағалау			
Тесттерді, сауалнама әдістерін, зерттеу және диагностикалық әдістерді жобалау			

12 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
Оқу пәнінің тақырыбын меңгеру бойынша өзіндік рефлексия жүргіз			
Оқушыларды оқыту технологиясының бірін ойын режимінде шығармашылықпен жүзеге асыру			
Ғаламдық интернетте ақпаратты іздеу			
Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде компьютерлік технологияларды қолдану схемаларын құру			
Жеке зерттеудің жоспар-перспективасын және оның аяқталған бөліктері бойынша есеп беруді құру			
Семинарлар мен конференцияларда баяндама дайындау			
Микрозерттеу әдістерін таңдау			
Сабақ жоспарын құру және оларды өткізу			
Кітап, фильм, мақала негізінде жарнамалық жоба әзірлеу			
Педагогикалық тақырыпқа эссе жазу			
Жоба деңгейіндегі тапсырманы орындау (педагогикалық журнал, оқырман «Мұғалім идеалы», «Менің педагогикалық кредом» спектаклі)			
Өзін-өзі диагностикалау әдістемесін жасау			
Бастапқы дереккөздермен жұмыс			
Ғылыми үйірмелерде, қауымдастықтарда жұмыс			
Аналитикалық шолулар, аннотациялар, зерттеу рефераттары, ақпараттық карталар-хабарламалар, проспектілер, есептер, шолулар, сарапшылық материалдар, топтық жұмыс көрсеткіштерін жазу			
Бөлімнің жоспарлы бюджеттік ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға қатысу			
Өртүрлі деңгейдегі және өртүрлі қаржыландыру көздерінен жобаларды іске асыруға қатысу			
Университеттен тыс ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу			
Қаланың ұйымдары мен мекемелеріндегі психологиялық зерттеулер; студенттердің қаланың ғылыми-зерттеу институттары зертханаларының жұмысына қатысуы			
Жастар шығармашылық сарайларымен ынтымақтастық			
Зерттеу әдістерінің дамуы			
Ғылыми-зерттеу жұмысын эксперимент жүргізу жұмыстарымен, балалармен т.б. нысандармен сабақтан тыс жұмыстармен ұштастыру			
Өртүрлі әлеуметтік-мәдени нысандарда зерттеу нәтижелерін ұсыну және апробациялау			
Ғылыми жұмысыңызды өртүрлі мәдени және ғылыми нысандарда (баяндама, мақала, жобалар, хабарламалар, интернет-форумдарға қатысу және т.б.) ұсыну.			
Белгілі ғалымдардың, мамандардың, практиктердің, студенттердің қатысуымен семинарларға қатысу.			
Ғылыми конкурстарға, гранттарға, конкурстарға қатысу			
Халықаралық ғылыми бағдарламаларға қатысу және т.б.			

12 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
Білім беру мекемелері, орталықтар (эксперименттік учаскелер) негізінде олар әзірлеген бағдарлама бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, магистрлік диссертация тақырыбы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін ғылыми топта жұмыс істеу. Оқу орындарында микрозерттеу жұмыстарын жүргізу			
Алынған мәліметтерді өңдеу және талдау;			
Ғылыми нәтижелерді, идеяларды сипаттау және ұсыну және т.б. әртүрлі формаларда			
Ғылыми-зерттеу жұмысында әртүрлі рөлдік лауазымдарды қабылдау: зерттеуші, сарапшы, кеңесші, әзірлеуші және конструктор, ғылыми білімді танымал етуші, конкурсант, оппонент, спичрайтер, референт, ғылыми топты ұйымдастырушы.			
Педагог-психологтың кәсіби міндеттерін шешу және жобалау			
кәсіби болашақ мамандықтың міндеттерін шешудің нақты формаларын жасау			
Мамандандырылған мектептерде, гимназия мектептерінде, лицейлерде, арнаулы орта және жоғары (педагогикалық) оқу орындарында жеке немесе топтық жұмыс			
Оқушылар тобымен оқу іс-әрекетінің жоспарын жоспарлау және жүзеге асыру			
Мектеп өмірінің әртүрлі жақтарымен танысу, тәжірибеден сабақ алу			
Мектеп әкімшілігімен, мұғалімдермен, сынып жетекшілерімен әңгімелесу			
Сабақта үлгерімі төмен және дарынды оқушылармен жұмыс			
Сыныптан тыс жұмыстарды дайындау және өткізу			
Оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша құжаттармен танысу және талдау			
Негізгі пәндердің бірінің мазмұны негізінде оқу процесінің аяқталған сегментін көрсететін сабақтар жүйесін өткізу және әзірлеу			
Әртүрлі заманауи технологияларды қолдана отырып сабақтарды өткізу және дамыту			
Ұжымдық шығармашылық істерді дамыту			
Әдістемелік тақырып бойынша әдебиеттерге шолу жасауға арналған зерттеулер			
Болашақ жұмыс мақсаттарын тұжырымдау және негіздеу			
Белгілі бір тақырып бойынша педагогикалық –психологиялық диагностика бағдарламасын жасау			
Педагогикалық іс-әрекет кезеңдерін жобалау			
Білім беру немесе оқыту бағдарламаларының фрагменттерін жобалау			
Әртүрлі жастағы, мәдениеттегі, әлеуметтік қабаттағы адамдармен ынтымақтастық пен өзара әрекеттестіктің әртүрлі нысандарын жобалау			

12 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
Фильмдер мен бейнероликтер түсіру			
Магистранттарды бакалавриат студенттеріне арналған конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге тарту			
Магистранттың конференцияға өзіндік қатысуын талдау, оны дайындау, өткізу және ұйымдастыруды талдау			
Университет базасында конференцияларды, семинарларды, халықаралық бағдарламалар мен жобаларды ұйымдастыруға қатысу			
Педагогикалық университеттермен және басқа оқу орындарында халықаралық семинарлар мен конференцияларға қатысу			
Курс бойынша оқу-әдістемелік кешендерді дайындау: дәріске презентация, тест тапсырмалары			
Оқыту әдістерін қолдана отырып сабақтарды өткізу және дамыту			

Л. К.Наумованың ұсынған магистранттардың көзқарасы бойынша: «Өзіндік жұмыстың қандай түрлерін орындау ұсынылды?» атты модификацияланған сауалнамасы бойынша зерттеуде алынған БТ және ЭТ – ның нәтижелері төмендегі кестеде келтірілген (кесте 13).

Кесте 13 – Айқындаушы эксперименттің танымдық-әрекеттік компоненті бойынша эксперимент тобы магистранттарының «Магистранттарға оқытушылардың жиі ұсынатын өзіндік жұмыс түрлері» деңгейін анықтауға арналған сауалнама нәтижелері

Магистранттарға оқытушылардың жиі ұсынатын өзіндік жұмыс түрлері	Жауап нұсқалары		
1	2	3	4
1. 2-5 дереккөз бойынша баяндамалар дайындау;	«Үнемі»	«Кейде»	«Ешқашан»
2. Эссе, емтихан, рецензия, түйіндеме жазу;	2,0%	2,8%	1,3%
3. Бір мәселе бойынша әртүрлі авторлардың пікірлерін салыстыру;	4,1%	2,3%	1,6%
4. Ғылыми рефлексияны қамтитын мәтіндерді талдау (тұтас түсіндіру, мәтіндерді, ғылыми мәселелерді, идеяларды, ұстанымдарды және т.б.	1,2%	1,3%	-
5. Проблемалық бағалау, өз пікірін негіздеу, бір мәселе бойынша әртүрлі мәтіндерді салыстыру және т.б	1,8%	2,3%	-
6. Жеке тақырыптардың мазмұны бойынша проблемалық сипаттағы сұрақтарға жазбаша жауаптар;	1,2%	(1,6%)	-
7. Семинарлар мен конференцияларда баяндама дайындау;	1,6%	1,6%	-
8. Ғылыми басылымдармен, сөздіктермен және анықтамалықтармен жұмыс істеу;	2,3%	4,3%	1,6%

13 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
9. Педагогикалық ұғымдар мен теорияларды салыстыру;	2,3%	4,3%	-
10.Теориялық пікірталастарға, дебаттарға және т.б. қатысу;	(4,3%)	(1,6%)	4%
11. Ғылыми-педагогикалық мәтіндермен жұмыс (сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту технологиялары негізінде);	4,3%	3,3%	1,3%
12.Түрлі дереккөздердегі белгілі бір мәселені, курс тақырыбын түсіндіруге салыстырмалы талдау жасау;	4,2%	2,6%	-
13. Бастапқы дереккөздермен жұмыс; -Алынған мәліметтерді өңдеу және талдау және т.б.	1,2%	1,6%	-
БАРЛЫҒЫ	21	24	11
	37,5	42,8	19,7

Кесте 14 – Айқындаушы эксперименттің танымдық-әрекеттік компоненті бойынша бақылау тобы магистранттарының «Магистранттарға оқытушылардың жиі ұсынатын өзіндік жұмыс түрлері» деңгейін анықтауға арналған сауалнама нәтижелері


Магистранттарға оқытушылардың жиі ұсынатын өзіндік жұмыс түрлері	Жауап нұсқалары		
	Үнемі	Кейде	Ешқашан
1. 2-5 дереккөз бойынша баяндамалар дайындау;	1,5%	1,7%	0,2%
2.Эссе, емтихан, рецензия, түйіндеме жазу;	1,4%	2,2%	0,2%
3.Бір мәселе бойынша әртүрлі авторлардың пікірлерін салыстыру;	4,5%	3,7%	1,3%
4.Ғылыми рефлексияны қамтитын мәтіндерді талдау (тұтас түсіндіру, мәтіндерді, ғылыми мәселелерді, идеяларды, ұстанымдарды және т.б.	1,4%	2,2%	-
5.Проблемалық бағалау, өз пікірін негіздеу, бір мәселе бойынша әртүрлі мәтіндерді салыстыру және т.б.	1,7%	1,4%	-
6.Жеке тақырыптардың мазмұны бойынша проблемалық сипаттағы сұрақтарға жазбаша жауаптар;	1,6%	2,3%	-
7.Семинарлар мен конференцияларда баяндама дайындау;	1,4%	3,4%	1,2%
8.Ғылыми басылымдармен, сөздіктермен және анықтамалықтармен жұмыс істеу;	3,5%	2,7%	-
9. Педагогикалық ұғымдар мен теорияларды салыстыру;	1,5%	0,7%	2,3%
10.Теориялық пікірталастарға, дебаттарға және т.б. қатысу;	4,3%	1,7%	4%
11. Ғылыми-педагогикалық мәтіндермен жұмыс (сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту технологиялары негізінде);	4,1%	0,3%	1,6%
12.Түрлі дереккөздердегі белгілі бір мәселені, курс тақырыбын түсіндіруге салыстырмалы талдау жасау;	3,6%	8,3%	1,3%
13. Бастапқы дереккөздермен жұмыс; -Алынған мәліметтерді өңдеу және талдау және т.б.	4,3%	2,3%	-
БАРЛЫҒЫ	6	21	9
	4,7%	45,7 %	19,6%

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру әлі де болса жеткіліксіз қалыптасқан. Көптеген магистранттар «Өзіндік жұмыстың қандай түрлерін орындау ұсынылды?» сауалнамасы бойынша магистранттарға оқытушылардың жиі ұсынатын өзіндік жұмыс түрлерінің пайыздық көрсеткіштері анықталды. «Өзіндік жұмыстың қандай түрлерін орындау ұсынылды?» сауалнамасы бойынша алынған жауаптарын талдау барысында өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптасуын анықтау үшін магистранттарға оқытушылардың жиі ұсынатын өзіндік жұмыс түрлері анықталып және олардың кездесу жиіліктері зерттелді. Төмендегі 15 кестеде нәтижелері келтірілген.

Кесте 15 - Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың бақылау және эксперименттік топтарға сәйкес өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың танымдық-әрекеттік критерийі, %

Шкалалар		Үнемі	Кейде	Ешқашан
ЭТ	/n	21	24	11
ЭТ	%	37,5 %	42,8 %	19,7%
БТ	/n	16	21	9
БТ	%	34,7%	45,7 %	19,5%

Бақылау-эксперименттік топтағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың танымдық-әрекеттік критерийі деңгейлерінің динамикасының сандық сипаттамасы кестеде берілген (сурет 9).



Сурет 9 - Айқындаушы экспериментінде бақылау және эксперимент тобы магистранттарының «Магистранттарға оқытушылардың жиі ұсынатын өзіндік жұмыс түрлері» туралы МӨЖ деңгейін анықтауға арналған сауалнамасы бойынша диаграммасы

Респонденттердің БТ қатысқан 46 магистранттың «үнемі» деп жауап бергендер саны -16, ол 34,7 % құраса, «кейде» деп жауап бергендер саны – 21, ол 45,7 % құрайды, «ешқашан» деп жауап бергендер саны – 9, ол 19,5 % құрады.

Респонденттердің ЭТ қатысқан 56 магистранттың «үнемі» деп жауап бергендер саны -21, ол 37,5 % құраса, «кейде» деп жауап бергендер саны – 24, ол 42,8 % құрайды, «ешқашан» деп жауап бергендер саны – 11, ол 19,7 % құрады.

Анықтаушы эксперименттің танымдық-әрекеттік компонентінде магистранттардың көзқарасында «Өзіндік жұмыстың қандай түрлерін орындау ұсынылды?» сауалнамасы бойынша алынған жауаптарын талдау барысында магистранттарға оқытушылардың жиі ұсынатын өзіндік жұмыс түрлері анықталды (кесте 16).

Кесте 16 - Анықтаушы эксперименттің танымдық-әрекеттік компонентінде магистранттардың көзқарасы бойынша, «Өзіндік жұмыстың қандай түрлерін орындау ұсынылды?» сауалнамасы бойынша алынған мәліметтерінің пайыздық көрсеткіштері

МӨЖ түрлері	Анықтау кезеңі	
	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
Төмен	63%	64%
Орташа	29%	28%
Жоғары	8%	8%
Қорытынды:	100%	100%

Сонымен, зерттеудің анықтау кезеңінің нәтижелері пәндер мен МӨЖ білім беру бағдарламаларында кәсіби міндеттер толық көрсетілмегенін аңғартады, олардың шешімі жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптасуын анықтайды («педагогика және психология» бағытында). Тапсырмалар тобы басым түрде ұсынылады, кәсіби мамандардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптасуын жүзеге асыру қабілетінде және сәйкесінше оған сәйкес келетін өзіндік жұмыс түрлерінен көрінеді.

Көбінесе оқытушылар магистранттарға өзіндік жұмыс ретінде – репродуктивті сипаттағы жұмысты ұсынады, ал магистрлік дайындықты сипаттайтын ғылыми-зерттеу және жобалық тапсырмалар жеткіліксіз пайдаланылатыны анықталды. Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптасуын анықтау аясында магистранттардың пікірлеріне сүйене отырып, магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптасуы үшін қызықты, қажетті дағдыларды алу тұрғысынан нәтижелі өзіндік жұмыс түрлері анықталды.

Сауалнамада ұсынылған магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы үшін өзіндік жұмыс түрлерінің нұсқаларының ішінде магистранттар өздерінің кәсіби дамуы үшін ең өнімді

және шынайы орындалғанда қызықты деп санайтын нұсқалары іс жүзінде қолданылмайтыны анықталды, сондай-ақ сауалнамадан алынған тәжірибелік зерттеудің нәтижелерінің сандық және сапалық көрсеткіштері, зерттеу нәтижелерінің кездесу жиіліктері төмендегі кестелерде келтірілген (кесте 17).

Кесте 17 – Эксперимент тобы және бақылау тобы бойынша магистранттарға қызықты, қажетті дағдыларды алу тұрғысынан нәтижелі өзіндік жұмыс түрлері

Магистранттардың пікірі бойынша, магистранттар үшін қызықты, қажетті дағдыларды алу тұрғысынан нәтижелі өзіндік жұмыс түрлері	Ранг	Мамандардың (n=102) %
Жобалық іс-шаралар, талқылаулар, семинарлар, конференциялар, дүниежүзілік желідегі жұмыс,	5	43 %
Проблемалық сұрақтар мен тапсырмалар, рефлексиялық тапсырмалар, кітапханадағы жұмыс;	4	47%
Халықаралық ғылыми бағдарламаларға, ғылыми конкурстарға, гранттарға, конкурстарға қатысу;		56%
Белгілі ғалымдардың, мамандардың, практиктердің, студенттер мен магистранттардың қатысуымен семинарларға қатысу;	8	33%
Ғаламдық интернетте ақпараттарды іздеуді жүзеге асыру;	9	29%
Қаланың ғылыми-зерттеу институттары зертханаларының жұмысына қатысу және қаланың ұйымдары мен мекемелеріндегі психологиялық-педагогикалық зерттеулер;	0	19%
Өзін-өзі диагностикалау әдістемесін әзірлеу;	7	37%
Басқа оқу орындарында халықаралық семинарлар мен конференцияларға қатысу;	3	49%
Ғылыми-зерттеу жұмысында әртүрлі рөлдік позицияларды қабылдау мүмкіндігі:	2	52%
Зерттеуші, сарапшы, кеңесші, әзірлеуші және конструктор, ғылыми білімді танымал етуші, конкурсант, оппонент, баяндамашы, референт, ғылыми топты ұйымдастырушы; теориялық пікірталастарға, дебаттарға және т.б. қатысу;	6	41%

Сауалнама нәтижелерін сапалық талдау:

1. Магистранттардың көзқарасы бойынша магистранттар үшін қызықты, қажетті дағдыларды алу тұрғысынан нәтижелі өзіндік жұмыс түрлерінен «Халықаралық ғылыми бағдарламаларға, ғылыми конкурстарға, гранттарға, конкурстарға қатысу» магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптасуы үшін өзіндік жұмыс түрлерінің нұсқаларының ішінде магистранттар өздерінің кәсіби дамуы үшін ең өнімді және шынайы орындалғанда қызықты деп санайтын нұсқалар тұжырым 1-ші рангті құрайды. Магистранттардың 56% - пайызының пікірінше, мамандардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптасуына ықпал ететіндігі айқындалды.

2. Магистранттар үшін қызықты, қажетті дағдыларды алу тұрғысынан нәтижелі өзіндік жұмыс түрлеріне «Ғылыми-зерттеу жұмысында әртүрлі рөлдік позицияларды қабылдау мүмкіндігі бойынша осындай тұжырым 2-ші орынды

иеленді, яғни 52% пайызын қамтыды, магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптасуына әсер ететіндігі айқындалды.

3. Басқа оқу орындарында халықаралық семинарлар мен конференцияларға қатысу? деген сауалнамада олардың пікірінше, өзіндік жұмыс түрлері негізінде басқа оқу орындарында халықаралық семинарлар мен конференцияларға қатысу кәсіби тұлға болып қалыптасуына негіз бар деген сауалнамадағы бұл тұжырымды зерттелушілердің 49% пайызы қолдады.

4. Сауалнамадағы «Проблемалық сұрақтар мен тапсырмалар, рефлексиялық тапсырмалар, кітапханадағы жұмыс» деген өзіндік жұмыс түрлері зерттелушілердің 47% пайызын құрайды. Осындай ой-пікірлердің туындауына мынандай факторлар әсер етті деп ойлаймыз, атап айтқанда респонденттер проблемалық сұрақтар мен тапсырмалар рефлексиялық тапсырмалар, кітапханадағы жұмыс сияқты өзіндік жұмыстардың негізі қайнар көзі болып табылуында.

5. Магистранттардың «Жобалық іс-шаралар, талқылаулар, семинарлар, конференциялар, дүниежүзілік желідегі жұмыс» деген өзіндік жұмыс түрлерін таңдаған зерттеушілердің 43% пайызында кездесті.

6. «Зерттеуші, сарапшы, кеңесші, әзірлеуші және конструктор, ғылыми білімді танымал етуші, конкурсант, оппонент, баяндамашы, референт, ғылыми топты ұйымдастырушы; теориялық пікірталастарға, дебаттарға және т.б. қатысу» бұл тұжырым зерттелушілердің жауабы бойынша 6-шы орынға рангіленіп 41 % пайызын қамтыды.

7. «Өзін-өзі диагностикалау әдістемесін әзірлеу» өзіндік жұмыс түрлері сауалнамада 37% пайызын қамтыды.

8. Сауалнамадағы «Белгілі ғалымдардың, мамандардың, практиктердің, студенттер мен магистранттардың қатысуымен семинарларға қатысу» өзіндік жұмыс түрлері жауап беруші зерттелушілердің 33% пайызы атап көрсетті.

9. «Ғаламдық интернетте ақпараттарды іздеуді жүзеге асыру» бұл сауалнамада магистранттардың тұжырымы 9-ші орынды иеленіп, 29% - пайыз зерттелушілерді құрады.

10. «Қаланың ғылыми-зерттеу институттары зертханаларының жұмысына қатысу және қаланың ұйымдары мен мекемелеріндегі психологиялық-педагогикалық зерттеулер» өзіндік жұмыс түрлері бұл тұжырым зерттелушілердің жауабы бойынша 10-шы орынға рангіленіп 19 % пайызын қамтыды. Магистранттар үшін қызықты, қажетті дағдыларды алу тұрғысынан осы тұжырымды нәтижелі өзіндік жұмыс түрлерін дұрыс деп атап көрсетеді. Бұл құбылыс қазіргі магистранттардың әлеуметтік табыстылығын жетілдіргісі келуімен байланысты түсіндірілуі мүмкін.

Алынған нәтижелерді талдау көрсеткендей, магистранттар өзіндік жұмысқа дайындығын айтарлықтай жоғары бағалайды (орта есеппен 10 баллдан 8,4 балл), барлық білім беру бағдарламаларының магистранттары өзіндік жұмысты орындау кезінде қиындықтарға тап болатыны анықталды. Төмендегі кестеде сауалнама негізінде тағы да бір анықталған факторлардың бірі магистранттардың өзіндік жұмысын орындауда кездесетін қиындықтары

анықталды, соның ішінде магистранттар басынан өткерген қиындықтар мен магистранттардың пікірі бойынша өзіндік жұмысты ұйымдастыруға қажетті көмекті атап көрсеткен (кесте 18).

Кесте 18 - Магистранттардың өзіндік жұмысын орындауда кездесетін қиындықтары

Магистранттар басынан өткерген қиындықтар	Магистранттардың пікірі бойынша өзіндік жұмысты ұйымдастыруға қажетті көмек
- өз уақытын нақты бөле алмау; - ғылыми әдебиеттің жетіспеушілігі; - ғылыми-әдебиеттік дағдылар; - жұмысты орындау; - ақпараттық технологиялық бөлмелерде шектеулі жұмыс; - қаржылық қиындықтар.	- жетекшілерден кеңес алу: әдебиеттерді, ақпараттарды іздеуде, тапсырмалардың мақсатын түсіндіруде; - заманауи әдебиеттерге көбірек еркін қол жеткізу, компьютермен жұмыс істеу; - өзіндік жұмысты орындауға қажетті уақытты нақты жоспарлау (күнге жоспар); - жетекшілермен кездесулерді реттеу; - МӨЖ-ны орындауға мотивацияны арттыру.

Магистранттар тізбелеген қиындықтар оқытушылардан кеңес, қолдау және алға қойған мақсаттарды түсіндіру мүмкіндігінің жоқтығын көрсетеді. Демек, магистранттар өзі ндік жұмысты орындау кезінде әртүрлі сипаттағы және әртүрлі деңгейдегі көмекті қажет етеді, яғни оқу процесінде магистранттармен бірге жүруі қажет.

Анықтау экспериментінің нәтижелері көрсеткендей, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру аясында өзіндік жұмысқа дайындығын жоғары бағалайтын (орта есеппен 10 баллдан 8,4 балл), оны орындауда бұрын тәжірибесі бар магистранттар магистратурада өзіндік жұмысты орындау кезінде де қиындықтарға тап болады. Қиындықтар өз уақытын нақты бөле алмаудан көрінеді; ғылыми еңбектермен жұмыс істеу дағдысының болмауы; жұмысқа қызығушылықтың болмауы; тапсырмаларды дұрыс түсінбеу және өз-өзіне сенімсіздік туғызатын тапсырмалардың дұрыс айтылмауы; компьютерлік сыныптарда шектеулі жұмыс. Магистранттар оқытушылардан кеңес пен қолдау алудың жеткіліксіз мүмкіндіктерін атап өтеді.

Магистратурада магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру өзіндік жұмысты ұйымдастыру мәселесінің мәнін және анықтау экспериментінің нәтижелерін ашатын теориялық мәселелерде эксперименттік жұмыстың идеясы мен барысы, магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру өзіндік жұмысын ұйымдастыруға оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасау қажеттілігі анықталды.

Анықтаушы тәжірибелік-экспериментті келесі кезегінде рефлексиялық-бағалаушылық компоненті бойынша төмендегідей психодиагностикалық әдістемелер жүргізілді:

- А.В.Карпов бойынша рефлексивтіліктің жеке өлшемін диагностикалау әдісі (5-қосымша);

- В.Д. Шадриков, И.В. Кузнецова бойынша магистранттардың өзіндік жұмыстарды орындау негізінде өз білімін прогрессивті модельдеуі; өзін-өзі бағалау парағы (6-қосымша).

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін анықтаудың рефлексиялық-бағалаушылық критерийін диагностикалау үшін мыналар пайдаланылды: А.В.Карповтың рефлексивтіліктің көрінуінің жеке даралық өлшемін анықтау әдісі [72,с. 16] және В.Д.Шадриковтың өзіндік жұмыстары негізінде өзін-өзі бағалауын зерттеу әдісі [96,с. 59].

А.В.Карповтың әдісі [72,с. 16] – рефлексивтілік сияқты жеке қасиеттердің даму дәрежесін өлшеуге арналған сауалнама. Сауалнама мәтіні 27 мәлімдемеден тұрады, олардың жауаптары 7 баллдық Лайкерт шкаласымен құрастырылады. Сауалнамаға сәйкес тұлғаның рефлексивтілігінің жалпы даму дәрежесін сипаттайтын бір құндылық қалыптасады. Бұл әдістеменің артықшылығы мынада: анықталған мінез-құлық көріністерінің диапазоны рефлексияның үш негізгі түрін (уақытша принцип бойынша): ситуациялық (актуалды), ретроспективті (өткендегі әрекеттерді талдау) және перспективалықпен байланысты. Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін анықтауда ғылыми-педагогикалық іс-әрекетті өздігінен ұйымдастыру, өзіндік жұмыстары негізінде ғылыми және кәсіби жетістікке жету іс-шараларды талдау, жоспарлау, ықтимал нәтижелерді болжау.

Эксперименттік және бақылау топтарындағы әдістеме бойынша сауалнама нәтижелері респонденттердің көпшілігінде рефлексивтіліктің көрінуінің жеке даралық өлшемін орташа деңгейі бар екенін көрсетті. Бұл факт жеке тұлғаның дұрыс дамуын, әлеуметтік-мәдени топтағы тұрақты позицияны және ұжыммен айқын қайшылықтардың жоқтығын көрсетеді. Бұл магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру қабілетіне жақсы әсер етеді, өйткені рефлексия кәсіби тұлғаның құрамдас бөлігі болып табылады. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, эксперименттік және бақылау топтарындағы респонденттердің рефлексивтілігінің экспрессивтілік деңгейлерін қарастырып көрейік (кесте 19).

Кесте 19 - Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін анықтауда А.В.Карповтың әдістемесі бойынша рефлексивтіліктің жеке өлшемінің көріну деңгейі, %

Деңгей	Эксперименттік топ (n=56)	Бақылау тобы (n=46)
Төмен	30 %	28,3 %
Орташа	38 %	41,3 %
Жоғары	32 %	30,4 %

Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін анықтауда рефлексивтіліктің жеке өлшемінің көріну деңгейі анықтау әдістемесін қолдану шеңберінде рефлексияның көріну деңгейлері төмендегідей анықталды.

Төмен деңгей магистранттың өзіндік жұмыстары негізінде өзіндегі бар білімді өзектендіруді қажет деп санамайды; ғылыми-шығармашылық тапсырмаларды орындау кезінде өзгерістерді түсінбейді; ізденіс жұмыстары арқылы теорияның кейбір аспектілерін түсінуі қиын; практикалық ойлауы жоқ; академиялық жазылымның түрлерін, ерекшеліктерін түсінгенімен ғылыми еңбектерді құрауды түсінбейді; өз білімінен ғылыми-педагогикалық нәтиже немесе өнім беруді қажет деп санамайды, өз іс-әрекетінің себептері мен басқа адамдардың әрекеттері туралы, олардың салдары туралы ойлау мүмкіндігінің аз екенін көрсетеді. Мұндай адамдар әрқашан өз әрекеттерін жоспарламайды, импульсивті және шешім қабылдағанда азырақ мәліметтерді қарастырумен шектеледі.

Орташа деңгей магистранттың өзіндік жұмыстары негізінде өзіндегі бар білімді белсенділікпен талдауға қабілетсіздігін көрсетеді. Бұл үшін қажетті теориялық алғышарттар бар, бірақ олар іс жүзінде әлі жаңартылған жоқ. оқытушының және ғылыми жетекшінің көмегімен іздестіру мен шығармашылыққа (зерттеу) байланысты өзіндік жұмыстарды ұйымдастырады; берілген теорияны түсінеді, бірақ жаңа теорияны субъектілердің қатысуымен жасайды, практикалық ойлауы бар, жекелеген әдістемелерді түсінеді; өз бетінше әрекет ету мүмкіндігі бар, бірақ оған әлеуеті жете бермейді; академиялық жазылым түсінігі бар, бірақ әлі ғылыми еңбектер жазуға төселмеген; өз білімі туралы түсінігі бар, оны қолдануға немесе нәтиже беруге ұмтылысы аз; кәсіби құзыреттіліктің ғылыми-тұжырымдамалық негіздерін бағалайды, басқаларға кеңес беруге құзыретті емес; өзіндік жұмыстар негізінде кәсіби мамандық механизмдерін тәжірибемен, ғылыммен ұштастыруды түсінеді, алайда оны іс жүзінде қарастыруды қажет етпейді.

Жоғары деңгей магистранттың өз іс-әрекетін және басқа адамдардың іс-әрекетін талдауға, өткендегі де, қазіргі кездегі де, болашақтағы әрекеттерінің себептері мен салдарын анықтауға бейімділігін көрсетеді. Ол өзінің іс-әрекеті туралы ойлауға, оны мұқият жоспарлауға және барлық ықтимал салдарды болжауға бейім. Мұндай адамдарға басқаны түсіну, оның орнына өзін қою, оның мінез-құлқын болжау, өзі туралы не ойлайтынын түсіну оңайырақ.

Өзіндік жұмыстар негізінде қолда бар білімді өзектендіруге мүмкіндігі жетерлік; ғылыми-шығармашылық тапсырмаларды орындау кезінде шығармашылық әлеуеттің артқанын бағалайды; ізденіс жұмыстары арқылы теориядан жаңа теория жасайды; практикалық ойлауы жоғары, сол арқылы әдістемелерді таңдауда қабілетті, іздену-танымдық өзіндік жұмыстарды қабылдау және түсіну, әрекет ету тәсілдерін таңдау үдерісінде тәуелсіз дамуды ұнатады; өз бетінше әрекет ету тәжірибесін жинақтау қызметте шығармашылықты дамыту үшін негіз болып табылады деп түсінеді; академиялық жазылымы бар, оны үнемі жетілдіруге тырысады; өзіндік

жұмыстарды орындау негізінде өз білімін прогрессивті модельдей алады; өз білімінен ғылыми-педагогикалық нәтиже немесе өнім береді; кәсіби құзыреттіліктің ғылыми-тұжырымдамалық негіздерін бағалап, басқаларға кеңес бере алады; өзіндік жұмыстар негізінде кәсіби мамандық механизмдерін тәжірибемен, ғылыммен ұштастырады.

Сонымен қатар, бағалау критерийін анықтаудың диагностикалық құралы ретінде В.Д. Шадриков бастаған мамандар тобы әзірлеген магистранттың өзіндік жұмыстарды орындау негізінде педагогикалық қызметін өзін-өзі бағалау парағы пайдаланылды [96,с. 28]. Сауалнама магистранттың өзіндік жұмыстарды орындау негізінде педагогикалық қызметінің кең ауқымын қамтитын 65 мәлімдемеден тұрады. Субъектілерге 5 балдық шкала арқылы өзіндік жұмыстарды орындау негізінде кәсіби педагогикалық қызметке қажетті жеке іс-әрекеттер мен қасиеттерді көрсететін бірқатар мәлімдемелерді өз бетінше бағалау ұсынылды.

Бұл әдістеменің әмбебаптығы оның кең ауқымды маман болуға дайындалып жатқан жеке тұлғаларды диагностикалау үшін қолайлы екендігінде. Түсіндіру схемасына сәйкес сұрақтардың жалпы массасынан бағалау критерийін қалыптастырудың егжей-тегжейлі бейнесін көрсететін жеке критерийлер ерекшеленеді (кесте 20).

Кесте 20 - В.Д.Шадриков бастаған мамандар тобы әзірлеген магистранттардың өзіндік жұмыстарды орындау негізінде рефлексиялық-өзін-өзі бағалау сауалнамасы бойынша (%) пайыздық көрсеткіштері

Критерилері	Деңгейлері		
	Төмен	Орташа	Жоғары
Тұлғалық сапалар	32%	52%	16%
Мақсат қоюшылық	32%	61%	7%
Өзіндік жұмыстарды орындау іс-әрекетіндегі мотивация	24%	72%	4%
Ғылыми-шығармашылық тапсырмаларды орындау кезінде шығармашылық әлеуеттің бағалау	40%	50%	10%
Өзіндік жұмыстарды орындау негізінде өз білімін прогрессивті модельдей алуы	54%	40%	6%
Іздену-танымдық өзіндік жұмыстарды қабылдау және түсіну, әрекет ету тәсілдерін таңдау, өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруы	28%	60%	12%
Эт мен БТ жалпы деңгейі	23%	70%	7%

Диагностика көрсеткендей, өзін-өзі бағалаудың төмен деңгейі респонденттердің 23% -ына тән. Мұндай магистранттарға ғылыми-шығармашылық тапсырмаларды орындау кезінде өзгерістерді түсінбейді «ағыммен жүруге» ұмтылу тән. Бұл олардың бастапқыда қабілеттерін шын мәніндегіден төмен бағалайтындығына байланысты.

Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігінде өзін-өзі бағалаудың орташа деңгейі субъектілердің 70% -ында көрінді, бұл

тапсырмаларды таңдаудағы сәйкессіздікті көрсетеді. Бұл топтағы магистранттар белсенді, бірақ көбінесе олардың белсенділігі үстірт сипатта болады. Олар кез келген жұмысқа кіріседі, көптеген іс-шараларға кіреді, бірақ, әдетте, аяқталмайды соңына дейін бастады, өйткені олар өздерінің қабілеттері мен мүмкіндіктерін қабылданған міндеттемелер деңгейімен өлшемейді.

Респонденттердің 7% жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін анықтауда тапсырмаларды таңдау, олардың қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сәйкес келетін мақсаттар қою мүмкіндіктері мен қабілеттерін сипаттайтын өзін-өзі бағалаудың жоғары деңгейін көрсетті.

Осы деректер негізінде педагогикалық жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін бағалау критерийін қалыптастырудың жалпы деңгейі де есептеледі. Магистранттардың тұтас педагогикалық білімін қалыптастыру жөніндегі ұсынылатын өзіндік жұмыстар мамандарды кәсіби сәйкестендіруге, даярлауға қойылатын талаптар контекстінде оның кәсіби және жеке қасиеттерін бағалауға бағытталған. Рефлексиялық-бағалаушылық компонент тұтас педагогикалық білімді меңгерудің маңыздылығын терең түсінуге, кәсіби-педагогикалық құндылық ретінде қатынас жасауға, педагогика мен психологияның білім жүйесін терең меңгеруге, рефлексиялық жағдайға түсу қабілеті мен біртұтас педагогикалық білімді игеру деңгейін және оны қалыптасқан жағдайларда қолдануды сыни тұрғыдан бағалай білу, өз білімінің одан әрі дамуын болжай әрі жоспарлай білуге жағдай жасайды.

Эксперименттік және бақылау топтарындағы әдістеме бойынша сауалнама нәтижелері респонденттердің көпшілігінде рефлексивтіліктің көрінуінің жеке даралық өлшемін орташа деңгейі бар екенін көрсетті. Бұл факт жеке тұлғаның дұрыс дамуын, әлеуметтік-мәдени топтағы тұрақты позицияны және ұжыммен айқын қайшылықтардың жоқтығын көрсетеді. Бұл болашақ мамандардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру қабілетіне жақсы әсер етеді, өйткені рефлексия кәсіби тұлғаның құрамдас бөлігі болып табылады. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, эксперименттік және бақылау топтарындағы респонденттердің рефлексивтілігінің экспрессивтілік деңгейлерін қарастырып көрейік (кесте 21).

Кесте 21 - Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін анықтауда рефлексивтіліктің жеке өлшемінің көріну деңгейі, %

Деңгей	Эксперименттік топ (n=56)	Бақылау тобы (n=46)
Төмен	30 % (17)	28,3 % (13)
Орташа	38 % (21)	41,3% (19)
Жоғары	32 % (18)	30,4 % (14)

Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін анықтауда рефлексивтіліктің жеке өлшемінің көріну деңгейі анықтау

әдістемесін қолдану шеңберінде рефлексияның көріну деңгейлері төмендегідей анықталды.

Төмен деңгей магистранттың өзіндік жұмыстары негізінде өзіндегі бар білімді өзектендіруді қажет деп санамайды; ғылыми-шығармашылық тапсырмаларды орындау кезінде өзгерістерді түсінбейді; ізденіс жұмыстары арқылы теорияның кейбір аспектілерін түсінуі қиын; практикалық ойлауы жоқ; академиялық жазылымның түрлерін, ерекшеліктерін түсінгенімен ғылыми еңбектерді құрауды түсінбейді; өз білімінен ғылыми-педагогикалық нәтиже немесе өнім беруді қажет деп санамайды, өз іс-әрекетінің себептері мен басқа адамдардың әрекеттері туралы, олардың салдары туралы ойлау мүмкіндігінің аз екенін көрсетеді. Мұндай адамдар әрқашан өз әрекеттерін жоспарламайды, импульсивті және шешім қабылдағанда азырақ мәліметтерді қарастырумен шектеледі.

Орташа деңгей магистранттың өзіндік жұмыстар негізінде өзіндегі бар білімді белсенділікпен талдауға қабілетсіздігін көрсетеді. Бұл үшін қажетті теориялық алғышарттар бар, бірақ олар іс жүзінде әлі жаңартылған жоқ. оқытушының және ғылыми жетекшінің көмегімен іздестіру мен шығармашылыққа (зерттеу) байланысты өзіндік жұмыстарды ұйымдастырады; берілген теорияны түсінеді, бірақ жаңа теорияны субъектілердің қатысуымен жасайды, практикалық ойлауы бар, жекелеген әдістемелерді түсінеді; өз бетінше әрекет ету мүмкіндігі бар, бірақ оған әлеуеті жете бермейді; академиялық жазылым түсінігі бар, бірақ әлі ғылыми еңбектер жазуға төселмеген; өз білімі туралы түсінігі бар, оны қолдануға немесе нәтиже беруге ұмтылысы аз; кәсіби құзыреттіліктің ғылыми-тұжырымдамалық негіздерін бағалайды, басқаларға кеңес беруге құзыретті емес; өзіндік жұмыстар негізінде кәсіби мамандық механизмдерін тәжірибемен, ғылыммен ұштастыруды түсінеді, алайда оны іс жүзінде қарастыруды қажет етпейді.

Жоғары деңгей магистранттың өз іс-әрекетін және басқа адамдардың іс-әрекетін талдауға, өткендегі де, қазіргі кездегі де, болашақтағы әрекеттерінің себептері мен салдарын анықтауға бейімділігін көрсетеді. Ол өзінің іс-әрекеті туралы ойлауға, оны мұқият жоспарлауға және барлық ықтимал салдарды болжауға бейім. Мұндай адамдарға басқаны түсіну, оның орнына өзін қою, оның мінез-құлқын болжау, өзі туралы не ойлайтынын түсіну оңайырақ.

Өзіндік жұмыстар негізінде қолда бар білімді өзектендіруге мүмкіндігі жетерлік; ғылыми-шығармашылық тапсырмаларды орындау кезінде шығармашылық әлеуеттің артқанын бағалайды; ізденіс жұмыстары арқылы теориядан жаңа теория жасайды; практикалық ойлауы жоғары, сол арқылы әдістемелерді таңдауда қабілетті, іздену-танымдық өзіндік жұмыстарды қабылдау және түсіну, әрекет ету тәсілдерін таңдау үдерісінде тәуелсіз дамуды ұнатады; өз бетінше әрекет ету тәжірибесін жинақтау қызметте шығармашылықты дамыту үшін негіз болып табылады деп түсінеді; академиялық жазылымы бар, оны үнемі жетілдіруге тырысады; өзіндік жұмыстарды орындау негізінде өз білімін прогрессивті модельдей алады; өз білімінен ғылыми-педагогикалық нәтиже немесе өнім береді; кәсіби

құзыреттіліктің ғылыми-тұжырымдамалық негіздерін бағалап, басқаларға кеңес бере алады; өзіндік жұмыстар негізінде кәсіби мамандық механизмдерін тәжірибемен, ғылыммен ұштастырады.

Негізінде әрбір критерий дағдылар мен әдеттер қатары болып табылады.

- жеке қасиеттер: эмпатия және өзін-өзі ұйымдастыру; жалпы мәдениет.

- мақсат қою: магистранттардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес мақсат пен міндеттерді қоя білу; магистранттардың кәсіби-педагогикалық тұрғыдан инновациялық және шығармашылық қызметті болжауы; ғылыми-педагогикалық қызмет технологиясында оларды іске асыруға білімді жобалауы;

- өзіндік жұмыстар арқылы ғылыми-зерттеу аймағы мен пәндік дамуда, жетілдіруде және тиімділігін арттыруда, модернизациялауда субъективті идеяларды жүзеге асыру білігі;

- пәндік және ғылыми-зерттеу мәселелерін ғылыми-педагогикалық әрекеттік парадигмаға айналдыру шеберлігі;

-өзіндік жұмыстар негізінде субьмәдениетті және әдіснамалық мәдениетті түсініп, оны қайта жаңғырта алу қабілеті;

- ғылыми зерттеу облысында әдістемелік нұсқаулар мен теориялық ережелердің локусын тұжырымдау білімі;

- педагогика және психология саласындағы ғылыми әрекетті және оның ішкі компоненттерін синтездеу, академиялық сөйлеу мен жазылым тұрғысынан ғылыми стилі.

- өзіндік жұмысты орындауды ұйымдастыру: рефлексивтілік (өзін-өзі тану), өзін-өзі бағалау, мақсат қою, қызығушылық, шығармашылық көзқарас танытуы олардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды ғылыми-педагогикалық қызмет ретінде қарастыру; педагогикалық бағалауды жүзеге асыра білу.

Зерттеу нәтижелерін талдау жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін бағалау критерийін эксперименттік және бақылау топтарында қалыптастыру негізінен орташа деңгейде деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Жоғары деңгейдің үлесі шамалы (кесте 22).

Кесте 22 - Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптасу критерийінің деңгейі %

Деңгей	ЭТ	БТ
Төмен	29%	25%
Орташа	51%	51%
Жоғары	19%	24%

Кейбір мәлімдемелерді магистранттар өздерінің идеялары мен алған білімдеріне сүйене отырып, гипотетикалық түрде бағалайтынын түсіндіру керек. Дегенмен, біздің ойымызша, өзіндік жұмыстар арқылы ғылыми-зерттеу

аймағы үрдісі барысында болып жатқан нәрсені түсіну деңгейін толық көрсетеді.

Орташа арифметикалық мәнге дейін қысқартылған сараптамалық бағалаулар жиынтығы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін бағалау критерийін қалыптастыруды бағалауға, сонымен бірге өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру кезінде туындаған қиындықтар мен проблемалық өрістерді анықтауға мүмкіндік берді. Критерийлер диагностикасы бойынша алынған мәліметтер негізінде жалпы эксперименттік және бақылау топтарында педагогикалық жоғары оқу орны студенттерінің дидактикалық құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін талдадық (кестелер 23,24).

Кесте 23 – Эксперимент тобындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейі

Деңгейлері	Критерийлер			Кәсіби құзыреттілігі
	Мотивациялық-құндылық	Танымдық-әрекеттік	Рефлексиялық-бағалаушылық	
Төмен	53	64	81	56,3
Орташа	34	28	14	32,5
Жоғары	13	8	5	11,2
Қорытынды	100	100	100	100

Кесте 24 - Бақылау тобындағы магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру деңгейі, (мәлімдеу кезеңі), %

Деңгей	Критерийлер			Кәсіби құзыреттілігі
	Мотивациялық-құндылық	Танымдық- әрекеттік	Рефлексиялық-бағалаушылық	
III Төмен	56 %	63 %	82 %	56,5 %
II Орташа	34 %	28 %	13 %	33 %
I Жоғары	10 %	9 %	5 %	10,5 %
Қорытынды	100 %	100 %	100 %	100 %

Сонымен, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың бастапқы деңгейін эксперименттік және бақылау топтарында диагностикалау нәтижелері келесіні көрсетті.

Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың төмен деңгейі (ЭТ – 56,3%, БТ – 56,5%) магистранттардың теориялық ұстанымдарды білуімен сипатталады, ал бұл білімді практикалық іс-әрекетте пайдалану мүмкіндіктерін көре алмауы, ізденіс жұмыстары арқылы теорияның кейбір аспектілерін түсінуі қиын; практикалық ойлауы жоқ; академиялық жазылымның түрлерін, ерекшеліктерін түсінгенімен ғылыми

еңбектерді құрауды түсінбейді; өз білімінен ғылыми-педагогикалық нәтиже немесе өнім беруді қажет деп санамайды. Рефлексияның төмен деңгейі.

Магистранттың кәсіби іс-әрекетке қызығушылықтың жоқтығы, ол мақсат қоя алмайды, басқаларға кеңес беруге құзыретті емес; педагогикалық білім алу үшін жауапкершілікті қалай алуды қаламайды және білмейді, рефлексиялық позицияға қалай түсу керектігін білмейді.

Магистрант кәсіби іс-әрекеттің әдістері, тәсілдерінің шектеулі санына ие, өзіне жүктелген кәсіби міндетке сәйкес өз іс-әрекетін үйлестіруді білмейді.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптасу деңгейінің төмендігі бұл топ үшін кәсіби іс-әрекеттің ортақ мақсатпен байланысы жоқ жекелеген операциялардан тұратынын көрсетеді. Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың орташа деңгейі (ЭТ – 32,5%, БТ – 33%) магистранттардың алған теориялық білімдерін талдау және жалпылау және оны практикада қолдану қабілеті бастапқы деңгейде екенін көрсетеді. Өз іс-әрекеті мен мүмкіндіктерін сезіну, мақсат қоя білу, оған жету жолдарын анықтау, шешім қабылдау және белгілі бір жауапкершілікті өз мойнына алуы көрінеді. Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптасуы бірте-бірте рефлексиялық позицияға түседі, өз іс-әрекетіне сыни тұрғыдан баға беру қабілеті пайда болады. Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың жоғары деңгейі (ЭТ – 11,2%, БТ – 10,5%) маманның өзін жауапты мақсат қоятын, педагогикалық құндылықтарды жүзеге асыру құралдарын белсенді іздестіру және құрастыру субъектісі ретінде көрсететінін көрсетеді. Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда педагогикалық іс-әрекет мақсаттары үшін бар жағдайларды түрлендіруге және жоқтарын жасауға қабілетті, бұл оған проблемалық жағдайлардан шығудың жолын іздеуге және табуға, тәжірибе негізінде оларды жеңуге мүмкіндік береді. Білім саналы, ішкі резервке айналады, яғни магистрант үшін оны нақты тәжірибеде және педагогикалық міндеттерді шешу процесінде саналы түрде пайдалануға мүмкіндік беретін құндылыққа айналады.

Зерттеудің анықтау кезеңінің нәтижелері жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру төмен деңгейде деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру моделінің тиімді жұмыс істеуі үшін арнайы әдістемесін жасап, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелдеу қажеттігін көрсетеді. Келесі тармақта біз, қалыптастыру экспериментінің мазмұнын ұсынатын боламыз.

3.2 Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі, оны жүзеге асыру жолдары

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі магистранттардың ғылыми-педагогикалық әлеуетінің дамуы, кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы белгілі бір әлеуметтік ортада, соның ықпалы, әсері арқылы дамиды, қалыптасады және сол ортада өзіндік жұмыстарды, өзін қаншалықты ұйымдастыра алатындығына байланысты. Магистранттардың кәсіби құзыреттілігі қалыптасуының мәні өзінің маман ретіндегі өсу деңгейін зерттей алуы, дұрыс бағалай алуында.

Біздің эмпирикалық зерттеуіміздің мақсаты – магистранттардың ғылыми-зерттеу іс-тәжірибелерінен өтуде оның кәсіби құзыреттілігінің негізі ретінде өзіндік жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру арқылы құзыреттіліктің қалыптастыру деңгейін анықтау. Мұндағы ғылыми-зерттеу іс-тәжірибесі – магистранттардың теориялық және практикалық өзекті мәселелер бойынша педагогикалық зерттеуді дербес жүзеге асыруға, зерттеу қызметінің әдіснамасын игеруге мүмкіндік беретін практикалық дайындығы. Қалыптастыру экспериментінің кезеңдері магистранттардың ғылыми-зерттеу іс-тәжірибелерінде жүзеге асты.

Магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда жалпы ұйымдастырушылық-басқару жүйесін, өзіндік жұмыс күшін кеңейту арқылы кәсібилігін арттыра түсуге арналған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жолға қойылды.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі бірнеше кезеңдерді қамтиды.

Қалыптастыру экспериментінің бірінші кезеңінде бекітілген академиялық күнтізбенің 2-семестрінде **«Өзіндік жұмыстар арқылы тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері»** атты элективті курс ұйымдастырылды. Ал аталмыш эксперименттің келесі кезеңі **«Ғылым сағаты»** атты магистранттарға арналған *ғылыми-педагогикалық студияның* жылдық бағдарламасының жобасы жүргізілді.

«Өзіндік жұмыстар арқылы тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» атты элективті курстың *мақсаты*: магистранттардың өзіндік жұмыстарды орындату негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

Курстың міндеттері:

1. Өзіндік жұмыстар, кәсіби құзыреттіліктің теориялық-әдіснамалық негіздерімен қаруландыру;

1.1 «Өзіндік даму философиясы», «кәсібилік», «кәсіби құзыреттілік» ұғымдық-категориялық аппараттың мазмұнын түсіндіру;

1.2 Әдіснамалық тұғырлар мен жалпы әдіснамалық ұстанымдарды басшылыққа алу мәдениетін меңгерту.

2. Өзіндік жұмыстар негізінде қалыптасатын кәсіби құзыреттіліктің тұжырымдамалық қағидаларын ғылыми-педагогикалық бағытта анықтауға жағдай жасау;

2.1 Магистранттардың өзіндік жұмыстарына қойылатын талаптары бойынша жүйелі жұмыстарды жоспарлау;

2.2 Ғылыми-педагогикалық үдерісте (бағытта) әртүрлі өзгерістерге, идеялық жаңаруларға, білім беру технологияларын жетік меңгерту;

2.3 Өзіндік жұмыстар негізінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді оқу-әдістемелік, ғылыми-педагогикалық тұрғыдан қамтитын жолдарды түсіндіру және оны ұйымдастыруға кеңес беру.

«Өзіндік жұмыстар арқылы тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» атты элективті курстың мазмұны төмендегідей теориялық және қолданбалы бөліктерден түзілген:

Теориялық мазмұны:

- тұлға және ғылыми таным, диалектика теориялары;
- білім берудегі өз бетінше әрекетке үйрету және ынталандыру теориялары;
- білім беру үдерісін ұйымдастыруға және зерттеуге құзыреттілік тұжырымдамалары.

Курстың қолданбалы бөлігі:

- магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы өзіндік жұмыстардың формаларын ұйымдастыру.

Дайындалып отырған «Өзіндік жұмыстар арқылы тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» элективті курсын оқыту екі модульден тұрады, курстың нәтижесінде:

- жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі мамандардың өзіндік жұмыстар арқылы кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері бойынша білімі;

- зерттеудің тұжырымдамалық идеяларына диалектикалық тұрғыдан теориялық түсініктері;

- тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда эмпирикалық талдаулар жасау білігі;

- жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі магистранттардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру үдерісін ғылыми-педагогикалық тұрғыдан қамтамасыздандыратын жаңа теорияларды тудыру, оны шығармашылықпен ұйымдастыруда кәсіби құзыреттілігі қалыптасатын болады.

«Өзіндік жұмыстар арқылы тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» атты элективті курстың оқу-тақырыптық жоспарын ұсынамыз (кесте 25).

Кесте 25 - «Өзіндік жұмыстар арқылы тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» атты элективті курстың оқу-тақырыптық жоспары

р/с	Дәріс атаулары	Сағат саны/формасы	
		Дәріс	ПС
МАЗМҰНДЫҚ МОДУЛЬ			
1	ЖОО-нан кейінгі білім беруде магистранттарға білім мазмұнын күшейтуге арналған мемлекеттік құжаттар мазмұны	1	2
2	Магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың категориялары (зерттеушілік, құзыреттілік, ғылыми ізденіс, өзіндік жұмыс т.б.)	2	2
3	Магистранттардың өзіндік жұмыстары ғылыми-педагогикалық құрал ретінде	1	2
4	Өзіндік білімнің диалектикалық құбылыстары	1	2
5	Өзіндік жұмыстар арқылы магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары	1	2
6	Тұлғаның өзіндік жұмыстарды басқару құрылымы	2	4
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МОДУЛЬ			
7	Ғылыми жұмыстарды өздігінен орындаудың әдістемесі	2	4
8	Өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың (өзіндік жұмыс – іс-әрекет; өзіндік жұмыс – оқыту формасы; өзіндік жұмыс – оқыту әдісі; өзіндік жұмыс – оқыту құралы) педагогикалық мәні	2	4
9	«Өмір бойы білім» тұжырымдамасын жүзеге асыру технологиялары	1	4
10	Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың инновациялық үлгілері	2	4
	БАРЛЫҒЫ	15	30

Қалыптастыру экспериментінің ұйымдастырылатын және жүргізілетін барлық кезеңдері магистранттың бакалавриат пен магистратурада алған білімдерін кәсіби қызметке жақын жағдайларда іске асыруына мүмкіндік береді. Магистратурада ғылыми-зерттеу жұмыстары білім алушылардың оқу үдерісінде алған теориялық және практикалық білімдерін кеңейтуге және бекітуге, кәсіби құзыреттерді игеруге және жетілдіруге, ғылыми-әдістемелік даярлыққа бағытталған өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруға негіз болады.

Магистранттар үшін ғылыми-зерттеудің нысаны зерттеудің маңызды рәсімдерін игеру бойынша олардың (ғылыми жетекшінің немесе оқытушысының бағыт-бағдарымен) өздігінен орындайтын жұмыстары болып саналады.

Қалыптастыру экспериментіндегі **«Өзіндік жұмыстар арқылы тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері»** атты элективті курстың мазмұны білім алушылардың өзіндік жұмыстарды терең ізденісте, яғни ғылыми-шығармашылық деңгейде орындап, магистранттарда қажетті білімдер мен біліктіліктерді қалыптастыруды құрайды.

Магистранттар оқыту үдерісінің мазмұнын талдауға қабілетті, барлық субъектілердің қызметін бағалай алады, заманауи әдістерді, оқыту технологиясын таңдайды және қолданады, пән бойынша оқу сабақтарын жоспарлайды, өткізеді, кері байланыс алудың әдістері мен құралдарын игереді, рефлексия әдістері мен тәсілдерін қолданады; білім алудағы кәсіби құзыреттіліктерді мақсатты түрде оқу-тәрбие үдерісінде модельдейді.

Жүргізілген элективті курстың бағдарламасындағы қамтылған дәріс материалдарын меңгертуде практикалық сабақтар мен магистранттардың өзіндік жұмыстары (МӨЖ) элективті курстың міндетті бөлімі, жалпы мәдени және кәсіби құзыреттіліктерді игеруге бағытталған, мемлекеттік білім беру стандарты мен магистратура бойынша білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес негізделген. Сондай-ақ, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігін, белсенділігін, зерттеушілік мәдениетін, ғылымға деген этикетін қолдану аясын кеңейтуді қамтамасыз ете алады. Бір ескере кететіні, магистранттардың білім алу үдерісі диссертациямен жұмыс жасаумен бірге кәсіби құзыреттілігін сол тұрғыда қалыптастыруы қатар жүретіні анық. Ал элективті курс бағдарламасын оқытуда магистранттар диссертациялық жұмыстың мазмұнын толықтыруда, өзектілігін түсінуде және МӨЖ бойынша өзіндік тапсырмаларды орындауда, соның негізінде белсенділік тәсілдерін меңгеруде, заманауи білім беру технологияларын қолдануда, педагогикалық шеберлігін арттыруда және т.б. әрекеттер арқылы құзыреттіліктерінің қалыптасуына мүмкіндік алды. Сонымен бірге ғылыми зерттеудің маңызды рәсімдерін игеру бойынша білім алушының (оқытушының басшылығымен) жеке өзіндік жұмысы болып саналады. Өзіндік жұмыстардың философиялық, психологиялық және педагогикалық мәнін талдау арқылы магистрант бұл ретте ғылыми білімдер, яғни теория, әдіснама және диалектикаға байланысты ғылыми-зерттеу қызметі туралы жалпы түсініктерге ие болса, өзінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды МӨЖ бен практикалық сабақтарда берілетін өздік тапсырмалар арқылы жүзеге асырады. Осы орайда теория мен практиканың бірлігі ұстанымы қызмет атқарады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың ғылыми-зерттеу қызметіне деген мотивация кәсіби және элективті пәндерін оқыту үдерісінде дамыды, бұл магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырып, ғылыми-зерттеу қызметін одан әрі дамыту үшін шығармашылық қабілеттер мен шығармашылық әлеуетті дамытуға ықпал етті.

Біз кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастырудың осы кезеңінде магистрантта бұрын қалыптасқан барлық құзыреттіліктерді синтездеуге және оларды кез-келген оқу материалында жүзеге асыруға бейім екендігіне көз жеткіздік. Олар: дидактикалық талдауды орындау, сондай-ақ дереккөздерде белгілі бір ғылыми идеяны, сызықты іске асыруды талдау; белгілі бір тақырыпты, бөлімді, пәнді оқыту мақсаттарының иерархиясын анықтау және оны жүзеге асыру жүйесін құру және білім беру технологияларын қолдану.

Қалыптастыру экспериментіндегі *«Өзіндік жұмыстар арқылы тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері»* тақырыбындағы элективті

курсын оқытуда 30 дан астам өзіндік жұмыс түрлері орындалды. Берілген өзіндік жұмыстар бірнеше аспектілерде магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға өз үлесін тигізді. Ендеше, біз өзіндік жұмыстардың кейбірін талдап өтуді жөн көреміз.

1-дәріс. ЖОО-нан кейінгі білім беруде магистранттарға білім мазмұнын күшейтуге арналған мемлекеттік құжаттар мазмұны деп аталатын дәріс материалы берілген соң, практикалық сабақта ЖОО-нан кейінгі білім беруде ұсынылатын нормативтік актілерді талдау жүргізілді. Мұндағы **«академиялық пікірталас»** және **«20 ғылыми комментарий тізбегін дайындау»** өзіндік жұмыстары берілді. Академиялық пікірталаста магистранттар нормативтік актілердегі өзекті цытаталарды негізге алып дайындалды, ал ғылыми комментарийлер тізбегі кәсіби құзыреттіліктің бөлігіне кіретін түсініктерді жазу болатын.

2 және 3-дәрістерде «Магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың категориялары (зерттеушілік, құзыреттілік, ғылыми ізденіс, өзіндік жұмыс т.б.)» деп берілді. Ал дәрісте талданған категориялардың мазмұнын ашу бойынша кәсіби және ғылыми тұрғыда үлкен дайындықты қажет етті. Сондықтан да магистранттар өзіндік жұмыстар ретінде зерттеушілік, құзыреттілік, өзіндік жұмыстар т.б. сұрақтардан тұратын кітапша дайындады. Кітапша негізгі категориялардың мазмұнын, құрылымын ашуда сұрақ, оған берілетін жауаптан тұрады (үш тілде дайындалды). Аталмыш дәрісте магистрантқа берілген өзіндік жұмыс интервью болатын. Кез-келген үш ЖОО-нан ақпарат жинауда интервью дайындалды. Осы ретте беріліп отырған өзіндік жұмыстар магистранттардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына мүмкіндік берді.

Келесі төртінші дәрісте *магистранттардың өзіндік жұмыстары ғылыми-педагогикалық құрал ретінде* оқылды. «Өзіндік жұмыс – кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру базасы» деген тақырыпта аннотация дайындау және 5-7 минуттық вебинар ұйымдастырылды. Бұл өзіндік жұмыстарды магистранттар жеке-жеке орындады.

«Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың инновациялық үлгілері» атты дәріс бойынша қорытынды сабақ ретінде ұйымдастырылды. Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде келесідей қорытынды жасалып:

- «Ең үздік ғылыми тезис»;
- «Ең үздік ғылыми хабарлама»;
- «Ең үздік тұжырымдама»;
- «Ең үздік интервью»;
- «Ең үздік эссе»;
- «Ең үздік аннотация»;
- «Ең үздік резюме»;
- «Ең үздік мақала» атты номинацияларға белсенді магистранттар ие болды.

Элективті курс барысында төмендегі силлабуста ұсынылып отырған практикалық сабақтар мен магистранттың өзіндік жұмыстарындағы «өзіндік тапсырмалар» қалыптастыру кезеңінде орындалды. Әрбір берілген өзіндік жұмыстар өз деңгейінде орындалып, магистранттардың кәсіби дамуына ықпалын тигізді (кесте 26).

Кесте 26 - «Өзіндік жұмыстар арқылы тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» атты элективті курстың силлабусы

Апта	Тақырып атауы (дәріс, практикалық сабақ, СӨЖ)
1	2
1	1-дәріс. ЖОО-нан кейінгі білім беруде магистранттарға білім мазмұнын күшейтуге арналған мемлекеттік құжаттар мазмұны Практикалық сабақ. ЖОО-нан кейінгі білім беруде ұсынылатын нормативтік актілерді талдау. Академиялық пікірталас. МӨЖ: 20 ғылыми комментарий тізбегін дайындау.
2-3	2, 3-дәрістер. Магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың категориялары (зерттеушілік, құзыреттілік, ғылыми ізденіс, өзіндік жұмыс т.б.). Практикалық сабақ. 1. Сұрақ кітапшасын дайындау. 2. Кез-келген үш ЖОО-нан ақпарат жинауда интервью дайындау. (Интервью сұрақтары: - ғылым деген не? - диссертацияның мазмұнын құрауда немесе т.б. зерттеушілік алгоритмі қандай? - кәсіби құзыреттіліктің құрамдастарын атаңыз? - өзіндік жұмыс түрлерін білесіз бе?) т.б. МӨЖ: Негізгі категориялар бойынша ұғымдық хабарлама әзірлеу.
4	4-дәріс. Магистранттардың өзіндік жұмыстары ғылыми-педагогикалық құрал ретінде Практикалық сабақ. «Өзіндік жұмыс – кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру базасы». Аннотация дайындау. МӨЖ: 5-7минуттық вебинар ұйымдастыру.
5	5-дәріс. Өзіндік білімнің диалектикалық құбылыстары Практикалық сабақ. 1.Өзіндік білімнің философиясы. Матрицалау. 2. Өзіндік білімнің психологиялық аспектілері. Глоссарий кітапшасын дайындау. 3. Өзіндік жұмыстардың ғылыми-педагогикалық атрибуттары. Эссе. МӨЖ: Ток-шоу сценарийін дайындау және өткізу(топтық жоба: философия тобы, психология тобы, педагогика тобы)
6	6-дәріс. Өзіндік жұмыстар арқылы магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары Практикалық сабақ. Әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдарға қос жазба күнделігін дайындау. МӨЖ: Ғылыми хабарлама жазу.
7-8	7,8-дәрістер. Тұлғаның өзіндік жұмыстарды басқару құрылымы Практикалық сабақ. 1. Тұлғаның басқарушылық қабілеті. Тұжырымдама дайындау/ Topтық жоба 2. Менеджменттік контекст. Ток шоу

26 – кестенің жалғасы

1	2
	МӨЖ: Көшбасышылық, басқарушылық, менеджменттік сапалар бойынша контент-талдау кестесін дайындау (шетелдік, отандық ғалымдар анықтамалар тізбегі). 1 аралық бақылау
9-10	9, 10-дәрістер. Ғылыми жұмыстарды өздігінен орындаудың әдістемесі Практикалық сабақ. -Ғылыми жұмысқа резюме әзірлеу. -Ғылыми жадынама. - Ғылыми зерттеу жұмысының алгоритмін жасау. -Диагностикалау, эмпирикалық әдістерді түсіндіру. МӨЖ: Магистрлік диссертация мазмұны бойынша 9-10 беттен аспайтын ғылыми тезис дайындау.
11-12	11,12-дәрістер. Өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың (өзіндік жұмыс – іс-әрекет; өзіндік жұмыс – оқыту формасы; өзіндік жұмыс – оқыту әдісі; өзіндік жұмыс – оқыту құралы) педагогикалық мәні Практикалық сабақ. - Өзіндік жұмыс – іс-әрекет. «Өзіндік жұмыстарға сипаттама». - Өзіндік жұмыс – оқыту формасы. «Үздік дәріс» конкурсы. - Өзіндік жұмыс – оқыту әдісі. «Сабақтағы ең тиімді өзіндік жұмыс» пікірталас. - Өзіндік жұмыс – оқыту құралы. Педагог маман моделі. «Мен идея генераторымын!» өзіндік идея құру. МӨЖ: Диалогтік оқыту ұйымдастыру.
13	13-дәріс. «Өмір бойы білім» тұжырымдамасын жүзеге асыру технологиялары. Практикалық сабақ. 1. «life-long education» (өмір бойы оқу, өмірлік оқу халықаралық термині) тұжырымдамасын дайындау. Авторлық жобасын презентациялау. 2. Авторлық тұжырымдаманы заманауи білім беру технологиялары бойынша қолданысқа енгізу (ойын технологиялары; тренингтік технологиялар; дамыта оқыту технологиялары; сын тұрғысынан ойлау технологиясы; тұлғалық-бағдарлы технологиялар; жобалау технологиялары т.б.) МӨЖ: Ғылыми мақаланың бастапқы бөлімі(кіріспе, зерттеудің өзектілігі және теориялық талдау).
14-15	14, 15-дәрістер. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың инновациялық үлгілері Практикалық сабақ. - «Ең үздік ғылыми тезис»; - «Ең үздік ғылыми хабарлама»; - «Ең үздік тұжырымдама»; - «Ең үздік интервью»; - «Ең үздік эссе»; - «Ең үздік аннотация»; - «Ең үздік резюме»; - «Ең үздік мақала» номинациялары бойынша қорытынды. МӨЖ: Ғылыми мақаланың екінші бөлімі(зерттеудің әдіснамасы, әдістерді түзу, диагностикалау, эмпирикалық жұмыстар, нәтижелерді өңдеу, қорытынды, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар). 2 аралық бақылау

ЖОО-нан кейінгі білім беруде магистранттарда құзыреттіліктің қалыптасуы белгілері магистратурадағы ғылыми-зерттеу және педагогикалық практика барысында, сондай-ақ практикалық сабақтар мен өзіндік жұмыстарды орындауда пайда бола бастағанын атап өту маңызды, оның барысында магистрант әдеби дереккөздер бойынша немесе педагогикалық оқу бақылауы барысында танысқан әдістемелік тәжірибені зерттеу, сынау, бейімдеу және сыни талдау бойынша негізгі дағдыларды көрсете алды.

Магистратура білім алушыларының кәсіби дамуы өз білімдерін жетілдіру, қосымша ақпарат іздеу, ғылым мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жаңа жетістіктерін пайдалана отырып, кәсіби дамудың жеке траекторияларының құрамдас бөліктерін нақтылау қажеттілігін дамытуға ықпал етті. Зерттеу барысында магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жоғары деңгейде (репродуктивтіден шығармашылық – өнімділікке дейін) жүзеге асырылғандығы анықталады.

Әрбір магистранттың кәсіби құзыреттілік сипаттамалары біркелкі емес, бірақ содан кейін бір деңгейге көтеріледі. Тәжірибе көрсеткендей, әдістемелік дайындық көбінесе магистранттың кәсіби құзыреттілікті игеруге деген ұмтылысына, оның өзінің болашағы мен дайындықтың басымдықтарын түсінуіне байланысты.

Қалыптастыру экспериментінің келесі кезеңі «**Ғылым сағаты**» атты магистранттарға арналған *ғылыми-педагогикалық студияның* жылдық бағдарламасының жүзеге асырылуы болып табылады. Бағдарлама жылдық мерзімді қамтиды. 9 ай уақыт аралығында айына 2 сағаттан құралатын (барлығы – 18 сағат) магистранттарға ғылым және кәсіби кеңес беруге, өзіндік жұмыстар желісі бойынша кәсіби проблемалардың ауқымы әлдеқайда кең болғандықтан өз саласында зерттеу қызметін жүзеге асыру мүмкіндігі, маман ретінде өзін-өзі дамыту қабілеті, оқу үдерісінде инновациялық технологияларды қолдана білу, содан кейін кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуы деңгейін жоғарылатуға арналады. Аталмыш бағдарлама кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың ұсынылған моделі бойынша магистранттың диссертациядағы жұмысын ұйымдастырудың және кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді әдістемелерінің бірі болмақ.

1-2 курс магистранттарына арналған «*Ғылым сағаты*» атты *ғылыми-педагогикалық студияның* жұмыс мазмұнымен таныстырып өтейік (кесте 25).

1 тақырып. Ғылыми білім танымдық іс әрекеттің нәтижесі ретінде

Ғылым әрекет ретінде. Әдіснама – ғылымды тану жолы. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық негіздері. Әдіснаманың деңгейлері: философиялық, жалпығылыми әдіснама.

Ғылым — адамның табиғат пен қоғам туралы объективті білімін қалыптастыруға мүмкіндік беретін танымының ең жоғарғы пішімі, оның практикалық қызметінің бір саласы. Адамзат қоғамының дамуы барысында Ғылым сол қоғамның маңызды әлеуметтік институтына және тікелей өндірістік күшіне айналды. Ғылымның басты мақсаты — Ғылым заңдарының негізінде

ашылып отырған болмыс құбылысы мен процесін болжау, түсіндіру және жүйелеп мазмұндап беру.

Ғылым дамуының негізгі бағыттары. Ғылым адамзат қоғамының ерте дәуірінен, адам баласының танымдық және өндірістік қажеттілігінің арасы ажырамай тұрған кезеңнен бастау алады. Ежелгі Шығыста (Бабыл. Мысыр, Үндістан. Қытай) болашақ Ғылымға негіз болған білімнің алғашқы нышандары қалыптасты. Ғылымның алғышарты ретінде *мифологияны* атауға болады. Онда алғаш қоршаған орта туралы бүтіндей тұтас жан-жақты танымдық жүйе қалыптастыруға ұмтылыс болды.

Бірақ, бұл нақты теориялық білім болды, оның объективтілігі, логикалық көңілге қонымдылығы бірінші орынға шықты. Ежелгі Грекияда дамыған Ғылым (Аристотель және т.б.) қоғам мен табиғат заңдылықтарын ашып, мәдениет тарихында ұлы рөл атқарды; олар тұтастай алғанда дүниетанымды білдіретін бұрынғы абстрактілік ұғымдар жүйесіне танымдық қызмет тәжірибесін енгізді, дүниетанымның объективті, табиғи заңдылықтарын тұрақты іздестіруді дәстүрге айналдырды, Ғылымның ерекше тәсілі дәлелдеу негізін қалыптастырды. Осы дәуірде натурфилософиядан білімнің кейбір салалары даралана бастады. Ежелгі грек Ғылымның эллинистік кезеңінде *геометрия* (Евклид), *механика* (Архимед), *астрономия* (Птолемей) жеке Ғылым салалары түріне бөлініп шықты. Орта ғасырларда ғылымның дамуына Шығыс, араб елдері Орта Азия ғалымдары елеулі үлес қосты. Олар Ежелгі Грекияда қалыптасқан ғылыми таным жетістіктерін сақтап қана қойған жоқ, оны көптеген салаларда толықтырып, дамытты. Шығыста әл-Фарабиді Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» деп таныды. Орта ғасырларда араб елдері мен ислам діні тараған басқа да аймақтарда философия, медицина, эстетика, математика, астрономия, т.б. Ғылым салалары қауырт дамып, бұл құбылыс кейін *Ислам Ренессансы* деп аталды.

Ғылымның қалыптасуына негіз болған тағы бір тірек алхимия мен астрология дамуы болды.

Алхимия табиғи заттар мен қоспаларды тәжірибе жасау арқылы зерттеп, *химияның* қалыптасуының алғышартын жасады. Астрология аспан денелерін зерттеу арқылы астрономияның дамуына ықпал етті. *Қайта өрлеу дәуірінде* діннің басымдылығы әлсіреді, Ғылым рухани өмірдің дербес факторы болып, дүниетанымның негізгі тірегіне айналды.

Сондай-ақ, ғылым табиғат құбылыстарын жан-жақты зерттеп, адамзат танымының көкжиегін кеңейте түсті. 1617- ғасырларда ғылымда болған терең өзгерістер алғашқы Ғылыми революцияға алып келді.

Ғылымның қарқынды дамуы, дүниенің жаңа бейнесін қалыптастырудағы рөлінің артуы, жаңа дәуірде Ғылымды жоғары мәдени құндылық ретінде тануға көптеген философиялық мектептер мен бағыттардың Ғылымға қарап бой түзуіне ықпал етті. Қоғамдық өмір құбылыстарын тану саласындағы өзгерістер діннің «табиғи бастауын» іздеу, құқық, мораль, т.б. «адам табиғаты» туралы түсініктер бағытындағы ізденістерден көрініс тапты.

Механикадағы жетістіктер Ғылымның аяғында жүйеленіп, толығып, әлемнің механикалы бейнесі туралы түсінік қалыптастыруда шешуші рөл атқарып, кейін әмбебап дүниетанымдық маңызға ие болды.

Ғылымның дамуына қазіргі кезеңдегі философиялық дүниетанымдық базасы диалекті-логикалық тұжырымдама болып табылады.

Ғылымның "өсу нүктесі" оның ішкі даму логикасы мен қазіргі заманғы адамзат қоғамының көпқырлы әлеуметтік қажеттілігінің ұштасуына байланысты. 20 ғ-дың басында жаратылыстану ғылымында алдыңғы қатарға биология шықты, онда ДНК-ның молекулалық құрылымы белгіленіп, генетикалық кодтары айқындалды. 20 ғ-да Ғылымның даму қарқыны оның түрлі салаларының ұштасып, қазіргі кезеңнің кешенді, ірі мәселелерін жаңа бағдарда шешуге бағытталған мәселелерде (материалдар мен энергияның жаңа көздерін қалыптастыру, адам мен табиғат қатынастарын тиімділендірудің үлкен жүйелерді басқару, ғарыштық зерттеулер. т.б.) ерекше байқалады.

Ғылымның өз заңдарын ашуға бағытталған қызметі — түсін-діру мен болжау болып табылады. Заңды ашу жолындағы ізденіс зерттелу үстіндегі нысанның маңызды емес, екінші қатардағы қасиеті мен байланысынан алшақтауды, оған назар аудармаудан талап етеді, басқаша айтқанда оны «таза» күйінде қарастыру қажет. Ғылымдағы *абстрактілеуді* субъективті тәсіл деп ұғуға болмайды. Оның Ғылымдағы рөлі зерттелудегі ақиқатқа кол жеткізуге жәрдемдесуімен анықталады.

Әдіснамалар деңгейі:

I деңгей – философиялық білім;

II деңгей – жалпы ғылыми әдіснама (жүйелі тәсіл, іс-әрекеттік тәсіл, әртүрлі ғылыми зерттеулердің типтерінің сипаттамасы, олардың кезеңдері және элементтері: болжам, нысана және зерттеудің пәні, мақсаты, міндеттері т.б.).

III деңгей – нақты ғылыми әдіснама. Зерттеу принциптері және процедурасы, мысалы, педагогика пәні.

Әдістемелік мәдениет – бұл керекті бөлігі рефлексия болып табылатын әдістемелік білімге негізделген ой мәдениеті. Әдістемелік мәдениетке кіреді: әдістемелік рефлексия (өзіндік ғылыми іс-әрекетті талдай білу), ғылыми бәсектемеге қабілеті, белгілі бір концепцияға критикалық ой мен шығармашылық қабылдау, зерттеу әдістері.

Әдістемелік мәдениет ғылымнан да қажет. Педагог-практикке әдістемелік мәдениеттің бөлігі болып табылады: оқу-тәрбие процесінде жобалау мен құру, сезіну, қалыптастыру және педагогикалық тапсырмалардың нәтижесі, әдістемелік рефлексия.

Педагогиканың ғылыми-теоретикалық қызметі ғылым ретінде педагогикалық шындықты нақты түрде қандай екенін ашып көрсетеді. Нәтижесінде мұғалімнің білімінің жаңа оқулықтарға сәтті және сәтсіз жұмыстары, білім алушының жаңа материалдарды игеруді сынау барысында қиындықтары, құрамы, білім беру мазмұны туралы.

2 тақырып. Ғылыми білімдер жүйесі (педагогика, психология, андрагогика, эвтагогика, хьютагогика)

Педагогика – білім беру жайындағы ғылым. Педагогиканың дербестігі мен ашықтығы

Педагогика және философия; психология; антропология; тарих, әлеуметтану; биология; медицина т.б.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап басқа ғылымдармен қатынасындағы интеграциясы мен дифференция тенденциялары педагогиканың дамуын бақылады: философия, психология, социология, физиология, математика, политология, экономика ғылымдары. Ғылыми пәндердің дифференция процесінде әртүрлі осындай облыстар бөлініп шығады. Кез-келген ғылымды басқа ғылымдармен арақатынасына, дифференциялық зерттеу деңгейіне қарай бағалайды.

Педагогикалық ғылымның жүйесіне мыналар кіреді: тәрбиенің жалпы заңдылықтары мен негізін зерттейтін жалпы педагогика. Педагогикалық идеялар дамуын оқытатын және әртүрлі эпохадағы тәрбие практикасын оқытатын педагогика тарихы. Жасерекшелік педагогикасы әртүрлі жастағы адамдардың тәрбие заңдылықтарын зерттейді (мектепке дейінгі, мектепке дайындық педагогикасы, орта мектеп педагогикасы, арнайы орта білім педагогикасы, жоғарғы мектеп педагогикасы, андрогогика, герогогика).

Салыстырмалы педагогика білімдік және тәрбиелік жүйелердің әртүрлі елдердегі ерекшелігі мен ұқсастығын табу және оның құрылымдылығын зерттеу. Арнайы педагогика қимыл-қозғалыс тәрбиесінде жетіспеушілігі бар балалар мен ересектерге білім беру мен тәрбиелеудің үлгілері мен әдістемелерін, принциптерін және теориялық негізін зерттейді. Арнайы педагогика (дефектология) бөлімдері мынадай қатарға бөлінеді: саңырау және мылқау балалар мен ересектердің тәрбие және білім беру сұрақтарымен сурдопедагогика айналысады, соқыр және әлсіз көретін адамдарды – тифлопедагогика, жетіспеушілігі бар адамдармен – олигофренопедагогика, сөйлеу қабілеті дамымаған балалар мен ересектермен – логопедия айналысады.

Кесте 27 - «Ғылым сағаты» студиясының жылдық оқу-тақырыптық жоспары

Сабақтардың тақырыптары	Конференция дәріс	КТС	Дискурс	Тренинг	жұмыс Өзіндік (МӨЖ)	Ғылыми-әдістемелік кеңес	ЖАЛПЫ САНЫ
1	2	3	4	5	6	7	8
Ғылым философиясы. Ғылыми білім – танымдық іс әрекеттің нәтижесі.	2						2
Ғылыми білімдер жүйесі (педагогика, психология, андрагогика)	2						2
Ғылыми зерттеулердің әдіснамалық аппараты (тұғырлары, ұстанымдары)						2	2

1	2	3	4	5	6	7	8
Зерттеу жұмысының бағдарламасы. Ғылыми зерттеудің деңгейлері мен кезеңдері. Іргелі (фундаментальды) зерттеу. Қолданбалы зерттеулер. Іргелі және қолданбалы зерттеулердің өзара қарым қатынасы.					2		2
Зерттеудің ғылыми аппараты. Зерттеудің көкейтестілігі және оны негіздеу. Мәселенің зерттелу жайы мен қарама-қайшылықтар. Зерттеу проблемасы. Зерттеудің тақырыбы мақсаты, міндеттері.		2					2
Зерттеу элементтері. Зерттеу жұмысының нысаны Зерттеудің пәні. Зерттеудің ғылыми болжамы. Қорғауға ұсынылатын қағидалар.					2		2
Ғылыми педагогикалық зерттеу әдістері				2			2
Ғылымдағы эмпирикалық зерттеулер.			2				2
Ғылыми хабарламалардың формалары. (Академиялық жазылым).					2		2

Өртүрлі пәндерді оқыту әдістемелері белгілі пәндерді оқытатын арнайы заңдылықтардан тұрады (тілді, физиканы, тарихты т.б.) және керекті әдістемелерді шешуші және сол пәндердің мазмұнын қабылдайтын технологиялық құралдардан тұрады.

Кәсіби педагогика арнайы кәсіби сфераға бағытталған әрекеттердің оқыту және тәрбиелеу технологиясын, принциптерін, теоретикалық негізін, заңдылықтарын оқытып-үйретеді. Кәсіби педагогика әскери, инженерлік, медициналық облыстарды байланыстырады және қамтиды.

Кез-келген ғылыми-теориялық құрылым бірлескен әрекеттер мен ғылыми білімдердің арасындағы айырмашылықты анық көрсетеді. Бұл теория күнделікті білім беру мен тәрбиелеу практикасына ұласады. Ғылыми түсінік педагогикалық тәжірибе мен білімнің кең формасын береді. Сондықтан педагогиканың дамуы оның өзгерістері мен категорияларын көрсетті.

Педагогиканың ғылым болып қалыптасуында негізгі педагогикалық үш фундаменталдық категориялар анықталды: тәрбиелеу, оқыту, білім беру.

«Педагогика-Андрагогика-Эвтагогика» триадасы («педагогия – Андрагогия» – Neutagogy») қазіргі білім берудің РАН континуумы деп аталады.

РАН-Фред Гарнедд континуумы [226,с. 79]. "Континуум" ұғымы (лат. – continuum) сабақтастық, бір нәрсенің дамуындағы және физикалық ұзақтық деп түсініледі. Өздеріңіз білетіндей, педагогика ғылым ретінде басталды XVII ғасырдың басынан бастап, ал андрагогика «білім беру ғылымы мен өнері» ретінде қалыптасты, яғни «ересектерге білім беру», 1833 жылдан бастап пайда болды [226,с. 79]. Қазіргі уақытта андрагогика: белсенділік, қоршаған орта, тұлғаға бағытталған, конструктивистік және басқа да тәсілдер.

«Neutagogy (Эвтагогика, Хьютагогика)» термині «форма» дегенді білдіреді, яғни «өзін-өзі оқыту», 2000 жылы енгізілген (Stewart Hase және Chris Kenyon) [178,б. 46].

Шын мәнінде, эвтагогикада тәуелсіз оқыту, стратегиялар туралы айтылады, нақты өмірде де, қарқынды дамып келе жатқан виртуалды өмірде де өзін-өзі оқыту бұл қазіргі уақытта өте маңызды. Шынында, интернет жүйесі, мамандар даярлау ісінде жана ұрпақтың өзі – «цифрлық ұрпақ» деп өзгеруде.

«Педагогика – Андрагогика – Эвтагогика» («Pedagogy – Andragogy – Neutagogy») триадасы өзіндік білім алу өрісін кеңейту бойынша заманауи білім беру тенденциясын, кәсіби және тұлғалық даму үшін өз білімін жетілдіру стратегиялары мен технологияларын меңгеру қажеттілігін көрсетеді. РАН-континуумның әрбір шартты өрісінің өз заңдары бар, алайда біртұтас көзқарас оны қазіргі заманғы білім берудің «тұтас ортасы» ретінде, әрбір бағыттың ерекшеліктерін білу қажеттігіне түсінуге ықпал етеді. РАН-континуумды «LifeLong» білім берудің заманауи парадигмасымен байланыстыруға болады. Learning (LLL) – «өмір бойы білім алу» (ұзақ өмір), қабылданған.

Тәрбиелеу тарихи категория ретінде оқыту мен білім беруді өзіне енгізді. Қазіргі заманғы ғылымда тәрбиелеу ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан тарихи және мәдени тәжірибені беруші болып табылады.

3-тақырып. Ғылыми зерттеулердің әдіснамалық аппараты (тұғырлары, ұстанымдары)

1. «Әдіснамалық амалдар» ұғымының мәні. Әдіснаманың әрекеттік, жүйелілік, кешенділік. Тұлғалық, әрекеттік амалдары.

Әдіснама (грек.,methodos) – зерттеу жолы, теория, ілім дегенді білдіреді де төмендегідей 2 мағынаны береді: ғылыми таным әдісі; зерттеліп отырған объект жөніндегі мәліметтерді және ғылыми жаңалықтарды бірізге келтіру.

Зерттеу жұмысының бағытына лайықты жағдай жасап, педагогикалық болмысты танудың кешенді құралдарын айқындау.

- педагогика теориясына лайықты танымның ұстанымы, әдісі, нысаны мен таным амалдары арқылы педагогикалық шындыққа жету тәсілдерін қолдану; педагогикалық болмысқа өзгерістер енгізу.

Демек зерттеудің нәтижеге жетуі оның ғылыми құралдарды дұрыс анықтап алып, әдіснама қорынан түрлі тәсілдерді таңдай білуімен тікелей байланысты

«Әдіс» термині тікелей нақты бір нәрсеге деген жол ретінде анықталады, яғни әдіснама мағынасы жағынан бір нәрсені тану туралы ғылым болады.

Педагогикалық зерттеу жұмыстарында әдіснаманың мәдениеттанымдық, аксиологиялық, гуманистік, синергетикалық, акмеологиялық амалдарын басшылыққа алу арқылы мәселенің теориялық тұғыры айқындалады.

«Мәдениет» ұғымының астарлары, мәдениет – адамның әрекетінің сапалық жағдайы; Мәдениет – адамның рухани-адамгершілік дамуының маңызды факторы;

Адамның өз шығармашылық әлеуетін ашып, өзін-өзі іске қосуы;

Зат, дүние-мүліктер әлемін жасау барысында ол өзінің ішкі мүмкіндіктерін де жетілдіреді.

Синергетика немесе өзін-өзі дамыту теориясы педагогика үшін эвристикалық мәні бар өзін-өзі дамытудың әмбебап үлгілерін іздеуге бағытталған күрделі жүйе. Синергетика өзін-өзі ұйымдастыратын үрдістердің жүзеге асуының нақты тәсілдеріне көңіл бөледі, үрдістің интерсубъектілік коммуникативті ұйымдастырылуын тірек етеді.

Аксиологиялық амал (құндылықтар). Философияда *құндылық* деп адам және қоғам үшін мәні бар айналаны қоршаған өмірдің әлеуметтік объектілер, қоғамдық өмір мен табиғат адам тіршілігіне қатысуы танылады. Әлемдегі бар нәрсенің барлығы құндылық қарым-қатынастардың объектісі бола алады

Гуманистік амал. Гуманизм (ізгілік) – дүниетанымдық амал болғандықтан, оның негізінде адамның мүмкіншілігінің шексіздігін, өзін-өзі дамыту қабілеттілігіне деген сенімі мен ерік бостандығын, абыройын қорғау, адамның бақытқа жету жолындағы құқығы мен оның барлық сұраныстарын қамтамасыз етуді мақсат етеді.

4-тақырып. Зерттеу кезеңдері мен деңгейлері

Зерттеу жұмысының бағдарламасы. Ғылыми зерттеудің деңгейлері мен кезеңдері. Іргелі (фундаментальды) зерттеу. Қолданбалы зерттеулер. Іргелі және қолданбалы зерттеулердің өзара қарым қатынасы. Зерттеу кезеңдері

Педагогика саласындағы зерттеулер – бұл білім заңдылықтары, оның құрылымы мен механизмдері, мазмұны, принциптері мен технологиясы жөніндегі жаңа мәліметтерді алуға бағытталған ғылыми ізденіс процесі және оның нәтижесі. Педагогикалық зерттеулердің міндеті – деректер мен құбылыстарды түсіндіру және оларды алдын ала болжастыру.

Бағытталу тұрғысынан педагогикалық зерттеулер іргелі (фундаменталды), қолданбалы және болжам-жобалау (разработки) деңгейіндегі болып үш топқа бөлінеді. іргелі зерттеулер нәтижесінде педагогиканың теориялық және практикалық жетістіктерін қорытушы жалпы тұжырымдамалар алынады немесе болжам жобалаумен педагогикалық жүйелерді дамытудың моделдері ұсынылады. Қолданбалы зерттеулер – бұл педагогикалық үдерістің кейбір тараптарын тереңдей тануға, алуан қырлы педагогикалық қызметтің заңдылықтарын ашуға бағдарланған істер.

Ғылыми-педагогикалық зерттеу – оқыту, тәрбиелеу және дамытудың объективтік заңдылықтарын ашуға бағытталған жаңа педагогикалық білімдерді қалыптастыратын барыс, танымдық іс - әрекет түрі.

Педагогикалық зерттеулердің үш деңгейін ажыратады:

- *эмпирикалық* – педагогика ғылымында жаңа деректер анықталады;
- *теориялық* – ертерек ашылған деректерді түсіндіруге және оралдың болашақ дамуын алдын ала айтуға мүмкіндік беретін педагогиканың негізгі жалпы заңдылықтары алға қойылады және тұжырымдалады.
- *әдіснамалық* – эмпирикалық және теориялық зерттеулердің негізінде педагогикалық құбылыстарды зерттеудің, теорияларды құрудың жалпы принципі және әдістері тұжырымдалады.

Логика – адамның ойлауының қызмет етуінің заңдары мен түрлері жайлы ғылым. Ол формальды және диалектикалық болып екіге бөлінеді. Формальды

логика ойлаудың құрамын, яғни таным барысында ақиқат нәтижелелерді қамтамасыз ететін дұрыс пікірдің заңдары мен түрлерін зерттейді.

Диалектикалық логика таным барысының абстрактылы ойлау сатысында диалектиканы пайдалану болып табылады. Бұл ғылыми ойлаудың ұғымдық құрылымына ерекше зер сала қарайды. Ойлаудың түсінік, пікір, ой, қорытындысы сияқты түрлерінің шекараларын бөліп көрсетеді. Бұл бір ғылымның – екі саласы бірін-бірі толықтыра отырып, таным іс-әрекеттерінің жалпы ғылымдық тәсілдері мен әдістерін бөліп алады.

5-тақырып. Зерттеудің ғылыми аппараты

Зерттеудің көкейтестілігі және оны негіздеу. Мәселенің зерттелу жайы мен қарама-қайшылықтар. Зерттеу проблемасы. Зерттеудің тақырыбы мақсаты, міндеттері.

Қалаған педагогикалық зерттеу көпшілік қабылдаған әдіснамалық тиектерге орай жүргізіледі. Педагогикада олардың қатарына – зерттелуге тиіс проблема, тақырып, нысан және оның дені (предмет), мақсат, міндеттер мен болжамдар, қорғалуы тиіс идеялар кіреді. Педагогикалық зерттеулер сапасын танытушы негізгі көрсеткіштер: зерттеу көкейкестілігі, жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы.

Зерттеу бағдарламасы, әдетте, екі бөлімнен тұрады: әдіснамалық және іс-әрекеттік (орындау-процедуралық). Алғы бөлімде тақырып көкейкестілігі негізделеді, проблема нақтыланады, зерттеу нысаны мен дені, мақсаты мен міндеттері айқындалады, негізгі ұғымдары белгіленеді, зерттеу нысаны бастапқы жүйелі талдауға салынып, қызметтік болжам жасалады.

Ал бұл, өз кезегінде, қойылған мәселенің ғылым аймағында зерттелу дәрежесінен туындайды. Егер әлеуметтік тапсырыс педагогикалық практиканы талдаудың нәтижесінде ұсынылатын болса, ғылыми проблеманың өз негізі басқаша. Оның міндеті ғылым құрал-жабдықтарын пайдалана отырып, негізгі қарама-қарсылықтарды баяндап беру. Әдетте, проблема шешімі зерттеу мақсатын құрайды. Мақсат – қайта түзіліп, өрнектелетін проблема.

6-тақырып. Зерттеу элементтері.

Зерттеу жұмысының нысаны. Зерттеудің пәні. Зерттеудің ғылыми болжамы. Қорғауға ұсынылатын қағидалар.

Проблема нақтыланып, өрнектелгеннен соң, зерттеу нысанын таңдау кезегі келеді. Нысанға педагогикалық үдеріс, педагогикалық болмыстың бір саласы немесе қайшылықтарымен жүз берген қандай да педагогикалық қатынас алынуы мүмкін. Басқаша айтсақ, өз ішінде нақты не әлі де күмәнді қайшылықтарды қамтып, проблемдік ситуацияларды туындатқан жағдайлардың баршасы нысан есептелінеді.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар зерттеу жұмысы барысында алынған теориялық және практикалық нәтижелердің ғылыми түрде қағида түрінде тұжырымдалуы немесе не қорғалатындығы жөніндегі жалпы қорытындылардың сипаттамасы болып табылады.

7-тақырып. Ғылыми педагогикалық зерттеу әдістері

Зерттеу әдістеріне жалпы сипаттама. Зерттеудің теориялық әдістері: талдау, жинақтау, индукция және дедукция, жалпылау. Зерттеудің эмпирикалық әдістері: бақылау, әңгімелесу, сұхбаттасу, сауалнама, модельдеу, тестік әдістер. Педагогикалық озат тәжірибені, жұмыс құжаттарын зерттеу.

Ғылыми педагогикалық зерттеу әдістері әрбір ғалым өзінің дербес әдіснамасын зерттеу әдістерін жасайды. Педагогиканың да өзіне тән ғылыми-зерттеу әдістері бар. Бұл әдістері зерттеуші әрбір педагогикалық құбылыстың ерекшеліктеріне сәйкес қолданады.

Басқа дәл ғылымдарға (физика, математика, химия) қарағанда педагогикалық құбылыстарды зерттеудің өзіндік ерекшеліктері бар.

Құнды материал магистранттардың *шығармашылық туындыларын зерттеу* әдісімен де алынады. Ғылыми педагогикалық зерттеудің қандай да бір әдіс не тәсілінің педагогикалық тиімділігін анықтау үшін арнайы ұйымдастырылған тексеру түрі – эксперимент ерекше маңызды.

8 тақырып. Педагогикалық эксперимент

Эксперимент ұғымының мәні. Педагогикалық эксперименттің түрлері. Эксперименттің деңгейлері.

Ғылыми педагогикалық зерттеудің қандай да бір әдіс не тәсілінің педагогикалық тиімділігін анықтау үшін арнайы ұйымдастырылған тексеру түрі – **эксперимент**.

Олардың бірі – экспериментті, екіншісі – бақылау объектісі деп аталады. Эксперименттік объектіде, мысалы, эксперимент зерттеушінің ғылыми жазба ұсынбасы бойынша, ал бақылау объектісінде - әдеттегі оқу бағдарламалары мен оқулықтарға сәйкес жүргізіледі.

Зерттеу жұмысы нәтижелі болу үшін экспериментті және бақылау топтарындағы, сан және сапа жағынан теңдестіріліп алынған жөн. Сонымен бірге мұғалімдердің қабілетінің, білім мен стажының да шамалас болған шарт.

«Ғылыми хабарламалардың формалары» деп аталатын **9-тақырыпта** конспект, тезис – ғылыми хабарлама формасы ретінде түсіндіріледі. Ғылыми баяндама, мақала, пікірдің ерекшеліктері. Зерттеудің библиографиясы, тезаурус. Зерттеуді диссертация түрінде рәсімдеу.

Ғылыми хабарламалар зерттеу жұмыстарының негізгі идеялары мен нәтижелерін жариялау үшін қолданылады. Олар зерттеушінің ғылыми тұрғыда өсуін, қалыптасқан зерттеушілік мәдениетінің деңгейін көрсетеді. Магистрлік диссертацияларға қойылатын талаптарды талқылау

Магистрлік диссертация мазмұны

1. Магистрлік диссертацияда белгілі мамандық бойынша ғылым мен тәжірибенің қазіргі заманғы ахуалына сәйкес келетін тақырып бойынша дербес ғылыми зерттеудің қорытындысы баяндалады.

2. Магистрлік диссертация мазмұны мына талаптарды қамтуы тиіс:

- *зерттелетін тақырыптың өзектілігі мен жаңалығы;*

- *зерттеудің мақсаты мен міндеттері;*

- *дәлелденген авторлық көзқарастың көрініс табуы және зерттелетін мәселе бойынша теориялық және практикалық қорытындылар әзірлеу;*

- қорғалатын ережелердің ғылыми және практикалық мәні;
- автордың қол жеткізген нәтижелерінің анықтығы.

3. Магистрлік диссертация авторы жұмыстың мазмұнына жауап береді.

Магистрлік диссертация құрылымы

3.1 Магистрлік диссертация ғылыми зерттеудің мынадай құрылымдық элементтерінен тұрады:

- титулдық беті (диссертацияның бірінші беті);
- мазмұны (беттері көрсетілуі тиіс);
- қысқартулар, символдар мен шартты белгілердің тізбесі (қажет болған жағдайда);
- кіріспе;
- бөлім;
- қорытынды;
- пайдаланылған дереккөздер тізімі;
- қосымшалар (қажет болған жағдайда).

Диссертацияның құрылымдық элементтеріне қойылатын талаптар.

1. Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, оның мақсаты, міндеттері, зерттеу нысаны мен пәні, мәселенің практикалық құндылығы және арнайы әдебиеттегі зерттелу деңгейі, зерттеудің ғылыми жаңалығы, сонымен қатар зерттеу әдістері міндетті түрде көрініс табуы тиіс. Кіріспеде диссертация тарауларының мазмұны қысқаша баяндалуы тиіс.

2. Диссертацияның негізгі бөлімінде орындалған жұмыстың мәні және негізгі нәтижелері толығымен қарастырылады.

Жұмыстың негізгі бөліміндегі тараулар (бөлімдер) саны оның мазмұнымен (2-3 тарау) анықталады. Негізгі бөлім тарауларының мазмұны диссертация тақырыбына сәйкес келуі керек, оны толық және жүйелі түрде ашып және кіріспеде айтылған міндеттерге жауап беруі тиіс. Әрбір тарау зерттелетін мәселе бойынша автордың ұстанымы және теориялық, практикалық тұжырымдар мен ұсыныстарды әзірлеумен аяқталуы тиіс.

Магистрлік диссертацияның негізгі бөлімінің мазмұнына қойылатын негізгі талаптар:

- жұмыс дайындық бағытына сәйкес келетін нақты міндеттерді шешуге арналуы тиіс;
- жұмыс құрылымы, жалпы жағдайда, зерттелетін мәселенің қазіргі жағдайын суреттеуді, міндеттерді шешудің ықтимал жолдарын қалыптастыру мен талдауды, сонымен қатар шешімнің нақты нұсқаларын қамтуы тиіс;
- талдаудың әр түрлерін жүргізу үшін қорытынды есептік кестелер, бастапқы мәліметтерінің көпшілігі жұмыстың негізгі бөліміне енгізілмейді, олар қосымшаға шығарылады;
- иллюстрациялық материалдың жалпы көлемі (суреттер, графиктер, кестелер) барлық жұмыс көлемінің 30 пайызынан аспауы тиіс.

Магистрлік диссертация отандық және шетелдік ғылым мен тәжірибенің қазіргі заманғы теориялық, әдіснамалық және әдістемелік жетістіктері негізінде орындалуы тиіс.

3. Магистрлік диссертация қорытындысында жүргізілген ғылыми зерттеулердің жалпы қорытындысы және диссертация бөлімдері бойынша қысқаша тұжырымдар жасалады.

4. Пайдаланылған дереккөздер тізімі мен оларға жасалатын сілтемелер талапқа сәйкес ресімделеді (5-бөлім).

5. Қосымшалар магистрлік диссертацияның жалғасы ретінде оның кейінгі беттерінде ресімделеді, магистрлік диссертация мәтініндегі келтірілген сілтемелер тәртібі бойынша орналасады.

Қорыта келгенде, қалыптастыру эксперименті үш кезеңді қамтыды. Өзіндік жұмыстар негізінде магистранттарға магистрлік диссертацияны дайындау үшін қажетті ғылыми құзыреттіліктерді игеруге көмектесу және магистранттардың зерттеу бағыты мен тақырыбын таңдауы; магистранттарды академиялық жұмыс дағдыларына оқыту, соның ішінде зерттеулер дайындау және жүргізу, ғылыми жұмыстар жазу; магистранттардың жобалары мен дайын зерттеу жұмыстарын талқылау; оларда ғылыми пікірталас дағдыларын дамыту және зерттеу нәтижелерін таныстыру сияқты әрекеттердің барлығы жүзеге асты.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша зерттеудің негізгі бағыттарымен, зерттеу әдістері мен әдістерімен (теориялық талдау, байқау, сұхбаттасу, сауалнама жүргізу, білім алушылардың жеке-білім беру өнімдерін зерделеу, терминологиялық сөздік жасау, облыстағы зерттеу жұмыстарының тақырыбымен танысуды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысын жоспарлау) теориялары мен әдістері және зерттеу тақырыбын таңдау; таңдалған тақырып бойынша өзіндік жұмыстарды жасау).

Қалыптастыру экспериментінде магистранттардың түлектерді даярлау деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес кәсіби (әдістемелік) құзыреттілікті меңгеруінің үздіксіздігі мен дәйектілігі қамтамасыз етілді. Сонымен бірге тиімділік дәрежесін анықтау үшін қажетті кәсіби білімдер, дағдылар мен дағдылар кешенінің, сондай-ақ жеке қасиеттердің болуы туралы айтуға мүмкіндік береді. Оқу, игеру, қайта құру және педагогикалық қызметтің нақты жағдайларына бейімделу орын алады.

Бұл құзыреттілік оқыту үдерісін жобалау немесе оқу практикасы кезеңінде білім беру магистрінің жетекші кәсіби функцияларын тікелей орындау жағдайында қалыптасқан маңызды кәсіби құзыреттердің біріне айналды. Аталған құзыреттілік, басқа да кәсіби құзыреттер сияқты, болашақта дербес кәсіби қызметте дамиды және білім беру саласындағы болашақ маманның жұмыс сапасына айтарлықтай әсер еткендігін келесі тармақта бақылау кезеңі бойынша қарастыратын боламыз.

3.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері

Бұл тармақта магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бойынша эксперименттің бақылау кезеңінің нәтижелері сипатталған. Бақылау кезеңінің мақсаты – анықтау және бақылау

бөлімдерінің мәліметтерін салыстыру арқылы көрсетілетін қалыптастырушы эксперимент аясында жүргізілген әдістеменің тиімділігін тексеру.


Эксперименттік жұмыстың бақылау кезеңінде диагностикалық әдістерді қайталап қолдану негізінде қалыптастыру кезеңіне дейін және оның нәтижелері бойынша алынған зерттеу нәтижелеріне салыстырмалы талдау жүргізілді. Біз барлық үлгілерде оң үрдісті айта аламыз, бірақ байқалған сапалық және сандық өсу тәжірибелік топта жоғары екендігін алға шығарамыз. Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру деңгейін арттыру бойынша мақсатты жұмыс эксперименттің қалыптастырушы кезеңінде (2.2-тармақта қарастырылған) жүргізілді, оның барысында *стандартты оқыту үдерісі бақылау тобында*, ал эксперименттік топ магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалып, теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, әдістемесі жасалды, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелденді.

Таңдалған компоненттер, өлшемдер (мотивациялық-құндылық, танымдық-әрекеттік, рефлексиялық-бағалаушылық) және деңгейлері бойынша (жоғары, орташа, төмен) магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру деңгейін зерттеудің анықтау және бақылау кезеңдері нәтижелерінің салыстырмалы талдауын ұсынамыз. Қолданылатын әдістердің сипаттамасы біздің зерттеуде бұрын келтірілген (2.1-бөлім). Жұмыс мәтінінде біз зерттеудің жалпылама нәтижелерін көрсететін боламыз.

Бақылау кезеңінде мотивациялық-құндылық компонентін зерттеу кезінде Л.Т.И.Ильинның «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі оқу мотивациясы» бейімделген әдістемесі қолданылды. Жауаптарды талдау эксперименттен кейін эксперименттік топ студенттерінің «Оқыту теориясы» модулін оқуға және меңгеруге деген ынтасының деңгейі айтарлықтай жоғарылағанын көрсетті (кесте 28).

Кесте 28 – Қалыптастырушы эксперимент кезінде мотивациялық-құндылық компоненттері бойынша Л.Т.И.Ильинның «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі оқу мотивациясы» бейімделген әдістемесі бойынша алынған зерттеу топтарындағы сандық және пайыздық нәтижелері

Деңгей	Зерттелуші топтар			
	Эксперименттік топ (n=56)		Бақылау тобы (n=46)	
	Бақылау кезеңі	Анықтау кезеңі	Бақылау кезеңі	Анықтау кезеңі
Оқу мотивациясы дамуының жоғары деңгейі	41 (73%)	9 (16%)	8 (17,3%)	8 (17,3%)
Оқу мотивациясы дамуының орташа деңгейі	13 (23%)	41 (73%)	34 (74%)	33 (71,7%)
Оқу мотивациясы дамуының төмен деңгейі	2 (4%)	6 (11%)	4 (8,7%)	5 (9%)
Барлығы	100	100	100	100



Сурет 10 - Бақылау кезеңіндегі мотивациялық-құндылықты компоненті бойынша қалыптастырушы эксперименттен кейінгі Л.Т.И.Ильинның «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі оқу мотивациясы» бейімделген әдістемесі бойынша зерттелуші топтардың нәтижелерінің диаграммасы

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы, олардың оқу мотивациясын зерттеумен тығыз байланысты. Осыған орай, анықтау эксперименті зерттеуінде ЭТ-дағы респонденттердің тек 16,07%-ында ғана магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға мотивация деңгейі жоғары, 73,2%-да орташа, 10,7%-да төмен деңгейде екенін көрсетті, БТ-да зерттелушілердің 17,3%-ында ғана магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға мотивация деңгейі жоғары, ал 71,7%-да орташа, 11%-да төмен деңгейде екенін көрсетті. Ал бақылау кезеңі экспериментінде БТ-да зерттелушілердің 17,3%-ында ғана магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға мотивация деңгейі жоғары, 74%-да орташа, 8,7%-да төмен деңгейде екендігі анықталды.

ЭТ-дағы респонденттердің 73%-ында магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға мотивация деңгейі жоғарлады, 23%-да орташа, 4%-да төмен деңгейде екенін береді. Қалыптастырушы экспериментіндегі эксперимент тобында «Өзіндік жұмыстар арқылы тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми негіздері» атты ЭК бағдарламасы; «Ғылым сағаты» ҒП студияның бағдарламасы; «Магистранттардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру» атты ОӘҚ ықпалымен ғылыми-педагогикалық, психологиялық құбылыстарға байланысты түрлі аспектілерді дамытуда (теориялық идеяларды жаңартуда, әдістемелерді ұсынуда, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде) өзіндік жұмыстарды орындауға қызығушылықтарының артқандығын байқауға болады.

Кесте 29 - Эксперименттік және бақылау топтарындағы магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың мотивациялық-құндылық критерийі бойынша магистранттардың терминалдык құндылықтары (кәсіби құзыреттілік), (бақылау кезеңі %)

Деңгей	Бақылау тобы		Эксперимент тобы	
	Бақылау кезеңі	Анықтау кезеңі	Бақылау кезеңі	Анықтау кезеңі
Төмен	49	52	15	53
Орташа	38	35	37	34
Жоғары	13	13	48	13
Барлығы	100	100	100	100

Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құндылық бейімділіктерін анықтау үшін М.Рокичтің «Құндылық бағдарлары» әдістемесі қолданылды. Бақылау және эксперименттік топтарда әдістемені қолдану нәтижелері (29-31 кестелерде) берілген.

Кесте 30 - Магистранттардың терминалдык құндылықтары

	Құндылықтары	Бақылау тобы		Эксперимент тобы	
		Абс.	%	Абс.	%
Кәсіби өзін-өзі өзектендіру					
1	Қаржылық жағынан қауіпсіз өмір сүру	29	25,9	25	22,32
2	Қызықты жұмыс	24	21,43	23	20,53
3	Бақытты отбасылық өмір	13	11,60	17	15,17
4	Денсаулық	14	12,50	11	9,82
5	Ойын-сауық	12	10,71	11	9,82
6	Жақсы және шынайы достардың болуы	8	7,15	9	8,03
7	Басқалардың бақыты	5	4,47	8	7,14
8	Өзіне сенім	7	6,24	6	5,35
Магистранттардың жеке өмірі					
1	Махаббат	19	16,96	19	16,96
2	Бостандық	12	10,71	16	14,28
3	Қоғамдық қабылдау	14	12,50	15	13,32
4	Белсенді өмірлік әрекеттер	11	9,82	15	13,32
5	Даму	14	12,50	12	9,82
6	Шығармашылық	10	8,92	10	8,92
7	Өнімді өмір	12	10,71	10	9,82
8	Таным	9	8,03	7	6,24
9	Өмірлік даналық	7	6,24	6	5,35
10	Табиғат пен өнердің сұлулығы	4	3,57	2	1,78

Кесте 31 - Магистранттардың инструментальды құндылықтары

Жеке адамдық құндылықтары	Бақылау тобы		Эксперимент тобы	
	Абс.	%	Абс.	%
Білім	12	10,71	15	13,32
Көңілділік	9	8,03	12	10,71
Кәсіби тиімділік	7	6,24	10	8,92
Өз пікіріңізді жақтауға батылдық	7	6,24	10	9,82
Жауапкершілік	4	3,57	8	7,15
Тәуелсіздік	15	13,32	8	7,15
Кемшіліктерге төзбеушілік	9	8,03	8	7,15
Рационализм	4	3,57	7	6,24
Өзін-өзі бақылау	6	5,36	6	5,35
Орындаушылық	2	1,79	5	2,68
Толеранттылық	3	2,68	5	4,47
Жоғары сұраныстар	8	7,15	5	4,47
Көзқарастардың кеңдігі	11	9,82	4	3,57
Адалдық	1	0,90	3	2,68
Шыншылдық	4	3,57	2	1,78
Тәрбие	5	2,68	2	1,79
Күшті ерік	4	3,57	1	0,90
Сезімталдық	1	0,90	1	0,90

Зерттеудің бақылау кезеңінде студенттердің құндылық бейімділіктерін диагностикалау нәтижелерін талдау кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру құндылықтарының ішінде субъектілер «материалдық қауіпсіз өмір» сияқты құндылық категориясына басымдық беретінін көрсетті (БТ - 25,9). %, ЭТ - 22,32%). Жоғары пайызды «қызықты жұмыс» (БТ – 21,43%, ЭТ – 20,53%) және «Бақытты отбасылық өмір» (БТ – 11,60%, ЭТ – 20,53%) санаттары құрады. Сондай-ақ талдау сыналұшылардың 6,24%-ы «өзіне сенімді емес» екенін анықталды. Бақылау тобы және эксперименттік топ субъектілерінің 5,35%-ды құрайды. Анықтауда 127 «басқалардың бақыты» сияқты құнды эталонды таңдау жеткіліксіз (БТ - 4,47%, ЭТ - 7,14%) болған. Жеке өмірдің құндылық бағдарларының пайызы «махаббат» (БТ – 16,96%, ЭТ – 16,96%), «даму» (БТ– 12,50%, ЭТ – 9,82%), «еркіндік» (БТ) категорияларында айтарлықтай жоғары – 10,71%, ЭТ - 9,82%). Құндылықтардың кейбір санаттарына респонденттер көп көңіл бөлген жоқ, мысалы, «білім» (БТ - 8,03%, ЭТ - 6,24%) категориясы деуге болады. Төмен пайызды «өмірлік даналық» (БТ - 6,24%, ЭТ - 5,35%) және «Табиғат пен өнер сұлулығы (БТ - 3,57%, ЭТ - 1,78%)) сияқты құндылықтар санаттары бойынша алды. Терминалды құндылықтардың екі блогын талдау субъектілердің кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруға көбірек көңіл бөлетінін көрсетеді, дегенмен олар көбінесе белгісіздік пен жеке пайдаға бағытталған. Зерттеу нәтижелері жеке құндылықтардың кең ауқымды рейтингтерге ие екенін көрсетеді. Сонымен қатар, сол немесе басқа құндылық дәрежесіне берілген дауыстардың пайызы төмен болып шықты. Мәселен, мысалы, «тәуелсіздік» сияқты мән бірінші орынды тек 13,32% - БТ және 7,15% - ЭТ дауыстарын алды,

«білім» мәні - екінші орынды (10,71% - БТ, 13,32%) жинады - ЭТ). Төмен пайызда «сезімталдық» (БТ - 0,9%, ЭТ - 0,9%) және «күшті ерік» (БТ - 3,57%, ЭТ - 0,09%) мәндерін алды.

Респонденттердің өздерінің статустық ұстанымдарын басқаша қабылдайтыны атап өтілді. Магистранттардың таңдаған құндылықтары болашақта өмірлік мақсаттарына жету үшін не қажет болуы мүмкін екендігі туралы идеалды әрекеттерді көрсетеді. Субъектілер өздерінің бүгіні мен болашағына шынайы көзқараспен қарайды. Олар белсенді жұмыс істеуге дайын және қазіргі уақытта бизнес саласындағы табысқа ықпал ететін аспаптық құндылықтарды таңдайды.

Респонденттердің таңдауы, біздің ойымызша, қазіргі өмір шындығын бейнелейтін индивидуалистік құндылықтардың екі тобының да басымдылығын көрсетеді. Сондай-ақ, респонденттер өзін-өзі растау құндылықтарына біржақты артықшылық берді. «Басқа адамдарды қабылдау» тобының құндылықтары арасында, эксперименталды топтың субъектілері арасында «көзқарастардың кеңдігі» жоғары бағаға ие болды (БТ - 9,82%, ЭТ - 3,57%), бірақ бұл ретте олар ең алдымен, кәсіби қызметке тән құндылық ретінде түсіндірілді.

Ең маңызды он құндылыққа «тәуелсіздік» кірді - бұл кәсіби дағдылар мен тиімді дағдыларды қалыптастыру, кәсіби стратегияны түпкілікті таңдау, кәсіби нұсқаулар мен құндылық-семантикалық құзыреттерді тәуелсіз таңдау жағдайында үлкен рөл атқаратын құндылық (БТ - 13,32%, ЭТ - 7,15) болып табылады.

Жеке құндылықтардың ішінде субъектілер үшін «білім» ерекше орын алады. Бақылау тобында ол 10,71%, эксперименттік топта 13,32% дауыс жинады. Ал 27 респондент бұл мәнге маңызды орын берді. Дегенмен, нәтиже күткеннен әлдеқайда төмен болды, әсіресе әңгімелесуде сол пәндер жоғары білімді кейінгі өмірге бонус деп атады.

Зерттеу субъектілердің білімнің құндылығы туралы кейбір абстрактілі көзқарастар мен жеке көзқарастардағы нақты көзқарастары арасындағы белгілі бір айырмашылықты анықтады. Абстрактілі перспективалар жоғары білім алудың жалпы мотивацияларында, жеке - нақты өмірлік перспективаларды білуде көрінеді.

Респонденттер жоғары білімнің олардың өмірлік болашағына әсерін аса жоғары бағалаған жоқ. Соған қарамастан, эксперименттік топ өз таңдауында басқа аспаптық құндылықтардың арасында елеулі орын алған білім беруді ең маңызды құндылық ретінде дәстүрлі қабылдауға жақын болды. Осылайша, эксперименталды топ негізгі болып таңдалды да, мұндағы құндылықтар мақсаты – материалдық қамтамасыз ету, бақытты отбасы болуы. Алайда бір ескере кететініміз, өзіндік жұмыстарды үздік орындаған магистранттар қатары өмірдегі жеке бас құндылықтарын жоғары түсінеді. Демек, өзіндік жұмыстар негізі тұлғаның жан-жақты дамуына, қалыптасуына басты құрал болып танылады.

Басқа терминалдық құндылықтардың маңыздылығы менталитетке байланысты өзгерді. Аспаптық құндылықтарды таңдау өте алуан түрлі және

белгілі бір аймақта қалыптасқан әлеуметтік, экономикалық, саяси және рухани жағдайларға да, жалпы мәдениетке де байланысты. Эксперименттік топ субъектілерінің құндылық бағдарларындағы айырмашылықтар айтарлықтай маңызды болғандықтан, бұл жағдайды университет жағдайында білім беру ортасын ұйымдастыру кезінде ескеру қажеттігі бар екендігі айқындалды.

Мотивациялық-құндылық критерийі бойынша эксперимент және бақылау топтарындағы деректерді экспериментке дейін және одан кейін салыстыра отырып, бақылау тобындағы аздаған өзгерістерді және эксперименттік топта айтарлықтай өзгерістерді байқаймыз. Эксперименттік топта респонденттердің 23%-ы деңгейді төменнен орташаға және жоғарыға дейін, ал 73%-ы орташадан жоғары деңгейге дейін көтерді. Алынған мәліметтерді талдай келе, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде педагог мамандардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың мотивациялық-құндылық критерийінің деңгейі айтарлықтай өсті және оны жоғары деп санауға болады деген қорытынды жасаймыз.

Үшінші кезекте бақылау эксперименті барысында 2019-2020 оқу жылында эксперименттік және бақылау топтары ретінде алынған 102 магистранттарға танымдық-әрекеттік компоненті жағдайында теориялық білім деңгейлерін практикамен ұштастырдық. Осы орайда, диагностикалау мақсатында қалыптастырушы экспериментте Л.К. Наумованың *«Өзіндік жұмыстың қандай түрлерін орындау ұсынылды?»* атты магистранттарға арналған сауалнамасы (Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша ЭТ-ның 1 және 2 курс магистранттары арасында (барлығы 56 адам) және бақылау тобынан Болашақ университетінің 7M01104 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламалары бойынша оқитын 1 және 2 курс магистранттарына (барлығы 46 адам) екінші рет қайтадан жүргізілді. Л.К. Наумованың ұсынған модификациясы бойынша магистранттарға арналған сауалнамасы: *«Өзіндік жұмыстың қандай түрлерін орындау ұсынылды?»* деп аталады.

Эксперименттің соңына танымдық-әрекеттік компоненті аспектісінде тұлғаның кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуын бақылауда, сондай-ақ жоғарыда сипатталған сауалнама бойынша 2-ші рет жүргізілді (ЭТ үшін маңызды болған 70 МӨЖ түрлері атап көрсетілген сауалнама қолданылды). Эксперименттің бастапқы кезіндегі және соңындағы алынған диагностикалық мәліметтер салыстырмалы түрде 32-кестеде келтірілген.

Кесте 32 - Қалыптастырушы экспериментті жүргізгеннен кейінгі танымдық-әрекеттік компонентіне сауалнама бойынша эксперименттік және бақылау топ мәліметтерінің салыстырмалы көрсеткіші

Көп таңдалған МӨЖ түрлері есептеліп алынған 5 түрі	Ауысым типі ЭТ-да n=56			Мәнділігі
	+	–	0	<
1	2	3	4	5
1. Ғылыми рефлексияны қамтитын мәтіндерді талдау (тұтас түсіндіру, мәтіндерді, ғылыми мәселелерді, идеяларды, ұстанымдарды және т.б.	30	28	00	$p<0,01$
2. Түрлі дереккөздердегі белгілі бір мәселені, курс тақырыбын түсіндіруге салыстырмалы талдау жасау;	34	16	6	$p<0,05$
3. Теориялық пікірталастарға, дебаттарға және т.б. қатысу;	35	12	9	Мәнділігі жоқ
4. Ғылыми-педагогикалық мәтіндермен жұмыс (сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын даыту технологиялары негізінде);	39	12	5	$p<0,01$
5. Түрлі дереккөздердегі белгілі бір мәселені, курс тақырыбын түсіндіруге салыстырмалы талдау жасау;	37	17	2	$p<0,01$
Ең аз таңдалған МӨЖ түрлері есептеліп алынған 5 түрі	+	–	0	$p<0,01$
1. 2-5 дереккөз бойынша баяндамалар дайындау;	35	14	7	$p<0,01$
2. Эссе, емтихан, рецензия, түйіндеме жазу;	20	20	16	$p<0,01$
3. Бір мәселе бойынша әртүрлі авторлардың пікірлерін салыстыру;	17	27	16	$p<0,01$
4. Педагогикалық ұғымдар мен теорияларды салыстыру;	34	13	9	Мәнділігі жоқ
5. Жеке тақырыптардың мазмұны бойынша проблемалық сипаттағы сұрақтарға жазбаша жауаптар;	28	17	11	$p<0,01$
Көп тәуірлеу деп есептелген алған 5 МӨЖ түрлері	Ауысым типі БТ-да n=46			Мәнділігі
	+	–	0	<
1. Проблемалық бағалау, өз пікірін негіздеу, бір мәселе бойынша әртүрлі мәтіндерді салыстыру және т.б	33	13	00	$p<0,01$
2. Жеке тақырыптардың мазмұны бойынша проблемалық сипаттағы сұрақтарға жазбаша жауаптар;	28	8	10	Мәнділігі жоқ
3. Семинарлар мен конференцияларда баяндама дайындау;	25	18	3	Мәнділігі жоқ
4. Ғылыми басылымдармен, сөздіктермен және анықтамалықтармен жұмыс істеу;	28	13	5	Мәнділігі жоқ
5. Педагогикалық ұғымдар мен теорияларды салыстыру;	26	15	5	Мәнділігі жоқ

1	2	3	4	5
Бақылау тобының таңдауы бойынша ең аз жақсы деп есептелген алған МӨЖ –дің 5 түрі				
1. 2-5 дереккөз бойынша баяндамалар дайындау;	20	17	9	Мәнділігі жоқ
2.Эссе, емтихан, рецензия, түйіндеме жазу;	25	18	3	Мәнділігі жоқ
3.Бір мәселе бойынша әртүрлі авторлардың пікірлерін салыстыру;	21	13	12	Мәнділігі жоқ
4.Ғылыми-педагогикалық мәтіндермен жұмыс (сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту технологиялары негізінде);	26	17	3	Мәнділігі жоқ
5.Түрлі дереккөздердегі белгілі бір мәселені, курс тақырыбын түсіндіруге салыстырмалы талдау жасау;	12	21	13	Мәнділігі жоқ

ЭТ пен БТ-тары магистранттардан алынған мәліметтердің нәтижелерін салыстыру қалыптастырушы эксперименттен кейін бір жыл өткен соң, 2 курсты аяқтаған кезде жүргізілді (кесте 30). Бұл мамандардың танымдық-әрекеттік компонент бойынша магистранттардың МӨЖ түрлерін таңдауы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыратын МӨЖ тапсырмаларын орындаған соң ЭТ-да МӨЖ түрлері үшін маңызды болған 30-дан астам МӨЖ түрлері ішінен таңдау кезінде магистранттардың танымдық-әрекеттік қатынасының, соның ішінде кәсіби құзыреттілігінің қалыптастыратын және тұрақтандыратынын, сонымен қатар бекітуді қамтамасыз ететіндігін көрсетті. ЭТ-дағы «ғылыми-педагогикалық мәтіндермен жұмыс (сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту технологиялары негізінде)» және т.б. жоғары көрсеткіш көрсете білді. БТ-дағы «Проблемалық бағалау, өз пікірін негіздеу, бір мәселе бойынша әртүрлі мәтіндерді салыстыру және т.б.» сияқты МӨЖ түрлеріне мән берді.

Курсты оқу барысында «Магистранттардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру» бойынша бұрыннан бар теориялық білімдерінің артқанын көрсетті. Курсты оқудың басында «МӨЖ-ді ұйымдастыру процесі дегеніміз не?» деген сұрақ қойылса, магистранттар «бұл магистрге өз бетінше ақпаратты алу процесі» деп жауап берді.


Ұсынылған сұрақтарға жауаптар магистранттардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру біліміндегі кейбір олқылықтарға байланысты бірқатар мәселелерді анықтауға, проблемалық мәселелерді шешуге мүмкіндік берді. Соңғыларына, мысалы, кәсіби құзіреттілік ұғымдардың классификациясы және олардың мазмұны немесе ғылыми-зерттеу әрекетінің құрылымы жатады. Ізденіс жұмыстары арқылы теориядан жаңа теория жасайды; практикалық ойлауы жоғары, сол арқылы әдістемелерді таңдауда қабілетті, іздену-танымдық өзіндік жұмыстарды қабылдау және түсіну, әрекет ету тәсілдерін таңдау үдерісінде тәуелсіз дамуды ұнатады; өз бетінше әрекет ету тәжірибесін жинақтау қызметте шығармашылықты дамыту үшін негіз болып табылады.

Қорытынды тестілеу магистранттардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру саласындағы теориялық деңгейін арттыруға, осы курсты оқудың соңында қойылған сұрақтарға жеткілікті сенімді және адекватты жауап беруге мүмкіндік беретін белгілі кәсіби құзіреттілік білімге ие екенін көрсетті. Бақылау-эксперименттік топтағы магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың танымдық-әрекеттік критерийі деңгейлерінің динамикасының сандық сипаттамасы кестеде берілген (кесте 33).

Кесте 33 - Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың бақылау және эксперименттік топтарға сәйкес өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың танымдық-әрекеттік критерийі, %

Деңгей	Бақылау тобы		Эксперимент тобы	
	Бақылау кезеңі	Анықтау кезеңі	Бақылау кезеңі	Анықтау кезеңі
Төмен	59	63	17	64
Орташа	33	29	34	28
Жоғары	8	8	49	8
Қорытынды	100	100	100	100

Тәжірибе және бақылау топтарының экспериментке дейін және одан кейінгі алынған мәліметтерін когнитивті критерий бойынша салыстыру бақылау тобының нәтижелерінің эксперименттен кейін шамалы өзгергенін көрсетеді (сурет 11).



Сурет 11 - Бақылау және эксперименттік топтардағы магистранттардың өзіндік жұмыстар негізінде экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі кәсіби құзыреттіліктің рефлексивтік-бағалау критерийі бойынша қалыптасу деңгейінің диаграммасы

Қорытынды диагноз және эксперименттен кейін эксперименталды топ нәтижелерінің айтарлықтай өзгеруі деп айтамыз. Өйткені эксперименттік топта респонденттердің 42%-ы өз деңгейін төменнен орташаға және жоғарыға дейін, 15%-ы орташадан жоғарыға дейін көтерді.

Нәтижелерді талдау жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың оң динамикасын куәландырады.

Эксперименттің бақылау кезеңінде танымдық-әрекеттік критерий төмен деңгейідегі респонденттердің тек 17% (экспериментке дейін – 64%), орташа деңгейі – 34% (экспериментке дейін – 28%), жоғары деңгейі – 49% (экспериментке дейін – бар болғаны 8%), жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың рефлексивтік-бағалау критерийін қалыптастыру деңгейінің жоғарылауын көрсетеді.


Рефлексивтік-бағалау критерийі бойынша экспериментке дейін, сондай-ақ одан кейінгі бақылау және эксперименттік топтардың нәтижелерін талдап көрейік. Бұл критерий, сонымен қатар эксперименттің анықтау сатысында, А.В.Карповтың *«Рефлексивтіліктің көру дәрежесінің жеке өлшемін анықтау»* әдістемесіне және мамандардың өзіндік жұмыстары негізінде өзін-өзі бағалауын диагностикалауға арналған сауалнамаға сәйкес диагноз қойылған

Эксперименттің бақылау кезеңінде бағалау критерийі бойынша деңгейі төмен респонденттер 17% (экспериментке дейін – 27%), орташа ол – 50% (экспериментке дейін – 54%), жоғары – 33% (экспериментке дейін – 19%), бұл алдағы педагогикалық қызметте рефлексивтілік пен өзін-өзі бағалау деңгейінің жоғарылауын көрсетеді.

Бағалау критерийі бойынша экспериментке дейін және одан кейінгі бақылау мен эксперименттік топтардың деректерін салыстыра отырып, соңғы диагноздан кейін бақылау тобының нәтижелерінің аздап өзгеруін және эксперименталды топтың нәтижелерінің айтарлықтай өзгеруін атап өту керек (кесте 34).

Кесте 34 - Бақылау және эксперименттік топтарда өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттіліктің рефлексивтік-бағалау критерийі бойынша (%) нәтижелері

Деңгей	Бақылау тобы		Эксперимент тобы	
	Анықтау кезеңі	Бақылау кезеңі	Анықтау кезеңі	Бақылау кезеңі
Төмен	49%	26%	27%	17%
Орташа	38%	54%	54%	50%
Жоғары	13%	20%	19%	33%
Қорытынды	100%	100%	100%	100%



Сурет 12 - Бақылау және эксперименттік топтағы магистранттардың өзіндік жұмыстар негізінде экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі кәсіби құзыреттіліктің рефлексивтік-бағалау критерийі бойынша қалыптасу деңгейінің диаграммасы

Эксперименттік топта респонденттердің 10%-ы төменнен орташаға және жоғарыға, 4%-ы орташадан жоғарыға дейін көтерді. Зерттеу мотивациялық-құндылық, танымдық-әрекеттік және рефлексиялық-бағалаушылық критерийлері бойынша деңгейлік ауысымның жалпы динамикасын эксперименттің қалыптастыру кезеңінен кейін анықтауға мүмкіндік берді, олар жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың жалпы деңгейін сипаттайды.

Бақылау тобында магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың критерийлері бойынша деңгейлік динамикасы және эксперименттік топтағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың критерийлері бойынша деңгейлік қозғалыстардың динамикасы кестеде көрсетілген. Кестені талдау әрбір критерий бойынша алынған нәтижелердің орташа мәнін және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптасу деңгейін көруге мүмкіндік береді.

17-кестедегі мәліметтерді талдау экспериментке дейінгі және кейінгі бақылау тобындағы өзгерістер динамикасы маңызды емес екенін көрсетті.

Кестедегі деректерден зерделенген әрбір критерий бойынша төмен және орташа деңгейлі респонденттер жоғары нәтижелерге (орташа және жоғары деңгей) қол жеткізгенін көруге болады (кесте 35).

Кесте 35 - Бақылау тобындағы магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру критерийлері бойынша деңгейлік қозғалыстардың динамикасы %

Критерийлері	Бақылау тобы								
	Анықтау кезеңі			Бақылау кезеңі			Динамика		
	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей
Мотивациялы-құндылық-	13	35	52	13	38	49	0	+8,6	-5,8
Танымдық-әрекеттік	8	29	63	8	33	59	0	+13,8	-6,3
Рефлексиялық-бағалаушылық	20	54	26	21	56	23	+5	+3,7	-11,5

Кесте 36 - Эксперименттік топ магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың қалыптастыру критерийлері бойынша деңгейлік қозғалыстардың динамикасы, %


Критерий	Эксперименттік топ								
	Анықтау кезеңі			Бақылау кезеңі			Динамикасы		
	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей
Мотивациялық-құндылық-	13	34	53	48	37	17	+269,2	-50	-68
Танымдық-әрекеттік	8	28	64	49	34	17	+475	+21,4	-73,4
Рефлексиялық бағалаушылық	5	14	81	50	29	21	+900	+107,1	-74,07

Эксперименттік топта экспериментке дейін төменгі деңгей респонденттердің 38%-ына, ал эксперименттен кейін 6%-ға ғана тән болды. Экспериментке дейінгі орташа деңгей 40% болса, тәжірибеден кейін 10% дейін төмендеді. Экспериментке дейін жоғары деңгей 22% болса, тәжірибеден кейін 84% дейін өсті. Алынған нәтижелер эксперименттен кейінгі тәжірибелік топтағы өзгерістердің айтарлықтай динамикасын көрсетеді, бұл жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру деңгейінің жоғарылауын көрсетеді.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда бақылау-эксперименттік топтардағы кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін көрсететін, экспериментке дейін және одан кейін алынған зерттеудің жалпыланған нәтижелері 37- кестеде келтірілген.

Кесте 37 - Эксперименттік және бақылау топтарындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру деңгейі, %

Кәсіби құзыреттілік деңгейлері	Эксперименттік топ		Бақылау тобы	
	Анықтау кезеңі	Қалыптастыру кезеңі	Анықтау кезеңі	Қалыптастыру кезеңі
Төмен	56,6	17,5	55,5	52
Орташа	32,5	37,5	33,3	36,3
Жоғары	11,6	45	11,5	11,8



Сурет 13 - Бақылау-эксперименттік топтардағы магистранттардың өзіндік жұмыстар негізінде экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейінің диаграммасы (%)

Алынған мәндер жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың барлық деңгейлерінде елеулі өзгерістер бар деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың эксперименттік және бақылау топтарындағы өзіндік жұмыс негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру деңгейлерінің орташаланған көрсеткіштерінің динамикасы жоғарыдағы кестеде көрсетілген.

Бақылау кезеңінде эксперименттік топта жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігі қалыптасуының жоғары деңгейі басым (45%), одан кейін орташа деңгей (37,5%), төмен деңгей (17,5%) кестеде анық көрсетілген.

Ұсынылған деректерге сүйене отырып, бақылау тобының нәтижелерінің шамалы өзгеруін және эксперименттен кейінгі эксперименттік топтағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың деңгейлерінің айтарлықтай өзгеруін атап өтеміз.

Қорытынды диагностикадан кейін бақылау және эксперименттік топтардың арасындағы үлкен айырмашылық жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін

калыптастырудың тексерілген құрылымдық-мазмұндық моделінің тиімділігін көрсетеді. Бақылау және эксперимент топтары арасындағы сәйкестіктер мен айырмашылықтардың сенімділігін анықтау үшін К.Пирсонның статистикалық критерийін (%) (хи-квадрат) пайдалана отырып, алынған мәліметтерге сандық талдау жүргіздік.

Бұл критерийді таңдау талданатын статистикалық үлестіруді функция ретінде қарастырмауға мүмкіндік беретіндігімен және таралу параметрлерін алдын ала есептеуді білдірмейтінімен түсіндіріледі, сондықтан оны біз анықтаған көрсеткіштерге қолданып айтуға негіз бар. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың деңгейлері эксперименттік зерттеу нәтижелерін бағалауға сенімділік дәрежесіне мүмкіндік береді.

Реттік шкала бойынша өлшенген эксперименттік деректер үшін сәйкестіктер мен айырмашылықтардың сенімділігін анықтау алгоритмі келесідей болды.

Салыстырылған үлгілер үшін % эмпирикалық мәндерін 2% критерийінің эмпирикалық мәнін формула бойынша есептеңіз.

$$\chi^2 = \frac{1}{n_1 n_2} \sum_{i=1}^m \frac{(x_i n_2 - y_i n_1)^2}{x_i + y_i},$$

мұндағы p_1, n_2 – бірінші және екінші салыстырылған қатардағы оқушылар саны; m – салыстырылған деректер қатарындағы деңгейлер саны; x_i, y_1 – деректердің бірінші және екінші қатарындағы i -деңгейдегі жиілік мәні; % 2 emp – кәсіби құзыреттілік қалыптасу деңгейінің эмпирикалық мәні. Бұл мәнді критикалық 2% мәнімен салыстырамыз. Қарастырылып отырған жұмыста $b = 3$ (үш деңгейі ажыратылады – төмен, орташа және жоғары).

Демек, $b-1 = 2$. $b-1 = 2$ үшін 2 % критерийінің критикалық мәні 0,05% маңыздылық деңгейінде 2 2 2 % тең 0,05% = 5,99 % тең. Эмпирикалық маңыздылығы $0,05 > \%$ болса, онда біз салыстырылған нәтижелер арасында айырмашылық бар деген қорытындыға келе аламыз. Бақылау және эксперименттік топтардағы сауалнама нәтижелерінің сәйкестігі мен айырмашылығын анықтау үшін статистикалық критерийді пайдалана отырып, алынған мәліметтерге сандық талдау жүргіздік. К. Пирсон (%). Есептеулер нәтижелері және К.Пирсон критерийінің мәндерін БТ және ЭТ-ның экспериментке дейін және одан кейінгі салыстыру келтірілген.

Бақылау тобы үшін топтың экспериментке дейінгі және кейінгі күйін салыстыру кезіндегі 2% мәні критикалық шекті мәннен аспайды; эксперименттік топ үшін, керісінше, 2 % критерийі критикалық шекті мәннен асып түседі, сондықтан біздің болжамызғы сәйкес келеді. Осы топта елеулі өзгерістер орын алды ($\chi \text{ эм} = 9 > \chi_{\text{крит}} = 5,99$). Эксперименттік топтағы зерттеу нәтижелерін талдау кезінде экспериментке дейін және одан кейінгі сауалнама нәтижелері үшін есептелген χ^2 критерийі критикалық шекті мәндерімен анықталды. Бақылау тобы үшін К.Пирсон критерийі, керісінше,

шағын. Бұл жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бойынша өзіндік жұмыстарды біз тексерген құрылымдық-мазмұндық моделдің аясында ұйымдастыру тәсілінің жақсы нәтиже беретінін аңғартады. Бақылау тобында экспериментке дейін және одан кейінгі нәтижелерді салыстыру кезінде айтарлықтай өзгерістер байқалмады (кесте 38).

Кесте 38 - К.Пирсон критерийінің мәндерін экспериментке дейін және кейін салыстыру (%)

Критерий	Топтар	Топтың экспериментке дейінгі және кейінгі күйлерін салыстыру кезіндегі критерийінің мәндері	χ^2 эмперикалық мәні шекті мәннен асады ма (хкрит=5,99 $\chi^2_{0,05} = 2$ кезінде және деңгейінде)?	Экспериментке дейін және кейін өзгерістердің болуы туралы айтуға болады ма?
Мотивациялық-құндылық-	БТ	0,2125	Жоқ	Жоқ
	ЭТ	39,708	Иә	Иә
Танымдық-әрекеттік	БТ	0,39923	Жоқ	Жоқ
	ЭТ	458,343	Иә	Иә
Рефлексиялық бағалаушылық	БТ	21,3301	Жоқ	Жоқ
	ЭТ	78,346	Иә	Иә
Кәсіби құзыреттілік қорытындысы	БТ	0,2470	Жоқ	Жоқ
	ЭТ	41,698	Иә	Иә

Осылайша, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру моделінің тиімділігін тексеру, эксперименттің анықтау және бақылау кезеңдерінде оны диагностикалау бойынша эксперименттік жұмыс барысында анықталғаны: барлық таңдалған критерийлер бойынша эксперименттік топтың магистранттары бақылау тобының магистранттарына қарағанда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді, бұл бақылау және эксперименттік топтардан алынған мәліметтерді сандық талдау кезінде расталды.

Бақылау кезеңінде анықталған заңдылық эксперименттік топта жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың жалпы деңгейі бақылау тобымен салыстырғанда жоғары екенін анықтауға мүмкіндік берді.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың оң динамикасы теориялық кезеңде анықталған құрылымдық-мазмұндық моделінің тиімділігін тексеру нәтижесінде алынды: оқу үдерісіне өзіндік жұмысты белсендендірудің мотивациялық әдістерін енгізу, магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған; өзіндік жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету; кәсіби құзыреттілікке бағытталған көп деңгейлі оқыту тапсырмалары арқылы магистранттарды өзіндік жұмысқа қосу; магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін

калыптастырудағы өзіндік жұмыстарының нәтижелерін бақылауды жүзеге асыру.

Эксперименттік жұмыс барысында алынған нәтижелер магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесінің тиімділігін тексеру дәлелдеді, бұл эксперименттік зерттеудің жұмыс болжамын растайды.

Осы жұмыстың екінші тарауында ұсынылған зерттеу бастапқы ұстанымдарды анықтауға мүмкіндік берді және педагогикалық жоғары оқу орны студенттерінің өзіндік жұмыс үдерісінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың жалпы принциптерін анықтау мақсатында қажетті материалмен қамтамасыз етті.

Диагностикалық нәтижелер магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың төменнен орташа деңгейде екенін көрсетті, бұл респонденттердің 56,3%-ына тән. Магистранттардың көпшілігі өздерінің педагогикалық-психологиялық мәдениетін және өз мамандығының болашақ маманы ретінде даму деңгейін арттыру мақсатында замануи білім беру технологиялар бойынша материалдарды оқуға ниет білдірді.

3. Эксперименттік зерттеудің қалыптастырушы кезеңінің мақсаты (2019-2020 жж.) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру моделінің тиімділігін тексеру болды.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың, атап айтқанда: магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған өзіндік жұмысты белсендендірудің мотивациялық әдістерін енгізу; магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың өзіндік жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету; құзыреттілікке бағытталған көп деңгейлі оқыту тапсырмалары арқылы магистранттардың өзіндік жұмысқа қосу; кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда магистранттардың өзіндік жұмыстарының нәтижелерін бақылау.

4. Эксперименттің бақылау кезеңі (2020 ж.) магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың қамтамасыз ететін құрылымдық-мазмұндық модельдің тиімділігін бағалаудан, мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды талдаудан тұрды.

Алынған мәліметтер тәжірибелік топтағы өзіндік жұмыс процесінде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың барлық деңгейлерінде елеулі өзгерістер бар деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

5. Бақылау және эксперименттік топтардағы сауалнама нәтижелерінің сәйкестігі мен айырмашылығын анықтау үшін статистикалық критерийді пайдалана отырып, алынған мәліметтерге Л.К. Пирсон (%) критерийі бойынша сандық және сапалық талдау жүргізілді.

Эксперименттік топтағы зерттеу нәтижелерін талдау кезінде экспериментке дейін және одан кейін есептелген χ^2 критерийі % критикалық

шекті мәндері анықталды. Бақылау тобы үшін К.Пирсон критерийі, керісінше,шағын. Бұл магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бойынша өзіндік жұмысты ұйымдастыру тәсілін біз тексерген құрылымдық-мазмұндық моделінің тиімділігі шеңберінде жақсы өнімділікті көрсетеді. Бақылау тобында маңызды экспериментке дейін және одан кейінгі нәтижелерді салыстыру кезінде ешқандай өзгерістер байқалмайды.

6. Педагогикалық магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру моделінің тиімділігін тексеру, эксперименттің анықтау және бақылау кезеңдерінде оның диагностикасы бойынша эксперименттік жұмыс барысында анықталды. Барлық таңдалған критерийлер бойынша эксперименттік топ субъектілері бақылау тобының субъектілеріне қарағанда маңыздырақ нәтижелерге қол жеткізді, бұл бақылау және эксперименттік топтарда алынған мәліметтерді сандық талдау кезінде расталды.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмыста алынған нәтижелері бойынша келесідей қорытындылар жасауға болады. Зерттеу жұмысы бойынша нормативтік құжаттарға және ғылыми еңбектерге талдау жасалды, ЖОО-нан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің өзекті екендігі дәлелденді. Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды, магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың *жүйелік-мазмұндық тұғыр, тұлғалық тұғыр, синергетикалық тұғыр, құзыреттілік тұғыр, акмеологиялық тұғырлар* басшылыққа алынды; философиялық, психологиялық-педагогикалық еңбектерге талдаулар жасалды, теориялық талдаулар бойынша ұғымдық-категориялық аппарат құрылды, яғни негізгі категориялар болатын «өзіндік жұмыс», «магистранттардың өзіндік жұмысы», «кәсіби құзыреттілік», «педагог маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» түсініктерінің мәні сипатталып: «өзіндік жұмыс – мотивация түрлері арқылы кәсіби жетілуін қамтамасыз ететін тәуелсіз әрекет»; «магистранттардың өзіндік жұмысы – «оқытушы-ғылыми кеңесші-магистрант» триадасында проблемаларды шешуге және магистранттардың ғылыми-педагогикалық қызметіне оң өзгерістер енгізуге бағытталып, білім алушы тарапынан ерекше түрде ұйымдастырылатын ғылыми-педагогикалық іс-қимылдарының траекториясы»; «кәсіби құзыреттілік» - адамның өзіндік даму қабілеттерінің кешені»; «магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру – ғылыми-педагогикалық әрекеттер арқылы жүзеге асырылатын көп функциялы үдеріс» деп нақтыланды;

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мотивациялық-құндылықты, танымдық-әрекеттік, рефлексиялық-бағалаушылық компоненттердің жиынтығын құрайды және өлшемдері мен көрсеткіштері түзіліп, жоғары, орта, төмен деңгейлерге сәйкес жүзеге асырылды.

Сондай-ақ, әрбір іріктелген компонент пен өлшемге нақты көрсеткіштер және жоғары, орта, төмен деңгейлері сәйкестендіріледі.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі: «Өзіндік жұмыстар арқылы тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми негіздері» атты элективті курс бағдарламасы; «Ғылым сағаты» атты магистранттарға арналған педагогикалық студияның жұмысы жүзеге асырылды.

Зерттеу нәтижесі бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасауға болады:

- зерттеу жұмысымыздың негізінде дайындалған «Өзіндік жұмыстар арқылы тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми негіздері» атты элективті курс бағдарламасының негізгі мазмұны магистранттарға білім беру бағдарламаларының құрамына енгізілсе;
- ЖОО-нан кейінгі білім беруде «Ғылым сағаты» педагогикалық студиясының жобасы тәжірибеге ендірілсе.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III (ҚР 27.12.2019 №294-VI берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). – Астана: Ақорда, 2019.
- 2 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі, №2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде, №28916 болып тіркелді (2025. 04.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
- 3 Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы (04.07.2018 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).
- 4 Уайт Р. Организация самостоятельной работы студентов // Вестник Полоцкого государственного университета. Серия А - Гуманитарные науки. - 2003. – Т. 2, №3. - С. 2-6.
- 5 Хомский Н. Аспекты теории синтаксиса / пер. с англ.; под ред. и с предисловием В.А. Звегинцева. - Изд-во Московского университета, 1972. - 233 с.
- 6 Равен Джон. Компетентность в современном обществе. - М.: Когито-Центр, 2002. - 218 с.
- 7 Митина Л.М., Митин Г.В., Анисимова О.А. Профессиональная деятельность и здоровье педагога: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / под общ. ред. Л.М. Митиной. – М.: Академия, 2005. – 245 с.
- 8 Зимняя И.А. Научно-исследовательская работа: методология, теория, практика организации и проведения. – М.: МНПИ, 1999. – 28 с.
- 9 Ландшeer В. Концепция минимальной компетентности // Перспективы: вопросы образования. – 1998. - №1. – С. 32.
- 10 Петровская Л.А. Формы навыков самостоятельной работы будущего инженера // Высшее образование. – 2007. – №8. – С. 151-152.
- 11 Хьелл Л., Зиглер Д. Теории личности. - Спб.; Питер, 2000. - 667 с.
- 12 Кэрст М. Психология познания: За пределами непосредственной информации / пер. с англ. К.И. Бабицкого; предисл. и общ. ред. А.Р. Лурия. – М.: Прогресс, 1977. – 412 с.
- 13 Эльконин Д.Б. Избранные психологические труды / под ред. В. В. Давыдова, В. П. Зинченко. - М.: Педагогика, 1989. - 560 с.
- 14 Жақыпов С. Жалпы психология негіздері: оқулық. – Алматы: Алла прима, 2012. – 207 б.
- 15 Намазбаева Ж.И. Психология: оқулық. - Алматы: Print-s, 2005. – 200 б.
- 16 Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы. - Алматы, 2014. – 489 б.
- 17 Иргебаева Н. Психология. – Алматы: Нур-Принт, 2015. – 527 с.

- 18 Шишов С.Е., Агапов И.А. Компетентный подход к образованию: прихоть или необходимость? // Стандарты и мониторинг в образовании, 2002, март-апрель. – С.58-62.
- 19 Фокин Ю.Г. Теория и технология обучения. Деятельностный подход: учебное пособие для вузов. – Изд. 4-е изд., пер. и доп. – М., 2018. - 242 с.
- 20 Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно - ориентированной парадигмы образования // Народное образование. - 2003. - №2. - С. 58-64.
- 21 Кузьмина Н.В. Методы исследования педагогической деятельности. - Л., 1990. – 916 с.
- 22 Маркова А.К. Психология профессионализма. - М.: МГФ «Знание», 1996. - 308 с.
- 23 Чошанов М.А. Гибкая технология проблемно-модульного обучения: методическое пособие. - М.: Народное образование, 1996. - 160 с.
- 24 Шапалов В.П. Формирование социально-личностой компетентности учащихся старших классов. – Тюмень: ТОГИРРО, 2003. – 44 с.
- 25 Хутмахер В. Педагогические условия индивидуализации компьютерного обучения студентов (на примере курса информатики). - Алматы, 2004. - 147 с.
- 26 Халаж Г. Европейская система образования в условиях глобализации: Проблемы и новые задачи // Актуал. пробл. Европы. - 2004. – №3. – С. 163-177.
- 27 Симен-Северская О.В. Формирование педагогической компетентности специалиста социальной работы в процессе профессиональной подготовки в вузе: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.08. – М.: РГБ, 2003. – 176 с.
- 28 Кузнецова О.З. Опережающее образование. Гипотезы и реалии. – М., 1996. - С. 3-34.
- 29 Хмель Н.Д. Методология педагогической науки: Программа спецкурса магистрантов для университетов. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. - 34 с.
- 30 Жадрин М.Ж. Дидактические основы построения содержания вариативного образования: дис. ... док. пед. наук: 13.00.01. - Алматы, 2000. - 307 с.
- 31 Байжасарова Г.З. Кредиттік жүйемен оқытудың кейбір ерекшеліктері // В кн.: О ходе реализации гос программы развития образования в РК на 2005-2010 гг. в системе высшего и послевузовского образования. - Тараз, 2005. - Т. 1. - Б. 36-38.
- 32 Серікбаева А.О. Болашақ инженерлердің кәсіптік-технологиялық даярлығын жетілдірудің дидактикалық негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. - Алматы, 2001. - 320 б.
- 33 Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: методология, теория и практика формирования. - Алматы: Алем, 2000. – 381 с.
- 34 Құдайбергенова К.С. Құзырлылық – білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми теориялық негізі. – Алматы, 2008. – 328 б.
- 35 Амирова А.С. Оқушы шығармашылығының теориясы мен практикасы. - Алматы, 2018. - 392 б.

- 36 Мұханбетжанова Ә.М. Бастауыш білімнің интеграциясы: методология, теория, әдістеме. – Алматы: Ғылым, 1998. - 232 б.
- 37 Кенжебеков Б. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: пед. ғыл. док. ... дис.: 13.00.08. – Қарағанды, 2005. – 267 б.
- 38 Барсай Б.Т. Математикалық білім беруде қазіргі технологияларды қолдану. – Алматы: Өлке, 2002. - 160 б.
- 39 Меңлібекова Г.Ж., Байботанова Т. «Өзін өзі тану» әмбебап категория ретінде // «Қазақстанның үшінші жаңғыру контексіндегі андрагогикалық білім берудің әдіснамасы: үрдістер, мәселелер, шешу жолдары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Нұр-Сұлтан, 2020. – 310 б.
- 40 Сыздықбаева Г.У. Жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдерді жаңа ақпараттық технологияны пайдалана білуге даярлаудың педагогикалық негіздері: пед. ғыл. док. ... дис.: 13.00.08. – Түркістан, 2006. - 316 б.
- 41 Курманкулова Г.Е. Формирование информационно-профессиональной компетентности будущих специалистов в процессе решения ситуационно-производственных задач: автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.08. – Алматы, 2010. – 30 с.
- 42 Садирбекова Д.К. Болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру: филос. док. (PhD) ... дис.: 6D010300. - Алматы, 2018. – 120 б.
- 43 Әлмұхамбетов Б.А. Жаңа ақпараттық технологияларды қолдану барысындағы оқытушының рөлі мен біліктілігі // ҚР ұлттық ғылым академиясының хабаршысы. - 2008. - №2. - Б. 16-18.
- 44 Бурдина Е.И. Теория и практика развития творческого потенциала педагогов в системе непрерывного многоуровневого педагогического образования: дис. ... док. пед. наук: 13.00.08. – Караганда, 2007. – 352 с.
- 45 Жайтапова А. Технологизация учебного процесса в системе повышения квалификация в условиях модернизации образования в Республике Казахстан // Высшая школа Казахстана. - 2005. - №3. - С. 190-194.
- 46 Сайлыбаев Б. Үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінде мұғалімдер даярлауды сабақтастықпен басқарудың ғылыми негіздері: пед. ғыл. док. ... автореф. – Түркістан, 2010. – 150 б.
- 47 Даркенвальд Т.Т. Динамика научного знания как процесс самоорганизации. Самоорганизация и наука: опыт философского осмысления. - М.: ИФ РАН, 1994. - 350 с.
- 48 Меррием С.Б. Философские вопросы современной науки. – М.: Высшая школа, 1974. – 92 с.
- 49 Кон И.С. В поисках себя (Личность и ее самосознание). - М., 1984. - 335 с.
- 50 Каган М.С. Человеческая деятельность. - М.: Педагогика, 1974. – 256 с.
- 51 Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. – Л.: ЛГУ, 1969. - 243 с.

52 Тұрғынбаева Б.А. Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері: оқу құралы. - Алматы, 2015. - 216 б.

53 Туралбаева А.Т. Біліктілікті арттыру – ересектердің үздіксіз дамуының негізгі шарты // «Қазақстанның үшінші жаңғыру контексіндегі андрагогикалық білім берудің әдіснамасы: үрдістер, мәселелер, шешу жолдары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, 2020. – 317 б.

54 Қабекенов Ғ.У. Қазақстанда ересектерге білім берудің қалыптасуы мен дамуы (1920-2007ж.ж.): филос. док. (PhD) ... дис.: 6D010300. - Алматы, 2011. – 209 б.

55 Баймұхамбетова Б.Ш. Теоретико-методологические основы исследовательской деятельности (курс лекций): учебно-методическое пособие. – Костанай: КГПИ, 2011. – 108 с.

56 Бекжанова Б.Ж. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастыру: филос. док. (PhD) ... дис.: 6D010300. - Алматы, 2014. - 188 б.

57 Белшекбаева А.И. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мәселелері. – Алматы: ЖК «Эрекет-принт», 2018. - 144 б.

58 Иманчиев Ж.Е. Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту: филос. док. (PhD) ... дис.: 6D010300. – Алматы, 2015. – 158 б.

59 Нуртаев Е. Особенности мотивации учебно-исследовательской деятельности магистрантов: дис. ... док. филос. (PhD). – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2013. – 168 с.

60 Мизимбаева А.С. «Педагогическое образование на основе исследования» // Материалы международной научно-практической конференции «Теория целостного педагогического процесса – основа профессиональной подготовки будущего учителя», посвященной 85- летию доктора педагогических наук, профессора Н.Д.Хмель. - Алматы, 2014. - Т. 1. - С. 137-141.

